821.512.122
Ж 31

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

# Шортанбайдың зар заманы

*Зерттеулер*



Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

# Шортанбайдың зар заманы

*Зерттеулер*

FOLIANT
БАСПАСЫ
Астана

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5
Ж34

**Жүністегі, Кэмел**
Ж34 Шортанбайдың зар заманы : *зерттеулер /*
К. Жүністегі. - Астана : Фолиант, 2022. - 416 б.

ISBN 978-601-271-547-7

XIX ғасыр, зар заман поэзиясының белгілі өкілі, өз дәуіріндегі әлеуметтік қайшылықтарды, туған халқының отаршылдық езгідегі ауыр халін қаз-қалпы бейнелеп, ел-жұртын адалдық, адамгершілік, имандылыққа шақырған Шортанбай Қанайұлы мұрасы толықтырылып, жарияланып отыр.

Қос бөлімнен тұратын бұл томдықта ұлы ақынның қилы кезеңдер шырғалаңында бұрмаланған, аласталған, кейінірек жинақталған біраз туындылары текстологиялық сүзгіден өтіп, таным ізденісіне, ғылыми ойлар сарабына кең орын берілген.

... АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ "ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 38568

**УДК 821.512.122-1**
**ББК 84 (5Қаз)-5**

ISBN 978-601-271-547-7

© Жүністегі К., 2022
© «Фолиант» баспасы» ЖШС, 2022

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ШЕЖІРЕСІ

Хазірет Әлі
↓
Мұхасан
↓
Мұхаммед Ханафия
↓
Абдулфатах
↓
Әбіжаппар
↓
Әбдіғаппар
↓
Әбдірахман
↓
Ысқақ баб — Әбдіжәлил баб
↓
Ибраһим софы
↓
Мекайл софы
↓
Исрафил софы
↓
Исмаил
↓
Айна софы
↓
Мұхаммед
↓
Махмуд
↓
Қожа Карар
↓
Бәдір ата
↓
Сүйіндік
↓




***Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,***
*шежіреші, шортанбайтанушы,*
*Қазақстан Жазушылар одағының басқарма*
*мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері,*
*ҚР мәдениет қайраткері*

# ҒҰМЫРНАМА

Өткен ғасырда-ақ өзінің терең философиялық көзқарасымен де, еркіндікті аңсаған асау жырымен де түркі әлеміне қатты әсер еткен Шортанбай мұрасы XX ғасырда сан дауға түсіп, бар ғұмырын жіктеп айтатын кешегі ауылдағы дуалы ауыз қариялардан өмір жолы толық жазылып та алынбады.

Ақынның нағашы жұрты Есмағанбет қариядан бір кезде Ғабиден Мұстафин ғана жазып алғанын Ескең қария да, оның баласы Әбдісадық та үнемі айтып келді. Бұл түбегейлі ойды жеткізуші арамыздағы көзі тірі қарт ұстаз Жұматай Құтжантегі екенін де айта кетелік.

Шортанбай туралы алғаш мәліметті 13-18 жасында оның атқосшысы болған Әбеу ақсақал, Көпжан Бәйменұлы берсе, кейінде Ескей жыршыдан, толғауларын айтқаны үшін жиырма жылға жуық ғұмырын саяси лагерьде өткізген Анарбектен, тоқсанға келіп көз жұмған Қази ақыннан алған едік. Жыраудың «Ағыбай батыр» дастанын 1953 жылы Досбергеннің Қалиы әкем Жүніске жаздырса, «Қаракесек» дастаны атақты Маясар ақыннан алынды.

Күні бүгінге дейін қожаның бәрі Қаратаудан деген сарынмен оның туған жері туралы да жаңсақ пікір қалыптасқан. Шортанбайдың анасы кім екенін, нағашысының

атын біле бермейтін, әкесі Қанай туралы еш дерегі жоқ адамдардың жаңсақ пікірі жұртты шатастырады.

XVII ғасырда Шұбыртпалы руы Арқаға қоныстана алмай, Сыр бойын мекен етіп жүргенде, Шортанбайдың бабалары сол рудан қыз алысып, араласып бірге көшіп жүрген. Ақынның әкесі Қанай Арқадағы Айыртауды (Ақадыр маңы) мекен өтіп, Сарым ішіндегі Нақып қожаның қызы Шүкіманға үйленеді. Нақып - осы деректерді айтушы Есмағанбет қарияның үлкен әкесі. Нақып қожаның үлкен қызы Гүлімжан Кәрсөн Бидайтегі Базарға тұрмысқа шыққан. Гүлімжан ақылды да өткір адам болған. Онан күйеуі Базар да ығып отырады екен.

Базар:

Хан алдына барғанда
Хан таппаған мінімді.
Би алдына барғанда
Би таппаған мінімді.
Гүлімжанның алдында
Кермей-ақ қой күнімді, -

деген. Гүлімжанның мазары Босаға стансасына жақын. Бәйбішенің өзі ұстаған кебеже-сандықтарының беті мазардың маңдайшасына қондырылған. Шортанбайдың әкесі Қанай осы маңдағы - бүгінде Қанай бұлағы атанған жерге бұлақ суын бұрып, егін салған. Егін арығының ізі әлі сайрап жатыр. Осы мәліметті алғаш айтқан Шортанбай үшін 18 жыл түрмеде отырған Анарбек жыршы - Базардың немересі. Базар - Шортанбайдың әкесі Қанаймен туған бажа. 2018 жылы Ұлы жыраудың 200 жылдығы қарсаңында атақты режиссер Қалила Омаров деректі фильм түсіргенде, Босаға ауылында туып-өскен, көп жылдар сол округтің әкімі болған Мұқашев Әбдіраш Қанай бұлағына барып тұрып мәселені түсіндіріп айтқан еді. Мұнан кейін «Абай ТВ» каналы екінші рет деректі





фильм түсіргенде, сол ауылда туып-өскен 80 жастағы Қойшыбай ақсақал жеріне жеткізе баяндады. Ақын Алтай Сметұлы облыстық Орталық Қазақстан газетіне үлкен материал жазды. Сол жердің тумасы Кәдір ақсақал бұл туралы мол әңгіме айтып отыр.

Қанайдан Шүкіман төрт-бес жыл ішінде екі қыз туады. Сол шақта Қанайдың әкесі дүниеден қайтып, бір себептермен інісі Қаратау жаққа көшіп кетеді де, жалғыз үй қалған Қанай қайын жұрты Нақыптың ауылына қоныс аударып, қалған ғұмырын Нұра бойында өткізеді. Келер жылы, яғни 1818 жылы көктемде осы нағашысының ауылында (қазіргі Жалпақсаз қыстағы) болашақ жазба әдебиеттің көшбасшысы - Шортанбай ақын дүниеге келген. Шортанбай жырау туған үй 1985 жылға дейін бұзудан аман еді. Осы жерде, сол үйде Тиышбай ақсақал ұзақ жылдар мал бағып отырды. Бала жасынан ел ішіндегі ақын, шежіреші шешендерді естіп өскен Шортанбайдың өнерге деген құмарлығы ерте оянған. Ол Бесатаның болашақ иелері - Жанқұтты, Дүйсенбай билермен жастайынан араласып өссе, Абылай, Кенесары, ағасы Саржанның ерлігі туралы ертегідей әңгімелермен көкірегі ашылып, Ресейге қараған елінің мұңын ерте таныған.

Болашақ ақын бала кезінен бірер шумақ өлең тастап жіберуге шебер болған. Есмағанбет ақсақалдың келіні Рәбиға жеңгеміз мынадай қызықты деректі берген еді. Балық аулап жүрген балаларға екі-үш атты кездеседі. Жөн сұрайын десе балалар мойын бұрмай, дуылдаса береді. Балалардың біреуі ұзындығы өзіндей шортанды иырына асып алыпты.

- Әй, шортанды бала, шортанды бала, бері кел, - дейді жолаушы.

Бұрылып сәлем берген бала:

- Аға, адамнан бұрын балықты көреді екенсіз, - дейді.

- Мына баланың тілін-ай, - дейді екінші жолаушы.

- Е, бала ғой, бала, - дейді тағы біреу.

Елемесе үлкенде бала болады,
Ескермеген сөз де шала болады.
Тіршіліктің үлкенін балық деседі,
Түбімді сұрасаң Қожа деген халық болады,

дейді шортанды бала.

Ауылға келгендер «шортандай баланы көрдік» деп әңгімесін айта беріпті. Арнайы келгендер апталап жатып, әлгі «шортандай баланы» сөз ете берсе керек. Сөйтіп бала Әлимұхаммедке «шортандай бала» есімі ілесіп, ақыры Шортанбай атанып кеткен екен.

Шортанбайдың нағашысының Әбдіхалық деген баласы «балық» аталып кеткен. Балықовтар - өскен-өнген ұрпақ.

Кенесары мен тілеулес болған Шортанбай онымен жас кезінен танысқан. Жазушы Сәбит Мұқановтың айтуынша, Кенесарыға байланысты архивте, 1837 жылы қызды ауылды қырындап жүрген жас жігіт Шортанбайды Кенесарының сарбаздары ұстап алып ханға әкелген. Сирек қолжазбалар қорынан 1338 папкадан осы өлең шықты. «Ал, сөйле» дейді хан Шортанбайға. Сонда Шортанбай Кенесары ханға арнап мына өлеңді айтқан екен.

Сары аттың оқ тиіпті жілігінен,
Батырдың сауға алалық ілігінен.
Ту ұстап заманында міндің тұлпар,
Қасымның айналайын кіндігінен.

Кене аға, жазда ауылмын, күзде ауылмын,
Қайтармай салсаң тұйғын, жез дабылмын.
Аспанда ұшып жүрген сіз бидайық,
Алдында ала мойын қырғауылмын.

Жарасқан жайлауыма салқын сазбын,
Халқымнан тілі мүкіс өзім азбын.
Аспанда ұшып жүрген Сіз ақтұйғын,
Алдында ала мойын қоңыр қазбын, -

дегенде, түксиіп отырған ханның жүзі жылыпты.





Кене аға, ат бере гөр айғандайғып,
Үйіме аман-есен барғандай ғып.
Кене аға, ат бергізсең, арғымақ бер,
Қызығып көрген кісі талғандай ғып.

Есмағанбет қарияның айтуына қарағанда, Шортанбай бозбала шағында Жанқұтты ауылының жоғалған түйесін іздесіп, Аюлының Ақсай деген жерінің бас жағында атын оттатып отырса керек. Қолды болған түйені сол ауылдың ұрылары байқамай үстіне айдап келеді. Сол жерде Шортанбай алғаш рет «Бала зарын» айтқан екен. Бозбала ақынның сол «Бала зары» кейінде сан өзгеріске ұшырағаны даусыз.

Сауатын ауыл мектебі молласы Ыбырайымнан ашқан Шортекең кейін Қарнақтағы медресені тәмамдап, онан Бұхар оқуын бітіріп, 17 жасында, шамасы 1835 жылы елге біржола оралады. Шешендігімен де, білімділігімен де көзге түскен Шортанбайды Жамантай, Құсбек төрелер, әрі әкесімен немере, Құнанбайды аға сұлтан сайлатқан атақты Күдері қожа шақыртып, Қарқаралыға барады. 1852 жылы Қарқаралыда Құнанбай Өскенбайұлы аға сұлтандыққа сайланарда сол әйгілі жиынға Күдері қожа да құрметті бидің бірі ретінде қатысады. Жиын ұзаққа созылып, билердің сөзі әр қилы шығып, Құнанбайды сайлау-сайламасы екіұдай дау туғызыпты. Сонда Күдері қожа Орта жүздің барлық билеріне арнап былай деп басалқы айтады:

Атаңнан артық тусаң, ту ұстарсың,
Ез болсаң тезегіңді уыстарсың.
Біріңді-бірің түртіп не қыласың.
Түсің бір иісі қазақ туысқансың.
Құнанбай Орта жүздің тұзы емес пе,
Көнеден арнасы бір із емес пе.
Қарадан хан болса да реті бар,
Салмаңдар қу көңірдек, қыл өңешке.
Су екеш су ағар да жүйесімен,

Жарасар көштің сәні түйесімен.
Кімің бар Құнанбайдан озып туған,
Айырма елді нағыз иесінен.
Арғымақ қанша шапса айырылмаған,
Қиыннан жол табады дарын адам.
Сыртынан алтын сары, мыс та сары,
Жақсыны жарымжандық танымаған, -

деп өлеңдетіп келіп, әрі қарай тақпақтай жөнеліпті.

Тұз болмаса ет бұзылады,
Дін болмаса ниет бұзылады.
Ел - ерімен көркем,
Жер - көгімен көркем.
Ақылы асқанды хан тұт,
Білімі асқанды пір тұт.
Жақсыңды қадірле,
Жаманыңды тәрбиеле.
Арбаға тоқпақ көргенді жекпе,
Соқпақ көргенді жек, -

деп, «әңгімені төлдете бермей, төрелі сөздің түйініне келіңдер» деген екен.

Сонда Орта жүздің билері су сепкендей сап тынып: «Қожеке, аруағыңнан айналайын, кешіріңіз», - деп бәрі орындарынан тұрып, Күдері қожаның қолын алыпты. Сөйтіп Күдері қожаның алдына келіп, жүгініп отырып: «Алла Тағала пайғамбарлықты сіздерге берген. Сіз оның ұрпағысыз. Батаңызды беріп, маңдайымнан бір сипаңызшы», - деп Шортанбай да қолын жайған екен. Міне, осы жерде ол біраз жылдай тұрады. Арқаның сөз өнері мектебіндей болған Қарқаралыда сан жүйрікпен кездесіп, шыңдала түседі. Міне, дәл осы қалада жас Шортанбайдың тарлан ақын Орынбаймен айтысы өтеді.

Осы тұс бала жасынан бірге өскен достары Дүйсенбай мен Жанқұттының Кенесары қолына біржола қосылып та кеткен шағы еді. Орыс ұлығы қалқитып





«Хансымақ» сайлап қойған Құсбек пен Жамантайдың қолында еш билік жоқ, халқына көмектесер дәрмені аз екеніне көзі жете түскен Шортанбай Кенесарыға тілеулес болып, Айыртауда ол Орта жүздің ханы сайланғанында барып қатынасқанын Анарбек жыршы бізге жеткізген.

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта жүз соңына ерген тым ертеден.
Бесата баласынан Жанқұтты бар.
Бәйсейіт, Дүйсенбай мен Есбай, Қара
Бір қол боп көрінетін жеке-дара, -

дейтін Шортанбай сөзі сақталған.

Ресей империясы отаршыл саясатының негізгі бағыты қазақ халқын шөлге ығыстыра отырып, қазақ жерін біржолата иемдену екеніне көзі жете бастаған ақын Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысына тілеулесі де жақтасы болып шыққан. Ұлытауда Кенесарыны бүкіл ел ақ киізге салып хан көтергенде, бұл жолы Бесатаны бастап барған Керней Бәйсейіттің тобы ішінде Шортанбай Жанқұтты, Дүйсенбайлармен бірге екенін Қази ақын 1980 жылы баса айтқан. Ақын сол жолы:

Ұлары шулап Ұлытау,
Орыс, қазақ қылған дау.
Алаша хан, Жошы хан.
Қазақтың басы қосылған.
Жалаңаш шапқан ер жігіт
Қолдаса Құдай келер сау, -

деп басталатын толғау айтқан екен. Бұл жырды тоқсанға келген Қази ақсақал бізге толық жеткізе алмады.

Тәуелсіздік үшін Кенесары бастаған ұлы шайқастың шын жақтаушысы болса да, Шортанбай да, Құнанбай да оның қолына анық қосылмай, әлдебір се-

бептермен не сол қозғалыстың қажеті үшін Қарқаралыда қала берген.

Шортанбайдың Кенесарыға тілеулес екені, әрине, сезілмей қалған жоқ. Бұл жағдай Құсбек пен екеуінің сан рет кездесіп қалуына, араларының ашыла түсуіне себеп болған. Оның үстіне, Кенесары қолының сарбазы, түрмеден қашып шыққан Керней Тықыны үйіне жасырғаны да білініп қалады. Ояздық қалада енді қалып мән шықпасына көзі жеткен соң, ол 1850 жылы шамасында Нұра бойындағы елге біржола оралады.

Бұл уақыт жан-жақтан жау қыспағында қалған Кенесары ханның да Арқа жерінен еріксіз сырғып, түстік жаққа ауған шағы еді. Кенесарымен тілеулес Бәйсейіт те, Дүйсенбай да осы тұста елге қайтқан еді. Кенесары ханның соңғы шайқасына дейін бұл Арқа жұртынан ханмен бірге Ағыбай батыр, Жанқұтты би, Шөмішбай батырлардың соңынан ерген ауылдар болатын.

Арқасын орыс оязына сүйеген Құсбекпен араздасып келген Шортанбайды нағашы жұртымен бірге әуелде Бәйсейіт пен Дүйсенбай қамқорлығына алған. Бәйсейіт Құнанбай қатарлас та, Дүйсенбай Жанқұттыдан 3-4 жас үлкен екен. Кенесары хан дүниеден өткен соң бір жылдан кейін Арқаға ақынның бала кезден бірге өскен досы Жанқұтты да оралады. Бұл кезде дін оқуын тауыса тәмамдаған, бірақ бала кезінен өлеңге аңсары ерекше ауып, ірілі-ұсақты сан ақынмен қағысып қалып жүрген Шортанбай өнерге біржола бет бұрған еді. Бұл жөнінде Бәкірұлы Зекен қария қызықты жағдай айтады. Отызға жаңа іліккен Шортекең жолаушылап келе жатып, Аюлымен жалғасқан көлденең қырдағы оба басында ат шалдырып отырып қалғып кетсе, жарқырай киінген адам түстес екі кісі келіп, жыршылық етуіне аян беріп кеткен деседі екен бұрынғы өткен үлкендер.

Кенесары хан жеңіліп, хәлі ауырлай түскен осы шақта Шортанбайдың замана зары туралы сан толғаулары туғаны еш күмән келтірмейді.





Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазағым
Түсті барып торына, -

деген шумақтар көтерілістен кейінгі торығу кезеңінде тууы дау тудырмаса керек.

Ақынның өзі де Бесата ішіндегі Қояншытағай - Сарымның бір қызына үйленсе (қазіргі үлкендер оны жіктеп айта алмай отыр), баласы Аязбайды Жанқұттының Қасенінің қызына, Алдабергенін Есбайдың немересіне үйлендіріп, қызы Бәтішті Бөрлібай Ақпанбайға тұрмысқа ұзатқан. Ал жалғыз қарындасы Қалаулыны кезінде Кәрсөн - Қозыбақ Бейсен дегенге берген еді. Одан туған Кәрібек күйші белсенділердің қолынан қаза тапқан.

Қасен қызына үйленген Аязбай әкесінен бұрынырақ 70 жылдардың орта шенінде қаза болған. Онан зұлмат заманнан өтіп бізге жеткен тұқым жоқ.

Қызы Бәтіште ер бала тұрмаған. Одан қалған жалғыз қыз Ұлбаланы Балта Әлікейдің інісі Тұяқ алған. Онан туған Кенже 1943 жылы осы Ақсу-Аюлыда Әлкеев Изатбектің үйінде дүние салды. Ер бала тұрмаған Бәтіш Ақпанбайдың ағасы Ертісбайдың баласы Құлшықты нәрестесінен бауырына салып бала еткен. Құлшық ұрпағы бүгінгі күнде өзін Шортанбай жиені санайды. Шортанбайдың Алдабергені 1927 жылдары шамасында белсенділер зорлығына шыдай алмай түстік жаққа кетіп қалған да, 1931 жылы нағашылары Есмағанбеттің үйіне келіп, бір ай жатып қош айтысқан. Қиын-қыстау кезеңде елден кетуге мәжбүр болған Алдабергеннен тараған ұрпағы бар-жоғынан еш хабар жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысы патшаның отаршылдық саясаты шығандаған кезі еді. Қазақ халқын жер бетінен көшіру амалы тек жерін тартып алып, шөлге қуып тастау емес, оны мәдениетінен, дінінен

аластап, басыбайлы крепостнойы ету де еді. Міне, осы саясатты жылдамдату үшін қазақты алдап-арбау, күштеу, зорлау жолын қатар қолданып, шоқындыру саясатын да тезірек жүзеге асыруға көшті.

Елдің болашағын ойлаған адамдар бұл саясатқа қарсы тұрды, халықты ата-бабасының дінінде, ислам жолында сақтап қалу үшін күрес жүргізді. Тобықты-да Құнанбай Қарқаралыда мешіт салдырса, Бесатада Бәйсейіт, Көпбайлар осы іске мұрындық болды.

1855-1857 жылдар шамасында Жанқұтты би Аюлы тауының батыс жағындағы Қойкөл өзеніне таяу тұс-тан мешіт салдырды. Бұл кезде ақындығымен де, ді-ни-философиялық көзқарасымен де елге әйгілі болған Шортанбай досы Жанқұттының өтініші бойынша осы мешітте жыл жарымдай уақыт имамдық етіп, бала оқытады. Табиғатынан сөз өнерін қуған, жыраулық дәстүрді мықтап ұстанған Шортанбай онан кейінгі уақытта имамдығын жалғастыра бермеді деп ешкім сөккен емес. Міне, осы тұста бір жағы Қуандықты, екінші жағы Тарақтыны аралап жүрген Шөже ақын сөз өнерін жарыстырып, сынасып көрмекке Шортан-байды іздестіріп келеді. Шөженің осы сапарында Та-рақты Сапаққа, Қара биге, Бөдеге айтқандарын біз «Заман» газетінде 1992 жылы жарияладық.

Шөже мен Шортанбайдың ақындық өнер жарысы Жанқұтты бидің ауылында өтеді. Дала көкжалындай адуын Шөже мір оғындай сөзін қадай айтса да, Шор-танбай жекебастың мүддесі, бақталастығы емес, ел мұңын, туған халқы қамын көлденең тосып, Шөжені сөзбен буа береді. Асау болса да ақылды Шөже бұған ден қойып, екі ақын рухани табысып тарайды. Бұған Шөженің:

Шортеке, ел сыйлаған пірім едің,
Сенімен айтысуға тұрып едім.
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің,
Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді.





Осымен мен сөзімді тоқтатайын,
Алланың сөзін айтып, ғаділет жол,
Алды-артты бірдей орап жібермедің, -

дегені дәлел. Шортанбай - Шөже, Орынбай сияқты айтысты негізгі мақсаты тұтқан ақын емес, ол жырау-лық дәстүрді ұстана отырып, жазба әдебиеттің есігін ашқан алғашқының бірі, не нақ өзі. Бірақ реті келген жерде айтыстан қашпаған әрі өзі тұстас ақындармен тең түсіп, өзінің терең пәлсапалы ойымен шоқтығы асып көрініп отырған.

Шортанбайдың Бесата ішінде Елемес ақынмен жұм-бақ айтысы аса қызғылықты. Сол сияқты өзінің заман-дасы әрі құрдасы Асан Бұғымен арасындағы айтысы да бір ғана қақтығыс емес, құрбылардың арасындағы қалжың ретінде талай жылдарға созылған жағдай. Шортанбайдан кейін талай өмір сүрген Асан Бұғы «Ей, қу сөз-ай, жеңем деген далбасамен Шортанбайға тілім тиіп кетті-ау!» - деп сан өкінгенін Қази ақын да, Анарбек жыршы да ескертіп айтып отыратын. Асан Бұғының осы өңірде 40-жылдарға дейін болған немересі Әбукарин де оның сол өкінішін ел құлағына қалдырған.

Кенесары хан қазаға ұшырағаннан кейін уақыт-ша тыншыған Ұлы Даланы, кешегі асқақ Алтын орда елін көруге патша тұқымы құмар-ақ еді. Соның бірі - ұлы князь Владимир 1867 жылы Омбыға жетіп, Қа-зақ даласына сапар шекті. Жоғарғы жақтың ерекше үкімімен оның алдында қазақ бар жақсысын жайып, жайсаң азаматтарын көрсетуге тиісті болды. Сол жақ-сы-жайсаңның бірі болып Құнанбай тобымен Шортан-бай да барған. Сол жолы қазақтың бар жақсы-жай-саңын суретке де түсірген. Онан құралған альбомдар 1917 жыл төңкерісіне дейін сақталғаны белгілі.

Шортанбайдың князь Владимирге барған сапарын бізге жеткізуші Қази ақын «Шортанбай патшазадаға Құнанбаймен бірге барыпты. Сый-сияпат көріпті» дей

келіп, Шортекең Ертістің бойына сыңсып мұжық қоныстанып жатқанын көріп:

Ертістің бойы ен жайлау,
Көшіме түсті бір байлау.
Алғанын мұжық аз дейді,
Жер қосып тағы жаз дейді.
Келіп де қапты төресі,
Жоқ шығар бізге бересі, -

деп налып та, түңіліп те оралған екен дейді. Осы сапарға Шортанбай Құнанбай ауылынан аттанған. Ақынның ойға толы жырын қатты сыйлаған Құнанбай оны өз ауылында жиі қонақ еткен. Міне, бұл жағдай бала Абайға қатты әсер еткені дау тудырмаса керек. 1864 жылы Есбай асына қатысқан Шортанбаймен еш ақын айтыспаған. Бұл оны елдің құрметтеу белгісі еді деседі үлкендер. Сол аста ат жарысы бас бәйгесін аты озса да, Орта жүз өзі алмай, қонақтарға берген екен. Бұл жөнінде Шортанбайдың:

Жанқұтты бас бәйгені өзі берген,
Екіншіні жетелеп Кәдір келген.
Орта жүз «той біздікі, алмаймыз» деп,
Үлгі еткен өнегені былайға елге, -

дегенін Ескей жыршыдан алған едік.

Шортанбай - 1868 жылғы Ереже бойынша жерінен біржола айырылған қазақ халқының ендігі болашағы қатерлі екенін де жақсы түсініп, ашына үн қатқан ақын:

Кетейін десе алды тар,
Тұрайын десе көпір бар.
Қазақтың ұлы қамалды, -

деп, жерінен айырыла бастаған елінің барар жер, басар тауы қалмағанына қамықса:





Билік кетті басыңнан,
Қорлық көрдің жасыңнан, -

деп те елі үшін егіледі.

Шортанбай - ел мұңын жырлап қана қоймай, ол өмірді түзеу үшін өз жолын ұсынып, күресе де білген қайраткер. Бір кезде отаршылдық саясатқа қарсы:

Жалаңаш мін де, жауға шап,
Қатын-бала қамы үшін, -

деп тікелей көтеріліске шақырған ақын бірте-бірте енді елді сақтап қалу - қазақы қоғамды сақтап қалумен тікелей байланысты екеніне көзі жетіп, хан билігі жойылса да, жұртты бірлікке, бірлік арқылы қазақ мәдениеті мен қазақы өмірді қорғау үшін ақсақалдықты қорғауға үндеген.

Бүкіл қазақ жұртының жерден ада қалуынан қауіптенген ақын елді отырықшы болып, жерге иелік етіп қалуға шақыра отырып, өз басы жеке үлгісін көрсеткен. 1873-1874 жылдары Нұра өзенінің Қойкөлмен қиылысынан бірер шақырым төменгі жерден су диірмен салдырып, тоған бөгеп, егіншілікке елді баулыған.

Міне, осы тұста алпысты алқымдап қалған Шортанбай Ойыл, Қостанай, Қызылжар, Кереку, Семей, Жетісу, Шу өңірін аралап, ел мұңын жырлап, насихатын айтудан бір танбаған. Оның 1881 жылғы Семей сапары да осының бірі еді. Барарында да, қайтарында да Қарқаралыға соғып, Құнанбай ауылында болады. Ауылға күншілік жол қалғанда түнде далаға түнеген екен, сонда дүниеден қайтары туралы аян беріліпті дейді қариялар. Аязбай тоғанындағы өз үйіне жете алмаған ақын әрі досы, әрі құрдасы Жанқұттының үйінде болашақты болжаған жырын айта отырып, дүниеден көшеді.

Шортанбай Жақсы Жәкеңе өзін нағашы Ыбырайымның мазары іргесіне жерлеуін тапсырып, ертең ертемен Жәкең қабірінің басына келсе, рухы бұл маңнан кетіп бара жатқанының куәсі боларын да айтыпты.



ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІНІНІҢ "ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ақын қабірі басына әзірше мазар салмауын, оны бүлдіріп тастар заман да болатынын, кейінгі ұрпақтар тұсында ғана рухы көтерілетінін, сол ұрпақтар қабірін қамқорлыққа аларын ескертіп кеткен екен.

Шортанбай досының бар айтқанын көзі көрген Жақсы Жәкең келер жылы Меккеге қажылық сапарға шығып, сонда - Меккеде дүниеден қайтқан. Жанқұтты әрі досы, әрі құрдасы Шортанбай қазасын оның отбасы, бала-шағасына былай деп естірткенін Анарбек жыршыдан алған едік:

Алланың бір мекені Түртағы еді,
Шортанбай әулиенің ұрпағы еді.
Мұңдасқа бала жастан бірге өскен -
Жақсыға жол үстінде ажал келді.

Осы жерде Шортанбайдың туған жылы туралы деректерді де айта кеткен жөн.

Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» атты тарихтың этнографиялық шолуында мынандай қызық деректер келтірген: «Шортанбайдың қай жылы туып, қай жылы өлгенін, әкесі кім екенін, біз соңғы кезге дейін білмей келдік. Оның жас мөлшері, әкесін бізге мәлімдеген ақын Доскей Әлімбайұлы (1850-1946).

«Мен Шортанбайды 25 жасымда Арғын Саңырақтың үйінде көрдім, - дейді. - Доскей менен 32 жас үлкен. Әкесі Қанай молдалық құрған, мал жиған кісі емес. Бар өмірі ел аралап, жыр айтумен өтті. Көбінесе қарқаралық Құсбек төренің үйінде мекендеп жүрді.

Доскей 1850 жылы туған. Шортанбай 32 жас үлкен болса, 1818 жылы туған болады. Өлерде айтқан жырында, Шортанбай 63 жастамын дейді, олай болса, 1881 жылы өлген болады».

Доскейдің бұл мәлімдеуі шындыққа жатады, өйткені Кенесарыға байланысты архивте, 1837 жылы бір жақтан қыз алып қашып келе жатқан Шортанбайды Кенесары сарбаздары «патша үкіметінен шығарсын» деп ұстап алып, Шортанбай жырларын тыңдаған соң





босатты деген материал бар. Бұл материал бойынша, Шортанбай сол кезде бала-бозбала. Егер 1818 жылы туды десек, 1837 жылы ол 19 жаста. Бұл жобаға келеді.

Шортанбай жыраудың өмірінің соңғы үш-төрт жылында оған атқосшы болғанын Әбеу ақсақалдан көптің бірі болып сан естідік. Әбеу ақсақал 1865 жылы туған (Қолымызда документі бар). Әбеу ақсақал сонда 13-14 жаста екенін айтып отыратын. Бұл 1878 жылға тура келеді. Әбеу ақсақал дүниеден 1958 жылы өтті. Шортекең мінген пәуеске Әбеудің қолында қалған. Оны орман ішіндегі ескі қораға тығып тастаған. Кейін немересі Адамқұл маған жеткізіп, оны аудандық музейге қойдық.

1993 жылы Шортанбай жыраудың 175 жылдық мерей тойы аталып өтті. Оған Қ. Сұлтанов бастаған 20-ға жуық депутат келсе, Тұрсынбек Кәкішев бастаған М. Мағауин қолдаған жиырмадан аса ақын-жазушылар қатынасты. Шортекеңнің мерейтойына арналған үлкен ғылыми-теориялық конференция өтті. Т. Кәкішев Шортанбай жырау ірі идеолог деп баға берді. Филология ғылымдарының докторы Р. Нұрғалиев те тың пікір айтты. М. Мағауин Шортанбайдың атын неге ататпай келгенін, орысқа бағынған биліктің оның шығармаларын бір жола көміп тастауға тырысқанын айта келіп: «Иісі қазақ Шортанбайды оқыса еш уақытта дұшпанның (орыстың) айтқанына көнбес еді, өз бітімін, болмысын сақтар еді деп түйді».

2018 жылы ұлы жыраудың 200 жылдық мерейтойына байланысты режиссер Қалила Омаровтың басшылығымен 50 минуттық деректі фильм түсіріліп, жұртшылыққа ұсынылды. Фильмде арқаның осы тұсындағы Шортанбай туған үйдің орны, оған қойылған ескерткіш белгі де көрсетілді.

Елі мен жерінің мұңын жырлап, қолынан келгенінше қамқоры болған ақын рухы көтерілер заман да, оның ойлы, ырысты мұрасын дәріптер ұрпақ та дүниеге енді келгендей. Ұлы ақынның арманы орындала бергей.

***Мұхтар МАҒАУИН,***
*ғалым, филология ғылымдарының докторы,*
*Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

# ШОРТАНБАЙДЫҢ ЗАР ЗАМАНЫ

Бұл мақала 1993 жылы маусымда, ол кезде Мюнхенде тұрған «Азаттық» радиосы үшін жазылып, эфирге шыққан екен.

Мақала - тәуелсіздік тұғыры толық бекімеген, рухани өмір баяғы құлдық, кіріптар санадан арылуға жаңа ғана бет қойған өтпелі кезеңде жазылыпты. Бұрын отаршылдық қыспағымен тек қана жамандалып келген Мұрат пен Шортанбай туралы тәуелсіз заманда айтылған алғашқы еркін сөз. Замана таңбасы.

Бұл күндері Сарыарқада, атақты Ақсу-Аюлы өңірінде қазақ халқының ұлы ақыны Шортанбайдың 175 жылдық тойы өткеріліп жатыр. Ресми дәрежедегі салтанатты жиын, Қазақстанның ең білікті ғалымдары қатысқан ғылыми-теориялық кеңес, көне зират басында мүсінделген ескерткіш, қан жайлаудағы дүбірлі мереке, әлденеше дүркін ат бәйгесі, ұлттық ойындар, көл-көсір дастархан, бата мен дұға - осының бәрі Шортанбай рухына жасалған тағзым ғана емес, ежелгі қазақ елінің қайта көтерілуінің кезекті бір белгісі.

Бай дәстүрі бар қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихындағы ең соқталы тұлғаларының бірі Шортанбай мұрасы соңғы жетпіс жылда жұртшылыққа теріс түсіндірілді. Шортанбай есімі атала қалса, оны сөгіп, жерлеу балшабектік парыз сияқты болды. Жырымдалып жарияланған бірлі-жарымды өлеңдерінің өзіне шүйліге сөйлеу әдетке енген.





Енді міне, бар өмірі зармен өткен, өлгеннен соң да көрінде тыныш жата алмаған Шортанбай есімінің ұлттың мақтанышқа айналуы - тәуелсіздік шапағаты десек, ақынға бағышталған дүбірлі мерекені осыншама биік деңгейде өткеру Шортанбайдың туған топырағында өсіп-өркендеп отырған ел-жұрттың, әкімшілік тұтқасын ұстаған азаматтардың ізгі ниеті, қайраты мен пейілінің нәтижесі деп білуге тиіспіз.

Шортанбай шығармашылығының қыр-сырын, мән-мағынасын жете түсіну үшін оның өмірін, оның ақын ретінде, азамат ретінде қалыптасуына әсер еткен жағдаяттарды байыптау ләзім. Өскен ортасын, өткерген заманын таразылау керек.

Шортанбай 1818 жылы туған. Үш жүзге ортақ Қожа руынан. Қазақ ішіндегі қожа нәсілі біздің жұртымыздың дін исламды ұстануында, Құдай, Құран сөзін тануында, яғни ұлттың рухани ұйысуы жолында игілікті қызмет атқарғаны белгілі.

Шортанбайдың аталары Сыр бойынан шығып, Сарыарқаға келгендегі басты мақсаты да осы болатын. Заманға ғана емес, адамға да сын көзімен қараған. Бұл жеке басқа тікелей қатысты кеп емес, отарлық зорлыққа қарсы ем таба алмаған мұсылманшылдық идеологияны қыжырту ғана.

Ақын өзінің бір сөзінде бабасының сүйегі Түркістан түбіндегі Қарнақта жатқанын айтады, басына бара алмай, дүниеден өтуіне өкініш білдіреді. Әлбетте, ұлттық өредегі тұлға қай тарапта туса да халқына қастерлі, бірақ өмірбаяндық деректердің нақты болғаны жөн.

Соңғы мағұлым бойынша, Шортанбайдың дүниеге келген жері - қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданы. Ақынның бүкіл ғұмыры осы өңірде, Ресей отарына айналған Сарыарқада өтеді.

Жас кезінен-ақ дін жолын емес, өнер жолын таңдаған Шортанбай, қайткенде де өз әулетінің ежелгі дәстүрінен аулақтап кетпейді, бір кездегі Қожа Ахмет Иасауи сияқты, мүрид жинап, азан шақырмаса да, сол дана ұстаз үлгісімен шариғат қағидаларын, адамгершілік, иман жолын өлең-жыр арқылы насихаттайды. Сонымен қатар сақараның суырып-салма ақындарының әдетімен топқа да түседі, көптеген айтыстарға қатысады.

Шортанбай шығармалары халық арасына кеңінен тарайды, уақтылы тасқа басылмаған себепті көптеген шығармалары ұмытылады, жоғалады. Жасы елуден асқан кезінде Шортанбай дін, ғибадат жолына біржола беріледі, оның ақындық қызметі де маңызданып, тереңдей түседі. Шортанбай пайғамбар жасында, 1881 жылы дүниеден көшеді.

Шортанбай толғауларының бір тобы «Қисси-и Шортанбай. Шортанбайдың бала зары» деген атпен, 1888 жылы Қазанда жарияланып, айналасы жиырма жыл ішінде бес мәрте басылды. Бұл - қазақтың патша заманындағы баспа ісінде болмаған жағдай. Шортанбай сөздері халқына қаншалықты жаққанын айқын аңғартса керек. Сонымен қатар бажайлап тексергенде бұл кітаптың патшалық цензураның қатал сүзгісінен өткені де көрініп тұр.

Шортанбайдың енді бір пара жырлары соңғы кезге дейін көшірме қолжазбалар түрінде сақтальш келді. Өз тұсында орыс оқымыстылары ғана емес, орыс отаршылдары да айрықша назар аударған Шортанбай толғауларының жаңа нұсқалары мен бейтаныс үлгілері алдағы уақытта Ресей архивтерінен табылып жатуы әбден мүмкін.

Шортанбайдың біздің заманға жеткен, әзірше ғылымға белгілі шығармалары турауға түспей, сызылмай, күзелмей, өзінің бар кейпі, табиғи қалпымен алғаш рет республикалық әдеби «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы 3-санында жарияланды.





Ал Шортанбайды тану, оны жан-жақты, түбегейлі зерттеу - болашақ ісі, бірер мақаланың емес, бірнеше кітаптың жүгі. Біз бүкіл дүние жүзі қазақтарының құлағына жететін «Азаттық» радиосы арқылы Шортанбай сияқты ұлы ақын мұрасының кейбір ерекшеліктеріне ғана назар аудармақпыз.

Шортанбайдың ойшыл ретінде қалыптасқан, ақын ретінде тұлғаланған заманы қазақ халқының жаңа тарихындағы ең ауыр кезеңдерінің бірі болды. Кенесары бастаған, бүкіл Қазақстанды қамтыған азаттық соғысы ауыр жеңіліспен аяқталды. Елдің бар қуаты сарқылып, бар тірлігі суалғандай көрінді. Кенесары қозғалысына жалғас немесе бұдан соңғы, байтақ елдің шартарабындағы көтеріліс ошақтарының барлығы тұншықтырылды. Батыс Қазақстанда Исатай, Сыр өңірінде Жанқожа, Маңғыстауда Досан батырлар қазаға ұшырады. Азаттық жаршысы Махамбеттің басы шабылды. Шернияз ақын іштен тынып, Нысанбай жырау қайғы тұңғиығына батты.

Жұрт қорғаны батыр ерлер түгел жер жастанса, ұлт ұраншысы өршіл ақындар тегіс кіріптар халге жетті. Ел иесіз қалды. Қанға бөкті. Талауға түсті. Отаршыл Ресей бүкіл қазақ даласын біржола жалмап жейтін зымиян да обыр саясатын жүзеге асыра бастады.

Міне, дәл осы кезеңде үн көтерген Шортанбай шығармашылығы - бұғауға түскен кәріп елдің жантәсілім ышқынысы ғана емес, бағы қайтса да рухы өшпеген өміршең халықтың қайрат-қуатының, ұлттық санасының көрінісі болды.

Абылай ханның тұсында...
Арбасын артып оң қылған,
Есіл менен Нұраның
Екі жағын жол қылған.
Ертістің басы қара дөң,
Еңкейе біткен қара адыр,
Арқа деген құба жон,

Аядай біткен көл екен.
Атты кердең өстірген
Арқаның тарлау шөбі екен.
Жігітті кердең өстірген
Ат пенен малдың демі екен!

Ол заман келмеске кеткен.
Басқа бір заман туған.

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі -
Зар заман!..

Жаңа заманның қыспақты тарлығының, зорлықшыл зарлығының ең басты себебі Қазақ жұртының дербестіктен, елдіктен айырылып, Ресейдің басыбайлы отарына айналуында жатыр. Шортанбай орыс отаршылдығының сыр-сипатын ашып көрсетеді.

Тіпті амал жоқ, әлеумет,
Енді сенің торыңа.
Жалмауыз болды үлкенің,
Қазақ, сенің сорыңа.
Орыс - бүркіт, біз - түлкі,
Аламын деп талпынды,
Орыстан қорлық көрген соң
Отырып билер алқынды... -

дейді.

Бұрын елге тірек болған хан кетті.
Жұртқа қорған болған батырдың сағы сынды.
Ұлысқа құт болған бидің бағы тайды.





Кетейін десе, алдың тар,
Тұрайын десе, кәпір бар,
Қайсыбірін айтайын,
Қазақтың ұлы сандалды, -

дейді.

Әкімшілік қыспақ, мал-жанды талауға салу өз алдына, ұлан-байтақ жерін біржола иемденуге ниет қылған отаршылдар лек-легімен көшіп келіп, қазақ даласына берік орныға бастаған. Және қазақтарды зорлап көшіріп, ең шұрайлы, құйқалы қоныстарды алады. Күн озған сайын келімсектердің саны да молайып, табан тіреп иеленген жерлері де көбейіп барады. Және тоқтайтын түрі көрінбейді. Ақырғы мақсат - бүкіл қазақ даласын жалмап жұту. Шортанбай отаршыл өкіметтің осындай, тереңнен ойластырған жер саясатын да нық басып таниды.

Әр нәрсенің болжалы,
Келе жатыр жақындап,
Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақылдап,
Елді еркіне қоймады.
Буыршындай тақымдап, -

дейді Шортанбай. Бұл құсаға, кенеусіз зорлыққа жұрттың қалай шыдамақ деп, жан даусы шығады. Бірақ қаптаған қара бұлтқа қарсы тұрар амал таппайды. Елден күш кеткен.

Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар,
Ендігі туған жігіттің
Маңдайының соры бар!

Ауыр сөз. Ащы үкім. Бірақ анық ақиқат. «Ендігі туған жігіттің маңдайының соры бар!»

Елдіктен айырылған соң кісілік өлшемі де өзгерген. Отаршыл өкімет өз қолайына жаққан, айдауында жүретін, туған халқына қасқырша шабудан тайынбайтын жандайшаптарға жел береді. Барлық жерге өз текешігін отырғызады. Жақсыларды қудалап, жамандарды көтереді.

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды,
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды,
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды! -

дейді Шортанбай. Сондықтан да әкім-төре атаулыда қасиет қалмаған. «Тексізден туған» билерден ғаділдік тайған. Нәтижесінде «қазақ деген ғаріп жұрт» мүшкіл халге жеткен.

Шынында да басынан бағы тайған қазақ даласы жыртқыш шеңгелге түсті. Қазақстан бүкіл ресейлік базардың бір бөлігіне, шикізаты мол әрі арзан өлкеге айналды. Аяусыз қанау жыл озған сайын арта түсуге тиіс еді.

Сонымен қатар Қазақ елі Ресей империясының басыбайлы отары ретінде, патшалық тәртіп туғызған заң, низам жөнімен жүруге тиіс болды. Жергілікті халық мүддесі, ұлттық ерекшелік, әдет-ғұрып жайы мүлде ескерілмеді. Осының бәрі қазақ қоғамына теріс ықпалды, үлкен әлеуметтік өзгерістер әкелді.

Енді жат, жаңа орайында бұрынғы әлеуметтік тұрғы, ежелгі жол-жора ескіре бастайды, адамдар арасындағы, ұлттық салт-санаға негізделген қарым-қатынастар әлсірейді, іні-ағаны сыйламайды, қалған жұрт ақсақалды сыйламайды, тіпті ер мен әйелдің өзара қатынасына дейін басқаша, әдет-ғұрып өзгере бастаған соң, мінез-құлық та өзгерген, әлбетте оңға емес, теріске қарай.





Ең бастысы - ежелгі қазақ қоғамындағы туыстық, бауырластық қатынас бұзылған. Бұрыңғы: «Батырдың жаны ортақ, Байдың малы ортақ» деген ұлттық мораль келмеске кеткен. Нәтижесінде қалың бұқара панасыз ғана емес, кедей-кепшік, мүсәпір халге түскен.

Байды Құдай атқаны -
Жабағы-жүнін сатқаны.
Кедей қайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны;
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады,
Оны-мұны жиғанын
Шығын деп тілмаш алады.
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды,
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды...

Ақын қазақтыққа шет, адамдыққа жат бұл жағдай - жаңа заман, зар заман кесірі деп біледі. Қазіргі тілге көшірсек, отаршылдық зардабы. Отаршылдық әкелген ғұрып-тәртіп нәтижесі.

Мынау асылық, азған заманда
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ
Ақша деген мал шықты, -

дейді. Және бұл тығырықтан құтылар амал таппайды.

Замана қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын -
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сиынғаның... -

дейді.

Өз заманының отаршылдық нәтижесінде туған сұрықсыз көріністерін жіті таныған ақын қалың бұқараны кембағал жағдайға түсірген патша әкімдерін де, олардың ел ішіндегі жандайшаптарын да, қарақан басының қамына көшкен би-болыстарды да аямайды, бәрінің де келеңсіз істерін, арамдығын, пасықтығын әшкерелейді. Шортанбай, тіпті, өзі діндар кісі бола тұра, ел ішіндегі молдаларды да оңдырмай сынайды, олардың сопысынған сыртқы пердесін ашады.

Бұзылған заманда діннің өзі бұзықтың құралына айналған. Әйткенмен, дінбасылардың азуы діннің терістігінен емес, сол дін жолындағы адамның өзінің азуының нәтижесі деген ой айтады.

Заманның азуы адам атаулыны түгел аздырған. Халықтың бұрынғы қадір-қасиеті тозып, өткендегі өнегелі істің бәрі құрдымға кеткен. Ақын өзіне мүлде жат замана кейпін салмақтай келе, көңіл аулар ешқандай жақсылық нышанын таба алмайды.

Титтей нәрсе қалсайшы
Бұрынғыдан ырымға!.. -

деп қатты күйзеледі. Заманның бұзылуының ең басты сипаты, ең үлкен кесапаты да осы деп біледі.

Болашақтан, жарқын, жақсы өмірден баз кешкен Шортанбай өз өмірінің соңғы кезеңінде, бір жағы ауыр дерт әсері де болса керек, сопылық жолын қуып, тақуалыққа беріледі. Енді өзінің насихат өлеңдерінде үлгі-өнеге сөздің бәрін, моральдық дидактикалық ойларын тегіс дінге тірей сөйлейді.

Бар күнәні дін жолымен жууға болады, көктегі Құдайды, кейінгі ақыретті ескеріп, түзік іс қылыңдар, дүние-фәни өткінші, енді бақилық мұрат жайын ойлаңдар дегенді айтады.

Билер, пара жемеңдер,
Жалғанды жолдас демеңдер,





Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа арам салмаңдар,
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар...

Бұл - ел әкімдеріне арнау. Жалпы жұртқа айтылатын өсиет те, айналып келгенде, Құдай жолын тұтын деген уағызға тіреледі.

Үлкендер, саған айтайын,
Мал басына бармаңдар,
Ақырет қамын қармаңдар...
Тентек болма балаға,
Безер болма келінге,
Қадірің кетер келінге,
Қарауыл қой сөзіңе -
Қанша нәрсе ереді
Өлгеннен соң өзіңе!

Байыптап қарасақ, бұл да алданыш. Өйткені Шортанбай - о дүниенің талқысынан гөрі бұ дүниенің азабын, туған халқының бүгінгі тіршілік кебі мен ертеңгі болашағын көбірек қамдаған адам. Қайткенде де замана туғызған зар мен мұңның тұңғиығына шома береді.

Сонымен, ел азды, жұрт тозды, ең ақыры діннің өзі тоқырады. Отаршылдық қыспақ шектен шықты. Бүгінгіден торыққан, келешектен күдер үзген ақын бар дүниеден баз кешіп:

Су түбіне кеттің, жұрт,
Тал табылмас қармарға! -

дейді. Зар заман шындығынан туындаған қатал үкім. Бүкіл қазақ қауымы жалған дүниеден біржола көшпек. Бірақ ақын көзі көре тұра мұндай сұмдыққа көнгісі келмейді. Тығырықтан шығар, азаптан құтылар

жол іздейді. Өзіңде күш жоқ, ендеше, алыстағы қуатты ағайынға сауал сал.

Қазақ ұлы жиылып,
Құдайыңа сиынып,
Қондыгерге хат жазып,
Кешіктірмей дат жазып,
Өлмесіңде қамын қыл!...

Яғни түрік сұлтанына арнайы сәлем жолдап, Туркия сияқты туыс, қайратты жұрттан көмек сұрау керек дейді.

Азаттыққа жетудің ең соңғы амал ретінде түрікшілдік идеясын ту етіп көтерген Шортанбай жер бетіндегі тіршілігінің соңғы сағатында айтқан тәсілім сөзінде де болашақ ұрпақ қамын ойлайды.

Жарылқа, Құдай, артымды! -

деп зар шегеді. Діннен айырылмауға, ар-ұжданды жоғары ұстауға, ата салтты ардақтап, ұлттық дәстүрді ұмытпауға үндейді.

Ел-жұртын жамандық атаулыдан сескендіріп, қазақ ішіндегі Құнанбай қажы, Мұса мырза сияқты игі жақсыларға бақұл сөзін жолдайды.

Өз замандастарына ғана емес, оның өзгеше сипатты мұрасы - бүкіл қазақ жұртының асыл қазынасы. Отаршылдық бұғауға мойымаған, еркіндік аңсаған халықтың асқақ рухының көрінісі. Қазақ әдебиеті ғана емес, түрік дүниесі ғана емес, бүкіл әлемдік рухани өмір өлшеміндегі өзгеше құбылыс.



***Бауыржан ОМАРҰЛЫ,***
*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,*
*филология ғылымдарының докторы, профессор*

## ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ҚОС ҒАСЫР ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, әйгілі жыр жүйрігі Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын ел мүддесімен, ұлт тағдырымен орайласатын зар заман поэзиясынан бөліп қарау мүмкін емес. Рухани әлемімізде ерекше орны бар бұл ағым туралы сөз болғанда оның өміршең өлең-толғаулары мен өсиет-өнегесі жөнінде айтылмай қалмайды. Өз дәуірінің жырын жырлап, жоғын жоқтаған Шортанбай мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғасатын қастерлі құндылық ретінде әлі күнге дейін сан ұрпақтың кәдесіне жарап келеді.

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, күрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманның өкілдерін атады; бұл дәуірдің басы мен соңына дейінгі аралықты белгіледі; сондай-ақ тарихи және теориялық негіздемелерін ұсынды. «Зар заман деген - XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болған-

дықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдық» [1, 192], - деген М. Әуезовтің тұжырымды сөзі кейін әдебиеттану ғылымында нақты ұғым ретінде қалыптасты.

М. Әуезовтің байыптамасына сәйкес, «кейін отаршылдық дәуірде жасаған, ортақ сарынмен жыр төккен» ақындардың жалпы атауына, тұтас әдеби құбылыстың анықтамасына негіз болған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы 1870 жылы академик В. Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында басылып шыққан. Кейіннен қазақ әдебиетіндегі тұтас бір ағымның атауына айналған шығарма туралы В. Радлов былай дейді: «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума дүниелер» [2, 19]. Бұл жерде әңгіме Шортанбай жөнінде болып отырғаны анық. Заманға сын айту қазақ ақын-жырауларының шығармаларында бұрыннан бар. Әйтсе де, тасқа басылған Шортанбай өлеңінен кейін «зар заман» тіркесі қасіретті кезеңнің, аянышты халдың жыр түрінде бейнелеуінің көрінісі ретінде қалыптаса бастаған. Ал Ы. Алтынсарин «Қазақтың қайғысы» («Горе киргиз») деген қолжазбасында [3] атап өткен Я. Лютш жинаған Түркістан өлкесі қазақтарының әдебиет нұсқалары 1883 жылы Ташкент қаласында басылған. Сол кітапта да «Зар заман» деп аталатын өлеңдер топтамасы жарық көрген.

Әлихан Бөкейханның мұрасын зерттеушілер ұсынған мына бір дерек назар аударарлық: «Санкт-Петерборға 20 жасында келген Әлиханның студенттік күндерін қалай өткізгендігі жайында Англияның әйгілі білім ордасы - Оксфорд университетінің «Орталық Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында





«Ә. Бөкейхан жас күнінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды» деп жазады» [4, 10]. Бұл ұйымның қашан құрылғандығы, қанша адамның мүше болғандығы, топтың іс-әрекеті жөнінде толық мәліметтер жоқ. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғында ұйымдасып, жұмыс жүргізген осы топтың бұлай аталуына 1870 жылдан бастап сол Санкт-Петербордың өзінде шыққан кітаптарға енген Шортанбайдың «Зар заман» толғауының әсері деп топшылаймыз.

«Зар заман» атауының мән-мағынасын ашып, әдебиеттанудың ұғымы ретінде орнықтырып, осы ағымның өкілдерінің шығармаларына жанашырлықпен қарап, жалықпай зерттеп-зерделеген жазушы-ғалым Сәбит Мұқановтың еңбегі өлшеусіз. Ол 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жұрт ұғымында қалыптасқан өкілдері - Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлының қатарына Шернияз Жарылғасұлын қосты. Сонау М. Әуезовтен желі боп тартылып келе жатқан «Зар заман» ұғымы жөнінде С. Мұқанов мынадай ғылыми байыптама жасады: «Бас бостандығынан, жерден айырылған, кедейленген халық бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осындай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетінбіз «Зар заман» әдебиеті дейміз» [5, 120-121].

Шортанбай мен Мұраттың шығармаларын жинап, жұртқа кеңінен таныстырған С. Мұқанов олардың ардақты есімдерін әртүрлі дау-дамайдан арашалауға да үлкен үлес қосты. Елуінші жылдардың қырағы көздері Шортанбайларды Абайға қарсы қою арқылы оларды әдебиет ауылынан аулақтатуға тырысқаны мәлім. Тіршіліктің бары мен базарын келелі келешектен

емес, өткен өмірден іздейтін ақындардың өлең-жырларын тұншықтыру үшін бұл таптырмайтын тәсіл саналды. Әсіресе әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жаңаны жирене қабылдаған зар заман жыршыларын орыстың оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяқтатқысы келді. С. Мұқанов алдымен осыған қарсы тұрды: «Біреулер Абайға қоятын шартты Шортанбайға да қойғысы кеп, «неге ол Абайдай бізді прогреске, орыс мәдениетіне шақырмайды» дейді. Сөз емес олай деу. Абай орыс мәдениетімен таныс та, Шортанбай таныс емес. Таныс емес нәрсесіне қалай шақыра алады ол?»[6]. Кеңпейіл жүрекпен, қазақы кең қолтық мінезбен айтылған бұл пікір ақын көзқарасты танытады. Көрнекті жазушы Абай өлеңіндегі Шортанбай шығармашылығына байланысты ой-тұжырымды талдау кезінде таптық таным шеңберінде қалып қоймайды. Мәселенің мән-жайына тілдік-көркемдік, эстетикалық тұрғыдан үңіледі.

Шортанбай Қанайұлы 1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған ғылыми-теориялық конференцияда аты ең көп аталған ақын болды. Діншілдік ұғымы туралы жасалған тұжырымның бәрі соның өлеңдерімен тұздықталды. Кертартпа бағыттың өкілдерін санамалап көрсеткенде алдымен ауызға ілінді. Ұлы Абайдың «Сөзінің бірі - жамау, бірі - құрау» ақындарды нұсқағанда Шортанбайдан бастайтыны тәрізді, басқосуда пікірталасқа түскен шешендер осы ақынға ерекше шүйілді. Шортанбайдың шығармалары да, оны зерттегендердің еңбектері де сынға түсті. Солай болғанына қарамастан, Сәйділ Талжанов ақын туралы баяндамасында жиындағы дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, оң көзқарас танытты. Зерттеуші-ғалымның ұғымында, ол өмір шындығын айқын көрсетуші, отарлаушы ұлықтарға қарсы күресуші, ауыз әдебиетін жазба әдебиетке жеткізуші. Зар заман поэзиясын жабыла сынаған сол конфоронциядағы С.Талжановтың: «Шортанбай - өз заманындағы әлеуметтік өмірді жетік білген, кем-кетігін сынай отырып, көргенін қаз-қалпында айнаға түсірген шебер ақын» [7, 185], - деген шынайы бағалауы күні бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Оның Шортанбайды «ақтау жағына бейім болып, әрбір сыннан арашалап алуға» тырысқанын Мұхтар Әуезовтің өзі де атап өтті [7, 368].





Осы бас қосудың қаулысында Шортанбайдың әдебиеттегі орны туралы мынадай қорытынды жасалды: "Шортанбай Қанаевтың творчествосы жайында конференция сол дәуірдің негізгі идеялары мен әлеуметтік өмірдегі ерекшеліктерін еске ала отырып, ақын бір жағынан патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының салдарынан туған әлеуметтік жайларды сынай отырады да, екінші жағынан хандық дәуірді мадақтайды, шығармаларында ислам дінінің идеяларын уағыздайды деп қорытады. Бұл сияқты ақындардың творчествосына жоғары мектептің программаларында орын беріліп, негізінде ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай кертартпа ақындарымен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін аталуы керек» [7, 372].

Әрине, бұл қаулыдан кейін аталмыш ақындардың өлең - жырлары жарыққа шықпайтын болды. Олардың шығармалары мектеп оқушыларына тәрбие беру ісінен аулақтатылды. Сол құжаттан соң қайта жазылған оқулықтар жас ұрпақтың қолына «құлағын кесіп құнтитқан, мұрнын кесіп шұнтитқан» күйінде жетті. Т.Кәкішевтің: «Шортанбай, Дулат, Мұраттар қазақ әдебиетінде қара дақ, қаныпезер дұшпан болып түсінділді» 18, 86], - деген тұжырымы осы кезеңнің табиғатын дәл танытады.

Шортанбай шығармалары қазақ елінен тысқары жерлерде шыққан антологиялар мен ғылыми басылымдарды әзірлеушілердің назарынан тыс қалған жоқ.

1940 жылы Мәскеуде жарық көрген «Песни сте-

пей» атты қазақ поэзиясының антологиясына (құрастырған Л. Соболев) зар заман поэзиясының бірқатар үлгілері енгізілді. Кітап төрт тарауға бөлінген: хан сарайы маңындағы ақындар (Бұқар, Нысанбай, Досқожа), көтеріліс дәуірі поэзиясы (Ығылман, Махамбет, Шернияз), зар заман («эпоха скорби») ақындары (Шортанбай, Мұрат), XIX ғасырдағы жазба әдебиеті (Ыбырай, Шәңгерей, Абай, Жүсіп, Нұржан). Жинақты құрастырушы Леонид Соболевтің: «Екі жақты езгіге ұшырап, өз жұртының қалталылары мен патша отарлаушыларынан қорлық көрген қазақ халқының қайғысы «зар заман» ақындары Шортанбай мен Мұраттың өлеңдерінде көрініс тапты» [9, 7-8], - деген пікірі күні бүгін де құнын жоғалта қойған жоқ.

1978 жылы зар заман поэзиясы өкілдерінің (Дулат, Шортанбай, Мұрат) өлеңдері М. Мағауиннің құрастыруымен «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінен орыс тілінде жарық көрді. Бір айта кетерлік нәрсе, бұл жинаққа айтулы ақындардың азулы жырлары енгізілді. «Поэты Казахстана» кітабының құндылығы - отаршылдықты сынаған, өз жерімізде қырағы көздер мүлт жібермейтін өршіл өлеңдердің Ресейде жариялағандығында. Жинақтың алғысөзінде бұл ақындардың айналада болып жатқан құбылыстарға, тарихи ахуалдың шұғыл өзгерістеріне тосырқай әрі шошына қарап, қазақтың өткен өмірін идеал тұтқаны туралы айтылды. Сонымен қатар «Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар айрықша өкілдері саналатын «Зар заман» («Эпоха скорби») әдеби ағымы осылай пайда болды» [10, 29-30], - деген түйін жасалды.

Ал 1958 жылы АҚШ-тың Солтүстік Каролина штатындағы Дьюк университеті Томас Густав Виннердің «Орталық Азия қазақтарының сөз өнері мен әдебиеті» атты кітабын бастырып шығарды. Виннердің еңбегі ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап қазақ әдебиетінің елуінші жылдарға дейінгі кезеңін қамтиды.





Кітабының алғы сөзінде ғалымның өзі: «Айналымға қосылатын барлық түпнұсқа туындылар мұқият тексерілді, бірақ осы еңбек жазылып жатқан тұста Кеңестер Одағының өзінде жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіншілік болған жоқ. Сол себепті менің қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің эстетикалык, құндылықтары туралы қандай да болсын кесімді пікір айта аламын деген ойым жоқ. Одан гөрі мен әлеуметтік көзқарасқа ден қойдым» [11, 17], - деп атап көрсетеді. Автор зар заман дәуірі («Time of Lament») ақындарының санатында Шортанбай мен Мұратты атайды. Базар, Әбубәкір және Ақан серінің шығармаларын да осы сарынмен байланыстырады. Олардың поэзиясына «Мойынсұну дәуірі» («Poetry of Pesigation» деген тарау арнады. Виннер зерттеуінде, Шортанбайдың алдыңғы екі ақынның ағылшын тіліне аударылған өлең мәтіндері біршама талданған. Шортанбайдың «Зар заман» («Time of Lament») және «Алдаушы жалған» («Faithless Lying»), Мұраттың «Үш қиян» («Three Epochs») толғаулары орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшыншаға тәржімаланған. Сонда Шортанбайдың «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықтысының» АҚШ-та басылған оқулықтағы нұсқасы былай болады:

*Instead of herds, money. From such cattle*
*Yow can obtain no milk.*
*How can one put a saddle on it?*

Бұл, әрине, түпнұсқаның бар бояуын сақтаған аударма емес, автордың өзі айтқандай, әлеуметтік көзқарасты аңғарту мақсаты ғана алға қойылған секілді. Ең бастысы, Т. Виннер зар заман әдебиетінің табиғатын таниды, әлеуметтік-тарихи себептеріне үңіледі, халық тағдырымен тамырластығына назар аударады. Ол соның бәрін саралай келіп, «Шортанбай қазақ қоғамындағы орын алған өзгерістерді айқын аңғарып,

жан-жақты саралап, тарихи құбылыстар халыққа қаншалықты әсер етіп жатқанын алғаш талдап-таразылаған ақындардың бірі» [11, 95 ], - деп қорытынды жасады.

Т. Виннер өзінің монографиясында Шортанбайдың өлең-толғауларындағы мынадай үзінділерді мысалға келтіреді:

Аяқты қия басу жоқ,
Емін-еркін заман жоқ.
Ендігі жүрген жігіттің,
Маңдайында соры бар.
Екі кісі ұрысса,
Қалам алар қолына,
Зәкүннің түсер жолына.
Өте қусаң оралдың,
Орыстың жайған торына.
Мал бағып тыныш ұйықтаған,
Талапты туған ерлерім,
Абақты түсті сорыңа!

Алдымен қазақ тілінен орыс тіліне, одан соң ағылшыншаға аударылып, кітапқа енген бұл жолдар түпнұсқаның мағынасын дәл беріп тұрған жоқ. Шортанбайдың сөлді сөздері, ойлы оралымдары, тосын тіркестері, құнарлы қайырымдары өзге тілде көркемдігін жоғалтатыны, көңілдегідей болып шықпайтыны баршаға белгілі. Оның үстіне, мұнда ақынның туған және дүние салған жылдары да қате жазылған. Бірақ, қалай болғанда да, американдық ғалым сол заманның өзінде оның асқақ үнін, ішкі жан айқайын жаһанға естіртті. Ақынның елеулі есімі мен маңызды мұрасы халықаралық деңгейдегі зерттеудің нақты нысанасы болды. Бұл ғылыми еңбек сонысымен де құнды.

Шортанбайдан басталған «Зар заман» ағымы тек қазақ әдебиетін ғана емес, қырғыз елінің поэзиясын да қамтиды. Отаршылдыққа қарсы шыққан жыр жүйріктері қырғыз әдебиетінде «замана жыршылары» («заманчы ырчылар») делінеді. Бұл турасында





көрші ел әдебиетін зерттеуші М.И. Богданова былай дейді: «Қырғыз әдебиетінің тарихында осы кезеңнің поэтикалық шығармалары «замандар» деген жалпы атаумен белгілі. Бұлар - Қалығұлдың «Ақырзаман» («Судный день»), Арыстанбектің «Тар заман» («Трудное время»), Молда Қылыштың «Зар заман» («Эпоха скорби») толғаулары, т.б. шығармалар» [12, 79]. Қырғыз зар заман поэзиясы (замана поэзиясы) үлгілерінің тізімі бұдан әрі былайша жалғасады: Молда Қылыштың «Зар заманы», Алдаш Молданың «Хал заманы», Тоғалақ Молданың «Зар заманы», Жеңіжоқ, Сағымбай, Алтай Айдарбекұлының «Заманалары».

1959 жылы Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған конференцияда жарыссөзге шыққан қырғыз ғалымы З. Ш. Мамытбеков өз пікірлерін зар заман ақындарына байланысты таласты мәселеге орайластыра баяндады: «Қырғыз халқында, мәселен, қазақтардағы Шортанбайға ұқсас күрделі ақын бар. Ол - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген жазба ақын - Молда Қылыш. XIX-XX ғасырлардағы ақындардың мұралары бір-бірімен салыстыру ыңғайында зерттелсе, өте қызықты болар еді. Мәселен, Шортанбай шығармашылығын қырғыз ақыны Молда Қылыштың мұраларымен салыстыра қараған пайдалы. Өйткені олар бір кезеңде ғұмыр кешіп, бірдей оқиғаларға үн қосқан» [7, 330].

Жарыссөзде жұртты елең еткізген Мамытбековтің пікірі М. Әуезовтің назарын аударды. Ол конференцияны қорытындылаған сөзінде Шортанбай тәрізді Молда Қылыш мұрасы да аса даулы мәселе болғанына, оның шығармаларын сын тұрғысынан бағалауға арналған ғылыми кеңестер өткеніне, Шортанбай мен Молда Қылыштың үйлес жырлары бар екеніне тоқталды [7, 352].

Молда Қылышты заманшылардың қатарына қосқан сүбелі шығармасы - «Зар заман» толғауы [13,

123-163] еді. Бұл - Қылыштың ең көлемді әрі көркемдігі жағынан шоқтығы биік тұратын туындысы. Қырғыз Ғылым академиясы қолжазба қорындағы кейбір естеліктерде 1908 жылдан бастап ел ішінде кең тараған «Зар заманды» қолына түсірген кісілердің молдаларға ақша немесе қой беріп көшіртіп алғаны туралы мәліметтер айтылады [14, 99]. «Зар заман - ның» 8-9 нұсқасы бар. Жалпы көлемі 10 баспа табақ. Шортанбайдың мәнерін еске салатын бұл «Зар заман» сонау 1870 жылы В. Радлов бастырғаннан кейін алысжақын жұртқа кең тараған «Зар заманнан» тамыр тартатынын аңғару қиын емес. Демек Шортанбайдың «Зар заманы» қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі бүкіл «Зар замандардың» бастауында тұр.

Қырғыз жұртына кең жайылған «Зар заман» толғауының үлгілері мен үрдістері қарақалпак, поэзиясында да көрініс байқатты. Қазақ зар заман поэзиясындағы төл оппозициялы ұғымдардың - жақсылық пен жамандықтың, ерлік пен ездіктің, тектілік пен тәрбиесіздіктің дәуірлер қақтығысының негізінде орын алмасуын сипаттайтын, бір-біріне мағынасы қарсы «зор болды» - «қор болды» (Шортанбай) формуласы Бердақ Қарғабайұлының өлеңдерін [15] де айшықтайды.

*Кимселер хәдден зор болды,*
*Біраздан шыннан қор болды.*

* * *

*Дұшпандарды бұл заманда зор еттің,*
*Сол себепті біздейлерді қор еттің...*

Көрші халықтардың ақындық мектебіне үлгі болған Шортанбайдың «Зар заман» толғауында ақырзамандың белгілердің көріністері («Заман ақыр боларда, Алуан-алуан жан шықты, Қайыры жоқ бай шықты») ел ішінде үрдіс емес, кейіннен пайда болған





құбылыстарды санамалап, замана адамның жаңа тұрпатын аңғарту түрінде бейнеленеді. Ақынның ұғымы бойынша, ен далада еркін жүрген жұрт үшін «ақша деген малдың», «шошала деген үйдің», «шошаңдаған бидің» шығуы жақсылықтың нышаны емес. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықтыға» меңзейтін мұндай жаңалықтарға зар заман ақындары шошына қараған.

Қазақ әдебиетінде ерекше орны бар айтулы ақындардың сөз өрнегі, өлең өрімі, көркем тілі замана ахуалын, замана адамын бейнелеу арқылы айқын көрінді. Дулат өлеңдерінде дәуірді сипаттайтын «кер заман», «азған заман» тіркестері қолданылса, Шортанбай кейін тұтас бір ағымды санаға сіңірді. Отаршылдық қамытын еріксіз киген жұрттың зары бірте-бірте үдеп, «қайғы-шер» түсінігі замана сипатын аңғартатын балама мағынаға ие болды.

«Зар заман, зар заман, Зарлап өткен бір заман», - деген Шортанбай өлеңінің тармақтары дыбыстар гармониясы арқылы да үйлесімділік танытып тұр. «Зар» эпитетінің «заманға» қонымды болғаны соншалық - бұл ұғым ақынның бүкіл шығармашылығының мазмұнын ашатын тіркес ретінде қалыптасып кетті. Қырғыз ақыны Молда Қылыштың «Зар заман» толғаулар топтамасының бұлайша аталуына Шортанбай өлеңдері әсер еткен болуы әбден мүмкін. Көрші елдің әдебиетінде оншақты ырчының «Зар заман» атты шығармасы бар екенін ескерсек, «заман» мен «зардың» берік үндесіп, тұтастық құрағанын байқаймыз. Шортанбай өз дәуірінің түр-сипатын бейнелі сөзбен көркем кестелеп көрсетті:

Заманың сенің құбылды,
Текеметтің түріндей.

Бұл теңеу арқылы аумалы-төкпелі дәуірдің елді елеңдеткен болжаусыз құбылыстары аңғарылып тұр.

«Заманның сипаты» ұғымын алмастырған «текеметтің түрі» «құбылу» етістігімен байланыстырылып, синонимдік қатардың ойды білдіруге оңтайлысы таңдап алынған. Ал Шортанбай өзі «зар заман» деп атаған дәуірдің тұтастай болмысын былайша бедерлейді:

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген.
Мұның өзі зар заман,
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жайына тыныш жүрмеген.

Ақын заманның жайын толғағанда өзінің «Әуелгі қорлар зор болды, Сондай зорлар қор болды» тұжырымынан ой туындатады. Қоғамда жақсылық пен жамандықтың, тектілік пен шалағайлықтың, парасаттылық пен пасықтықтың орын алмастырғанын поэтикалық антонимдер қатарын түзу арқылы танытады. «Арғымақ ат тасырқап, Тағалы болған замана. Мәстек жабы жалданып, Бағалы болған замана», - осының бір мысалы. Шын асылды тұсаулаған, өресізді еркінсіткен дәуірдің сиқы қарама-қайшы құбылыстарды, өткен мен бүгінді салыстыру тәсілімен айқындалады.

Шортанбай адамның азғандығын елге билігін жүргізетін ақсақалдардың өзара ұстасуынан, өнегесіздіктің тамыр жаюынан көреді. Дау-дамайды әділ шешіп, жұртты жөнге салатын ақылман қария мәртебесінің төмендегеніне, ақсақалдықтың құны түскеніне көңіл аударады. Жалпы, ақынның өлеңдерінде замана адамының азғанын «балық басынан шіриді» тұжырымына бағындыру үрдісі әр тұста байқалып қалады. Бұл, әсіресе, оның ел басшысының не би-болыстың бейнесін кескіндеуінен көрінеді. Ал ақсақалдықтың





қадірі кете бастағанын екі адамның тартысы арқылы былайша түйіндейді: «Екі үлкен егесіп, Қошқардай басын теңесіп, Сол жерде заман оңалмас».

Демек Шортанбай дәуірдің бұзылуын дәстүрдің де бүлінуі деп біледі. Мұның себеп-салдары, әрине, отаршылдық жүйенің саясатымен астасып жатқаны белгілі. Ел ішінде әлдеқалай дау туындаса, қара қылды қақ жарған әділ биге барып жүгініп, екі жақтың да көңілінен шығатын бітімге тоқтайтын заман өтіп, қазақ ішінде қит етсе ұлыққа арыз жазатын әдет пайда болды. Ұлттың барлық мәселесінің отарлаушылар билігіне тәуелділігі осындай ахуалды орнықтырды. Талас-тартысқа не орыс ұлығы, не солардың ел ішіндегі өкілі төрелік етті. Бұл кең қолтық қазақы мінездің өзгеше қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Осы дертті тап басып, «Ел екіге жарылды» деген Дулаттың айқындамасы Шортанбай шығармашылығында нақтылықпен дами түседі: «Екі кісі ұрысса, Қалам алар қолына Зәкүннің түсер жолына».

Шортанбайдан кейінгі ақындардың шығармашылығында тектіліктің тозуы мотиві «Әуелгі барлар жоқ болды, Сондай барлар тоқ болды» тұжырымының қалыбына салып шендестіру арқылы дамығаны анық. Шортанбай өз үлгісі бойынша: «Жөн білмеген жамандар, Ел билеген бек болды», - деп күйінсе, Мұрат: «Қоңсыдан туған би болды, Бұл секілді күй болды», - деп әлеуметтік кеселдің түбін қазбалайды. Осы сарынды Әбубәкір: «Қараның ұлы хан болды, Құлдан туған паң болды», - деп жалғастырады. Қоңсы мен құлдан туған замана адамының ағайынын Албан Асан да түстеп таниды: «Күңнен туған түзеліп, Сөз бастағыш ер болды». Тегінде, бұл мотив Асан шығармашылығында кеңінен көрініс тапты. Дәуір құбылыстары жоғарыда аталған үлгімен, түрліше тіркестермен бейнеленді.

«XIX ғасырдың орта тұсынан бастап ене бастаған жаңа сөздердің бірі - Шортанбай сияқты ақындардың таным тұрғысынан бағаланған «зар заман»,

«заман ақыр» тіркестері. Соңғы тіркес, әдетте, діни ұғымға қатысты бұрыннан бар болғанмен, енді ол зар заман дегеннің синонимі ретінде де келеді. Осы атаудан шығарып, кейін қазақ әдебиеттану ғылымында «зар заман ақындары» деген терминдік тіркес те қолданылып кеткені мәлім» [16,193], - деген академик Р. Сыздықованың пікірі бұл атаудың санамызға әбден сіңісті болғандығын айғақтай түседі.

Ақын мұрасын әр қырынан қарастырып, шығармашылық табиғатын, өлең-толғауларының мән-мазмұнын жан-жақты зерделеп, байыптама жасаған зерттеушілердің пікіріне ден қойсақ, «о дүниенің тал-қысынан гөрі бұ дүниенің азабын, туған халқының бүгінгі тіршілік кебі мен ертеңгі болашағын көбірек қамдаған» [17, 25], «ел мұңын жырлап қана қоймай, ол өмірді түзеу үшін өз жолын ұсынған» [18, 14], «заманның бұзылуын көп сөз етіп, қасірет өлеңге қосқаны үшін датталған» [18, 147] Шортанбай Қанайұлы өзі өмірге келгеннен бергі екі ғасырға рухани азық боларлық қастерлі қазына қалдырғанын көреміз.

Аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімеген ақын мұрасы бүгінде алмастай жарқырап, баға жетпес құндылыққа айналып отыр. Сөзі салмақты, ойы оралымды, танымы терең жыр жүйрігінің өлең-толғауларының табиғаты әлі де толық ашылған жоқ. Ілім-білімге жетік ғұлама ақынның күрделі көркемдік кестесі талай зерттеулерге жүк болары анық. Ендеше, Шортанбай ғұмырнамасы мен шығармашылығының өміршеңдігін танытатын қос ғасырдың тағылымы алдағы кезеңде де жалғаса бермек.





**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 бет.
2. Радлов В. Алтын сандық. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 256 б.
3. Алтынсарин Ы. Қазақтың қайғысы (Горе киргиз). Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 25-қор, 1-тізбе, 2022-іс.
4. Базарбаев М., Аққұлыұлы С. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (Алғы сөз) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы: ҚЭ Бас редакциясы, 1995. - 478 б.
5. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. 1-бөлім. - Алматы: ҚМББ, 1942. - 248 б.
6. Мұқанов С. Ана тілі мен әдебиет сабағы // «Қазақ әдебиеті», 1953, 12 сәуір.
7. Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы: Қазақ ССР ҰҒА баспасы, 1961. - 376 б.
8. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 264 б.
9. Песни степей. Антология казахской литературы. - Москва: «Художественная литература, 1940». - 588 с.
10. Поэты Казахстана. - Ленинград: Советский писатель, 1978. - 608 с.
11. ThomasG. Winner. The oral art and literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Dukeuniversitypress, 1958. - 270 р.
12. Богданова. М. Киргизская литература. - Москва: Советский писатель, 1947. - 292 с.
13. Молдо Кылыч. Казалдар. - Фрунзе: Адабият, 1990. - 256 б.
14. Сооронов О. Молдо Кылычтын кол жазмаларынын илимий сыпаттамасы. Атайын фонду-2. Бишкек: Манастану жана көркөм маданияттын улуттук борбору, 1998. - 116 б.

15. Бердақ. Таңламалы шығармалары. - Нөкис: Қарақалпақстан, 1987. - 320 б.

16. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 320 б.

17. Мағауин М. Шортанбайдың зар заманы // Кітапта: Қанайұлы Ш. Қай заман? Астана: Фолиант, 2011. - 288 б.

18. Жүністегі К. Ғұмырнама // Кітапта: Қанайұлы Ш. Қай заман? - Астана: Фолиант, 2011. - 288 б.

19. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1997. - 160 б.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

# ЗАМАН-АЙ

*Жыр-толғаулар, айтыстар*

# ЗАР ЗАМАН

Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы - бісміллә,
Біз айталық, сіз тыңда
Мұсылманның тарихын:
Төрт аяқты хайуан -
Бұ дүниенің жарығы.
Бағасы кеткен жігіттің
Бетінен алар зайыбы.
Бір Алладан басқанын,
Көп-ті қылған айыбы.
Кесапаттың кесірі
Келе ме деп керт басқа,
Сол себептен қорқамын!

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды,
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды,
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды,
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды,
Ниетіне қазақтың
Тым-ақ тәуір еп болды -
Заманақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын!

Қыс көбейді жаз аз боп,
Бай таусылды мал аз боп,

Ағайыны көре алмай,
Атаға бала араз боп.
Әр нәрсенің болжалы
Келе жатыр жақындап.
Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір алқымдап,
Елді еркіне қоймады
Буыршындай тақымдап.
Дуан басы, болыс тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдап,
Бейшараның пұлы жоқ,
Қорыққаннан қақылдап.
Жарысқа кірген жақсылар,
Аша алмассың көзің деп,
Сол себепті қорқамын!

Елге егін жайылды,
Байға қоңсы жоламас.
Алдап-арбап жүрем деп,
Өз тілегін тілемес.
Арам сулы балаға
Атаның сөзі ұнамас.
Заманақыр боларда
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Ерегісіп жақсылар,
Ел ішінде лаң шықты
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Жарлы-кедей, жоқ-жітік
Қорлықпенен күн өтер.
Таңда махшар күн туар,
Таразыны аударар
Жаһаннам деген тозақты.
Пендеге пенде болғанда,
Шайтан болар жолдасы,





Құбыласын білмей құл,
Сонда тартар жазасын.
Кешірмейді Құдайым
Бес намаздың қазасын.
Құрт-құмырсқа жиылып,
Сонда алады мазасын.
Жаһаннамның белгісі -
Жалған болар расың.
Басшыға сөзің өтпейді,
Бағжиып қарап тұрарсың.
Мұқып қылмай Құдайым
Ол залымның тәубесін.
Сақта, Құдай, солардан,
Сол себепті қорқамын!

## ҚОНДЫГЕРГЕ ХАТ

Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей,
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей.
Таққа мінген орыстың,
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріңдей.
Жеті жұрт кеткен қозадан,
Сен тұрмайсың бүлінбей.
Қазақ ұлы жиылып,
Құдайыңа сиынып,
Қондыгерге хат жазып,
Кешіктірмей дат жазып,
Өлместің де қамын қыл,
Басың сотқа ілінбей.

## ҚАЙ ЗАМАН?

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман мал дан түңілген,
Мұның өзі - зар заман.

Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі - тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті,
Жеріңді алды, мал кетті,
Тәңірім болғай демеуші
Арам ниет дұшпанның.
Анты жұқпас бойына,
Әрне түсер ойына,
Жалмауыз болды үлкенің,
Қазақ, сенің сорыңа.

## АРҚАДАН ДӘУРЕН

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар
Түсті соның торына.
Орыс - бүркіт, біз - түлкі,
Аламын деп талпынды,
Орыстан қорлық көрген соң
Отырып билер алқынды.
Мың-мың жылқы айдаған,





Сары қазы шайнаған,
Қымызын судай сапырған,
Ішіп мас боп ақырған
Арқаның құтын қашырған,
Жылқының етін жемеген.
Жағаласқан мына жау
Кетіреді сиқыңды.
Қойыңды қосып айдауға,
Жаратсаң сонда жылқыңды.
Бұхарға жетер күн болса,
Тыншытар ма едің ұйқыңды?
Қанар кәпір халқыңды
Көп жасады неліктен?
Көтерілді керемет
Кәламдағы алыптан,
Тәубесі қабыл бір жан жоқ
Қазақ деген халықтан.
Сөйлеген сөзі жалған-ды,
Шайнаған асы арам-ды,
Кім мұсылман, кім кәпір,
Бір Аллаға аян-ды.
Дос кісіге қас қылсаң,
Өз бойыңа жаман-ды.
Атасы ұлға нанбайды,
Көңіліне қуаныш қылмайды,
Уәліден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаделет,
Ақырзаман таянды.

## АСЫЛЫҚ

Бұл асылық асқан заманда,
Ұл туады атаменен егесіп,
Қыз туады анаменен теңдесіп,
Баласы кетіп тыюдан.

Масқаралар таймайды
Жас сыйласып тұрудан.
Адал зада баланы
Таба алмассың рудан.
Ұлың киді дүрия,
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүния.
Қызың киді биқасап,
Тергеп кимей байқастап,
Кешкітұрым болғанда
Құлан менен бұландай
Үйде тұрмас ойқастап.
Қыз-жігітте әдеп жоқ,
Қарап тұрған жігітке
Қызың барып артылар.
Тұрмаған соң бойсақтап
Абройы жыртылар.
Үшбу күнде халықтың
Домбыра болар шерткені,
Зина болар қылғаны.
Деген екен бұрынғы
Ол бір өткен сапасы,
Бұрынғының сөзінің
Бір болсашы қатасы.
Дәулет, бақтан әуелден,
Жесір қатын, жетім ұл.
Атаның алса батасын,
Бір қараны сан қылған,
бұ дүниеге тоймаған.
Қартайғанша мал дейді,
Өлгенінше жан дейді,
Бұ дүниенің қызығын
Көңіл шіркін қоймаған.





## БИЛІК КЕТТІ БАСЫҢНАН

Патша жұртын қанады,
Байлар жөргем санады.
Жарлының жаны берік екен,
Мал үшін он екі ай қой бағып,
Жалғыз тоқты алады.
Тоқты берсе, ісек деп,
Құнан шығар тұсақ деп,
Саулық берсе, егіз деп,
Қыстан шыққан семіз деп,
Жарлының кетті тынышы
Құрттай санап мал алды,
Қолынан кеткен дәурені,
Ел қамқоры сандалды.

Кетейін десе, алдың тар,
Тұрайын десе, кәпір бар,
Қайсы бірін айтайын,
Қазақтың ұлы қамалды.
Қамалмай енді неғып тұр,
Тәубесінен қазақ жаңылды.
Тұс-тұсынан жау шығып,
Дұшпанға жаман табынды.
Көдесі қалың Арқаңыз
Аң шөбін қимай бағынды.
Бағынғанның белгісі:
Билік кетті басыңнан,
Қорлық көрдің жасыңнан.
Ұл-қызыңнан үміт кетті,
Айырылдың құда, досыңнан.
Мұнан қатты не болсын,
Өмір менен осыдан.

# ШАБЫНАН ШОШҚА ТҮРТКЕН СОҢ

Жамандықтың белгісі:
Ұлың көңілі - бір бөлек,
Қызың көңілі - бір бөлек,
Алысар тұстар болса да,
Әлсіз айбар не керек?
Ендігі жанның ақылы -
Отқа түскен көбелек.
Көбелектен несі артық,
Жандаралмен алысып.
Өлген қазақ көрмедің,
Жалға жүрген жалшыдай
Жан қадірін білмедің.
Білмегеннің белгісі:
Балаңды бер деп орыс тұр,
Қайтемін деп болыс тұр,
Қорқар ма орыс қой дегенге,
Қазақты қамай түсіп тұр.
Басыңнан билік кеткен соң,
Малыңнан асып, балаңды
Бер деп ақыл тапқан соң,
Тоғайды жеңіп қолға алған,
Өз ақылы жеткен соң,
Бұ құсаға ел қайтып шыдасын,
Шабынан шошқа түрткен соң!

# ЕСЕР ҚҰЛ

Шалғын жайлар күйретіп,
Мың кісі мінер үйретіп,
Қазақ кез мойын атқа міне алмас,
Кең шалбарды кие алмас.
Ақылы жоқ есер құл
Бір қайрылмас кеткен соң,





Көгерер ме осымен.
Кеткенде қайда барасың,
Алдыңызда Қоқан бар,
Орыстан жаман тым-ақ жау.
Қазаққа атар таң бар ма,
Мұнан өзге заң бар ма?
Қомда туған қазақты
Қамарға бірме-бір шағып тұр,
Руданға қағаз салып тұр,
Асылық асқан заманда!
Сөйтсе де жұртта ар бар ма?
Қатын ұрыс болып тұр,
Аяғыңды қия бастырмай.
Малыңды билеп басшы тұр,
Дос-жарыңа шаштырмай.
Сыртыңнан билеп келіп тұр,
Ақ-құласын қостырмай.
Жүгіңді билеп қызың тұр,
Басына ине шаныштырмай.
Күңнен туған көбеген
Қонаққа қазан астырмай.
Құлың кетті құтырып,
Күң көтіне қыстырмай.

# АҚ ТАЯҒЫН АТ ҚЫЛЫП

Осы күнде адамның
Ешнәрсе жоқ ойында.
Адал қылса ұрлығын,
Әдет қылса қорлығын.
Қасиет қалмас бойында,
Арамға баулыр баласын.
Құда-тамыр келерде
Ине жүрмес арадан.
О дүние азабын

Бұ дүниеде не дерсің
Көңілінде иман болмаса.
Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,
Бір пара жанды ғалым қып,
Бір пара жанды залым қып,
Бір пара жанды дінді қып,
Бір пара жанды дінсіз қып,
Шерне үшін жанды жаратты.
Мұсылманды бір бөлек,
Кәпірлерді бір бөлек,
Ауылдарды бір бөлек
Өз дініне қаратты.
Алладан жарлық келгенде,
Сан тарау сауал шығарып,
Шартарапқа тарапты.
Алты мың да алты жүз
Алпыс атты аятты,
Кітап пенен Құранды,
Мақұлықатты жаратты.
«Сопы Аллаяр» кітаптан
Сүрап тұрсаң осымды,
О, Тәңірім-ай, қымбатты.
Бас бермеймін дегеннің
Жалғызын жардан құлатты.
Мал бермеймін дегеннің
Үстіне шекпен кигізіп,
Иніне қоржын ілгізіп,
Ақ таяғын ат қылып,
Айуаннан жат қылып,
Елден тамақ сұратты.

* * *

Байлар сәнге мінеді
Жазы-қысы құр атты.
Жарлы да өліп қалған жоқ,





Оның да көңілін жұбатты.
Жалғанның беріп жарығын,
Бейшара жанды қуантты.
Мінер атқа кем қылып,
Бір пара жанды жылатты.
Ашты-тоқты болсаң да,
Иманың сақта ұятты.
Ардан көшкен ұятсыз
Дінсізге қылар ұятты.
Қолында тұрып ұрлығы,
Мойында тұрып зорлығы,
Ойында тұрып жалғаны,
Көңілінде тұрып арманы,
Баласын беріп моллаға,
Көңілін беріп Аллаға,
Дүнияға көңіл жұбатты.

## ЗАМАНЫҢ КЕТТІ БАЯҒЫ

Зар заманның аяғы -
Заманың кетті баяғы,
Ықылас-ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады,
Жарлының жалғыз сүйеніш
Мал болыпты таяғы.
Ұлықсыған ұл туып,
Бұлықсыған қыз туып,
Заман жауға кеткен соң
Кім үлкенін сыйлайды?
Жан есінен адасты,
Жамандық мұнша ұласты.
Жарысқа кірген жақсылар
Жақыным деп жан тартпай,
Кәпірменен қынасты.
Аузына кәпір қаратты,

Бұ дүниенің тұтқасы -
Ойлап тұрсам, мал екен.
Соған енді, жігіттер,
Кәпір, қазақ таласты.
Заманың енді өткен соң
Адам қайтіп қуансын:
Жандаралға сыйындың
Майыр көрдің жезденңдей,
Айырылмайтұғын дерт болды
Қазаққа қылған қорлығы.
Кәпірді көрді пірінңдей,
Тілмашты көрді жеңгеңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасында
Қазылған қара көрінңдей!..

## АЛДАУШЫ ЖАЛҒАН

Алдаушы жалған дүниенің
Алдайтұғын пұлы бар.
Аяқты теріс баспаңыз,
Жаманнан басың жырып ал!
Сұғанақ болып ұмтылма,
Сыбағаң болса, тұрып ал!
Қазылған орға кез келсең,
Атың басын бұрып ал!
Үй менікі демеңіз,
Үй артында ұры бар!
Асыл туған жақсының
Құн жетпейтін пұлы бар.
Кейбір сабаз маңғаздың
Сегіз рет қыры бар,
Бақ талас қып ерлерге
Кейбір жаман былығар.
Өте қусаң қорқақты,





Батыр да болып шынығар.
Текті туған ер-жігіт
Кедейлік басса, құлығар.
Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар,
Емін-еркін заман жоқ,
Ендігі жүрген жігіттің
Маңдайында соры бар.
Екі кісі ұрысса,
Қалам алар қолына,
Зәкүннің түсер жолына.
Өте қусаң оралдың.
Орыстың жайған торына.
Мал бағып, тыныш ұйықтаған,
Талапты туған, ерлерім,
Абақты түсті сорыңа!
Күнәкар болма, жігіттер,
Алланың жазған хаты бар,
Кәләм-шәріп Құранда
Мың бір есім аты бар!
Бұл сөзімді ұғады
Иман нұрлы заты бар,
Жаманнан басың сатып ал,
Тарылған мына заманда
Тыйыш үйіңде жатып ал.
Атқа мінген адамын
Жұрты қолға алады,
Сотқа таман шабады
Келедей істі көлдей қып,
Өтірік айтып жаласын
Мойнына әкеп жабады.
Өз қолыңды кесе алмай,
Шиелегенді шеше алмай,
Осы шығар, әлеумет,
Дүниенің қауіп, жаманы!?
Пітіне толды осылай,
Момын жатқан еліме,

Кәр түскендей бұзылды
Дария шалқар көліме.
Екі кісі ұрысса
«Қап, бәлем, - деп, - сені ме!..»
Зәкүн айтып қатын тұр,
Қойнында жатқан еріне.
Зарланып тұрған әйел бар
«Қосылғам жоқ» деп теңіме.
Құтырып тұрған елдер бар
Қала түспей жеріне.
Кел, жігіттер, түспелік
Жанған отқа көріне.

## ШІЛ БОҒЫНДАЙ ТОЗБАЙЫҚ

Жақынға жақын қас болып
Шіл боғындай тозбайық.
Саналы адам түсінер,
Біраз жырлап қозғайық.
Осы пәни дүниені
Осы арадан болжайық!
Момын болып кей адам
Өз малын да бағып тұр.
Біреулердің дәулеті
Тасқан судай ағып тұр.
Сайлауға салып ынтасын,
Байлар қалта қағып тұр.
Түзу тартып кей жақсы
Өз жұртына жағып тұр.
Бекері бар ма сөзімнің,
Осылай емей неғып тұр?
Жігерлі туған кей сабаз
Елін жаудан қорып тұр.
Болыснай, би, ауылнай
Сырттан қарап шолып тұр.





Бір ауыз үгіт сөйлесең,
Алдыңнан тұзақ құрып тұр,
Осы күнде заманың
Осылайша болып тұр!
Мұсылманды бұл күнде
Орыс кәпір жеңіп тұр,
Ай сайын келіп санатып,
Жау ниеттен қорып тұр.
Қайыр кетіп байлардан,
Бұзауға ақша беріп тұр.
Пәлен теңге торпақ боп,
Тиынға тиын болып тұр.
Залым туған сұмырайлар
Осылайша жеңіп тұр.
Шолақ иттей діңкілдеп,
Бір-біріне жетем деп,
Аласұрып өліп тұр.

## БҰЛ ЗАМАН АДАМЫ

Көзге біткен бес қара
Әр жерден жүр шаң беріп,
Жақынымен дауласар
Ұрладың деп мал көріп.
Қара ісінен құтқарар,
«Ынтымақ» деп жан беріп.
Бұл заманның адамы
Ұстасады көре алмай,
Аз болса бөліп бере алмай.
Шындық кетті қазақтан,
Ант сөзіне сене алмай.
Дауласады алты жыл,
«Қоямба, деп, - жеңе алмай».
Бірге туған қарындас
Отырады үйінде

Бірін-бірі көре алмай.
Қас болып тұр жақының,
Су сықылды ағады
Жаманға айтқан ақылың.
Уәдеменен бермейді
Аласы болсаң ақыңды.
Күнде дәрет алады
Тақуа болса қатының.
Сеніп кетпе, ерлерім,
Оның да байқа ақырып!
Ақ жаулықпен көркейер,
Абыройлы болса алғаның,
Жаман болса жолдасың,
Қатардан кейін қалғаның.
Жаман иттен құтылмай,
Жақсы бір қолға тұтылмай,
Ақырында махшарға
Қорлықпенен барғаның.

## БАЛА ЗАРЫ

Атамыз - Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір - халық боп,
Сол адамнан таралды.
Бір-біріне беріскен
Дәм мен тұзың халал-ды,
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан
Бойыңды тартып тек жүрсең,
Көрмессің деген залалды.
Белгісі деген бейіштің -
Жазғы салқын самалды.
Тәркі деген тамықтың -
Қысқы суық амал-ды.





Ауыл малы бұралқы -
Ақылы жоқ жаманға.
Атасын алдар баласы,
Жақсылықтан зәрем жоқ,
Жамандық асқан заманда.
Мекежандай ұл тумас,
Қайын болмас қабанда.
Балам бар деп мас болма,
Өзіңнің болсын аяңда.
Малдан зекет бермеген,
Аузына Құдай кірмеген
Қайыры жоқ сараң-ды.
Алақандай ай мен күн -
Ғаламның орта жарығы.
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ -
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қылғанның
Көңілінде Құдай барлығы.
Жаяулық пен жалғыздық -
Жалғанның жаман тарлығы.
Түсіркенген ұйқы жоқ -
Қайғының асқан зарлығы.
Қолыңнан құсың қашырсаң,
Қайтып қонбас қолыңа.
Ісің түссе жаманға,
Жағаңнан алар сорыңа.
Көп ішінде аз болсаң,
Әрнеме түсер ойыңа,
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.
Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға,
Топқа кірсең әркіммен,
Таласарсың орынға.
Текті құс қарар Қырымға,

Ит айналар жырымға.
Парақорлар қызығар
Бір қалаштық тиынға.
Құдіреттің жарлығы,
Биттей нәрсе қалсайшы
Бұрынғы жаннан ырымға.

## БАЙ - ПАНА ДА, КӨП - САЯ

Бай - жарлының панасы,
Көп - жалғыздың саясы,
Нар - түйенің жақсысы,
Бауыры сүтті маясы.
Тайып кетсе аяғың
Дүшпанның қанар табасы.
Харам пиғыл залымның
Тату да болмас құдасы,
Құдай деген момынның
Ауыздан кетпес тобасы.
Иманы бардың белгісі -
Тілінен тамар шырасы.
Мағлұм-дүр құдаға
Пенденің қылған күнәсі.
Уа, Алла ағлам, Құдай біледі,
Осылай шығар расы.

## НЕ КЕРЕК?

«Сен» демек қиын емес пе,
Бұрынғы туған үлкенге?
Атыңды берсең азбассың,
Епті туған ілкімге.
Мал - дүниенің жарығы,
Жаратып шырай көркіңе,





Қызықпаңыз бес күнге,
Бұл дүние қалмас әркімге.
Ағаш көркі - жапырақ,
Адам көркі - шүберек,
Ақыретте жалған жоқ,
Таразысы басқа, бір бөлек.
Өліге де мал керек,
Тіріге де мал керек.
Өлмей тұрып тіріңде
Мініп, киіп, ішіп-же.
Айдап барып малыңды,
Ғазап үшін бермейсің,
Алтын, күміс, абзалың
Өлгеннен соң не керек?
Өлгенде малың-— иманың,
Тіріңде қамың жиғаның,
Аманатын алғанша,
Жалғанда бар ма қиғаның?
Аз тартайын десең күнәні -
Сахарменен тұрғаның.
Хақ дидарын көрерсің,
Ақырет қамын қылғаның.
Өлшеулі күнің жеткен соң,
Бұйрық дәмің біткен соң,
Төстіктей қазған бір жерге
Қырыңнан кіріп сыйғаның.

Медіресе, мешіт салдырып,
Муфтиге берсең балаңды,
Азан, тәкбір айттырып,
Мешітке қойсаң молдаңды,
Сираттың желі соққанда
Ораза, намаз панаң-ды.

Тірлікте есіңе ал
Өлгенде жанға пайданы,
Ұйқыдан кешіп көп жатпа,

Бір жаратқан Алланы.
Березе қаптал тон киіп,
Топта тұрып мақтанған,
Құдайдан қорыққан мұсылман
Күнәдан ерте сақтанған.
Әрбір айы пір болып,
Ақыретте болар пәк
Иманның ақыр жалғауы.
Жалғанда биттей пайда жоқ,
Адамды аз күн алдауы.
Жорға мініп теңселтіп,
Торғын тоның білсентіп,
Мамық төсек салдыртып,
Ыңырантып тұрғызып,
Дүрия көрпе жамылтып,
Дүниенің қалай алдауы.
Мал бақтырар пайдаға
Зекетсіз мал айдама.
Қайыры жоқ ас сақтап,
Дәмді харам шайнама.
Құдіретке көніңіз,
Құдайменен ойнама.

## ӨКІНСЕҢ ЖОҚ КЕЛЕРІ

Ит жүгіртіп, құс салған -
Өнерпаздың өнері.
Өтіп кеткен нәрсеге
Өкінсең - жоқ келері,
Құбылып тұрған қызыл гүл,
Құраса - кетер мәнері.
Сабыр қылсаң жетерсің,
Құданың болса берері.
Он сегіз мың ғаламды
Құдіретіменен жаратқан





Құдайдың қалай шебері?!
Жиырма бес жасында
Жігіт жетер кемелге,
Он сегізде қыз толып,
Ана болар бір елге,
Құрбыңнан қорлық көрмессің,
Құда болсаң бір елге.
Жапырағын жайқалтып,
Жайлауда қонсаң бір көлге.
Көк ала шатыр нарменен,
Мың қаншалар пұлменен,
Он піркәншік құлменен,
Сапар қылсаң бір жерге.

## КӨБЕЙМЕЙДІ БАТАСЫЗ

Жылқының құты айғыр-ды,
Ат тумайды атасыз.
Көсегесі көгеріп,
Көбеймейді батасыз.
Ғайбаттың жаман екенін
Біле тұра айтасыз,
Күн шыққан соң тұрмасаң
Намаз қаза боларын
Біле тұра жатасыз.
Алланың берген ақ дәмін
Шайтанға қайтіп сатасыз?
Түйенің құты бура-ды,
Келесі қысыр қалмаса.
Күнә қайдан шығады,
Жаралып жан боп тумаса,
Ғаділ деп соны айтыңыз,
Турасын қисық бұрмаса.
Бұйрықсыз бәрі харам-ды,
Шариғатқа сыймаса.

Жер таянбай тұра алмас
Жетекшіден айырылса,
Тұрымтай торғай қуа алмас
Қанаты сынып қайырылса.

## ҚАСАҚАНА МАЛ БІТЕР

Қасақана бітер мал
Қайыры жоқ қабанға.
Айдасаң қиық жүрмейді,
Төрт түлігі аманға!
Алтын үйің бар болса,
Сізге мұнан жаман нәрсе жоқ,
Жанға түсіп жоқ болса.
Кеңес кетпес үйіңнен
Жаман болып, тоқ болсаң.
Тіліңді - мекер, қолыңды
Шолақ қылар әрнеге
Ортадан жалғыз тақ болсаң.

## АТАСЫ ТОПҚА КІРМЕГЕН

Жақсыны жаман көре алмас,
Тіл тиген соң өзіңе,
Шын екен деп иланбаңыз,
Жалғаншының сөзіне.
Сырттан ғайбат қылғанша,
Айт көзі мен өзіне.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қарауыл қояр сөзіне.
Құдайдың барын білмеген,
Айтқан жөнге жүрмеген,
Менменсіген зор кеуде
Қиық жүріп кете алмас,





Аспанменен өте алмас,
Алдындағы жолығар
Құдайдың құрған тезіне.
Жігерлі туған жігіттің
Кім қой дейді талабын.
Жалғыз аяқ бар болса
Кісі үшін дер шалабын.
Атасы топқа кірмеген
Сөзге салмас құлағын.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қонаққа сояр лағын.
Өткен соң қайтып келмейді,
Өлгенге мал ермейді,
Бұ дүниенің шолағы.

## ЕР БАСЫНА КҮН ТУСА

Жиырма тоғыз харіптің
Жайын білем керек-дүр.
Төрт ярдан шыққан би болар,
Ақылы асқан дүр болар,
Мынау бір жалған дүниеде
Малы көп кісі би болар.
Көпке тентек, ез, қисық
Қамшыменен іи болар,
Ер басына күн туса,
Бұта түбі үй болар.
Ат басына күн туса,
Көксімдегі күй болар.
Көңілі азып, тон тозса,
Берген көйлек кез болар.
Аштықта жасық та болса
Ұдай абзал сол болар.
Сөйткен ердің алдынан
Ақыл сұрасаң азбассың

Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Мейір кетті пендеден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әркімнен.
Қайын енесі ас ішпес
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз Құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден.

## ИМАН - ЖАННЫҢ ЖАРЫҒЫ

Ей, муһмин,
құлшылық қылсаң не етеді?
Ажал қуып жетеді,
Мінезге бағым табылмас,
Ғадетіне кетеді.
Тақуа да болған ғалымдар
Бұ жалғанда не етеді?
Баяны жоқ шіркінді
Бір күн тастап кетеді.
Малдың көзін сүйгендер
Мінбей, кимей өтеді.
Бір кісі емес, әркімнің
Басында бар, сөйтеді.
Дүниенің сүрсең дәуірін,
Басылар сөйтіп әуірің.
Иман - жанның жарығы,
Кешуі тар бұл жолда,
Хабардар бол, а, пірім!





## ИТ ЖЕРІМЕС АРАМНАН

Ақыл - дария білгенге,
Бұл жалған жоқ өлгенге.
Байлықтың алды - иман-ды,
Тәңірім сөйтіп берген-ді.
Жан жоламас жатқанға,
Жүргенге жөргем ілінер.
Бұ дүние арман емес-дүр
Бір кезгі дәурен сүргенге.
Ит жерімес арамнан,
Құдай безер харамнан,
Меһірден қатты мал бітіп,
Кетпесе мал қораңнан.
Пайда қылсаң залалсыз,
Өзіңе біткен қараңнан.

## «ҚОЙ, ӘЙ!» ДЕСЕҢ...

«Қой, әй!» десең, «Не?» дер-дүр,
Ақыл айтсаң ақымаққа.
Кенеуі жоқ кейбіреулер
Құр зарлайды тақбаққа.
Атаңды сыйла анаңмен,
Меккені іздеп таппаққа.
Ұмытпассың тәубеңді
Түзу салар соқпаққа.
Түзу жолдан қисайсаң,
Жолығарсың күрзі менен тоқпаққа.

# НӘСІП

Жерге біткен тау пияз
Жегенмен тамақ болар ма?
Шернеуде жазған нәсіпке
Дария құйсаң толар ма?
Сүмбіле туып, күз болмай,
Көгорай шалғын солар ма?
Кәрілік пенен мінезге
Білсеңіз, бағым болар ма?
Сүтке біткен мінезге
Сүйекпен кетпей болар ма?
Иманнан басқа нәрсені
Құдайдан көп сұрама.

# Халықпенен қас болып

Ерден қайыр кетпесе,
Өлтірмейді есікте.
Өлшеп берген несіпке,
Сөйлес деген мейманға
Сөз қатқанша кешікпе.
Халықпенен қас болып,
Оңбас түске өшікпе.
Ердің құны сот емес
Қисабын тапқан сабазға,
Төрден орын тимейді
Патша болса да малы азға,
Мойын бұрып сөз қатпа
Көңілі қалған аразға.





# СЕКСЕН СЫРЛЫ

Езіп жақсаң, кір жұқпас
Сексен сырлы маңғазға,
Ғашықтық қылсаң жарасар
Сексен сынды хор қызға.
Шынарға біткен мақтадай
Шырайлы болса алғаның,
Халал сүт емген жолықса,
Болар ма еді арманың?
Ес кірмес ердің астында
Ақ білектен тілеуің,
Білмес жардың ойнымен
Таңның атып қалғанын

# сөз соңы

Бай бол - малың не керек!
Патша бол - тағың не керек!
Жібермейді сұраусыз
Тәңірі алдына барғанын.
Жалғыз-ақ ойла дүниені,
Сапардан жалғыз қалғаның.
Сөзіміз бітті, мен болдым,
Енді шықпас әңгіме.
Бәйіт айтып, баян қып,
Жанастырдым әрнеге.
Мәселе кітап шығардым
Кейінгі қалған пәндеге.
Бес ауыз сөз айттым деп,
Мақтандың, тілім, сен неге?
Қой, көмейім, тәубе қыл,
Асылық қылма әр неге.
Жасың кетті алпыстан,
Жеті ғалам астында,

Даусың кетті алысқа,
Өзіңнен өрнек жайылды,
Жақынға, туған, қалысқа.
Юзнасы (тілеуі) зар көрген
Өзімнен қалсын балаға.
Кетпесе сөзім далаға,
Жоғалтпаса өзімді,
Жоқ қылмаса сөзімді,
Мен риза Аллаға.
Бұл бәйітті шығарған
Біз бейшара ғаріп Шортанбай.
Есте де болар әр топта, -
Мұны білген (коймас) ойламай.
Бұл бәйітті шығарған
Адамға болғай саламат.
Мұны көріп оқыған,
Молдаға болғай рақмет.
Сөзім қалсын артымда,
Бір күні болар қиямет.
Дұға қылып қол жайғай,
Мұны есіткен әлеумет.





# НАСИХАТ СӨЗДЕР

*(Шортанбайдың өлер алдында қатын-бала, ел-жұртына арыздасып айтқаны)*

Мінеді ғаділ патша алтын таққа,
Иман бермей қалмайды көңілі аққа.
Шортанбай өзі тірі заманында
Сапар шегіп барып қайтты Семей жаққа.

Құдайдың, ойлап тұрсам, қаһары қатты,
Тірлікте пенденің жаны тәтті.
Бір күні кеш боп кетіп ел таба алмай,
Далаға мейман болып қонып жатты.

Жатқанда екі кісі түсіме енді,
Қасыма түсі суық кісі келді.
Кісінің сипатынан қорыққаннан:
«Жаһанда мен көрмеген кімсің?» - деді.

«Өлгенде имансыз құл жолда қалған,
Мен - Ғазрайыл, пенденің жанын алған.
Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым,
Құдайдан жетті бұйрық, келді саған».

Екенін періштелер көңілім білді,
Демалғызбай кеудеме келіп мінді.
Қолында күрсізі бар, түсі суық,
Жаныма бір шыбындай қысым қылды.

Келтірдім сонда тұрып сұбұхан Алла,
Мен білдім жүрмесімді бұл жаһанда.
Көнбеске, Құдайыма шарам бар ма?
«Беруге бір күн рұқсат аял бар ма? »

Түсіме періштелер кіре берді,
Үстімнен сол сөзбенен түрегелді,

«Ажалың ертең кешке болады», - деп,
Бір күнге аял беріп жүре берді.

Өзімді келтірейін сөз басына,
Қатты қиын ісім бар өз басымда.
Ұйықтап жатқан жерімнен оятып ап,
Тағы да бір сөз айттым жолдасыма.

Амал жоқ, енді жүрдік, күн-түн қатып,
Жәкеме кетейін деп арыз айтып,
Жәкеме қатын-бала тапсырайын,
Келген бе өлген адам тірі қайтып?

Өлімге жақын болды менің басым,
Бір Алла ақыретте жарылқасын!
Жалғаннан ақыретке көшпек болдым,
Кеше көр, үш жолдасым, жолдас хақын.

Таң ата Жанқұттыға енді келдім,
Сөйлес деп, тыста тұрып хабар бердім.
Келген соң ажал жақын амал бар ма,
Белгілі жүйрігі едім тамам елдің.

Семейден төрт ат алдым бес жүз теңге,
Тоймады екі көзім бұл жалғанға.
Көрмедім қатын-балам өз үйімді,
Мен көштім бұ дүниеден боп арманда.

Үйінен Жәкем шықты түске таман,
Айтыстым сәлемнен соң есен-аман,
Алладан ажал жақын келді білем,
Келмеді сөйлесуге енді шамам.

«Жаралған Жәкем едің асыл зат қып,
Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.





Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге ғарыздасып».

Сонда менің сөйлерге есім кетті,
Бір жерге Жәкем барып шатыр тікті.
Жалған шіркін, шынымен қалдың ба деп,
Қарадым көзім салып төңірекке.

Жанға қысым таяды, жалғыз жанға,
Тоймадың екі көзім бұл жалғанға.
Көрмедім қатын-балам, өз үйімді,
Мен көштім бұл дүниеден енді арманда.

Мені көрген дүниеден ғапыл қалма,
Бір тиын қазақ байдан қарыз алма.
Әркімнен қалады екен дүние шіркін,
Өтіңіз тәубе қылып аз жалғанда.

Әммә отырған халайықтар айтты: «Бұ жауабыңыз баршасы өлім мысалы болды. Біздерге бір насихат айтыңыз», - деді. Сонда айтқаны:

Адамның жалған дүниесі,
Дүние - жолдас қимасы.
Дүниені жолдас демеңдер,
Көп болар оның күнәсі.
Өлгеніңше тою жоқ,
Түңілмей ырза болу жоқ.
Жалғанның арты жақын деп,
Жегенін қазақ қою жоқ.
Сәлем айтып кетейін
Ағайын мен туғанға,
Бала менен қатынға.
Насихат шашып кетейін
Азғана сөзді артыма.
Не ғаріптік десеңіз,

Бүгін менің басымда:
Жетім болып ұл қалды,
Жесір қатын тұл қалды.
Ал көшіріп қасыңа
Арқаның дәмі - жегенім,
Қазақтың сөзі - дегенім.
Жүйрік болса мінсем деп,
Сұлу болса сүйсем деп,
Күннен-күнге сәндендім.
Арқадан қылдым жайлауды,
Әркімнен алдым байлауды.
Қиямет күн болғанда
Қандай жерде мекенім,
Мен ғаріптің сайлаулы?

Әммә алдына шай қойды, шайдың жарымын іше алмай, шынаяқты жерге қойды да, мына сөзді айтты:

Қалықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай,
Қиядан қуға түсе алмай.
Нәпсім, қарар таптың ба,
Дүниеге тоймайтын,
Бір шыны шай іше алмай,
Жалғаннан дәмім таусылды,
Жарылқа, Құдай, артымды!
Хаққа тәубе қыла алмай,
Мекке жүзін көре алмай,
Қу нәпсімді тыя алмай,
Кәміpһе қылдым жасымды!
Екі сөздің басына
Келтірейін өзімді,
Тыңдаңыз, жұртым, сөзімді.
Тыя алмадым жырымды,
Көре алмадым елімді,
Қиямет күн кез қылғай
Құдай, менің пірімді.





Билер, пара жемеңдер,
Жалғанды жолдас демеңдер,
Ақырет қамын іздеңдер,
Жанға бетті кезбеңдер.
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа харам салмаңдар,
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар.
Сөзін айтып үлкендер:
Құдайдан қапы кетпеңдер.
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер!
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қылып малды төкпеңдер!
Таяндың енді өлімге,
Алты табан көріңе,
Сатып алған күнәнің
Кешуі болмас күнінде,
Ұл, атаны сыйлаңдар.
Ендігі туған балалар,
Атаңның сөзін бұзбаңдар!
Сәлем айттым бәріңе,
Қызмет етіп жүріңдер
Басы бүтін кәріңе.
Ұяларсың Құдайдан,
Өлгеннен соң қоймайды
Тірідегі халіңе.
Үлкендер, саған айтайын:
Мал басына бармаңдар,
Ақырет қамын қармаңдар,
Дүниенің боғы үшін,
Сірә, тіпті азбаңдар!
Тентек болма балаға,
Безер болма келінге.
Қадірің кетер еліңе,
Қарауыл қой сөзіңе.
Қанша нәрсе ереді

Өлгеннен соң өзіңе.
Қарай алмай жүрерсің
Таңда махшар күнінде
Бір Құдайдың жүзіне.
Атаның тілін ұлы алмас,
Ананың тілін қызы алмас,
Айта беріп қайтейін,
Өлінің тілін тірі алмас.
Жақыннан шыққан жақсыны
Ағайын жұрты көре алмас.
Заманақыр белгісі -
Бірге туған бауырың
Тату да болып жүре алмас.
Дұғай сәлем айтайын
Тәшкен менен Бұхарға,
Мұсылманның баласы
Қор болмасын дұшпанға.
Ақырет күн дозақ жоқ
Бір Құдайдан қорыққанға.
Қызмет етпей мен өттім
Ата бірлән анама.
Қарнақтағы сәлем айт
Үш қайтара бабама.

* * *

Бабама қол бермедім,
Мекке жүзін көрмедім,
Қайғылы болып барамын
Жалғанда жеген парама.
Және сәлем айтайын
Бауырлас туған延 ініме.
Дүние деген осы ғой,
Жалғыз маған ерді ме?
Не деп жауап береміз
Қияметтің күнінде?





Жұрт тамаша болушы ед
Жалғыз ауыз сөзіме,
Дүние ыстық көрінді
Құрғыр менің көзіме.
Жалғанға тіпті тоймадым,
Өлмейін деп ойладым,
Дүниенің боғы осы деп
Өлгенімше шайнадым.
Тәубе қылмай жасымда,
Қанша пәле болады
Қиямет күн басымда?
Қасықтап жиған көп малым
Қалды менің артымда.
Өлім деген қиын ба?
Жұртты жеген Шортанбай
Төрт қарыс бөз бұйырмай,
Қалды менің артымда.

* * *

Дұғай сәлем айтайын
Бесатаның ұлына!
Дүние, малы ермеді
Өлген ердің соңына.
Жалған жақсы көрінді
Мен байғұстың сорыма.
Опасы жоқ сұм дүние
Оттан ыстық болар ма,
Қалар көрдің астында?!
Қарындас ермес қасыңа,
Тіріде көрген ағайын,
Дұға қылып жүріңдер
Өлгеннен соң басыма.
Дұғай сәлем айтайын
Кәрсөн менен Кернейге!
Бай менен жарлы-кедейге.

Қазақтан алған қарызым
Көлденең тұрды көмейге.
Ақын, шешен, көсем деп,
Айласпаңдар мендейге!
Дұғай сәлем айтайын
Тобықтыда Құнанбай!
Кімнің де тағы қалады
Өлгеннен соң суалмай?
Осы дәулет барында
Талап қылған Меккені,
Ақыреттен құр қалмай.
Азғана қорған болып өт
Ағайын менен туғанға.
Жалғанда жиған нәрсенің
Пайдасы жоқ қу жанға.
Дұғай сәлем айтайын
Көпбай менен Нұрланға!
Харамды мал демесін,
Зәбір болар иманға.
Қазақтан пара алмасын,
Ұмытпай жүрсін Алласын,
Құдайдан қапы қалмасын,
Өлгенді менен барласын.
Дұғай сәлем айтыңыз
Шорман ұлы Мұсаға!
Дәулетінің барында -
Қорқынышты жер алдында,
Тәубесіз өтіп кетпесін
Бес күндік жалған қызыққа.
Дұғай сәлем айтайын
Қуандықта Қоңырға!
Қуанбасын көңілге,
Мал деген хайуан доңызға.
Тура келген ажалға
Дәулеті ара болар ма?
Ақыретте көз салсын
Баратұғын орынға.





Білсін Алла жарлығын,
Алдында өлім барлығын,
Құдай досты Мұхаммед
Оның да алған жалғызын.
Көргенімше күн қанша,
Мұхаммед өтті, Мұстафа.
Дүниеге тоймаған,
Өлгенімше шайнаған,
Енді де болдым бек қапа.
Дұғай сәлем айтыңыз
Қатын менен балаға,
Тапсырдым енді жалғызды
Расул Алла құдаға.
Дүниенің боғы үшін
Мендей болып қаңғырып,
Көп шықпасын далаға.
Қастық қылмасын жақынға,
Қайырлы болсын халқына.
Не ғаріптік десе де
Енді түсті басыма,
Жетім қалды-ау жасында!
Дұғай сәлем айтайын
Жесір қалған қатынға,
Тоқтасын сөз бен ақылға.
Ие болсын артына,
Қайғының ізін салмасын
Жалғызының басына,
Қалмасын көздің жасына.
Ах, дариға, жалған-ай,
Жалғанның енді қалғаны-ай,
Шортанбайды алғаны-ай,
Қайғыны басқа салғаны-ай,
Не шара бар, Құдайдың
Әзелде жазған пәрмені-ай!
Тағы да сәлем айтайын
Қалың жатқан Сарымға.
Бай менен жарлы көп жедім

Құдайдың берген бағында.
Өлімнің жақын екенін
Біле алмап едім алдымда.
Шүкір де қылмай қайтейін,
Ажал келсе тұрмайды
Патшалар да тағында.
Тәубе деп қылмай қапы өттім
Өлерімнің шағында.
Құдайдың ісі бұзық па,
Дүниеге қызықпа,
Әуелде менің ғұмырым
Құдіреттің жазған сызықта.
Ұл атадан айырылған,
Әркім де біздей қайғырған,
Қалған дүниеде пайда жоқ,
Жарылқа, Құдай, алдымнан!

Әммә отырған халайықтар айтты: «Ендігі заманның адамдары қандай болар, біздерге бір жауап айтыңыз?» - деді. Сонда айтқаны:

Бір насихат айтайын,
Тыңда мұны, балалар!
Есіткендер, ұмытпа,
Қайсыңда сенің сана бар?
Жақсы аттан жығылса,
Жаманың тұрып табалар.
Жақындап келген бұл кәпір
Жылдан-жылға қамалар.
Қасиетті төре жоқ,
Шарапатты қожа жоқ.
Ендігі сорлы бейшара
Қорыққанға барып паналар.
Қария қалды ақылдан,
Қастық шықты жақыннан,
Ендігі күнің кем болар,
Ит кәпірге жақындап,





Билік кетті басыңнан.
Тәубе қылмай қапы өттің
Әуелгі бұрын жасыңнан.
Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді,
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді -
Әне байдың қайыры!
Бұрынғы өткен адамның
Міне, келді тайыры.
Жалғанда қылғам ісіңнің
Алдыңнан шығар ғайыбы.
Әзелде жазған пәрмені-ай!
Байды Құдай атқаны -
Жабағы жүнін сатқаны.
Кедейің қайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады.
Оны-мұны жиғанын
Шығын деп тілмаш алады.
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды.
Кедейге салып шығынды,
Негізі байдың тоймайды.
Қылымсыған қатыны
Қызыл көйлек киеді,
Өзінің байын билейді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді.
Осы мінез болған соң,
Дозаққа пенде күйеді.
Елубасы, онбасы,
Ол - сайтаның жолдасы,
Ендігі байға мал бітсе,

Ит кәпірдің олжасы.
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ
Ендігінің мырзасы.

* * *

Шортекең үш күн сұрап мұрсат алды,
Үйіне Жақсы Жәкең кешке барды.
Бой түзеп, сусын ішіп болғаннан соң
Жәкеңе жайды айтып, сұрақ салды:
- Жауыр тауды қыстаған,
Нұрадан әрі шықпаған,
Қарағанды өзекте
Мұратқа барып ықтаған
Асан Бұғы досым еді,
Көңілімді жықпаған.
Ат жібертіп алдыртшы,
Жан тұрғанда шықпаған.

Әлқисса, Жәкең сонда ат жіберіп, түнделете жеткен Асан Бұғы ертемен сәлем бере кірген.

Әммә отырған халайықтар айтты: «Мына Асан қожаға ғарыз айтыңыз», - деді. Енді айтқаны:

Сөз айтайын Асанға,
Дүниеңе мақтанба!
Япырмау, неге мақтандың,
Дәулетің судай тасқанға?
Дүниеқордың маясы
Жақын дейді шайтанға.
Жетпіске келді бұл жасың,
Дүние болды жолдасың.
Әндіжандық сарт едің,
Қай жеріңнен қожасың?
Қаратауда туылдың,





Пәленше деген мырзасың.
Сарыарқаға келген соң
Төрт аяқты жорғасың.
Жәдігөй жауғыш атанып,
Осынша жиған мүліктен
Не көреді қу басың?
Талабың бар жалғанда
Әлі де болса аспаққа,
Дүниенің боғы үшін
Күнде түсіп аптапқа,
Мен раббың деп сұрағанда,
Ұяларсың лахатта, -

дегенде, Асан Бұғы: «Шортеке, ажал Алладан, енді сөздің жөнін айт», - деген. Сонда Шортекең:

Ойнап түбің сарт дедім,
Мені атадың қызылбас.
Екеуміз өстіп қаржассақ,
Екеумізді пір тұтқан
Ел қалайша бұзылмас.
Жәдігөй жауғыш болмаңыз,
Ақырет қамын ойлаңыз.
Жасың жетті жетпіске,
Иман бер деп сұраңыз.
Бұл айтқаным - ақылым,
Аталас туған жақыным,
Қиямет күн кез болса,
Пайдасы болмас қапыңның, -

дегенде, іркілмей-ақ Асан Бұғы:

Қызыл сөзді Шортанбай,
Шындықты өстіп айтсаңшы,
Сүйекті қорлап дақ салмай, -

деген соң екеуі құшақтасып көрісіпті, Шортекеңнің соңғы өсиетін Асан Бұғы да жазып отырған.

Ағартты Құдай басыңды -
Өлшеп берген жасыңды.
Уай, уай, менің басым-ай,
Келе көр, Жәке, қасыма-ай.
Амалым нешік Құдайға,
Жүгірмек болған жасым-ай!
Қолыңнан сусын бере алмай,
Өлгенін әке көре алмай,
Дұғай сәлем айтыңыз
Жетім бір қалған жас ұлға-ай,
Көргенімше күн қайда-ай!
Бұл сөзімді айтыңыз
Менен қалған балаға.
Бұ дүниенің боғы үшін
Қаңғырмасын далаға.
Тіріде көзім тоймайды,
Тәңірінің бергені - қараға.
Жалған деген осы ғой,
Маған да еріп бара ма?

Білсін бір сүннет, парызды,
Қазақтан алдым қарызды.
Өлеріме таянып,
Жұртыма айттым арызды.
Үш қайтара сәлем де
Ағайын мен туғанға.
Дүние шіркін ермейді
Бейнетпен жиған қу жанға.
Енді есен бол, елдерім!
Құсымды салған көлдерім!
Замандас, құрбы, теңдерім!
Ғибрат менен алыңдар
Өлгенімді көргенің.
Өлім үшін жаратты
Әуелінде адамды,
Қалайша деп білмейміз,
Мына дүние жалғанды





Үш түрлі қылып шығардым.
Артқы қалған заманға
Қияметқайым таянды.
Қайырсыздың көп малы
Жылан менен шаян-ды.
Өлместің көбі қараңғы,
Көп мылтықты көп кәпір,
Малыңды етпес баянды.
Аштан өліп отбасың,
Өрт шалар деп саяңды.
Бір күнгідей болмады
Мың күн тірі жүргенім.
Мынау менің өлгенім,
Қасықтап жиған дүниеден
Кәне, пайда көргенім?
Туғаннан соң пенденің
Өлуі болмай қалмайды
Жалғандағы тауық ек,
Жем жеудің ебін тауып ек,
Қаратаудан Арқаға
Сарысуды жағалап,
Дін ислам жолы үшін,
Адалдан берер дәм үшін
Бабаларым ауып еді.
Бозбалаға сауық ем,
Сауығым кетіп, күл сөнді.
Жұрттан асқан көсемді,
Алмай ма Құдай шешенді!
Өлеріне келгенде
Жан мұндар енді сескенді.
Ескендір өткен дүниеден
Жиырма тоғыз жасында,
Перзент қалмай артында.
Шариғатқа сыймайды
Екі тілек тілеген.
Ғаріп пенде басына
Ғаріп пен нашар сүйенген.

Он сегіз мың ғаламға
Патша болған Сүлеймен,
Олар да өткен дүниеден.
Ойлап тұрсам жалғаннан
Бұрынғылар не көрген!?
Мұхаммед өткен, Мұстафа,
Кім болмаған биқапа.
Өлімнің ісі кез келді
Алпыстан асқан бұ шақта.
Қай пенделер ұжмақта,
Қай пенделер тозақта.
Бұ дүниеден пайда жоқ,
Өлгеніңше дін сақта.
Келсе балам басыма,
Хатым қалсын артыма.
Жетімдікке көндірді
Жұдырықтай жасында.
Кімдер өлмей тұрады
Бұ дүниенің жүзінде,
Мұхаммед те көніпті
Жетімдікке жасында.
Жалғызыма сәлем де,
Алладан бұйрық жеткен соң,
Асқар тауы құлады,
Ағар бұлақ суалды.
Жетім мен жесір сүйетін
Ағайын-туған жоғалды.
Ей, пенделер, мүһминдер,
Мен не деген есермін:
Дүниеде қашпаған,
Қорқыныш қылып Құдайдан
Қарызды ойлап саспаған,
Дүниеде көп мүлікті
Ибраһим әдһәм тастаған.
Тіріде қорықпай осындай,
Күнә іздедім шошынбай.
Кеудемді дерт қамады,





Амал да кетіп барады.
Есендікте бол, Жәке,
Қияметтік досым-ай!
Және сізге тапсырдым
Бала менен қатынды,
Жалғанда досым сіз едің,
Аяй көрме ақылды!
Қояр ма екен Құдайым,
Қиямет күн қасыма-ай,
Жүгірмек болған жасым-ай!
Әр жұмада жүре көр
Дұға қылып басыма-ай!
Өлгенде менің жалғызым
Жылап келер қасыма-ай!
Сөйлесетін күн қайда
Өлгенде көрдің астында,
Тоба қылып қояйын
Құдайға сөзім ғасима.
Таяндың енді өлерге,
Күн қанша дүр көрерге.
Дұғай сәлем елдерге,
Елдегі жақсы билерге.
Жақсыдан дұға жетер ме,
Өлді деп бізді білген жұрт
Дұға да қылсын ерлерге.
Жасымнам қылдым мастықты,
Жаныма қылдым қастықты.
Жан жарға таянды,
Қоя көр, Жәке, жастықты.
Алпыс үштен асырмай,
Өлім бір келіп асықты.
Аралап келіп түсуші ем
Алтай менен Қарпықты.
Ыңғайы жаман аурудың,
Жаманнан көңілім қорықты.
Артқа қалған жалғызға

* * *

Бір қасірет жолықты.
Мен өттім енді арманда,
Көре алмадым артымда
Ағайын мен туғанды.
Жан тәсілімге таянды,
Айта көр, Жәке, иманды,
Бір Тәңірге аян-ды!
Он екі құйрық, қырық шалғы,
Қияда сұңқар таранды.
Достығыңды қастық дер,
Ойламай ескі заманды.
Пірлерден кетіп керемет,
Патшадан кетіп әділет,
Заманақыр таянды.
Таянбай енді неғып тұр,
Артыңнан кәпір аңдып тұр.
Алайын деп қай күні,
Аманат малдай бағып тұр.
Бір пендеге ұл бермей,
Біреуін малға зар қып тұр.
Бір пендеге ұл беріп,
Біреуін малға бай қып тұр,
Жөнсіз оқтай қаңғып тұр.
Жан шіркін-ақ берік екен,
Үзіліп кетпей неғып тұр?!

* * *

Құдайға мақұл ісің жоқ,
Біреудікін іздедің,
Өзіңдікін көздедің.
Күшің жеткен адамды
Мұнша неге тіздедің?
Ұрлық пенен зорлықтан





Үмітіңді үзбедің.
Алмаған неме қоймадың,
Еш нәрсеге тоймадың,
Азуы қарыс алаштың
Айтқанына болмадың.
Болмағанның белгісі:
Бұлғақтап едің асаудай,
Бойыңа жанды теңгермей,
Басыңа бір тас тиіп тұр.
Не қылайын дүниені,
Тірнектеп жидың инені,
Жауда қалған ер кетіп,
Би қалмады шүйделі.
Шұнақ бидің тұсында
Ағаш атты тізгіндеп,
Шананы мінді күймелі.
Ақылыңды алып тұр,
Саумалы бар биелі.
Көш-қоныңды билейді,
Қомы да сыйған түйелі.
Біз айтқандай не қалды,
Қай ғақыл бар жүйелі?
Әзілде жазған іс болса
Несіне мұның күйеді.

## ҚАРСЫ ШАП ТА, МЫЛТЫҚ ҚҰШ

Күйіп бір күймей немене:
Құр қызады делебе.
Сақтасын жалғыз қайғыдан,
Көппенен көрген - селебе.
Жылқы менен баланы
Бір алған соң аузына
«Алмайды» деген немене?
Ұзын аққан Сарысу,

Аға бер жайлап, көбеле,
Айдамай тұрып солдатқа,
Зар қылмай тұрып жалды атқа,
Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің бір мініп жебеле.
Жалаңаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап жүдеме.
Кәпір - бүркіт, біз - түлкі,
Аламын деп талпынды,
Жаудан да зорлық көп көрген
Өлісіп ерлер алңынды.
Мың-мың жылқы айдаған,
Сары қазы шайнаған,
Қымызын судай сапырған,
Оны ішкен соң мас болып,
Аюдайын ақырған.
Бабалар ұран шақырған
Қимасақ та алдырдың,
Адыра қалған Арқаны.

* * *

Арқаның жазы бейіш-ті,
Жылқының еті жеміс-ті.
Жағаласқан дұшпаннан
Көрерсің, қазақ, кейісті.
Құранда жазған тіл бар ма,
Күннен-күнге тарылтып,
Жүр-жүрлеп алар жүрісті,
Заманақыр кезінде
Ұл сыйламас атасын.





Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын.
Қазы, болыс қойыпты
Некесіз туған шатасын.
Өзі қылған өкінбес,
Күнінде содан тартарсың,
Абақтыға жатарсың.
Қыз сыйламас енесін,
Арттым деп егесіп.
Салыстырар денесін
Пысықсыған немесі.
Көзіңді ойып барады,
Күнде тесіп төбесін.
Ақсақалдан әл кетті,
Болмаса Тәңірім демесін.
Азаматтар, әлеумет,
Мұның да несін сөгесің?!
Жас сыйламас ағасын,
Алып жыртты-ау жағасын!
Бірі-біріне көпсініп,
Қуат қылар баласын.
Шыдай алмай ызаға,
Кәпірден іздер панасын.

«Қой» деп айтса тіл алмас,
Ақсақалдан ұялмас,
Жүгірісер қалаға.
Қалтасы толып жалаға,
Қандырып иін кәпірдің
Алып бір шығар далаға.
Дұшпаның кім деп сұралса,
Алып бір келер ауылына -
Өзінің туған бауырына.
Келген соң кімді аясын,
Жығып салар дүреге,
Қызыққан соң параға.
Көшіп кетер жерің жоқ,

Жау айбынар ерің жоқ.
Сөйтіп қалмай неғылдың,
Біздің қазақ, бәлеге.
Қапа болып тұрарсың,
Түсерсің күнде санаға.
Еділді алып, елді алды,
Енді алмаған нең қалды?
Қораны санап малды алды,
Қазаққа қамқор ханды алды.
Кетейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар.
Сандалғанның белгісі -
Берекет кетті ісіңнен.
Ұлдан қызық көрмессің,
Қорлықпен өскен жасынан.
Ұлым, қызым деп кеттің,
Айырылдың құда досыңнан.
Тілеуіңді енді бермейді,
Көзіңнің жасын имейді.
Азаматтар, жігіттер,
Айғыр айтып сойсаң да,
Әуелгі заман келмейді!

* * *

Заманақыр кезінде
Қожасы жоқ құл азар,
Қонысы жоқ бай азар.
Азғанының белгісі -
Байдың тілін жарлы алмас,
Ханның тілін қара алмас,
Өлінің тілін тірі алмас,
Өздері ғақыл біле алмас.
Екі үлкен егесіп,
Қошқардай басын теңесіп,
Сол жерде заман оңалмас.





Оңалар заман дер едім, -
Жауға алдырдың әуел бас.
Іс асқынды болмастан,
Мейір, шапқат кем болып,
Шын сөз кетті сырластан,
Ойын кетті құрдастан,
Жастар үміт үзіпті
Жұрт тосынған жолдастан.
Заманақыр кезінде
Қойында қатын жатпайды,
Ұрса тілін тартпайды.
Күнәсі асқан бұл пенде
Құдайдан әсте қорықпайды.
Шешесіне болысып
Ұлы шоқпар саптайды.
Алжыған кәрі қақпас деп,
Келіні тұстан боқтайды.
Қатыным қолы тоңар деп,
Қар жауғанда үй жақтың.
Балам адам болсын деп,
Ұйқыдан безіп мал бақтың.
Асыраймын деп баланы,
Желіп бір торып аулақты,
Балаң халал болмаса,
Азаматтар, жігіттер,
Пайдасы жоқ, шырақтың.
Харам туған баланың
Бетінде жанған оты бар,
Белгісі бар дозақтың.

* * *

Зар заманның сөзі осы,
Тыңдасын мұны құлағың.
Абылай ханның тұсында
Сотқар еді бұл орыс,

Арбасын артып оң қылған,
Отын сатып пұл қылған,
Есіл менен Нұраның
Екі жағын жол қылған.
Ертістің басы қара дөң,
Еңкейе біткен қара адыр.
Арқа деген құба жон,
Аядай біткен көл екен.
Атты кердең естірген
Арқаның тарлау шөбі екен,
Жігітті кердең өсірген
Ат пенен малдың демі екен.
Ұрлық қылып мал жидың,
Өтірік сөйлеп жан жидың,
Ойлап тұрсам, жігіттер,
Не қылса Құдай еп екен!

## КӨЗ КӨРГЕН ҚАЗАҚ БАТЫРЫ

Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дағбыры.
Хан Кенедей ер қайда,
Шейіт боп кеткен тағдыры!?
Өлшеулі күні біткен соң,
Алладан ажал жеткен соң,
Көпір салған тұзаққа
Ілініп бір кеткен соң,
Қош-қош айтып еліне,
Самалды шалқар көліне,
Құбақан сағым беліне,
Иманын тілеп Алладан,
Көзден таса ақыры.
Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер сері еді,
Кәпірмен сансыз шайқас сап,





Дәл ортада айқасып,
Бекерге өлем демеді.
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді.
Хан Кене кетті арадан,
Орысқа қазақ қараған.
Шұбыртпалы Ағыбай,
Тобықтыдан Құнанбай,
Байсейіт пен Жанқұтты,
Дүйсенбай мен Қоңыр жүр
Тілеп жәрдем Алладан.
Басқа амалы қалмаған,
Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды,
Пәлесі жоқ салмаған,
Қайысады қабырғаң
Көтере алмай салмағын.

## КЕЛЕР ЗАМАН СИПАТЫ

Сауысқан, ала қарға - құстың құлы,
Басталар ақырзаман жылқы жылы,
Шаңырып кәпір соқты сұрап алдың,
Түзетіп ала алмассың, сірә, мұны.
Отызыншы, отыз бірінші жылдары,
Елдің ері ерende,
Жалғыз-ақ қара қалады,
Ұялмастан бұл кәпір
Оған да салық салады.
Айналдырып бір күні,
Малдың еркін алады.
Сол уақыттың кезінде,
Ұмытпаса тәубеңді,
Түтін салар соқпаққа,
Түзу жолдан қиылсаң,

Жолығарсың күрзі менен тоқпаққа.
Атаң менен күт анаңды,
Есің барда Меккені іздеп таппаққа.
Келеуі жоқ кей білер
Сол заманда шығады,
Құр жағдай таппаққа.
Айтуға сөзің жетпейді,
Арызың тіпті өтпейді,
Жапақтап көзің тұрарсың,
Не айтамын деп ақымаққа.
Балаңды алар солдатқа,
Міне алмассың жалды атқа,
Алақандай бет қағаз,
Табынарсың мандатқа.
Балаң менен жылқыңды
Бір алған соң аузына,
Алмайды деген немене
Ұзын аққан Сарысуды,
Аға жайлап көбеле.
Алмай тұрып солдатқа,
Ықтияр кетпей жалды атқа,
Жүйрігің мен жорғаңды
Өзің де мініп жебеле.
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап жүдеме.
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де пенде жүре ме.
Айтып та айтпай немене,
Өткен де заман келе ме.
Қайран да халқым, қайтейін,
Кейісті көп тартарсың.
Көппен көрген селебе,
Селебені елеме.
Айғыр айтып сойсаң да
Бұрынғы дінің келе ме?
Зекетсіздің бұйырар





Сүндетсізге жиғаны,
Аузы түкті ие боп,
Қазаққа берер қиғанын.

* * *

Заман да заман, замана,
Кейін келер заманда,
Асқар таудай әкеге
Ұл қышқырған замана.
Қылсаң жұмыс бітпейді,
Күн қысқарған замана.
Бай қайырып байланып,
Түн қысқарған замана.
Арғымақ ат тасырқап,
Тағалы болған замана.
Мәстек-жабы жалданып,
Бағалы болған замана.
Бұрынғы арық семіріп,
Денелі болған замана.
Бұрынғы семіз арықтап,
Кенелі болған замана.
Кімде тамақ бар болса,
Дегені болған замана.
Сусыз жерге су түсіп,
Сусылдап келіп қу түсіп,
Қоғалы болған замана.
Кейін келер заманда
Ұл сыйламас атасын,
Қыз сыйламас анасын.
Арам сідік болған соң
Атасы бермес батасын.
Қыз он беске келген соң
Жотам сенен кем бе деп,
Салыстырар шүйдесі мен жотасын.
Қайран да халқым, қайтейін,
Күнәға сөйтіп батасың.

* * *

Түсі сары, көзі көк,
Дінсіз келіп билейді,
Түбінде сонан татасың.
Кейін келер заманда
Кедейлердің қатыны,
Қылымсыған немесі
Қызыл көйлек киеді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді.
Осы мінез болған соң
Дозаққа пенде күйеді.
Ендігінің сөзінде
Қай ақыл бар жүйелі.
Бұрынғы бидің тұсында
Шананы мінді күймелі.
Айтып-айтпай немене,
Өткен күн қайтып келер ме?
Қайран да халқым, қайтейін,
Айғыр айтып сойсаң да
Бұрынғы заман келер ме?

* * *

Биік таудың ойнайды
Бауырындағы құлжасы,
Кейінгі байға мал бітсе,
Ит кәпірдің олжасы.
Көз жіберіп қарашы,
Бұл жұмысты болжашы,
Ит жерімес арамнан,
Құдай берер адамның,
Мепілде қотан мал бітіп,
Кетпес малы қораңнан,
Пайда қылсаң залалсыз,
Өзіңе біткен қараңнан.





* * *

Дін жолынан айнымас
Шырағы енді мұсылман,
Алла деген айырылмас
Айтсаң жолыңнан,
Түзу жолға түсірер
Алла деген тобыңнан.
Сол заманның ішінде
Сиыр деген пұл болар,
Ұрғашыдан би болар,
Әркімменен ыржақтап,
Қатын деген тұл болар.
Өзіне-өзі ерік алып,
Ақ саусақты ұстасып,
Жанның бәрі құл болар.
Еділ, Жайық - екі су,
Алтын, күміс тас болар,
Арпа, бидай ас болар,
Бірігіп жан тусаң да,
Қарап та жүріп қас болар.

* * *

Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шығар,
Жеткізе алмай онысын,
Қалтыраумен жан шығар.
Кейін келер заманда
Шошала деген үй шығар,
Шошаңдаған би шығар.
Өзіне-өзі ерік алып,
Көрінгеннен би шығар.
Тамағы болса өзі ішіп,
Бір-бірінен сый шығар.

Ақырына келгенде
Құдайдың құлы болмастан,
Ақыретке барғанда
Қарап бір жүріп іи шығар.

## ҚАПАЛЫҚ

Жабырқап осы жалғаннан,
Жанға көңілім қалып тұр.
Жан дүниеге салып тұр,
Тәнге көңілім қалып тұр.
Тән шыдамай арып тұр,
Жұртқа көңілім қалып тұр.
Жұрт залымға нанып тұр,
Өтірік өрлеп күшейіп,
Шын жеңіліп, талып тұр.
Бақ дегенде байлау жоқ,
Оған адам танып тұр.
Тағдыр шіркін тап беріп
Тамағынан алып тұр.
Жала деген аңдушың
Тақымыңнан шалып тұр.
Бәле деген төбетің
Балтырыңнан қағып тұр.
Сауысқан, қарға, қара құс
Жемтігін аңдып бағып тұр.
Көре алмаған күншілдер
Көңіліне мұның жағып тұр.
Әншейін бе дегенің,
Айызы әбден қанып тұр.
Жаны шығар жақынның
Көзінен жас ағып тұр.
Айыруға амал жоқ,
Арты қалай болар деп
Жүрегі от боп жанып тұр.





## ЖАМАН МЕН ЖАҚСЫ

Әйелдің бір мінезі аюға ұқсайды,
Ақырып ер бетінен алғаннан соң.
Тағы бір мінезі маймылға ұқсайды,
Ыржыңдап әркімменен күлгеннен соң.
Тағы бір мінезі сауысқанға ұқсайды,
Шықылдап әр бұтаққа бір қонғаннан соң.
Тағы да бір мінезі қарақұсқа ұқсайды,
Жемтікті әркімге бір бергеннен соң.
Тағы бір мінезі қасқырға ұқсайды,
Қиянат аманатқа қылғаннан соң.
Қайтейін, қай сырын көп айтайын,
Әйелдің өзі бетін білмеген соң.
Қатыны долы бейбақтың
Кісі келсе қылпылдап,
Ұшып тұрар зәресі.
Ішкен асы, тамағы,
Мұрыннан шығып кересі.
Көк долының сөзінің
Әсте болмас жүйесі.
Көптірмесі көпіріп,
Долылықтың белгісі -
Түзу де жүрмес түйесі.
Асты шикі пісірер,
Кері кеткеннің кете ме
Екі езуінің күйесі.
Алдым деп қатын мастанба,
Жаман қатын алғаның -
Басы жұмыр пендеге
Алланың салған пәлесі.
Киімі тағы өзінің май-май ғана.
Байымен ұрысса да таймай ғана.
Сыртына ожауының битін сығып,
Тығады қазанына шаймай ғана.
Көзіңмен көріп тұрсаң бекер дейді,

Түбіме сөйте берсең жетер дейді.
Ақылмен оңашада ақыл айтсаң,
Адыра қал біреумен кетем дейді.
Үй-үйді қыдырады өсек бағып,
Байына былшылдайды елді шағып.
Жұмысы өсекпенен кеткеннен соң,
Шаруасы кетпей ме судай ағып.
Аспайды дүзге отырса әрі қырдан,
Отырар үйді айнала Құдай ұрған.
Жатады итаяғы келіменен,
Болмайды бір жұмысы мұныменен.
Құрбылар әйел алсаң байқап алғын,
Бос өтер бүкіл ғұмыр соныменен.
Жаманның зар-күйіне салма, Құдай,
Әркімді алсын Құдай теңіменен.
Болады жақсы әйелдің сөзі жүрдек,
Шаруасын бітіреді өрге сүйреп.
Арасы ағайынның араз болса,
Екеуін табыстырар үйдеп-бүйдеп.
Сыртынан жаман қатын бағып тұрсаң,
Бар тамағын ішіп,
Тоқтыдай керіледі болған түйнек.

**Алаш азаматы Қошке Кемеңгерұлы Кенесарының қарт сарбаздарынан көтеріліс ұранына айналған Шортанбайдың мына жырын жазып алған екен.**

## БАҒЫНБА, ҚАЗАҚ

Бағынба, қазақ, орысқа!
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысда.

Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан.





Некеннен некен күйерсің,
Күйдіруші табылып,
Көршілес жақын-қасыңнан.

Қызығып тұрсың байқамай,
Күйінгеннен айтам-ай!
Көрінісі орыстың
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны - жамандық,
Жарадан аққан іріңдей.

Абақты деген үйі бар,
Қазулы қара көріндей.
Қара қазан, сар бала,
Обалына қаларсың.

Кейінгі өрім бұтақтан,
Қарғысын нәлет аларсың,
Ап кетейін бір жаққа,
Соңымнан ерші ерінбей.

**Жезқазғандық журналист Базаргүл Үмбетова шешесі Дидаш Әметқызынан 1994 жылдары Шортанбай жыраудың біраз өлеңдерін жазып алған екен. Анасы ұзақ жырдың көпшілігін ұмытқанын айтып отырыпты.**

**Базаргүл Үмбетованьщ шешесі Дидаштан жазып алған Шортанбай жырлары**

## АЛДАУШЫ ЖАЛҒАН

Алдаушы жалған дүниенің,
Алдайтұғын пұлы бар.
Аяқты теріс баспаңыз,

Жаманнан басты жырып ал.
Сұғанақ болып ұмтылма,
Сыбаған болса тұрып ал.
Үй менікі демеңіз,
Мына кәпір барында,
Үй артында ұры бар.
Қазылған орға кез келсең,
Атыңның басын бұрып ал.
Текті туған кей жігіт,
Кедейлік басып, жол таппай,
Ұрлық жасап құнығар.
Орыстың жайған торына,
Өзі барып жолығар.
Қас батырдың ұрпағы,
Заманға мына қайран боп,
Жүрмеген соң жайраңдап,
Бес қаруын асынып,
Батыр болып шынығар.
Қайда барсаң, қазағым,
Дұшпанның құрған торы бар.
Мына жалған дүниеде,
Ендігі жүрген жігіттің
Маңдайының соры бар.

* * *

Көпіршік атқан бұл қымыз,
Бұрынғының асы еді,
Той-думанда жұрт сергер,
Бар дәмді астың басы еді.
Заманың енді бұзылды,
Ұстай бер ұл мен қызыңды,
Жамандық енер кәпірмен,
Жалтырап сырты көрінген.
Жігіті аман өте ме,
Мына жеткен нөпірден.





Ит ішпесті ішкен соң,
Күбісін орыстың піскен соң,
Бірде есі бар, бірде жоқ,
Қайырылып құлап түскен соң,
Қатыны кетер жайына,
Қайырылмас байына,
Заманың солай бүлінер.
Жүгенсіз қатын сөз айтар,
Аузы-басы көпіріп.
Жетесіз шалдар бас изер,
Ғайбатқа тойып, кекіріп.
Иманды аузын бағар-ау,
Құдайдан тілеп ізгілік.
Аузы дуалы қалмасты,
Тыйып тастар жекіріп.
Жас-желеңі жер теуіп,
Мәз болар үркіп-секіріп,
Орыстың түсіп ізіне.
Закон айтып қатын тұр,
Шолақ иттей дүңкілдеп,
Қойнында жатқан еріне.
Кел, жігіттер, түспелік,
Жанған оттың көріне.

* * *

Мына заман тарылды,
Орыс алды барыңды.
Еділ, Жайық, қос өзен,
Сарысу, Нұра, Ертістен,
Айырылдың елім кешеден.
Бағынба, қазақ, дұшпанға,
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Дәл бүгіннен қош айтыс,
Арқа деген қонысқа.
Сөзі тәтті кәпірің,

Көрінеді құбылып,
Текеметтің түріндей,
Ойлағаны - жамандық,
Жарадан аққан іріңдей.
Қатының кетер күң болып,
Балаң жүрер құл болып,
Жүрерсің өзің имеңдеп,
Ас аңдыған иттей боп,
Жалтаңдарсың сүмеңдеп.
Дініңді алар әуелі,
Шоқынтуға дәмелі,
Тіліңді бұзар шұбарлап,
Өлмегенде нең қалды,
Бағынба, қазақ, орысқа.

* * *

Ақыл дария білгенге,
Бұл жалған жоқ өлгенге.
Жан жоламас жатқанға,
Ілігер жөргем жүргенге.
Ит жерімес арамнан,
Құдай безер наданнан.
Қой дегенге өршиді,
Ақылы жоқ ақымаққа.
Кенеуі жоқ кей билер,
Құр зарлайды тақпақтап.
Атаның салған жолы бар,
Орыстың салған жолы бар.
Түзу жолға қисайсаң,
Алдыңда орыс күтіп тұр,
Тап боларсың тоқбаққа.
Жерге біткен тау пияз,
Жегенге тамақ болар ма.
Тоймайтын нәпсі көңілге,
Дария құйсаң толар ма.





Сүмбіле туып, күз болмай,
Көкорай шалғын оңар ма.
Кәрілік бір келген соң,
Жасырын адам, толар ма.

## ҚОРҚАМЫН

Қарағай басын шортан шалған,
Малыңды санап алғаны,
Жеріңді өлшеп жатқаны,
Күніңнің сенің батқаны.
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ,
Кәлләсі бар, басы жоқ,
Қатыны бар, байы жоқ,
Осы қате болды дер,
Не сөзі жоқ, ойы жоқ,
Кәпір патша не айтар деп,
Қалқиып мойыны телмірген,
Мына келген заманнан,
Жүрек шошып, қорқамын,
Заман өтті торқалы,
Ой болмас енді арқалы,
Көне сөздің сарқыны,
Үзіліп бір күн кете ме,
Мына елді аударып,
Түбіне жұрттың жете ме
Деген ойдан қорқамын.

* * *

Ерден қадір кетпесе,
Отырмайды есікке,
Сөйлес деген мейманға,

Сөз айтқанша кешікпе.
Халықпенен қас болып,
Оңбас іске өшікпе.
Ердің құны сөз емес,
Есебін тапқан сабазға.
Төрден орын тимейді.
Төре де болсаң малы азға,
Езіп жақсаң кір жұқпас.
Сексен сынды маңғазға.

* * *

Ғашықтың қылсаң шарасы,
Шынарға біткен мақтадай.
Адал сүт емген жолықса,
Болар ма еді арманың.
Білмес едің ойынмен,
Таңның атып қалғанын.
Ақ жаулықпен көркейер,
Абыройлы болса алғаның.
Жаман болса жолдасың,
Қатардан кейін қалғаның.
Жаман иттен құтылмай,
Жақсы жолға тұтылмай.
Ақырында махшарға
Қорлықпенен барғаның.
Ағаш көркі - жапырақ,
Адам көркі - шүберек.
Өліге де мал керек,
Тіріге де мал керек.
Өлмей тұрып тіріңді,
Мініп, киіп, ішіп-же,
Өлгеннен соң не керек.
Тірі де малды жиғанын,
Өлгенде - малың иманың.
Төстіктей қазған бір жерге,





Қырыңнан кіріп сыйғаның.
Әй, әлеумет қарындас,
Құлшылық қылсаң не етеді.
Ажал қуып жетеді,
Мінезге бағым табылмас
Әдетіне кетеді.

## КЕЛЕШЕКТЕН МӘЛІМ ЖОҚ
### (Шортанбай жырау)

### Айтушы Жаманқұл Жанжұманұлы

Қарқаралы кербез жаз,
Сарысу бой үйрек қаз,
Толағай толы қалың мал,
Нұраның бойы ну көк тал.
Киігі мыңдап жосыған,
Торғай ыстық көзіне.
Ұлары шыңда шулаған,
Ұлытау бойы береке,
Сенімің бар ма осыған,
Бұйырар деген өзіңе.
Осы үшін жұртым айтам наз,
Қарағай басын шортанның,
Секірмей-ақ, шалғаны,
Көк көз сары дұшпанның,
Көкшетауды алғаны,
Малыңды санап жатқаны,
Басыңа пәле салғаны.
Балығы жылқы жусатпас,
Бақасы кісі ұйықтатпас,
Сарысу, Нұра, Ертісті,
Құланы кетпес арқаны,
Аузы түкті жалмады.
Сілкіне алмай елім жүр,

Ат үсті мүлгіп ұйқыбас,
Жөн сілтеген ханың жоқ,
Жұрт сенетін наным жоқ,
Сөзбен ғана ширатам,
Бұл іске шашар малым жоқ,
Қайтейін енді, қазағым,
Келешектен мәлім жоқ.

## ҚОЖА, МОЛДА

Бұл асылық асқан заманда
Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп,
Сәлдесін үлкен орасып,
Жауған қардай борасып.
Жамандары ішінде
Жан-жағына қарасып,
Үлкен молда десін деп,
Мәселеге таласып.

Қыстың айы өткен соң,
Жаздың айы жеткен соң,
Жауырларын желдіктеп,
Туғансырап келдік деп,
Зекет, нияз сұрасып,
Бірінің айтқан сөзіне
Бірі тұрар ұнасып.
Ең мүсәпір қорықсын деп,
Мұңайған болар жыласып,
Өздері жылай-жылай жүргенсіп,
Намазды бүтін білгенсіп.
Ұрлық қылсаң неттің деп,
Су түбіне кеттің деп,
Ойнас қылсаң жаздың деп,
Сайтан келсе аздың деп,





Тәжі алғансып қолына,
Тұмар тағып мойнына,
Бойын жуып пәктемей,
Нәпсісін тыйып тек демей,
Намаз оқыр дәретсіз.
Ендігінің молдасы
Залымның боп жолдасы,
Мені молда десін деп,
Құдайды алдар әдепсіз.

*(«Тар заманнан» )*

Япырым-ау, елге болыс, би
Дұрыс басшы болар ма?
Ұрлық етін қақтаған,
Арақты ас қып сақтаған,
Адалды сірә бақпаған.
Қылған ісі ұрлық-ты,
Кедейге қылар зорлықты...

*(«Тар заманнан» )*

## АҚЖОЛТАЙ БАТЫР

*(Дастан )*

Атақты ер Ағыбай Шұбыртпалы,
Белгілі сарбаздарын шұбыртқаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұхарбай,
Бұларды соңына ерткен Кене ханы.

Мал үшін ерлік құрған емес,
Салғаны жанды ортаға елдің қамы.
Солардың біреуінен сөз бастаймын,
Әлеумет құлақ салса бұған тағы.

Жау шабу мирас қалған Абылайдан,
Бұл әдет Кенесары, Наурызбайдан.
Кененің жауға шапқан бас батыры -
Бастайын аз әңгіме Ағыбайдан.

Батыры Кенекеңнін, өңшең саңлақ,
Әр елден жүйрік атты алған таңдап.
Арқаның алпыс тарау бойын өрлеп,
Жақсы атпен жігіттері жүрді алшаңдап.

Дұшпанға анталаған ұстатпады,
Кенекең талай шапты, бір шаппады.
Аруақты Кенесары, Наурызбайға
Жортқанда қарсы келіп жан батпады.

Ағыбай - аға батыр үлкен жасы,
Жөн айтар Кенекеңнің замандасы.
Қай жерде жақсы ат болса жый деп еді,
Барады бастан асып жау айласы.

Жігітін жаман атқа мінгізбеген,
Кенекең алты алаштан ат іздеген.
Аттанып бір жорыққа Ағыбайы,
Ат іздеп жасақ үшін күн-түн кезген.

Сұйық жал, қаншыр мойын, күміс құйрық,
Кең танау, омыраулы, тіп-тік иық.
Бір ел бар деп естіді күншығыста
Жылқысы аса сұлу, мінсіз жүйрік.

Бір адам Ағыбайға мақтайды кеп,
«Жорғасы судай желіп, шаппайды», - деп.
Біреу емес, мақтайды бірқатар жан,
«Биесі жабы тұқым таппайды», - деп.





Ағыбай ыңғайланды: «Барайын», - деп,
«Сол елді болса да алыс табайын»,- деп,
Аттанып сәурік пенен байтал әкеп,
«Жүйріктен өсім-тұқым алайын», - деп.

Ағыбай бұл сапарға ыңғайланды,
Қасына жеті жолдас ертіп алды.
Жүйріктен өсім-тұқым алайын деп,
Бет қойып Күншығысқа кете барды.

Сол кезде жер ортасы келген жасқа,
Жан-жаққа сапар шеккен бұдан басқа.
Аз жүрді, көп жүрді ме - белгісі жоқ,
Келіпті Қызылқайнар, Тектұрмасқа.

Тектұрмас самал, салқын мұнары бар,
Атарлық арқар, бөкен, құланы бар.
Жолаушы, жолшы керуен қонатұғын
Түбінде Қызылқайнар бұлағы бар.

Жігіттер, тыңдасаңыз, мінеки кеп:
Келетін бұл бұлаққа жолшы да көп.
Келіп-кетер адамы көп болған соң,
Қойыпты Қызылқайнар, Тектұрмас деп.

Келеді ер Ағыбай өрге салып,
Қорықсын адамзаттан бұлар нағып.
Ұмтыла күн ішінде жүрді бұлар,
Қарауылды аламыз деп ерте барып.

Астында бусандырып мінген атын,
Тастамай батырлықтың салтанатын,
Ат қаңтарып, суытып жата кетті,
Келіп Қызылқайнарға таңға жақын.

Оянды таң атқан соң көзін ашып,
Жатсын ба жамандарша ұйқы басып.

Басына Қарауылдың Таңбай шықты,
Өзгесі ыстық қылды, бақыр асып.

Жолдастар ыстық қылды, асып бақыр,
Отырды от басында өзге батыр.
Ер Таңбай Қарауылға қарап тұрса,
Елсізден бір атты адам келе жатыр.

Аттыны келе жатқан Таңбай көрді,
Таңырқап: «Не қылған жан мынау?» - деді.
«Елсізден бір атты адам келеді», - деп
Ойдағы Ағыбайға хабар берді.

Батыр айтты: «Келе ме бері таман?
Кетті ме жын көрініп әлде саған?
Елсізде жапа-жалғыз келе жатқан,
Япыр-ай, оның өзі неткен адам?»

«Осы жер ел жоқ, күн жоқ жапан дала,
Тектұрмас сан біздейге болған пана.
Бет бұрмай осы араға келе ме екен,
Шықтағы Қарауылға қайыра қара».

Ер Таңбай Қарауылға қайта барды,
Жалғызға келе жатқан көзін салды.
Келді де Ағыбайға хабар айтты:
«Осы жерге тұп-тура келіп қалды».

Келді деп осы жерге хабар айтты,
Бұларды неткен жан деп таңырқатты.
Қолында ырғай шоқпар, сойылы бар,
Кезеңнен шыға келді ақсұр атты.

Айтқанша, ақсұр атпен шыға келді,
Өрімдей жап-жас жігіт, бұлар көрді.
Жіңішке, ұзын бойлы, тіп-тік, сида,
Отырған батырларға сәлем берді.





Иіліп сәлем берді бұларға кеп,
Тұлғасын Ағыбай да ұнатты бек.
Қасына кеп, танығандай амандасты:
«Есенсізбе, ер Ағыбай-ағеке», - деп.

Сөйлесе сөйлер сөзге сондай епті,
Айтқан жоқ мұнан басқа бір сөз тіпті.
Түсіп атын, басына іле тастап,
Жеңін жастық қылды да, жата кетті.

Етегін төсек қылып қалды ұйықтап,
Именіп бұлар қорқып қалды тоқтап.
Қорқады бір кісіден сегіз батыр,
Ерлігін елден арнап шыққан баптап.

Ағыбай ойлап отыр әрбір ойды,
Жіңішке бала жігіт сида бойлы,
Өздері асқан етін жеді-дағы,
Тағы да оған дәмді істеп қойды.

Ұйқысы түрегелді әбден қанып,
Бұлақтан дәрет алды, түзге барып.
Бір ауыз жөн сұраған жауабы жоқ,
Алдына асқан дәмін берді салып.

Отырып дәмін ішті асып-саспай,
Бұрылып басқа жаққа қадам баспай.
Бұларға қарамады мойнын бұрып,
Батырлар бір сөз айтпай қалды отырып.
Бір ауыз тым болмаса хош деместен
Әлгі келген жағына кетті жүріп.

Ағыбай айтты: «Мынау не қылған жан?
Мен мұның мінезіне қаламын таң.
Мынаның жайын білмей үйге барсам,
Өлімнен артық маған үлкен арман».

Атына бұ да мінді: «Барайын, - деп, -
Мұндайдың көріп едім талайын», - деп.
«Мынаның жайын білмей бос қалғанша,
Қасына еріп өліп қалайын », - деп.

Атына мінді Ағыбай қайрат етіп,
Қарамай әлгі жігіт қалған кетіп.
Аяңдап кетіп бара жатыр екен,
Артынан қуа шауып келді жетіп.

Бұларға Ағыбай жолықты кез,
Жан емес жолдас болған сыр-мінездес.
«Жарайды, Ағыбай аға, қош келіпсіз», -
Деді де, жүріп кетті айтпай бір сөз.

Келеді екі батыр - жан батпайды,
Қарысып бірін-бірі ұнатпайды.
Елсізде жолдас болған екі батыр,
Екеуі бір-біріне тіл қатпайды.

Астында қинамайды мінген атын,
Тастамас батырлықтың салтанатын.
Алдынан екеуінің жусап тұрған
Бір құлан тұра қашты кешке жақын.

Құланды екі батыр қуып кетті,
Атына қамшы басып екпіндетті.
Ағыбай тозаңына ере алмады,
Ұзатпай жас батырың барып жетті.

Құланға құрық салды ағындатып,
Секіргенде қайыра қалды тартып.
Ауыз омыртқа үзіліп салмағымен,
Жығылып қара жерде қалды жатып.

Бала айтты: «Ағыбайым, тез түсе қал,
Арам өліп кетпесін, бауыздай сал.





Айнала қабырғадан іре дағы,
Өзге етін керек қылмай, қазысын ал».

Қазысын алды-дағы жүре берді,
Кеш батып, бір бұлаққа бұлар келді.
Атынан түсті-дағы әлгі бала,
Даладан етегімен тезек терді.

Ағыбай о да қарап тұрсын неғып,
Қам қылды дәм істерлік түрін танып.
Реттеп бағанағы тамақтарын,
О дағы бақыр асты шақпақ шағып.

Ыстығын істеп ішті күн батқанша,
Ат суып демін алды ел жатқанша.
Аттарын мықтап тұсап қоя беріп,
Екеуі қалады ұйықтап таң атқанша.

Таң атып, тағы жүрді екі батыр,
Еш нәрсе ойламады болып қапыл,
Қамысы шытырмандай жөнсіз қалың,
Жағалап бір өзенді келе жатыр.

Барар жер мағлұм емес, бұларға алыс,
Толқиды сумен бірге қалың қамыс.
Жағалап сол өзенді келе жатса,
Ақырып түрегелді бір жолбарыс.

Ағыбай сескенді де шошып қалып,
Айнымай әлгі бала тұра қалып,
Ышқынып қарсы келіп шапшығанда,
Шоқпармен сыңар қолдан қалды салып.

Шоқпармен жолбарысты бір-ақ қақты,
Бір ұрғанда-ақ өлген иттей домалатты.
Екі көз екпінімен шығып кетіп,
Жығылып шекесінен жерді қапты.

Сескенді ер Ағыбай мұны көріп,
Бұлар атынан түскенше қалған өліп.
«Айнала қабырғадан іре дағы,
Ал, - деді, - бауыр жүнін екі бөліп».

Ағыбай айтқанының қылды бәрін,
Білмейді онан басқа не қыларын.
Баланың қайратына жан пар келмес,
Батырдың қорқып көңілі болды жарым.

Үкімі бұл баланың сондай қатты,
Жолдас боп он шақты күн дәмін татты.
Екеуі кешке шейін жүрді-дағы,
Кеш болып, бір бұлаққа тағы жатты.

Ағыбай ұнатпайды бала түрін,
Шыбықтай бала жігіт көзге көрім.
Бұл күні күндегідей көп жатқан жоқ,
Ертерек жүріп кетті таңнан бұрын.

Әңгіме, бұларда жоқ ойын-күлкі,
Бұл күнде ұйықтаған жоқ тынышты ұйқы.
Жағалап бір өзенді келе жатса,
Кездесті қарсы алдынан қалың жылқы.

Жолдасы қасындағы жері де жат,
Жас бала жаннан асқан асыл болат.
Жылқының бір ретті ортасында
Жайылған жүзден артық шабдар қасқа ат.

Бала айтты: «Немене көрген күнім,
Болмаған сабаз едім ешбір мінім.
Жануар өңшең бірдей шалқасқалар,
Менікі бола-тұғын бар ма күнің? »

Ағыбай келе жатыр, не біледі,
Атына қамшы басып тебінеді.





Ақты боз елең-алаң болған шақта
Алдынан бір қалың ел көрінеді.

Ағыбай: «Түстім, - дейді, - қандай жолға?
Тәңірім-ай, сапарымды өзің оңда».
Арасы екеуінің бір шақырымдай,
Көрінді елден оқшау екі орда.

Ертерек елді көрді батыр,
Уайым ойламайды болып ғапыл.
Күрсініп ақсұр атқа қамшы басып,
Бет қойып төменгі үйге келе жатыр.

Ағыбай келе жатыр қасын жанап,
Ергені бала жігіт жаңа талап.
Ішінен ақ орданың шықты-дағы,
Бір әйел тура жүрді қарсы қарап.

Алдынан әйел келді жылап-еңіреп:
«Бейшара-ау, жалғыздықтан тарттың бейнет.
«Көзіме енді көрінсе өлтірем», - деп,
Қайрайды қатты тісін әлгі жендет.

«Бейшара, мұнда келіп не көресің?
Жеткені ажалыңның, енді өлесің.
Жалғызым, ақыретте табысалық,
Жалғаннан сапар шегіп жөнелесің».

Атынан түсе қалды анадай кеп,
Кернеп тұр байқағанға ашуы кеп.
Батырға осы арада бір сөз айтты:
«Бар болса бер, Ағыбай, қанжарың», - деп.

«Осы жерде тілектес боп сіз тұрыңыз,
Кешікпей, аман болсам, шығармын тез.
Егер де үйден шықпай өліп кетсем,
Бас сақтар ақсұр атпен қам қылыңыз».

Соны айтып әлгі бала қалды кетіп,
Ойлайды қалды екен деп әлде нетіп.
Үйге бала кіргенде қатты қорқып,
Тер ақты Ағыбайдан дір-дір етіп.

Сөйтті де, ол ойлайды болып қашпақ,
Шошыған соң жүректі қайтып баспақ!
Сиынып тәуекелге тұрды-дағы,
Баланы кетемін деп қайтып тастап.

Тұрғаны жанды қиып осы жолға,
«Ең әрісі - өлермін, - деп, - түссем қолға».
Бала үйге кірген соң көп кешікпей
Шықырлап шыр айналды әлгі ақ орда.

Ағыбай әр сапарда болған жолы,
Тұрғаны сабырлық қып қайрат молы.
Аздан соң бала үйден шыға келді,
Қан болып қанжары мен екі қолы.

Бала айтты: «Отырмысың, Ағыбайым,
Менің көп айтылмаған сізге жайым.
Жанға қас дұшпанымнан құтқарды Алла,
Отырмай, атыңа мін, «Ақжолтайым».

Атқа мініп, төменгі үйге келді,
Алдынан қатын зар еңірейді.
Бейшара зар еңіреп жылап тұрып,
«Залымның халі-жайы қалай?» - дейді.

«Сұм залым жұртты жеңген баяғыда,
Шіріткен жан біткенді таяғына,
Ақжолтай Ағыбаймен жолдас болып,
Түсірдім ішек-қарнын аяғына».

Бұл бала мұны айтады гүл-гүл жайнап,
Жұрт жылап қуанып жүр я Құдайлап.





«Төсек сал жолы құтты батырыма,
Астын жұмсақ, жастығын жақсы жайлап».

Қуанып байғұс қатын төсек салды,
Біреуден-біреу естіп хабар алды.
Жұрт шулап абыр-сабыр, қуанып жүр,
Төсекте ер Ағыбай ұйықтап қалды.

Ұйқы ұйықтап тұрды батыр кешке таман,
Қуанған көрсе халық жақсы-жаман,
Аллаға шүкірлік деп қуанып жүр,
Дұшпаннан құтылған соң есен-аман.

Бұл елге рақым етті бар Құдайым,
Көп айтып қуанышын не қылайын.
Ас ішіп әңгімеге айналған соң,
Сұрады енді Ағыбай бала жайын.

Бала айтты: «Ей, батырым, қара маған,
Жаман көп еш нәрсеге жарамаған.
Жөн айтпай дәл он бес күн жолдас болдым,
Айтайын мен жөнімді енді саған.

Тыңдасаң, менің жайым бір үлкен кеп,
Кебімді мен отырмын қозғайын деп.
Бай екен менің әкем өзі жалғыз,
Дәулеті көп мейлінше, перзенті жоқ.

Әкемнің жалғыз болған ғазиз басы,
Ағады бала десе көзден жасы.
Өзінде бала да жоқ, бауыр да жоқ,
Бар екен бір туысқан қарындасы.

Бұл адам дәулеті мол, болған мықты,
Көрмеген туып қорлық жаннан тіпті.
Жаралған жат жұрттыққа қарындасын
Бір елге жасы жетіп ұзатыпты.

Әкеме жалғыздықтың сызы батты,
Қайғыртып бас кемдігі жабырқатты.
Әкемнің әлгі ұзатқан қарындасы
Жүкті боп, барған жерде бір ұл тапты.

Әкемнің дәулеті мол, көңілі сынық,
Қайғырған бас кемдіктен болып мұңлық.
Балада қыздан туған қиық жоқ деп,
Жиенін алды асырап бала қылып.

Әкемнің жиен жүрді баласы боп,
Алып жүрек арыстандай қуатты бек.
Жүкті боп өз шешем де мені тапты,
Жиеннің жолы құтты, ақжолтай боп.

Ешкімге тигізбейді жиен өзін,
Малы көп жасырғандай жердің жүзін.
Көп малдан сыймай жатқан айдап беріп,
Жиенге әперіпті бір бай қызын.

Көп қылып енші берді және тағы,
Қондырып бөлек ауыл қойған шағы.
Бар шығар ең кем болса екі мыңдай,
Көп жылқы сонікі еді бағанағы.

Бұл жиен мықты болды арыстандай,
Жері жоқ кейін қалған еш жарыстан.
Қызы сұлу, орыны онан да артық,
Маған да қыз әперді бір алыстан.

Әкеміз сонан кейін дүние салды,
Қисапсыз мал, артында екі ұл қалды.
Қанша мал садақа қып ат шаптырып,
Қондырдық құтты орнына байғұс шалды.

Адамға не істетпейді дәулет молдық,
Ойым жоқ көрем деген жаннан зорлық.





Мен кенже, жиен үлкен ағам болып,
Сонымен біразырақ дәурен сүрдік.

Жиеннің діні қатты қара тастан,
Адамға қайыры жоқ бала жастан.
Бетіне ешбір адам қарамайтын,
Мейлінше батыр болды жаннан асқан.

Бұл жиен батыр болды қайраты артып,
Екпіні соққан желдей көкті шарпып,
Қанағат өз малына бірде қылмай,
Менің көп бар малымды алды тартып.

Жиеннен мен осындай көрдім қорлық,
Қайратын жаратар ма Тәңірім мол қып.
Қолымды өз малыма бір батырмай,
Есіктегі иттен жаман көрдім қорлық.

Осындай күйге түстім, сорым қалың,
Болмады бір басымда ықтиярым.
Еш адам бұл теріс деп сөз айтпайды,
Себебі жеңіп алған жанның бәрін.

Қараңыз сұм жиеннің ақылына,
Қайырынсыз, қатал іске батылына.
Қоймайды малды алғанмен қара басқыр,
Қызықты менің тағы қатыныма.

Сөйтті де, қатыныма қолын салды,
Көнбесе аласұрып ашуланды.
Қойнымнан жатқан жерде сүйретіп ап,
Еріксіз үйіне апарып жатып алды.

Мен түстім осындайлық үлкен кепке,
Жазылмас душарластым қайғы-дертке.
«Байына көңілі алаңдай береді», - деп,
Мені де ниет қыпты өлтірмекке.

Қатыным бұл ойынан хабар берген,
Пытнә ит қайраты мол жұртты жеңген.
Шыбын жан, мал мен жардан тәтті болып,
Бір түнде ақсұр атпен қаштым елден.

Бір түнде ақсұр атпен кеттім қашып,
Қолға түссем өлем деп жаман сасып,
Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,
Жапанда жата кеттім ұйқы басып.

Жапанға жата кеттім қашып барып.
Алладан мәдет сұрап, жылап, налып.
Тыным алып аз ұйықтап кеткен екем,
Түсімде жетіп келді әкем ғаріп.

Түсімде жетіп келді әкем фақыр,
«Ей, балам, бұл жерде ұйықтап болма ғапыл.
Жанында жеті жігіт жолдасы бар,
Ағыбай Тектұрмаста келіп жатыр.

Жүр, балам, осы араның жолыменен,
Олар да жүріп келді түніменен.
Ақжолтай жолы құтты батыр еді,
Жолдас бол, тез бар, балам, оныменен.

Ағыбай душарласса болып несіп,
Екеуің жолдас болсаң желдей есіп,
Қанжарын екі жүзді қару қылсаң,
Аласың дұшпаныңның басын кесіп».

Қуанып сол түсімнен түрегелдім,
Шын көрсет пазылыңды, Тәңірім, дедім.
Әкемнің түсімдегі сөзін сынап,
Ертерек жетейін деп атқа міндім.
Әкемнің түсіндегі сөзі шын боп,





Отырған бұлақтағы сізді көрдім.
Қуанып, Құдай тілек берер дедім,
Айтқаны әкем фақыр келер дедім.
Сырымды бұған айтып ұқтырмайын,
Артымнан батыр болса ерер дедім.

Мен сізден қанжарды алдым жаннан кешіп,
Барсам, жатыр ұйықтап көңілі өсіп.
Қанжарды қақ жүректен салдым-дағы,
Сілтедім төмен қарай қарнына есіп.

Қарнын ңақ бөлді де қанжар жарды,
Шошынып ұйқысынан сонда оянды.
Шошынып, қару іздеп, қорбаң қағып,
Менің кеп білегімнен ұстай алды.

Ұстап алып, лақтыруға ыңғайланды,
Ұстадым керегеден қорғап жанды,
Қолымнан жұлқылай келіп тартқан шақта,
Теңселіп ақ орда үй шыр айналды.

Орнынан тұрайын деп ұмтылғанда,
Ішек-қарны аяғына түсе қалды.
Ұстаған білегімнен қолы босап,
Сылқ етіп өлерше боп кете барды.

Ей, батырым, осындай менің жайым,
Құтқарды сұм залымнан бір Құдайым.
Алдыңнан толысынша мал айдап кет,
Бұл малды сенен аяп не қылайын.

Кәпірден жаман қорлық көргенім бек,
Зарынан жұрт қорыққан уайым жеп.
Көп жылқы бағанағы сол иттікі,
Бір жақта менің жылқым онан да көп.

Ақжолтай, Ағыбайым, сенің атың,
Жайылған жер жүзіне салтанатың.
Ақ ордадан шығып келіп, зар еңіреген,
Көргенін, бағанағы біздің қатын».

Сыр айтты бала бұған жайлап,
Ағыбай көп отырды артын ойлап.
Топтан тоғыз тұлпарды таңдап алды,
Жылқының не қылмақшы бәрін айдап.

Біреуі сол тоғыздың Ақауыз ат,
Порымы жануардың жылқыдан жат.
«Сауға», - деп ер Наурызбай сұрап алды,
Жүрісі, сүйегімен бәрі де ұнап.

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Дәл бір кез, қырым ет жоқ кесер басы.
Қақпанбел, қамыс құлақ белдемелі,
Ағаштың бөлігіндей қабырғасы.

Төрт елі қабырғасы енді, жалпақ,
Шіреген шақпақ еті, бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ.

Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң шайқап-шайқап.
Сыртылдап шын қызғанда құйысқаны,
Лоқымас жар, су келсе онан тайқап.
Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан оның қарап тұрсаң байқап.

Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғаңда кере қарыс.
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай,
Танауын десең болар бейне талыс.





Кез келген иесіне Ақауыз ат,
Арқада әр Наурызбай жүрді алшақтап.
Ежелгі ата-баба кегі үшін,
Жортатын Абылайлап, ұранын сап.

Жортқанда Ақауызды аңқылдатып,
Қолында ақ семсерін жарқылдатып,
Зәресін алған талай сұм дұшпанның,
Асықтай өшіккенді аспанға атып.

Ақауыз Наурызбайдың серігі еді,
Сауна қып Ағыбай беріп еді.
Астында Ақауыз жүрген шақта
Ер Науан жеңілмейтін берік еді.

Бұл сөзді оқып едім жазған хаттан,
Тексерттім өзгерісте табиғаттан.
Өтірік, ертек сөзді өлең қылып,
Ақын көп беталдына еткен мақтан.

Әлеумет, бұл сөз анық, ертегі емес,
Таралған үлкендерден осы кеңес.
Кездескен шежіреде ердің сөзін
Құлағын естігенде қағады елес.

Тарқаттым Ағыбайдың мына тойын,
Шу қылған қызықпенен Шудың бойын.
Аманат жан ұяда тыныш тұрса,
Аудармақ баспа сөзге ендігі ойым.

Атыбай сан ажалдан кеткен аман,
Ат қойған «Ақжолтай» деп барлық ғалам.
Жамиғат, айтушыны айып етпе,
Осымен сөз аяны бітті тәмам.

# ҚАРАКЕСЕК

*(Дастан )*

Бастайын «бісміллә» деп сөздің басын,
Тарихтың аударайын біраз тасын.
Кешегі үлкендердің сөзі еді,
Ендігі кішілерге мұра қалсын.

Сағым сел, сансыз көлді, жері - Арқа,
Ел жайлап Сарыарқа толған малға.
Құба жон мекен еткен үш арыс ел,
Жоқ еді зәрулігі малға-жанға.

Бір хақтың билігінде кім туады,
Кіндік кесіп, кіріңді кім жуады.
Біреудің баласы еді үш ел басы,
Белгілі әлімсақтан шынтуайты.

Тараған Жанарыстан жалпақ Арғын,
Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Керей бар-тын.
Уақты, басқасын да қоя тұрып,
Арғынның сөз етейін біраз халқын.

Арғыннан туады екен Қара қожа,
Онан соңғы Ақжолды дейді мырза.
Ақжолдың жеті ұл туды тоқалынан,
Біртіндеп таратайын болсаң ырза.

Ақсопы, Қарасопы, Арықсопы,
Сарысопы, Момынсопы, Имансопы.
Жетісудың ең кенжесі Мейрамсопы,
Тұрақты бәйбішеден туған жалқы.





Мейрамның бес баласы - бес арыс ел,
Орта жүз - атаң Арғын, бір асқар бел.
Ұлы жүз, Кіші жүздің арасында,
Жайлаған Сарыарқаны шарқарлы көл.

Қуандық, Қаракесек - жапсар ауыл,
Жасынан бір туыпты болып бауыр.
Мейрамда көп өскені осы екеуі,
Бұлардан шықты жақсы талай тәуір.

Алладан жазуға деп хат алғанмын,
Шежіре жазбай тағы жата алмадым.
Болаттың біле жүрсін былайғы жұрт
Қалайша Қаракесек атанғанын.

Сыр қызын Мейрамсопы алған екен,
Жеңгесі ертіп келіп салған екен.
Жау шауып екі арада, ел бүлініп,
Қайта алмай осы Арқада қалған екен.

Емшекте жеңгесінің бар баласы,
Үш адам келген еді айналасы.
Біреуі Арыстан баб тұқымынан,
Бірге өскен бай қызының жан жолдасы.

Тағдыр ғой, әйел мен қыз қалып қойды,
Мейрамсопы ойлады әрбір ойды.
Біз үшін ел-жұртынан айырылды деп,
Жеңгесін ақылдасып алып қойды.

Ел өскен аналардан енді жаңа,
Бір хақтың ризығына толған дала.
Ел болды біразырақ Қамбар деген,
Манағы емшектегі келген бала.

Әйелден қыздай алған туды төрт ұл,
Қуандық, Сүйіндікпен - екі деп біл.
Бегендік, Шегендікпен - бұл төртеуі
Бірге өсіп, біте-қайнап, болған бір тіл.

Жеңге алған әйелінен - Шуыртпалы
Туғаннан жалғыздықты ұмытпады.
Төртеу бір, бұлар екеу - екі атадан,
Екеуін ойнаса да жуытпады.

Жыл жылжып, күндер өтті талай-талай,
Сыйлаған екі әйелді барлық маңай.
Екеуі оңашада ақылдасты,
Болады Қарқабаттың жайы қалай.

Біреуге ұзатуға қимай жүрді,
Туысқан ақылдасып талай түнді.
Тағдыры не жазады, күтелік деп,
Зер салып айналаға құлақ түрді.

Екеуі сонымен жүрді біраз,
Қыс өтіп, келесі жыл болады жаз.
Сарқырап тауда өзек, сайда бұлақ,
Көлдегі қиқулаған үйрек пен қаз.

Екі әйел сыры бірге, жаны бөлек,
Сөйлейді бірін-бірі тосып, елеп.
Екеуі суға барып қайтқан еді,
Көреді сол жағдайды тағдыр жебеп.

Екеуі келе жатса Қарқабат та
Қайтыпты суға барып сол сағатта.
Отырған Қарқабаттың орнын көріп,
Екі әйел қалды сонда бір ғажапқа.





Дәреті жерді жыртып кеткен екен,
Жыртысы бір қарысқа жеткен екен.
Екі әйел ішін тартып таңғалысты,
«Қарқабат шын асыл жан, неткен екен».

Екеуі мұны көріп үйге қайтты,
Сопыға көргендерін келіп айтты.
Алла жазса тегі асыл болады деп,
Мақтады қайта-қайта Қарқабатты.

Қор қылма бұл аруды жатқа деді,
Жақсылап тәрбиелеп, сақта деді.
Екеуміз қызғанбалық, тоқалдыққа ал,
Қол жетпес мұндай асыл затқа деді.

Мейрам да қарсылықсыз көне қалды,
Уәде «жарайды!» - деп бере қалды.
Қидырып ақ некесін молдаларға,
Үшінші тоқалдыққа мұны да алды.

Билігі бір Алладан күндер өтті,
Бойына Қарқабаттың бала бітті.
Тоғыз ай тоғызымен өткеннен соң,
Баланың туатұғын күні жетті.

Ұл туды күні жетіп Қарқабаттан,
Қарқабат қуанышқа сондай батқан.
Жаратқан жарылқаса ұл береді,
Деген сөз бар емес пе ақиқаттан.

Әйелдің қалжасына құлын сойды,
Қуанып Мейрамсопы қылды тойды.
Нағашы тегінің деп құрметіне,
Баланың Болат қожа атын қойды.

Ерекше бала Болат бітімі де,
Айрықша анасының күтімі де.
Тілейді бір Алладан күні-түні
Түзуден шықса екен деп түтіні де.

Болаты болып өсті сері көңіл,
Таныған өжеттігін айнала-өңір.
Қиынның қандайынан жалтармайды,
Не істің тауып кетер ыңғай-ебін.

Досынан барлық сырын жасырмайды,
Қастасқан адамына бас ұрмайды.
Біреуден тәкаппарлық көре қалса,
Алғанша онан кегін басылмайды.

Қуандық - сыйлайтұғын үлкен аға,
Жақсы аға, ініге де жақсы жаға.
Мінезі бола қалса тым қаталдау,
Ініге қоя қоймас жақсы баға.

Үлкеннің ыңғайымен өскен бәрі,
Мінезі Қуандықтың әрі-сәрі.
Кейінгі інілерге күш көрсеткен,
Келмес деп төртеуіне мұның әлі.

Ежелден Мейрамсопы жуас кісі,
Тоқалдан туғандарға бұрады іші.
Балалар бәйбішеге ырық бермей,
Кей-кейде өз бетімен қылады істі.

Жыл жылжып, өлшеулі күн - мезгіл өтті,
Аттанар бұл дүниеден уақыт жетті.
Тараған алты арыс ел бір өзінен,
Мейрам да қайтпас сапар жолға кетті.





Алла алған аманатын сәт қолайлы,
Атаның жатқан жері болсын жайлы.
Көрмеген көшесінен жарылқа деп,
Ұрпағы әлденеше қолын жайды.

Әке өлді, қалды оның балалары,
Қартайып, еңкейеді аналары.
Сыйыспай артындағы мал-мүлікке,
Ашылды араз болып аралары.

Шайтанның іс қылады оңбасында,
Асықты ірірісті жолды ашуға.
Қуандық:
Бүк, шік, алшы, тәйке - менікі деп,
Болат тек сиыныпты омпысына.

Бір Алла іс етерде асыға ма,
Алла ісін көрмей көңіл басыла ма.
Шиырып тастағанда тай үстінен,
Омпадан тұра қалған асығы да.

Қайғыда қалды қамқор аналары,
Бәрінің Мейрам еді паналары.
Ұстауға балалардың басын қосып
Келмеді аналардың шамалары.

Бір күні ауыл көшті жайлау жаққа,
Қуандық әуелден-ақ құмар баққа.
Азырақ қатты сөзге келіп қалды,
Таласып Болатпенен мінер атқа.

Үлкен деп Болат оны сыйламады,
Айылын онан қорқып жинамады.
Араз боп бір әкенің балалары,
Төртеуі басын қосып жиналады.

Болат та ашуланды көзі жайнап,
Дүрлікті мұны көріп ауыл-аймақ.
Қамбар мен Шуыртпалы жанжал болса,
Болатқа болысуға тұр ыңғайлап.

Біреулер ертіп келді аналарын,
Қарашы аналардың даналарын.
«Сендерге не жетпейді, қойыңдар!» - деп,
Таратты ұрсып-ұрсып балаларын.

Сөйтсе де іштерінде кегі қалып,
Татулық көңілдерін шайтан шалып,
Жүгініп ескі қазақ ғұрыпына,
Бөлінді бір-бірінен енші алып.

Баласы бәйбішенің өңкей қасқа,
Ержетіп ие болған мал мен басқа.
Аз беріп сыбағалы еншілерін,
Қиянат қылды сонда екі жасқа.

Шыдамай бұл қорлыққа Болат бала,
Қамбар мен Шуыртпалыны қасына ала,
Бір түнде бар жылқыны айдады да,
Жөнелді қайдасың деп Бетпақдала.

Елсізде бұлар келді бір қораға,
Бел шешіп демалысты сол арада.
Жылқының қалың сүрлеу ізіменен
Қуғыншы ертең жеткен бұл араға.

Қуандық, Сүйіндікпен келді қуып,
Бегендік, Шегендікпен оған жуық.
Оянып уақытысында Болат қожа,
Бұлаққа жатыр еді бетін жуып.

Қақтығыс бола кеткен жайдан-жайға,
Ағайын өкпелескен қотыр тайға.





Қораға сонда Болат жүгіреді,
Сол жерде істемекке амал-айла.

Қораны соққан екен қара шымнан,
Ер Болат қорқар емес қуғыншыдан.
Жалма-жан қарашымды қолына алып,
Қуғыншы ағаларын шыммен ұрған.

Қораға қуғындар да жуықтайды,
Болат та шыммен ұрып жуытпайды,
Жылқыға ие болып Қамбар тұрды,
Көрсетті көп қайратты Шуыртпалы.

Түс ауып, кешке дейін болды жанжал,
Қылады кімге опа дүние мен мал.
Дәл тиіп лақтырылған бір кесектен,
Бет-аузы Қуандықтың болды дал-дал.

Бола ма төбелесте ешбір есеп,
Тұра ма ұра бер деп арқа төсеп.
Қолына ұстағаны қару емес,
Қораны қалаған шым - қаракесек.

Ер Болат бір кесекті қате алыпты,
Оқыста бауырына тақалыпты.
Ағасын қара шыммен ұрып жығып,
Сондықтан Қаракесек атаныпты.

Қан бірге, қайда барад, болды бітім,
Тай сойып Қуандыққа, етті күтім.
Баласы бір әкенің - намыс бірге,
Намысын бермей келед, сырты бүтін.

Алланың жебеуімен өскен халық,
Қамбар мен Шуыртпалы бірге қалып.
Ұрпағы екеуінің күні бүгін
Ішінде Қаракесек жүргені анық.

# ШОРТАНБАЙ МЕН ОРЫНБАЙ АҚЫН АЙТЫСЫ

*Шортанбай:*
Жаратқан бәрімізді бір Құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын.
Атыңа анық, түсіңе танық едім,
Жолың болсын, жүрмісің, Орынбайым.

*Орынбай:*
Дуана қожа атасы барар Мекке,
Мейрамға имам болған жалғыз, жеке.
Жолың болсын дегенің жақсы лепес,
Құдай берсе, мол болсын, е, Қожеке.

*Шортанбай:*
Өлеңге бір кісідей тынысың бар,
Бақ берген тіл мен жаққа ырысың бар.
Барымташы кісідей, мол болсын деп,
Әлдеқандай кісіде жұмысың бар?

*Орынбай:*
Былтыр сізді шақырды Құсбек батыр,
Хан шақырса, не тұрсын ақын, батыр.
Ақ сұңқардың дидарын көрейін деп,
Орынбай сол жарлықпен келе жатыр.

*Шортанбай:*
Айтасың мақтан қылып батыр ханды,
Ар көресің құр келіп бақырғанды.
Билейтін ел бітімін би емессің,
Құсбек сені не қылсын шақырғанда.





*Орынбай:*
Қожеке, ханға тағы сөйлеймісің,
Ханыңды шақырма деп билеймісің.
Ішің тар, бұл қайдағы жарықтықсың,
Тыңдамай хан шақырса қой деймісің?

*Шортанбай:*
Еліңе мен насихат көп айтамын,
Бар демей беті-жүзің, тік айтамын.
Елімнен былтыр алып кетіп едің,
Ұялмай тағы келдің бе деп айтамын.

*Орынбай:*
Төреңнен алатұғын алымым бар,
Жақсыдан алып өскен қалыбым бар.
Төреңе әлің келсе бердірмей бақ,
Күндесең алғаныма ішіңді жар.

*Шортанбай:*
Орынбай Тұрлыбекке ерген екен,
Әркім-ақ сұрамшаққа берген екен.
Елімді өзім жоқта қойдай шауып,
Бұл мұңдар сонан дәндеп келген екен.

*Орынбай:*
Қожеке, соны сөз деп айтармысың,
Қуанып бердірмесең қайтармысың.
Мейрамның қарлығаштай малын қорғап,
Қызғанған Тәңір малын сайтанбысың?

*Шортанбай:*
Білдің бе сөйткенменен берерімді,
Бағана біліп едім келеріңді.
Жан жоқ деп менен басқа мақтанасың,
Түк бермен, асырмасаң өнеріңді.

*Орынбай:*
Шығыпты Орта жүзге атың, Қожа,
Айтасың әлімдікпен батыл, Қожа.
Көздерін сендейлердің уқалаушы ем,
Кім болар бергізбесең атың, Қожа.

*Шортанбай:*
Орынбай, Тұрлыбекпен келді, кетті,
Әй, бәлем, бергізбеспін, сөзің өтті.
Жалынсаң, Қожеке деп, кешер едім,
Түбіңе, сорлы, өзіңнің сөзің жетті.

*Орынбай:*
Қожеке, сырттан сұрап сағынғаным,
Құсбектен тәуір болды табылғаның.
Бұл жерде қожа билер Қаратау жоқ,
Арғында сенен сұрап не қылғаным?

*Шортанбай:*
Қарауыл өрши берді шыңдамаса,
Айтпаймын халық кеңес тыңдамаса.
Тіленші елге келген сен деймісің,
Көрейін халық сөзімді бұлдамаса.

*Орынбай:*
Қожасың, қараға жақ жөнің басқа,
Шығыпсың жақпай жалғыз қарындасқа.
Баласын бір Арғынның екі билеп,
Мұндайды кім үйретті сен қу жаққа?

*Шортанбай:*
Болса да баяғыдай заманым жоқ,
Бозбала - бәрің тәуір, жаманың жоқ.
Пір болған жеті атаңа, қожаң едім,
Көрген соң бір заржақты амалым жоқ.





*Орынбай:*
Нәсілің төрт жар дейді, дегдар Қожам,
Алдыңда сөзге жүйрік мен бар, Қожам.
Еліңе дәріс айтып, дін үйретпей,
Қазақтың өлеңінде нең бар, Қожам?

*Шортанбай:*
Тіленші боп ақын да жағады екен,
Ұлықты мақтап, мәнісін табады екен.
Алдына осындайда бір шықпасам,
Жайына қоя берсем жағады екен.

*Орынбай:*
Айтасың жүйріктікпен, шешен Қожам,
Күнәңді тәубе қылсаң кешер, Қожам.
Алдыма шығарыңды қайдан білдің,
Айтасың соны білмей, жетер, Қожам.

*Шортанбай:*
Беріп пе жалғыз саған тіл мен жақты,
Деймісің сөзден кедей біз бейбақты.
Қожаңды жұрт пір қылған жетер дейсің,
Әй, бәлем, ұмыттың ба аруақты?

*Орынбай:*
Деп едім «тілім тиер» мен бағана,
Жаратты қожаны пір Ақ Тағала.
Ишан өлең айтқанын қашан көрдің?
Не өлең, не пірліктен кет садаға.

*Шортанбай:*
Хан, қара шақырған соң келе қалдым,
Жел сөзбен көп алдында желе қалдым.
Қожаны пірлігінен айыратын
Молданы дәріс айтқан көре қалдым.

*Орынбай:*
Қожеке, көп сайтанмен салыспаңыз,
Қараға төре тұрып таныспаңыз.
Айтамын жаным ашып ақсүйекке,
Жасыққа болатынды алыспаңыз.

*Шортанбай:*
Өтерін дүниенің ойламас ем,
Алдында хан, қараның сайрамас ем.
Орынбай елге келген мейман еді,
Әйтпесе бұған жолды байламас ем.

# ШОРТАНБАЙ МЕН АСАН БҰҒЫ АЙТЫСЫ

Шортанбай Қанайұлының жырлары 1993 жылы ғана жеке жинақ болып шықты. Сол кітапта Шортанбай мен Асан Бұғының айтысы, құрастырушылардың қолында болмауы себепті үзінді түрінде жарияланған.

Біз Шортанбай мен Асан Бұғы айтысының толық нұсқасын ұсынып отырмыз. Бұл мәтін Жезқазған облысының Ақадыр ауданы «Өспен» кеңшарында тұратын, сексеннің сеңгіріне шыққан Әбдіғұл ақсақалдан алынды. Ал Әбекең айтысты кезінде тоқсаннан асып, алпысыншы жылдар ортасында қайтыс болған әкесі, есімі республикаға белгілі ақын-жыршы Маясар Жапақовтың айтуында қағазға түсірген.

*Шортанбай:*
Замандасым, ей, Асан,
Тұрақсыз заман, ойласаң.
Бақ шіркінге мәз болма,
Тұрмайды баста байласаң.
Тұрмайтынның себебі,
Арқаны алған мынау жау,





Сені де қоймас түбі сау.
Саудамен тапқан тиынға
Әулиедей сиынба.
Мұсылманның баласын,
Хан, ақсақал данасын
Қыспаққа алған кәпірге
Сенің-дағы малыңды
Тартып алу қиын ба?!
Хақ пайғамбар тұқымы ем,
Медет берген бір ием.
Елдің зарын жеткізіп,
Сөз сөйлеген жиында
Айтыспақ боп менімен
Ниет еттің, ақыным.
Қайыры жоқ сөз айтып,
Кесапатқа көз айтып,
Тектен-текке күпір боп,
Шатыспассың, жарқыным.

*Асан Бұғы:*
Көп сөз айттың, Шортанбай,
Не демейді қу таңдай.
Мешітке ие қожасың,
Жанқұттымен құда боп,
Бар жақсыдан озасың.
Ойламасаң дүние ісін,
Есбаймен неге жақынсың?
Сөзіңе жұрт ұйыған,
Дес бермеген ақынсың.
Кереку, Семей барғыштап,
Ат, арғымақ алғыштап,
Ойлап кеттің бақ ісін.
Сен пайғамбар тұқымы,
Мен Әндіжан қожасы,
Тек сен ғана жақсы боп,
Бәрімізден озбақсың.
Саудамен дүние жиды деп,

Бұл орыстың ісі деп,
Алдымызға тосасың.

*Шортанбай:*
Сөз айтайын Асанға,
Дүниешілікке мақтанба,
Жәрмеңкеде қақтандың,
Дәулетің судай тасқанға.
Дүниеқордың мәнісі -
Жетпіске келді бұл жасың,
Дүниешік болды жолдасың.
Тәнім отқа күймесін,
Тілім менің тимесін,
Арғы атаң аруақты,
Қожасы еді бір елдің.
Жақсыдан шыққан қу келдің,
Ата жолын ұмытқан.
Дін оқытып жөн айтпай,
Жаратушы иені айтпай,
Саудамен кеткен өз басың.
Әндіжандық сарт болдың,
Қай елдің ең қожасы?
Қаратауда туғансың,
Пәленше деген мырзасың,
Сарыарқаға келген соң
Төрт аяқты жорғасың.
Осынша жиған мүліктен
Не көреді қу басың.
Таласың бар жалғаннан
Әлі де болса аспаққа,

Дүниенің боғы үшін
Күнде жосып аптықпа,
Ұяларсың лахатта,
«Мен раббың», - деп сұрағанда.





*Асан Бұғы:*
Қаратаудың халқы едің,
Бір атадан жалқы едің,
Есек мінсек айып не?
Әуелде күнә жанға қас,
Арқаға келер, болар мас.
Мені бүгін сарт дейсің,
Қалжақтан ауыз жимайтын,
Дуалы сөз ішке сыймайтын,
Ала қашпа көк езу,
Сені атады Қызылбас.
Пір болған соң тантыққа,
Қалай заман бұзылмас.

*Шортанбай:*
Жәдігөй жарғыш болмаңыз,
Ақырет қамын ойлаңыз.
Жасың жетті жетпіске,
Иман бер деп сұраңыз.
Арқаға шығып нан жедің,
Нан жедің де дәндедің.
Сұлуы болса сүйсем деп,
Жүйрігі болса мінсем деп,
Күннен-күнге сәндендің.
Арқадан қылып жайлауды,
Әркімнен алдың байлауды.
Қиямет күні болғанда,
Қандай жерде мекенің
Сен ғаріптің сайлаулы?
Бұл айтқаным - ақылым,
Аталас туған жақыным,
Қиямет күн кез болса,
Пайдасы болмас қапының.
Ағартты Құдай басыңды,
Өлшеп те берген жасыңды,
Сауда деген - елді арбау,
Қоярсың енді осыңды.

# ШОРТАНБАЙ МЕН ШӨЖЕ АЙТЫСЫНАН

*Шортанбай:*
Әй, Шөже, ғибрат қып сөз айтайық,
Бос мақтан, фәни сөзін аз айтайық.
«Сен жеңдің, мен жөндімін» - еш пайда жоқ,
Тілейік мұсылманның амандығын,
Халыққа ой түсетін наз айтайық.

*Шөже:*
Шортеке, ел сыйлаған пірім едің,
Сенімен айтысуға тұрып едім.
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің,
Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді.
Осымен мен сөзімді тоқтатайын,
Алланың сөзін айтып, ғаділет жол,
Алды-артты бірдей орап жібермедің.

# «ЖИЫРМА БЕС» ӘНІ

**Шыңжаң қазақтарының атақты әншісі Хамит Ысқақұлы Шортанбайдың бұл әнін Қазақстаннан алып қайтқан. Ән композитор Ілия Жақановтың қолында сақтаулы тұр.**

Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Қаңқылдап қара қарға бүркіт болмас.

Ит қызыл болғанменен түлкі болмас,
Ойнақтап сиыр үркіп жылқы болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.





*Қайырмасы*

Ахау, өтті-ау заман,
Хош бол, аман, жиырма бес,
Қайта айналып келмес маған.

Жабыдан айғыр салма, жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма, малды екен деп.
Жүйрікті жол үстіне тастап кетпе,
Қан түсіп аяғына қалды екен деп.

Жабыдан жүйрік шықпас баптағанмен,
Жаманнан асыл шықпас мақтағанмен.
Ителгі қайырсаң да түлкі алмайды,
Алтындап томағасын қаптағанмен.

*Қайырмасы*

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Мейірімсіз жаман достан дұшпан артық.
Қолына кей жаманның алтын түссе,
Қадірін біле алмайды мыстан артық.

Кісі емес, кісі артынан жамандаған,
Дос емес, дос көңілін таба алмаған.
Қолына кей жаманның тұлпар түссе,
Қандырып тақым құрышын шаба алмаған.

*Қайырмасы*

Жақсы атқа жасық темір таға болмас,
Ит тері илегенмен жаға болмас.
Үлгісіз үлкендерді үрлесең де,
Қарыны қампайғанмен аға болмас.

Жайлауда сән болмайды жайламаса,
Болмай ма құлын асау байламаса.
Өлген соң жылағанның керегі не,
Тірлікте бірін-бірі сыйламаса.

*Қайырмасы*

## ШОРТАНБАЙ АЙТҚАН ЕКЕН...

Қатынын мақтар қас жаман,
Баласын мақтар нас жаман.
Алыстағы дұшпаннан
Аңдып жүрген дос жаман.

* * *

Құдыққа еңкейгенде басындағы топпысы суға түсіп кетеді. Шортанбай қарманып, ұстай алмай қалады. Сонда былай деген екен ойланбастан:

Басымда топпым ба еді көп көргенің,
Мен бе еді осыншама жек көргенің.
Бар сенгенім сен болсаң, екі қолым,
Кәнеки, тап бергенде - ап бергенің?

* * *

Пенде жоқ тәубе қылған ісін біліп,
Төрт кісі өз жақыныңнан талап алар
Оң жаққа салғаннан соң шешіндіріп,
Қолынан қарындастың келгені сол,
Көрге сап, көміп қайтар көсілдіріп.





* * *

Шортанбай Қарқаралы қаласына келіп, күн батып, шам жаққан мезгілде Қамыт деген бай ноғайдың қақпасын қағады. Қақпаны ешкім ашпайды. Сонда Шортанбай терезенің тұсына келіп, мына өлеңді айтқан екен:

Осы күнгі ноғаймен атамыз бірге
Хауа анадан жаралды.
Бейіштің дүзін көрмесін
Деген екен сараңды.
Сараң пенде кім десем,
Ноғайларға ұқсайтын көрінеді реңді.
Кіргізбейтін кісіні,
Күн батқан соң бекітіп ап қораңды.
Ноғай, сенің салмасын
Мұсылманға жораңды.
Жер ортасы - Көктөбе,
Ноғай ауған жерінен,
Айырылған соң жау алған
Орманбет хан ерінен.
Қазаққа кеп бай болды,
Ашуланса ноғайды
Айдар қазақ елінен.

Қамытбай: «Ойбай, Қожа екен ғой!» - деп өзі шығып, қақпасын ашқызып, құрметтеп, үйіне кіргізіп, отырар-отырмастан он топ кездеме әкеп алдына қояды. Сонда Шортанбай:

Он топ ләңке ал дейсің,
Қоржыныңа сал дейсің.
Ендігі жыл болғанда
Шортанбай атты қожада
Сексен қойым бар дейсің, -

деген екен.

* * *

Құсбек төре дуанбасы болып сайланғанда құтты болсын айта келген Шортанбайға бір айғыр үйірлі жылқы айдатыпты.

Жолда келе жатса, Жамантай хан жылқысының ішінде жүр екен. Келіп амандық-саулық сұрасады.

Жамантай: «Қожа, қайдан келесің?» - депті.

Шортанбай: «Құсбек ханға қайырлы болсын айтып келемін», - дейді.

Жамантай: «Иә, Құсбекті хан қоя алмай-ақ жүр екенсіңдер-ау», - дегенде Шортанбай:

Ежелден өлең айтқан мен Шортанбай,
Тұсында әрбір ханның бір сұрқылтай.
Құсбек хан дуанбасы болып еді,
Мен түгіл өзің қайттің, хан Жамантай, -

дейді.

Жамантай: «Хандықтан айырылған соң жолын ұмытты дерсің», - деп о да бір айғыр үйірлі жылқы беріпті дейді.

Шортанбайдың Кенесарыны Айыртау - Ортауда Орта жүздің ханы деп көтергенде айтқаны:

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта жүз соңына ерген тым ертеден.
Бесата баласынан Жанқұтты бар,
Байсейіт, Дүйсенбай мен Есбай, Қара -
Бір қол боп көрінетін жеке-дара.

* * *

Шортанбайдың Ұлытауда Кенесарыны қазақ елінің ханы етіп, ақ киізге салып көтергенде айтқаны:

Ұлары шулап Ұлытау,
Орыс, қазақ қылған дау.





Алаша хан, Жошы хан,
Қазақтың басы қосылған.
Жалаңаш шапқан ер-жігіт
Қолдаса Құдай келер сау.

* * *

Шортанбайдың Құнанбаймен бірге Ертіс бойына барып, онда сыңсып қонған мұжықты көріп айтқаны:

Ертістің бойы ен жайлау,
Көшіме түсті бір байлау.
Алғанын мұжық аз дейді,
Жер қосып тағы жаз дейді.
Келіп те қапты төресі,
Жоқ шығар бізге бересі.

***Мұхтар Мағауин***

# ШОРТАНБАЙДЫҢ ЖАҢА ЗАРЫ

Шамасы 1967 жыл болса керек. «Абай жолы» романының тарихи негіздері туралы зерттеуін дәйектеу үшін ұлы жазушының қызы, Мұхтар Әуезов музей-үйінің директоры Ләйлә апайымыз Омбы, Ленинград архивтерін тағы бір ақтармақ болыпты. Қасына музейдің аға ғылыми қызметкері Мұратбек Бөжеевті және бір кісіні ертпек екен. Мұрекең Ахмет Байтұрсыновтың жүзін көріп, тағылымын таныған, 20-жылдардың соңында Саратов университетінде оқыған, артынша Мәскеудің Философия, әдебиет, тіл институтын (МИФЛЯ) бітірген, аспирантурадан өтіп, Гончаровтың «Обломовынан» диссертация қорғағалы тұрғанда Алматыға алдырылып, ҚазПИ-де профессорлық қызмет атқарған және көп ұзамай Карлагқа

айдалып, он алты жылдық қапастан аман шығып, көп қиындықтардан соң ғылыми жұмысын қайта жалғастырған, өзгеше тағдырлы адам еді. Аз ғана өтініш жасадым. Абай есіміне, Құнанбай қажы ғұмырына қатысты архив деректерін іздестіру үстінде ежелгі ақын-жыраулар мұрасы ұшыраса қалса, мүмкіндігіне орай, жөн-жосығын тіркеп ала келсеңіз дедім.

Айдан астам жүріп, Ләйлә қарындасымен бірге Мұхаң романына қатысты мол қазына жинап қайтқан Мұратбек аға мені де ұмытпапты. Тіркеп емес, тұтасымен көшіріп, яғни фотосуретке түсіріп, жуан бір папка ескі қолжазбалар жинағын әкеп берді. Мұндағы ең елеулі нұсқа Шортанбай шығармалары еді, елеулі ғана емес, құнды соны мұра, бірақ дәл қазіргі сәттегі қажетті тақырыбымнан тыс. Сонымен, Омбы архивінен шыққан дүние енді менің архивіме түсті.

Шортанбай! Ата қазақтың өткенін зар тұта жоқтаған, бүгінгі күннің барлық қайғы-қасіретін шынайы таңбалаған, болашақ заманының тұманды, күмәнді кеспір-кейпін нақты болжаған соқталы тұлға. Қазақ жұртының отарлық кіріптарлық замандағы ұлттық санасын айғақтаған ұлы жыршы. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын діңгегінің бірі. Бұдан бес-алты ұрпақ бұрын айтқан сөздері бүгінгі ахуалымызбен үндесіп жатқан, сәуегей ақын.

Әлбетте, Шортанбай сөзі советтік-отарлық дәуірде айрықша әсерлі естілетін. Өткенмен қатар, өткеріп отырған заманының бедерлі суреті, ауыр үкімі. Сондықтан да ақын есімі үнемі қудалауда болды, ақын сөзі жарыққа жіберілмеді. Тек жамандауға ғана жол ашық еді. «Жылымық» жылдарында кездейсоқ жағдайда бірлі-жарым бейкүнә шумақтары өтіп кетті демесек, Шортанбай мүлде дерлік жабық жатты. Мұның ең айқын мысалы - біз тоғыз жыл соңында жүріп, қаншама талқы, сүргіннен соң 1984 жылы әрең жарыққа жеткізген «Бес ғасыр жырлайды» антологияның құрамындағы Шортанбайдың, кітап жарыққа шығар, ең





соңғы сәтте баспадан сыдырылып алынып қалуы. Әрине, «Маркс айтқан екен деп, тоқтай алмаймын!» - деп ұлы Ахаң - Ахмет Байтұрсынов айтқандай, тоқтап тұру бойға сыймайтын. Шортанбай есімін біз бұдан бұрын, 1978 жылы Ленинград та басылған «Поэты Казахстана» аталатын алты ғасырлық антологияға енгізген едік. Абайды алғаш аударған атақты Всеволод Рождественский тәржімасында. Екі-ақ толғау, бірақ мәселе санда емес, санатта болатын. Бұдан соң, сол Советтің зәрі қайтпай тұрған 1989 жылы, «Бес ғасырдың» өткендегі кемтігі толтырылған жаңа басылымына енгіздік. Аз-көп емес, тура 100 000 таралыммен шықты. Оның ізін ала, тағы да Советтер заманы, 1991 жылы екі томдық «Ай, заман-ай, заман-ай...» антологиясына, 50 000 таралыммен. Сонымен қатар өзіміз тізгінін ұстап отырған «Жұлдыздағы» еркіндік жағдайымызды пайдаланып, ғылымға белгілі Шортанбайды алғаш рет түгелімен «Зар заман», «Алдаушы жалған», «Бала зарды» түзеу, күзеу, қысқартусыз, табиғи әрі толық қалпында бастырып шығарған едік (1991 ж., № 3.)

Бұл толғаудың өзіндік тарихы, өзгеше тағдыры бар. Шортанбайға сұрау салып, жинастырушы, орыс зиялысы, жасында жер аударылып келіп тұрақтаған семейлік адвокат - Николай Яковлевич Коншин. Этнограф, экономист. Қазақтарға етене жақын, ұлы Абаймен таныс-біліс болған. Аталмыш кезеңде Семей облыстық статистика комитетінің хатшысы. Сақталған деректердегі сөз ыңғайына қарағанда, Шортанбай өлеңдерін жинастырып, қағазға түсіру Қарқаралы қаласында тұратын Қоянбай Тұраров және Жүсіп Бөртебаев деген кісілерге тапсырылған. Жүсіп, сірә, ескілікті ел сөзіне бейім жан болса керек, ал Қоянбай орыстың хатына да, тіліне де жетік әрі мұсылманша тым сауатты кісі екені көрінеді. Шортанбай өлеңдері бастан-аяқ осы Қоянбайдың қолымен таңбаланған. Қолжазба - жиыны он екі бет, әр бет екі бағанға бө-

лінген, бірақ өлең тиесілі әуез, жол-жолымен сақтала қоймайды, көбіне-көп ұйқас та, ырғақ та бұзылып, бір тармақтың басы жалғанып, іркес-тіркес жазыла берген. Оның есесіне таңбалар айқын, бедерлі, нақ-ты. Әрине, қадым жазудың өзіндік ерекшелігі, қазақ тілінің ішкі заңдарына сәйкес келе бермейтін көл-денең қиындығы мол. Әр кісінің өзінше тартатын жөн-жобасы тағы бар. Анығын ажырату біршама ма-шақат екені айтпаса да түсінікті.

Жиыны 611 жолдан құралған өлеңдер топтамасы әр қилы көлемдегі он екі бөлшектен тұрады, әрбір ке-сек жырға сандық ретпен бәйіт атауы беріліпті, яғни үлкенді-кішілі он екі бәйіт. Бұл мұсылманша бірша-ма танымы бар Қоянбайдың өзінше жіктеуі тәрізді. «Түйеге мінген қазақ үш ауыз өлең біледі» дегендей, ақындыққа өзінше әжептеуір талабы бар кісі екені аңдалады.

Қоянбай, адвокат Коншинге қолға түскен барлық ақиқат сөз осы ғана болды деп ескерткенімен, біраз сырды ішіне бүгіп қалғаны аңдалады. Көзге бірден шалынатын жағдай Шортанбайдың бұл реткі толғау, жырларының ішінде Ресей отаршылдығы, патша-лық тәртіп турасында бір ауыз сөз жоқ, ал бұл Шор-танбай мұрасындағы жетекші сарын екендігі белгілі. Қоянбай шіркін отарлық жүйе, саяси бақылау жа-йын тым жақсы білетін әрі өте сақ кісі екені байқала-ды. Әлдененден сезік бар. Сондықтан Шортанбайдың таза қазақ ортасындағы әлеуметтік және тұрмыстық ахуал мораль, адамгершілік әдет-ғұрып төңірегіндегі толғамдарымен ғана шектеліп отырады.

Шортанбайдың біздің заманымызға жеткен мұра-сының ең мәнді әрі көлемді бөлігі «Бала зар» 1888 жы-лы Қазанда жарияланған болатын. Ғасыр соңына дейін, 1890, 1897 жылдары тағы екі мәрте басылған (Жаңа ғасыр басында тағы екі рет). Шортанбай ғұмыр кешкен Сарыарқада кеңінен тараған, оның ішінде бұл заманда қазақ даласындағы мәдени және рухани орта-





лықтардың бірегейіне айналған Қарқаралы қаласын-да айрықша мәшһүр болғаны күмәнсіз. Яғни, Қоян-байдың «Бала зар» жайынан хабарсыз қалуы мүмкін емес. Әрине, кітап жөнін Коншин де жақсы білген. Арнайы тапсырма Шортанбайдың ел арасындағы өзірше беймағлұм жырлары турасында болса керек. Қоянбайда осы міндеттің үдесінен шығуға тырысады. Бірақ кейде қолжазба нұсқалар арқылы да тараған-мен, негізінен ауыздан-ауызға өтіп сақталған, оның үстіне басылған кітап әсерімен жаңғырған толғау-жыр-ларда әр қилы қайталаулар ұшырамауы мүмкін емес еді. Тұтас бәйіттер болмағанымен, жекелеген түйдек-тер, толғам, тармақтар. Қолымыздағы нұсқаны мұн-дай үстемелерден тазарту, жаңа бір бәйіт үлгісін жа-сау кезінде бір пара халық арасында осы қалпында та-раған және тиісінше таңбаланған мұраға қиянат болар еді. Оның үстіне бәйіт атымен берілген кейбір бөлік-тер біраз қуатынан айырылып, жарты кеш қалыпқа түсер еді. Сондықтан Қоянбай-Коншин нұсқасын сол қалпында жұртшылық алдына тартып отырмыз.

Жоғарыда Қоянбай Тұраровтың Шортанбай тол-ғауларын хатқа тіркеген мерзімі туралы арнайы дерек жоқ дедік. Бірақ нақты шамалауға болады. 1900 жыл емес, 1901 жылдың алғашқы жартысы. Оған дәлелді айғақ бар.

Н. Я. Коншин Шортанбай толғауларын қолға тү-сірген соң, сөз жоқ, көп ұзамай оның орысша жол-ма-жол аудармасын жасатып алуға талап етеді. Бұл жұмыс Санкт-Петербург университетінің студенті, 1901 жылы елге жазғы демалысқа келіп жатқан Ра-йымжан Мәрсековке тапсырылады. Р. Мәрсековтің осы архив бумасында сақталған, аударманы бітірген соң Коншинге жазылған арнайы хаты 1901 жылы 7 июльде Өскемен дуаны Айыртау болысынан жолда-ныпты.

Шортанбайға оралсаң, біздің қолымыздағы мұра-сы - Ленинград емес, Омбы архивінен алынды деп

шамалаймыз. Мұратбек ақсақал фотокөшірмелердің түп негізі қайда жатқанын нақты белгілеуді құнттамапты. Сөз жоқ, Омбы. Омбы архивіндегі Н. Я. Коншин қоры. Немесе Коншин хатшысы болған Семей статистика комитетінің іс қағаздарында. Шортанбайға жалғас, 1902 жылы Семейде Орыс Географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ашылып, әуелде оның іс басқарушысы, кейінірек төрағасы болып тағы да Коншин сайланған, яғни аталмыш архивтің осы қоғамға қатысты қорында жатуы да мүмкін. Мұның бәрін айтып отырғанымыз манағы жуан бумаға Шортанбайдан басқа да бірталай мұра бар, бәрі де Коншин есіміне қатысты. Атап айтқанда, жаңағы екі ұйымның ықпалымен жинастырылған ел әдебиетінің үлгілері. Бар қазына осымен ғана шектелмесе керек. Болашақ іздестірушілерге құлаққағыс ретінде айтып жатырмыз.

Ал аталмыш Коншин архивінен қолға ілінген ең үлкен олжамыз Шортанбай толғаулары болып тұр. Бажайлап қарастыру, зерттеп тану болашақ күндер үлесінде.

Айтпақшы, Қоянбай топтамасының сыртында, осы Н. Я. Коншин қорынан Шортанбайға қатысты тағы бір толғау ұшырасты. Қолжазбада телімсіз, ежелгі қазақтағы «данышпан қарт жыршылардың насихат өлеңінің» үлгісі ретінде берілген. Бұрыннан таныс бірлі-жарым тармақтар жайын айтпағанда, бүкіл ой жүйесі, болмыс-бітімі Шортанбайға тиесілі екендігіне күмән қалдырмайды. Түпнұсқада «Жыр насихат» деген атаумен берілген бұл толғауды да жарияға шығарып отырмыз.

*5.IX. 2004 жыл*



Шортанбай жырау (ортадағы сәлделі) өз отбасымен бірге


















Қанай бұлағын алғаш көрсеткен Анарбек жыршы. Ол кісі Шортанбайдың өлеңдерін айтқаны үшін екі рет сотталған. 1998 жылы режиссер Қ. Омаров Шортанбай туралы кино түсіргенде Босаға аймағында ұзақ жылдар әкім болған Әбдірашит Мұқышев бұл туралы әңгімелеп берді. Осы Қанай бұлағының маңында өмір кешкен Қойшыбай, Кәдір ақсақалдар бүгінгі күні де жырдай әңгіме айтуда. Ақын Алтай Смет Қанай бұлағы осы жерде егін салған Шортанбайдың әкесі Қанай туралы арнайы мақала жазды.




Шортанбай жыраудың су диірмені тұрған жерге белгі тас қойылды. Бастаушы-инициатор Ербол Балықұлы (оң жақта). Осы жұмысты қоса атқарып жүрген Сәттар Советұлы.

Су диірменнің осы жерде тұрғанын 1993 жылы жыраудың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Жұмабай Төкенов, Исатай Омаров, Зәбира Әлікеев ақсақалдар көрсеткен еді. Ол туралы түсірілген деректі фильм бар.

Осы игі істі атқаруға Ж.Бұрхан, Бауыржан, К.Шоқан, Аңсар Ғалымжанұлы және Жансерік, Ақият Бұрханұлы көмек етті.

09.10.2022 ж.




ХІХ ғасыр. Жалпақ жаз. Қожалар ауылы. ХХ ғасыр, Совет заманы. 20 жылдай осы үйде отырып мал баққан Тиышбай ақсақал «бұл үй Шортанбайдың үйі» деп шегелеп айтты.

Тиышбайға Балық қожа, Есмағанбет қожа, Жағыпар қожа үнемі ескертіп отырады екен.



# БӘЙІТТЕР

## Бірінші бәйіт

Әуелі атамыз
Адам пайғамбар -
Топырақтан жан боп
Жаралды.
Орыс бірлән қазақ боп,
Сол атамыздан таралды.
Мұсылманға бұйырған
Көкірегіне хала-ды.
Ұрлық бірлән қарлықтан.
Өтірік, ғайбат, зорлықтан
Бойыңды тартып тек жүрсең,
Көрмейсің деген залалды.
Белгісі деген бейіштің,
Жазғы салқын самалды.
Тарлығы деген тамұқтың
Қысқы суық амалды.
Ауылдың малы бұралқы,
Ақылы жоқ жаманға,
Жақсылықтан зәрем жоқ,
Жаманшылық асқан заманда.
Әкесін алдар баласы,
Хұрысан болар амалға,
Жақсыны жаман көре алмас,
Дес тимеген өзіне,
Сыртынан ғайбат айтқанша,
Айт өзінің көзі бірлән жүзіне
Шын екен деп иланба,
Жалғаншының сөзіне,
Құдайдан қорыққан бейшара,
Қарауыл қояр ізіне
Жуан да қисық түзелер,
Алланың құрған тезіне,

Менменсіген зор кеуде
Қисық жүріп өте алмас,
Аспанмен ұшып кете алмас,
Ол ондағы жолығар
Құрулы тұрған талқыға.
Кең киімді, мол үйдің
Жазық келер анасы,
Қатыны долы, кәрінен,
Қонақ қонса қыпылдап,
Кетіп тұрар зәресі
Азанды құлға Құдайдың
Шірнеуде жазған бәлесі.

## Екінші бәйіт

Заманақыр боларда,
Ендігінің байлары,
Бұлар жөргем санайды.
Жалға жүрген жалшылар.
Жан қадірін білмейді,
Жыл он екі ай
Мал бағып,
Ақыға жалғыз тоқты алар.
Тоқты берген бай болса,
Тоқты бердім ісек деп,
Ісек шығар тістеп деп.
Саулық берсем егіз деп,
Жаздай ту қой семіз деп,
Жарлының тынышын алады.
Жан шіркін-ақ берік екен,
Үзіліп кетпей неғып тұр?
Айдап алар жылқыңды,
Аз ғана күн бағып тұр
Жағаласқан мына жау.
Кетірер сенің сиқыңды.
Бұхарға жетер күн болса,





Тыныш ұйықтар ма едің
Ұйқыңды?
Базардан басқа қала жоқ,
Алтыннан басқа таза жоқ,
Бай қасында жарлының
Құлағында маза жоқ.
Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі қия алмас,
Екі жаман қосылса,
Бір төсекке сыя алмас,
Көп ұрысуға ұялмас,
Енді текті құс қарар
Қырымға,
Ит айналар жырымға.
Парақорлар қарайды
Бір қалаштық тиынға
Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер қиырға,
Азулымен даулассаң,
Ісің кетер қиынға.
Алдын бағып әр іс қыл,
Әсте азулыға ұрынба.
Қолыңнан құсың қашырсаң
Қайтып қонбас қолыңа,
Жанжал қылсаң жаманмен,
Жағаңнан алар сорыңа.
Жасағанның жарлығы-ау,
Биттей нәрсе қалды ма,
Бұрынғы жаннан ырымға?
Бір-екеуі ұрысса,
Жүгірісер қалаға,
Қаныққан соң жалаға.
Көшеде жүрген көп тілмаш
Көк қағазды көрген соң,
Мінер де шығар шанаға.

Дұшпаның сенің басым деп,
Алып келер ауылына,
Өзінің бірге туған бауырына.
Келген соң кімді аясын,
Жығып салар дүреге,
Сөйтіп қалмай, не қылдың,
Құтылмастай бәлеге.
Енді бұл заманның тұсында,
Жал шайнадың білектей,
Оймаладың қазыны,
Екі қарыс күректей,
Қауа-жара үй тігіп,
Түңіліктері жүректей.
Ораза бірлән намаз тұр,
Дін бекіткен тиектей.
Жарлы байдан әдет қып,
Жортып едің еліктей,
Жай отырсаң, қу заман,
Болар ма еді желікпей.
Ойлап тұрсам, жігіттер,
Қайсыңда сенің сана бар?
Жақсың аттан жығылса,
Жаманың келіп табалар.
Таяу тұрған бұл орыс,
Күннен-күнге қамалар.
Енді жан есінен адасты.
Жамандық мұнша ұласты.
Жақыным деп жан тартпай,
Жарысқа кірген жақсылар,
Жау бірлән бірге қанасты.
Бала бер деп орыс тұр,
Қайтерін білмей болыс тұр.
Сұрамай бізден тек тұр деп,
Айтуға бізден
Қай қазақта туыс тұр.





## Үшінші бәйіт

Енді заманақыр боларда,
Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп,
Бір-бір жаулық орасып,
Жауған қардай борасып,
Бірінің айтқан сөзіне
Бірі тұрар ұнасып,
Үлкен ғалым молда десін деп,
Насихатқа таласып.
Бірдің айы болғанда,
Жаудың атын желдіктеп,
Туғансырап келдік деп,
Сондай болған залымдар,
Зәремізді алып барады.
Сол себептен қорқамын,
Құбылып тұрған қызыл гүл
Тозған соң қалмас бедері,
Өтіп кеткен нәрсенің,
Өкінсе, болмас келері.
Он сегіз мың ғаламды,
Әр қилы қылып жаратқан.
Құдіреттің қалай шебері.
Бәлду деген заманның
Мәнісі солай, білмесең
Тиер таяқ басыңа,
Алдыңды білмей сөйлесең,
Көп жиғаның пайда емес.
Құдайы қып бермесең,
Талай нәрсе көрерсің
Қазаң жетіп өлмесең.
Алақандай ай мен күн,
Ғаламның ортақ жарығы,
Жаббардың екі болмайды.
Әмір қылған жарлығы.

Құбылаға бас қоймақ,
Ол мұсылманның тағрибі.
Күн шықпай тұрсаң намазға.
Көңілінде Құдай барлығы.
Түсіркенге ұйқы жоқ,
Ол қайғының асқан зарлығы.
Байдағы қадір малда ма,
Зекетсіз малды айдама!
Қайыры жоқ мал сақтап,
Дәміңді харам шайнама!
Құдіретіңе мойын қой,
Кел, Құдайменен ойнама!..

## Төртінші бәйіт

Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,
Бір пара жанды мінді қып,
Бір пара жанды мінсіз қып,
Мал бермейін дегеннің
Жалғыз атын ұры апты.
Бас бермейін дегенің
Жалғызын жардан құлатты.
Ашты-тоқты болса да,
Иманды сақтар ұятты.
Бұл зар заманның ішінде
Ағайынын жат қылып,
Ақ таяғын ат қылып.
Мойнына қоржын ілдіріп.
Елден тамақ сұратты.
Бай мінеді құр атты,
Қыс мінеді бір атты.
Ашты-тоқты болса да,
Жарлы да өліп қалған жоқ,
Оны да бір нәрсемен жұбантты.
Баршасы мұның рас деп,





Кітаптан қарап молдалар,
Дұрыс деп біліп ұнатты.
Асқан байда жүз ат бар.
Орта байда қырық ат бар.
Бес қаралы кедейде,
Жалғыз жүрген торы ат бар.
Үлкенді кіші сыйламас.
Қайсыңда сенің ұят бар?

## Бесінші бәйіт

Енді дүрия көрпе жамылтып.
Мамық жастық жастанып,
Торғын төсек төсентіп,
Түске дейін тұрғызбай,
Намаздың қамын қылғызбай,
Күн шыққанша ұйықтатып.
Шайтанға мұнша мықтатып,
Дүниенің қалай алдауы?
Қап тауының астында,
Қырамын деп дажал тұр.
Ол дажалды бекітіп,
Ассалауати азан тұр.
Сұраусыз қалай кетесің,
Тірілікте алдыңда.
Өзің қылған жазаң тұр.
Жазам не деп сұрасаң
Ұрлық пен қарлық, өтірік.
Ғайбат пен зинаң тұр.
Егер де бұл төртеуі болмаса,
Сұраусыз жұмақ кірерсің,
Алдыңнан шығар қылғаның
Жауабын жақсы берерсің.
Нәпсіңді нағыз тыйғаның,
Азды-көпті Құраннан.

Бұйырған қайыр, зекет, құрбаның.
Ғалым бол, кей, залым бол,
Ол бұйрығына сыйғаның.
Ойламай жүріп өлімді.
Көрерсің бір күн ұрғанын.
Бейқам дерсің, білерсің,
Жеңсіз көйлек киерсің,
Сұраушы жендет келгенде
Бейшара пенде не дерсің?
Өткен өмір келер ме?
Алғанын қайтып берер ме?
Күнәлі құлы таусылмай.
Тозақтың оты сөнер ме?
Ұрлық-қарлық қылсын деген
өнер ме?
Қылып тұрып кеш десең,
Оныңа Алла көнер ме?
Дұрысы, Құдай саспайды,
Таразыға салғанша,
Айдынын жаның ашпайды,
Жолықпай қисық кетпес деп,
Және асығып саспайды.
Тозақтың шын белгісі,
Жаны тәннен шыққанша,
Ол пәледен қашпайды.
Құдай деген дәруіштер,
Бір жақсылық ұстайды.
Қырық парызын күтпейміз,
Мұрын, көзге сүртпейміз.
Аты жақсы Мұхаммед.
Оғлынан кетті біз үшін,
Садаға неге кетпейміз?
Пайғамбар жөні бір бөлек,
Әулие жөні бір бөлек,
Туған соң бар дүр бір өлмек,
Азды-көпті Құраннан.
Бұйырғаны бөз көйлек.





Құдайға таза жалынсаң,
Ақырет қамын сұрасаң,
Пайғамбарды сүйе көр.
Төрт періште жұмыскер.
Енді ынтасы кеткен заманды,
Бары да еңіреп барады,
Жоғы да еңіреп барады.
Әлі келген нәрсені,
Аузына қағып салады.
Арамға жанын даярлап,
Шайнай тұра танады.
Бір залым мен бір момын,
Парақорға барады,
Мықтаймын сені деген соң,
Ұзатпастан ұрының,
Өз басына күмән салады.
Жазығы жоқ жазғаннан,
Тентек деп саған алып
Бердім деп,
Сыяздан былай
Шыққан соң.
Қолындағы ұрының,
Қамшысын тілеп алады.
Мақшар күні болғанда,
Соның бәрі жиылып
Бір Тәңір алдына барады.

## Алтыншы бәйіт

Тұрымтай торғай қуа алмас,
Қанаты сынып қайырылса.
Жер таянбай тұра алмас,
Жеткенінен айырылса.
Жылқың құты айғыр-ды,
Ат тумайды атасыз.
Көсегесі көгеріп,

Көбеймейді батасыз.
Ғайбаттың жаман екенін
Біле тұра айтасыз
Күн шықса намаз қаза деп,
Біле тұра жатасыз,
Алланың берген ақ дінін
Шайтанға қайтіп сатасыз,
Пендесінде жоқ шығар,
Құдайдан бүккен қатасыз.
Түйенің құты бура-ды,
Келеден атан қумаса.
Күнә қайдан шығады,
Жаралып пенде тумаса.
Әділ би деп айтыңыз,
Турасын қисық бұрмаса.
Қойдың құты қошқар-ды,
Бойдағы бөлек жайылып,
Елдегі шопан құт болар,
Ерге қыдыр дарыса.
Сиырдың құты бұқа-ды,
Танасы қысыр қалмаса.
Хайуан жерге сыя ма,
Бергенін қайтіп алмаса.
Әулие десең болмай ма,
Ғайыптың ісін барласа.

## Жетінші бәйіт

Ертең бірлән көшкен ел,
Шаңқай түсте қонады.
Аманда болсаң азан айт,
Осы шариғатқа сыяды.
Ұйықтамай таңды атырған,
Есеппен тағам татырған,
Сабыр қылған сабаздар,
Нәпсіні солай тыяды.





Ұшыр бермей асынан,
Зекет бермей малынан,
Кейбір жаман ақымақтар,
Арамы боқты жияды.
Қыл көпірдің аузында,
Өз алдына жеткіз деп,
Сонда күнәлі құлын ұрады.

## Сегізінші бәйіт

Қаза қылма намазды,
Бұл жалғанда мал үшін,
Малдан кеш те, шайқы бол,
Бір шыбындай жан үшін.
Көргендер қорқып жылайды,
Қиямет жолы тар үшін.
Мақшар күні Мұхаммед,
Аллаға арыз көп айтар,
Үмбетінің зары үшін.
Рудан шыққан жақсының
Сыйы болмас басының.
Рудағы жақсының,
Сыйы болар басының.
Қасиетті жақсының
Панасы болар қасының.
Қайырлы байдың кәріпке,
Қарызы болмас асының.
Көрмей айтты демесең,
Күнәсі қанша осының.
Бұл заманның тұсында,
Пайдасы тимес досының,
Залалы болмас досының,
Аллаһи ағзам, Құдай біледі,
Күнәсі жоқ дұр осының.

## Тоғызыншы бәйіт

Енді құрбыңнан таяқ жемейсің,
Құда болсаң теңлігe,
Жапырағын жайқалтып,
Көктемде қонсаң шым жерге,
Қырық қара нар пұлменен,
Он піркәншік құлменен,
Көк ала шатыр тіккізіп,
Жалғандағы бір қызық,
Сапар қылсаң бір елге.
Асқанға құда болмаңыз,
Арты болар келеке.
Басыңды күнге күйгізбес,
Үстіңе тіккен көлеңке,
Жүйрік мін де, қыран сал,
Көремін десең мереке,
Он сегіз мың ғаламның,
Ортасы болар хақ Мекке,
Тұтқасы болар ақ неке,
Көкдолының белгісі,
Көшкен күні көпіріп,
Түзу жүрмес түйесі,
Әр жерінен кетпейді,
Әсте күңнің күйесі,
Жаман қызды алмаңыз,
Әуре қылар басыңды,
Зарлап жүріп қорлықпен,
Өткізерсің жасыңды.
Көшкен күні шуағып,
Түзу аспас мосыңды,
Мезгілімен ас бермес,
Сөйтіп құртар мысыңды.
Ас құйып бермей үйіңнен,
Өткізер сөзін миыңнан,
Итше қауып бетіңнен





Жөнелтер келген досыңды.
Сенбесең менің тіліме,
Басында бар біреуден,
Сұратқайсың осымды.
Енді жақсы-жаман зайыптың,
Жайын айтып сөйлесіп,
Мұңдасарсың кептесіп,
Аз ғана күн дау қылып,
Байымен жатар кектесіп,
Естіген құрбы-құрдасы,
Мұның сенің байғұс деп,
Беземісің байыңнан,
Кетемісің жайыңнан,
Алып келер көптесіп,
Жатқызып, жауып салған соң,
Олар қайтып кеткен соң,
Аз ғана кінәласар ептесіп,
Аямай бәрін берген соң,
Үйге сәулет кірген соң,
Қарға аунаған түлкідей,
Түрегелер түленіп,
Түңлік ашып, от жағып,
Дәрет суын жылытар,
Кешегісін ұмытар,
Дәрет суы қолында,
Орамалы қарында,
Ықылас-көңілі жарында,
Мырза, тұрып шомыл деп,
Былқылдар жұмсақ сүйріктей,
Бір күнде ақыл үйреніп,
Жақсы зайып іздеңіз,
Төредей қылар басыңды,
Балдай қылар асыңды,
Жақсы шіркін сөйтеді,
Орамалы қарында,
Дәрет суын сүртеді.
Ойындағыны тапқан соң,

Әбден көңілі бітеді,
Ақ матадай езіліп,
Ақыл ауып-ауып кетеді.
Сол жақсы да өтеді.
Сол жаман да өтеді.
Әулие өтпей қалған жоқ,
Мына опасы жоқ сұм жалған.
Енді бізден де кетпей қайтеді?

## Оныншы бәйіт

Зар заман бітті, мен болдым.
Енді шықпас әңгіме,
Бәйіт айтып, баян қып,
Жанастырдық әр неге,
Мәсһлән кітап шығарып,
Өткен екен құл
Қожа Ахмет әулие.
Менің атым Шортанбай,
Әрбір сөзім шортандай,
Ауыздыға сөз бермей,
Аяқтыға жол бермей,
Шешеннен озған қу таңдай,
Көңілімнен шығардым,
Осының бәрін мен қандай?
Өзімнен қалса балаға,
Кетпесе сөзім далаға,
Жоғалтпаса сөзімді.
Жоқтап тұрса өзімді,
Мен ризамын Аллаға
Көріп, біліп оқыған,
Молдаға болсын саламат.
Соңымда қалған молдалар,
Дұға қылып қойыңыз,
Шортанбайға рахмет.





## Он бірінші бәйіт

Он бірінші келеді бала зарым,
Жан-тән бірлән
Тыңдаңыз, пірәдарым,
Бастаңыз бір хикаят
Шешен тілім,
Сарғайды кәріліктен менің әрім,
Ақ кірді сақалыма, бетте әжім,
Қияметтің кигізсін құлылан тәжін.
Ақыреттің ісінен сөз бастасам,
Қорыққан пенде іздейді
Мекке қажын.
Бәйіт қып сөз шығардым, ұларымды.
Аямай кеттім айтып ұнарымды,
Бәйіт қып оларды да,
Сөз тастадым,
Алла білер қай орында
Тұрарымды.
Көңіліне данышпандар
Алсын ұғып.
Күн шыққанша жатады
Надан бұғып,
Саяда, тау басында қарап тұрсам,
Бала зар барады екен төмен ығып,
Бала зар сөйлеспеді маған қарап,
Сырт беріп жүре берді
Төмен қарап,
Қарасам бәрі ақырет істері екен,
Өз жанымнан шығардым,
Мұны құрап,
Бала зар хабар берді өлесің деп,
Жалғанда дәурен сүріп
Жүрмейсің деп,
Осынан өлгенімді естісін деп.
Иллаһи паруардигар,

Жан жаратқан патшамыз,
Он сегіз мың ғаламды!
Ақырет қамы иман-ды,
Кім айтады жалған деп,
Шариғатқа сыйғанды,
Өтірік, ғайбат, ұрлықтан
Айт нәпсіні тыйғанды.
Ақырет қамын сұрасаң,
Алла деңіз өлгенше.
Ғибадат, тақат қылып бар,
Жамбасың жерге тигенше,
Еңсеңе ажал мінгенше,
Үйім бар деп қуанба.
Көрстанға кіргенше.
Малым бар деп қуанба,
Пырақ атын мінгенше,
Мүлкім бар деп қуанба,
Құлылан тонын кигенше,
Кім боларың білмессің,
Сұраушылар келгенше,
Жаның тұрар тітіреп,
Жауапты түзу бергенше
Сарғая тілер қатының,
Сапырып ішіп күлгенше.
Тіріде қорықсаң Құдайдан,
Күнәң кетпес алысқа.
Алла деген пенденін,
Көңілі сағым ілінбес,
Құдай деген дәруіштер,
Сираттан тайып сүрінбес,
Иманды өткен пендесі,
Өткеніне күйінбес,
Зар айтпаған не қалды.
Жалғандағы сұмдықтан,
Құл құтылар тіптен жоқ,
Құдайдан келген жарлықтан.
Ғибадатты пенденің,





Күнәдан көңілі қаймыққан,
Иманды жақсы көре ме,
Жалғандағы байлықтан.
Тыңдасаңыз айтайын,
Үшбу сөздің мағынасын,
Жасы кіші сыйламас,
Бүгінгіде кәрісін,
Ұл сұрамас атадан,
Қыз сұрамас анадан,
Өздері білер әр ісін,
Бастарында бар болса,
Бәрекелді дерсіздер,
Осы екі сөзден соғылып,
Тұстас бір келген мәнісін,
Тәбірін айтпайын деуші едім,
Үшбу сөздің ақырын.
Бұл жалғанда пенденің,
Біліп болмас ақылын.
Әуелден Алла сүйеді,
Адамның кәріп, пақырын.

## Он екінші бәйіт

Біреудің сансыз малы бар,
Біреудің батпан ары бар.
Бір қыдырғы адамның,
Әр тарапта ойы бар.
Бір қыдырғы адамның,
Апы-тапы жалы бар,
Жалдан күні кеткен соң
Шығар-шықпас жаны бар,
Қатыны жаман, баласы,
Арам боп туған адамның,
Құтылмайтұғын маңдайының
Соры бар.

Атқан таңда аял жоқ,
Шығады да батады,
Шыққан күнде тоқтау жоқ,
Ақшам бірлән батады.
Өлшеусіз өмір жоқ дүр деп,
Ғұламалар айтады,
Саудасы біткен дүниеден,
Саудагер болып қайтады,
Өлімнен қапыл қылмаған,
Намаздан бейқам жатады,
Енді күнәліде көп іс бар,
Күнәсізде тыныс бар,
Мезгілі біткен адамда,
Бола тұра жүріс бар,
Әуелгіде жазған соң,
Жарлығы екі бола ма.
Елден сірі қан шықты,
Естімеген заң шықты,
Замана жаман азған соң,
Тоқтауы жоқ адамның,
Таңдайынан жан шықты.
Аяқтар бас боп озған соң,
Бұрынғы байлар таусылып,
Ескі бір тондай тозған соң...
Намаздан басқа тілеу жоқ,
Әуелі Құдай екінші,
Мұхаммед (өзі) болмаса,
Пенде жаннан сүйеу жоқ.
Пенденің көңілі фи ғақыл,
Надан жанда ақыл жоқ,
Жанынан басқа жақын жоқ.
Өлген соң биттей нарқың жоқ,
Енді көңілің көдек не білсін,
Ғалымдардан сұрамаса:
Сауапты қайдан табасың,
Құдайы қылып бермесе,
Сираттан қайтып өтесің,





Құрбанды қабыл көрмесе.
Құдайдың сүйер құлы сол,
Ақтан көңілін бұрмаса.
Қырық парызын тәрк қылмаңыз,
Қылығым жақсын десеңдер,
Күнә күйер шырпыдай,
Зікірге тез кірсеңдер.
Сенетін іс өлімің,
Жеңсіз көйлек кисеңдер,
Жарық дүние зар болар,
Жер қойнына кірсеңдер.
Қиямет күні болғанда,
Иман зәбір болады,
Тірлігіңде біреудің,
Беті қызыл екен деп,
Бет-аузынан сүйсеңдер.
Тәмам.

## ЖЫР НАСИХАТ

Бір насихат айтайын,
Тыңда мұны, жарандар.
Есіткенің ұмытпа,
Қайсыңда сенің сана бар?
Жақсы адамның белгісі,
Төңірегіне қаранар,
Артық-кем сөзге бармайды,
Өз ақылын шамалар,
Жамандардың белгісі:
Жақсы адамды көре алмас,
Жақсылар аттан жығылса,
Сыртынан тұрып табалар,
Жақсының тілін алмайды,
Өзі жақсы болмайды.
Талайына таласып,

Айнала аңдай қамалар.
Жаманға түссе бір жұмыс,
Болды деп қорқып қиын іс,
Дұшпандығын ойға алмай,
Ақыры соны паналар,
Жаман жанға мал бітсе,
Ұлықсынып тұрады,
Көтере алмай аз малды,
Өлгенше паңдық құрады.
Қонаққа бермей жұма күн,
Жасырып өзі тояды,
Үйіне келсе бір ғаріп,
Қаңғырып, неғып жүрсің деп,
Бір тостаған дәм берсе,
Кемітіп көзін ояды.
Сөйтіп жүріп бұл жаман,
Жұт пенен жауға кез болып,
Айырылып малдан қалады.
Кісіге берген малы жоқ,
Құдайға берген қайыр жоқ,
Құдайдан бұған рахым жоқ,
Адамнан табар мейір жоқ,
Тірі қор сонда болады,
Атамыз қазақ алаш-ты,
Шаруа малмен жарасты,
Мал шырдасы жер еді,
Өскен соң қазақ таласты,
Ел көбейіп, жер өспес,
Түңіліктей жерге қысылып,
Мал шырдасы қазақтың,
Жер-су түгел болмасты,
Бір шаруаның артынын
Егінді жерге салмақ-ты,
Үйренбеген бұ қазақ,
Ұқсатып оны салмапты,
Қара бауыр Сарыарқа,
Шөбінен де тасы көп,





Топырағынан құмы көп,
Салқар ағын суы жоқ,
Жалпақ елге біткендей,
Егіндік жер таппас-ты,
Егінде жерге салынар,
Аз-аз бидай алынар,
Егін тамақ қамынан,
Егінді бақса мал кетер,
Мал кеткен соң, мән кетер,
Қазақтан басқа халықта,
Май шұрасы азайды,
Жерден алған бидайың,
Майсыз тамақ болмас-ты,
Мал кеткен соң май кетіп,
Құр бидайды үнем қып,
Сірә да қазақ оңбас-ты,
Ойлап тұрсам, жігіттер,
Сарыарқада береке,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Жүз жыл көрер мереке,
Көк ала шатыр тігулі,
Қонаққа деген көлеңке,
Ат басын қонақ бұрмайды,
Аударып түсіп жатқаны,
Бағлан қозы сойғыз деп,
Сары қымыз сапырып,
Сатусыз ішіп тамақты,
Рахатқа батқаны
Осыдан қарап ойласам,
Сарыарқада береке,
Рас-ау деймін айтқаны,
Жаз қонғаны көкорай,
Шалғынға байлап биені,
Кешке таман болғанда,
Ботасы боздап түйесі,
Айнала шуыл күңіреніп,
Мөңіреп сиыр бұзаулы,

Маңырап шулап табысар,
Қойлары мен қозысы,
Қаршығa алып қолына,
Дабылын байлап жанына,
Мылтығын салып мойнына,
Үйрек пен қаз ілгізіп,
Ақ сақалды күлгізіп,
Қазақтың қызық мұрасы,
Қыс қыстауға қонғаны,
Бір қызығы қазақтың
Қиратып соғым сойғаны,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Сонармен таудан түлкі алып,
Мергені атып маралды,
Ол бозбаланың думаны,
Келе жатқан қазақтың,
Бұрыннан осы жорасы,
Алла ағзам біледі,
Сөздің осы ырасы,
Енді қандай болады
Жаратқан хақтың
Пәрмені?





# ШОРТАНБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Жоққа шыдамсыз - ғұмыры оңбайды,
Барға қанағатсызға ырыс қонбайды.

* * *

Жарлы кезінде жағынып көрмеген
Байыса тәкаппар болмайды.

* * *

Тек пайданы ойлағанның басына пәле қонады.

* * *

Мансап үшін қамықпа,
Игі іс атқара алмадым деп жабық.

* * *

Азаматқа байсалдылық жарасады,
Күйгелек бос нәрсеге таласады.

* * *

Өз мініңді түзеуге әлің жетсе,
Жұртыңа сөзің де өтеді.

* * *

Алланың жолын ұстаған әміршінің
Билігі де баянды.

* * *

Елден астым деп кердең болма,
Данамен таласып тасыр болма,
Иманды ұмытып кәпір болма.

* * *

Иман - отбасы берекесінің бастауы,
Иман - елдің бірлігінің бастауы,
Иман - таусылмас ырыстың бастауы.

* * *

Өз ырзығын шашқан пендеден,
Дән сүйреткен құмырсқа артық.

* * *

Алланың бергеніне ризашылық етпеген,
Тағдырдың талқысына түспей кетпейді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

# ШОРТАНБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

*Сын-зерттеу мақалалар*

***Кәмел Жүністегі***
*жазушы, «Құрмет» орденінің иегері*

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

*Шортанбай - ұлы дарын...*
*қоғам қайраткері, ірі идеолог.*
***Тұрсынбек Кәкішев***

XIX ғасырда Ресей отаршылдығының қатыгез саясатына қарсы қазақ халқының мүддесін қорғап, ұлт болашағы үшін жанталасып, елінің сөзін сөйлеген дуалы ауыз ақын-жырауы, абызы Шортанбай жырау еді. Бар ғұмырын туған халқының өзіндік қайталанбас болмыс-бітімін сақтауға арнап, елінің жоғын жоқтағаны үшін көзінің тірісінде орыс үкіметін жақтағандар оған қырсықты қабақ танытса, өлгеннен кейін де, кешегі совет заманында есімі қуғынға ұшырап, кітаптарын белсенділер өртеп, бірер шумақ жырын жатқа айтқан талай азамат Сібірге айдалды.

Шортекеңнің қай өлеңін алып қарасаң да, қозғайтын мәселесі елдің жайы, езгіге ұшыраған ұлтының көкейкесті арманын көресің. Жүздеген жылдар бойы халқымыздың жинаған рухани қазынасының аяқ асты болғанына ашынып, сол қазынадан шеттетілген қазақтың бейшара күйге еніп, өткен тарихы, мәдениетінен жұрдай етіп, даланы мақсатсыз кезіп - қаңғып жүрген тобыр дәрежесіне түсірген отаршыл орысқа қарсы үндейді. Ашынған жырау мына дәрменсіз хәлден елін құтқарудың жолын іздейді.

Өзі көрген күрделі өмір жырауды жас кезінен шыңдаған. Қазақы өмір, Ресей патшалығының езгісі, чиновниктер зорлығы - бұл үлкен керекқарлық еді. Езгіге түскен жұрттың наласын жастайынан естіп өсті. Жастайынан-ақ терең діни білім де ала алды. Қарнақтағы медресені тамамдаған ол оқуын Бұхарда жалғастырған. Сол тұста жас Шортекең Камараддинмен (Абайдың ұстазы) бірге оқыған. Бұл туралы Шортанбайдың атқосшысы Әбу ақсақал «1958 жылы 90 жастан асып қайтыс болған » « Семейге барған әр сапарымызда Шортекең Қамар деген ғұлама молданың үйіне түсетін. Екеуі медреседе бірге оқыпты. Сол күндері тағы да 4-5 молла жиналып, өздері әңгіме өткізетін. Шортекең әлдебір кітаптарды алып барып, соншама кітапты алып қайтушы еді» деп отырғанын сан естідік.

XIX ғасырдың екінші жартысында түркі халықтардың саяси оянуына Шахабуддин Маржани, «Тәржіман деген газет шығарған» Газпринский үлкен еңбек сіңірді. Олар мұсылман дінінің, ислами мәдениеттің жетістіктерін терең меңгере отырып, ғылым мен техникасы ілгері дамып кеткен Европаның қол жеткен биігін де зерделеп, түркі халқын оятуды мақсат еткен. Бұл өзі үлкен қозғалыс, бір ұйымға біріге қоймаған саяси ағым. Камараддин ұстаз Шахабуддин Маржанидің тікелей шәкірті. Ол Семейде және басқа жерлердегі медреселерде осы жолды ұстап, шәкірттерін ұлы мақсатқа тәрбиелеген.

Осы жолдағы Шортанбай жырау Кенесары ханның азаттық күресі жеңіліске ұшыраса да, бүкіл қазақ елін, көршілес Қырғыз, Қарақалпақ, Татар, Башқұрт арасын аралап, елді жауға рухын бермеуге шақырған.

«Бағынба, қазақ, орысқа» деп жар салса, «ұзын аққан Сары суды өзің жайлап, жағала», деп қазақ жеріне тек қазақтың ие болу керектігін баса айтқан.





«Жалаңаш мін де, жауға шап...
Қатын, бала қамы үшін,
Қарсы шап та, мылтық құш».

Құр жабырқап жүдемей, күресе білуге ашық үндеген.

Азаттыққа үндеген осы жолда Ыбырай Алтынсарин да бар. Өзі ашқан мектептерінде балаларға қазақи салтты үйретіп, мұсылман діні сабағын оқытып, ол ретін тауып жұмыс істей алған. Бұл жолда Қашқария сапарынан кейін орыс империясына деген пікірі өзгерген Шоқан Уалиханов та бар. Орыстың діни кітаптарын суға ағызып жіберген Науан Хазірет, Ақмолда ақын, Ақан сері, Мұрат, Дулаттар жүргені дәлел.

Азаттыққа үндеген бұл саяси ағым XX ғ. өзінің жалғасын тапты десек, қателеспейміз. 1993 ж. Шортанбай жыраудың 175 ж. өткен конференцияда Шортанбай ірі идеолог деп баға берсе, М. Мағауин орысқа бағынған биліктің Шортанбайды неге соншама көмуге тырысқанын айта келіп, иісі қазақ Шортанбайды оқыса, еш уақытта дұшпанның (орыстың) айтқанына көнбес еді, өз бітімін, болмысын сақтар еді. Осы конференцияда филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұргалиев ерекше пікір айтқап болатын. XIX ғ. басында қазақ елінің рухын билеген Шортанбай жырау еді. Абайдың 1907 ж. ғана шықты. Аз данамен ал Шортанбайдың жырлары ол уақытқа дейін цензураның рұқсатымен 8-9 рет бастырып шыққан еді. Ал Шортанбай жырлары қолжазба түрінде сан мыңдаған данамен тарап жатты. Шортанбайдың қолжазбасы жоқ үй жоқ десе болатын. Жыраудың атын атамағандықтан оның Алаш көсемдеріне жасаған ықпалын да күні бүгінгі айта алмай жүрміз деді.

Шортанбай жыраудың Зар заман кітабының ізімен Хал заман, Тар заман, Зар заман деп дастан жазған қырғыз ақындары Молда Қылыш, Арыстанбек, Тоғалақ молда қарақалпақ ақыны Бердақ осы жолда десек тура шындығы болады.

Петерборда оқып жүрген қазақ жастарының Зар заман ұйымын құрғаны белгілі. Сол ұйымға Әлихан Бөкейханов 20 жасында мүше болған. Ахмет Байтұрсынов Шортанбай өлеңдерін атын айтып тұрып өз еңбектерінде пайдаланған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің тарихын зерделеу, жүйелеу туралы айта келіп Насихат деген бөлімінде Шортанбай жыраудан ұзақ үзінді келтіреді.

«Билер, пара жемеңіз, жалғанды жол демеңіз» дей келіп,

«...Старшын болыс болам деп, ысырап қып мал төкпеңдер» дегенмен бітіреді.

Камараддиннен дәріс алған Абайға Шортанбай жыраудың әсері Абай өлеңдерінен көрініп тұр. Бұл үлкен саяси ағым. Партия болып бірікпесе де, азаттыққа үндеген, халықты сол жолға жұмылдырған тоқтамайтын үлкен саяси сарын. Оның соңы Нарманбет ақынмен бітті деп жүрміз. Бірақ сол сарын ХХ ғасырда да жалғасын тапқан.

Қазақтың еуропаша білім алған ұлдары қалыптасып болмаған сонау бір қиын кезеңде ұлт құрып кетпес үшін Шортанбай жырау жол іздеп жанталасты. Орыс билігі қазақты ұлт ретінде құртудың бір жолы деп, шоқындыру мәселесін жаппай қолға алған тұста, қазақ баласының ғасырлар бойы қанына сіңген ислам дінінің негізін жырларына қосуы да соның бір көрінісі. Атамекен жерінен айырыла бастаған қазақты қарсы күреске шақырып «жалаңаш мін де, жауға шап» деп үндеуі де езгіден құтылудың бір жолы деп қарастырғаны даусыз.

Түптеп келгенде, орыс империясы аяусыз езіп-жаныштаған қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт-дәстүрінен, дінінен айырылып қалмас үшін жыраудың жеке басының жанталас-арпалысы еді.

Шортанбай жырау сөйтіп зар заманның туын көтеріп, көп адам айта алмайтын қазақтың жүрегінде тұрған мұңды әлемге жария етіп, газеті жоқ заманда





қазақ даласын аралай жүріп, орыс отаршыларының озбыр саясатын әшкерелеуден бір тынбады. Оның жырлары жалғыз қазақ емес, татар, башқұрт, өзбек, түркімен, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қарашай тектес түркі халықтарына да тегіс тарады. Оның халқым деп тебіренген жүрегі елінің еңсесі биік болғанын, азаматтарының ата-дәстүр мен ата-дінінен аумауын тілеген еді. Сол себептен де оның жырлары сонау Петерборда көзі тірісінде жарық көрсе, өзі дүниеден өткеннен кейін Татарстан астанасы Қазан қаласынан 1883, 1888, 1890, 1897, 1901, 1906 жылдары қайта-қайта жеті рет жарық көрді. Түркі тектес халықтардың қолдан-қолға көшіріп алып таратқан қолжазбалары әлденеше мыңға жететін еді.

Әрине, мұндай ұлтына деген жанашырлық кейбіреулер ойлағандай руына, тегіне байланысты емес. Әл-Фарабидің, Едіге батырдың, Махамбеттің, Абылайдың, Шортанбай жыраудың, М. Сералиннің, т.б. қазақ тарихына қосқан үлесі руының, тегінің кім болғандығында емес, олардың қазақ жерінде дүние есігін ашып, ұлт болашағы үшін күрескендігінде жатыр.

Шортанбай жырау жырлары туған халқының дәрменсіз халін көріп, өрт-жалынның ортасында қалған елін құтқаруға үндеген адамның жанайқайы болып басталып, бара-бара сол үшін ғұмырын арнаған үлкен мұратқа айналды.

Отаршылдықтың ауыр езгісіне түскен халқының аянышты хәлі, өз жерінен айырылып босқынға айнала бастаған жағдай, желкелеген отбасылардың алдан үміт күтпес тіршілігі Шортанбай жырларына еніп, сонан құтылудың жолын іздеген ұлттық идеяға айналды.

Отаршылдықтын, ауыр езгісіне түскен халқының аянышты хәлі, өз жерінен айырылып босқынға айнала бастаған жағдай, жекелеген отбасылардың алдан үміт күтпес тіршілігі Шортанбай жырларына еніп, сонан құтылудың жолын іздеген ұлттық идеяға айналды. Оның осы ойға толы жырлары ұлтының санасына сіңіп, жүрегін биледі. Заман танымастай өзгерді. Сүт-

тей ұйыған қазақы қалып бұзылды. Орыс билігі ру-лық көшпелі кооператив болып өмір кешкен тірліктің қасақана талқанын шығара бастады. Бір отбасының ішіндегі бірлік те бұзылып, көне жолдағы тәрбие де бүлінгенін Шортанбай жырау былай суреттеген.

Мұның өзі қар заман,
Қарлығының белгісі
Ұл сыйламас атасын.
Арам сідік болған соң
Атасы бермес батасын.
Сыйламаған ағасын,
Алысып жыртар жағасын.
Қыз сыйламас анасын...
Қазы, болыс қойыпты
Некесіз туған шатасын.

Шортекең заманның бұлай бұзылуын ел тағды-рымен, ұлттың болашағымен, қазақтың халық ретін-де құрып кету қаупімен байланыстыра қарайды. Осы пәленің бастауында қазақты халың ретінде құрып ке-туін мақсат тұтқан орыс билігі, сақалды сары патша-сының өзі тұрғанын халыққа түсіндіруден ұлы жырау жалықпайды.

Уәліден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаділет,
Ақыр заман таянды.

Ұлы жыраудың «Ақыр заманы» Алладан келер қиямет-қайым емес, ол орыс билігінен келетін сұрқия саясат, қазақты ұлт ретінде жою саясаты. Билік қа-зақы қоғамды іштей іріте бастады.

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды...
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды, -

деп сұрқия саясатты әшкерелесе, онан әрі:





Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шықты,
Жарлы кедей, жоқ-жітік
Жеткізе алмай жан шықты, -

деп халықтың басына түскен ауыр да, аянышты хәлді суреттейді. Жырау бұған зар қағып қана қоймайды. «Таңда махшар күн туса; Таразыны аударар», - дей-ді. Шортанбай жырау айтып отырған Таразыны (әділ-дік келер) аударар, таңда Махшар күні де Қиямет-қа-йым күні емес, жер бетіндегі отаршыл орыстың ез-гісінің жойылатын күнін мегзеп отыр. Сол күнге жету үшін де имандылық, беріктік керек екеніне халқын сендіріп, үгіттеп отыр.

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Амал таппай, қазағым,
Түстің барып торына, -

деп қиналған жырау осыдан құтылар «амалды» іздес-тіру керек екенін айта келіп, «орыстан қорлық көр-ген» игі жақсы билердің амал іздеп «алқынып» отыр-ғанын да, орыстың қолы жетпеген «Бұқар» жағымен байланысу қажеттігін еске салады.

Ақсақалдан ұялмас,
«Қой» деп айтса тіл алмас,
Жүгірісер қалаға,
Қалтасы толып жалаға,
Қандырып иин кәпірдің,
Алып бір шығар далаға.
«Дұшпаның кім?» деп сұраса,
Алып келер ауылына,
Өзінің туған бауырына, -

деген Шортанбай жырау орыс билігі туғызып отыр-ған мынадай кесапат хәлден жұртты түңілдіріп, өз халін өзі түзейтін, өз қотырын өзі ғана қаситын қа-

зақы билікті сақтап қалуға, әділ билерге ғана жүгініп, орыстың зымиян саясатын жүргізбеуге үндейді.

Шортанбай жыраудың елдің ендігі беталысы туралы ойлары, ұсыныстары оның өлеңдерінің, пайымының астарында жатыр. Оның мақсаты - отаршыл орыс билігі жанталаса қиратуға кіріскен қазақы дүниетанымды сақтау. Қазақы дүниетанымды сақтау қазақты халық ретінде сақтап, өзінің ерекше жолымен келер заманға бейімделуде жатыр. Сол себептен де Шортекеңнің, абыздай сарнаған жылдары халықтың бойынша сіңімді болды, қазақы дүниетанымы сақталған үлкендер оның ой-пайымын жақсы түсінді. Шортанбай жырлары ауыздан-ауызға тарап, қазақ баласының санасын биледі. Қазақ баласының жүрегін Шортанбай жырау сөздерінің ерекше билегенін Алаштың ардақты азаматы, репрессияның құрбаны болған Қошке Кемеңгерұлы өзінің кітабының «қарсы қозғалыстар» деген бөлімінде Кенесары сарбаздарының арасында кеңінен тараған, ұранға айналған Шортанбай жырау - дың мына өлеңін жазады.

Бағынбағын, қазақ, орысқа!
Бағынсақ, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысқа.

Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан.
Некеннен некен күйерсің,
Күйдіруші табылып,
Көршілес жақын-қасыңнан.

Қазақ сарбаздарының арасына, демек қазақ халқының арасына жүрсе аузынан кетпейтін, жатса жүрегінде жатталған бұл ұранды сөз қазақтың XIX ғасырдың идеологиясы болған. Сол идеологияның бастауында тұрған тұлға Шортанбай жырау.





Ұлттың даму, өрістеудің ежелгі заманнан жалғасып келе жатқан қазаққа ғана тән жолы күйреуге ұшырап жатқан тұста көне әдебиеті жоқ халықтың басқа, бөтен жұртқа сіңіп, жұтылып кете беретінін де, оқыған-тоқығаны бар, Еуропа халқынан хабары бар Шортекең жақсы түсінген. Өз халқының көне жұрт екенін, ежелгі сөздің иесі екенін таныту үшін өз жырларында «Софы Алдияр» кітабын жиі атап, Қожа Ахмет Яссауи сөздерін еске алып отырады. Өз халқының басына осындай күн туып отырғанда ол «Жерұйық», «Жиделі Байсынды» іздеген. Асан қайғы, Бұқар жырау, тәлімін ары қарай жалғайды.

Шортанбай жырау сайын далада сайранды дәуір құрған көшпелі елдің сағынышты заманын жырлаған - еркіндіктің жыршысы. Қазақты шырмап, торға түскен торғайдай халге жеткізген отаршылдарға жырмен қарсы тұрды.

Кетейін десе, алды бар,
Тұрайын десе, кәпір бар,
Қайсыбірін айтайын,
Қазақтың ұлы қамалды, -

деп ашынған жырау.

«Алдаушы жалған» жырында
Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар
Емін-еркін заман жоқ,
Енді жүрген жігіттің
Маңдайының соры бар, -

деп отаршылдардың енді қазақ баласын биліктің, орыстың жазған заңымен өмір сүруге мәжбүрлеп отырғанын әлем жұртына айғақтайды. Ұлы жырау «Заманың кетті баяғы» деген жырында:

Жандарал болды ұлығың,
Майырды көрдің жезденудей,

Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгеңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қолыңда,
Қазылған қара көріңдей, -

деп орыс билігінің аяр да зымиян бетін ашып, оған бағынбауға, мойынсынбауға, әр қазақ азаматын осы көріністен жирене білуге шақырады. Оның бұл шақыру жолы - күрес жолы, азаттыққа ұмтылу жолы, қазақты ұлт ретінде сақтау жолы.

Қазақ - туған даласының табиғатымен бірге өсіп-өнген халық. Тамылжыған жаздың майсараған қызығына ғана емес, ен даланың ат құлағы көрінбес боранына да сүйсіне білген халық. Сол далаға деген сүйіспеншілігі де ерен күш, қуат берген. Онда оның бабаларының мүрдесі жатыр. Қазақ үшін Ұлы даладан қымбат ештеңе жоқ. Сол сүйіспеншілік Шортекеңнің жырында былай кестелеген екен:

Арқаның жазы бейішті,
Жылқының еті жемісті, -

десе, енді сол далаға қазақ қана ие болу керек екенін былайша жеткізеді.

Ұзын аққан Сарысуды,
Өзің жайлап, жағала.
Жүйрікпенен жорғаңды,
Өзің мініп бағала -

деп үгіттесе, онан әрі орыстың құлдығына түсіп, қазыналы жерінен айырылған жағдайды

Еділді алды, елді алды,
Енді алмаған нең қалды?
Қораны санап малды алды,
Қазаққа қамқор ханды алды.





Кетейін десең алдың тар,
Кетпейін десең кәпір бар, -

деп күйіне жырын төгеді.

Елінің осындай жағдайға түскеніне жырау көнбейді, қарсы әрекет етуге үндейді. Міне осы үндеу - халықтың санасына еңген сөз, идеялық бағыт алып, XIX ғасырда халықты езуші отаршылдарға қарсы тік көтерген рухани күшке айналған.

Жалаңаш болып, жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын - бала қамы үшін,
Қарсы шап та, мылтық күш!
Құр жабырқап жүдеме, -

деп Ұлы жырау қарсы әрекетке шақырса, дұшпанымен бірге күресу үшін түркі халықтарының бір болуына да үндейді.

Дұғай сәлем айтайын,
Ташкен менен Бұқарға.
Мұсылманның баласы
Қор болмасын дұшпанға, -

десе онан әрі түрік билігі Қондыгерге хат жазу, бірлесу қажеттігін де еске салады.

Орыс патшалығы қазақты халық ретінде құртуды жоспарлы түрде, кезең-кезеңімен жүргізді. Ұлттың басын біріктірер күш, мемлекеттігінің белгісі хандықты бірінші кезекте жойса, екінші жолы өзін-өзі билеудің, бөтенге - дұшпанға мойынсұнбаудың көрінісі - билер билігін құрту үшін болыстықты енгізіп, болыстың майлы жілігін ортаға тастап, қазақты өзара қырқыстырып қойды. Қазақ жерін тартып алу

қоса жүріп жатты. Өзен-көлдердің маңын мұжықтар алды. Олар сол су көздерінен малын суаруға қазаққа рұқсат бермеді, аңша қуып, атты. Осыны пайдаланған орыс билігі шоқынған қазаққа ғана мүмкіндік туғызып, қалғаны қаңғып, қырыла берсін дегенге тоқтады.

Шортанбай жырау діннің, имандылықтың орыс езгісіне қарсы болар ең өткір идеологиялық қару екенін де білген тұлға. Мұсылман діні қазақтың қанына сіңген ата-баба діні, сенімі. Ұлы жырау:

Менменсінген зор кеуде,
Қиық жүріп кете алмас,
Аспанменен өте алмас,
Алдандағы жолығар,
Құдайдың құрған тезіне, -

деп орыс билігін қолдаған-қолпаштағанға сес көрсетсе,

Медресе, мешіт салдырып,
Мүфтиге берсең балаңды...
Сираттың желі соққанда
Ораза, намаз - панаң-ды, -

деп кез келген жерге шіркеуін салып, мұсылман дініне қысымшылық жасап, қазақты шоқындыруды шұғыл қолға алған орыс билігіне көнбеуге үндейді.

Ғайбаттың жаман екенін
Біле тұра айтасың,
Намаз қаза боларын,
Біле тұра жатасың,
Алланың берген ақ дәмін,
Аузыңа алмай әуелі
Арамды неге татасың, -

деп Шортекең жақсы мен жаман айқасқан, қазақ баласын тобығынан қағу үдеген заманда табан тірер жерің, арқа сүйер тіреуішің, үміт қазығың мұсылман діні екеніне елдің көзін жеткізе түседі.





«Алланың өзі да рас, сөзі де рас» деп ислам дінін ашық насихаттаған Абайдан гөрі Шортекеңнің дін туралы пайымын әр сөзінде келтіре беруі, оның ислам дінін дұшпанмен күрес үшін идеологиялық қару ретінде пайдаланғандығының айғағы.

Зекетсіздің бұйырар,
Сүндетсізге жиғаны.
Аузы түкті ие боп,
Қазаққа берер қиғанын, -

деген Ұлы жырау күн - көрісі қиындап, жөнсіз тонауға ұшырағанға «зекеттің» малымен қарайлас деп бірлікке шақырып, сол бірлік болмаған күні бар игіліктің «аузы түктіге» бұйырар қатал, қатыгез заманның келе жатқанын туған еліне ескертеді.

Отаршылдың іштен бүлдіру әрекеті сүттей ұйыған қазақтың отбасына да кері әсерін тигізетінін Семей, Көкшетау, Омбы, татар жұртын аралаған Шортекең көре білген. Алар жарының пәктігі - отбасын ұйытар негізгі күш екенін, отбасының беріктігі қазақы қоғамның беріктігі екенін Ұлы жырау айтудан жалықпаған.

Шынарға біткен мақтадай,
Шырайлы болса алғаның,
Халал сүт емген жолықса,
Болар ма еді арманың?

Шортекең тегі, тәлімі жақсыдан қыз алып, ата-бабаның ізгілікті қасиетін сақтап, өркендететін ұрпағын ойлаған адамның арманы осылай болса керек екенін жырлған. Европаның улы дерттей жұққыш салтынан сақтандырған.

Аударылған дүния,
Ұлың киді дүрия,
Ұстараның жүзіндей,

Қызың кидің биқасап,
Байқап кимей байқастап, -

десе, онан әрі батыстың бұзылған салтын тілге тиек етіп, келер заманды айтқандай болжайды.

Зәкөн айтып қатын тұр,
Қойнында жатқан еріне,
Зарланып тұрған әйел бар,
«Қосылғам жоқ» деп теңіме...
Кел, жігіттер, түспелік,
Жанған отқа көріне.

Шортанбай жыраудың кешегі өткен «құдайсыздар» қоғамыи құрған заманның отбасыларының сипатына келетін мына өлеңі әулиеліктің көрінісі демеске шара жоқ.

Қойнында қатын жатпайды,
Ұрса тілін тартпайды,
Күнәсі асқан бұл пенде
Құдайдан әсте қорықпайды.

Келер заманда улы дерттей тарайтын, адам баласының түпкілікті азуына, тіпті адамзаттың құрып кету қауіпіне әкелетін сайтани жолдан Шортекең туған елін сақтандырып баққан.

Қылымсыған қатыны,
Қызыл көйлек киеді.
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді.

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жеңіліске ұшырап, ер-азаматтың талайы жазаланып, қуғынға түсіп, енді қайтып бас көтере алмас жағдай туып, орыс билігінің тор-шырмауына түскен халге жырау қатты ашынған.





Заман ақыр аяғы,
Заманың кетті баяғы.
Ықылас-ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады, -

деп басынан билігі кеткен елдің тоқырауға ұшыраған халін суреттесе, отаршыл орыстың ынсапсыздығын

Ынсапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды.
Пәлесі жоқ салмаған,
Қайысады қабырғаң
Көтере алмай салмағын, -

деп онан әрі іштей бүлінген елдің де халіне тоқталады.

Екі кісі ұрысса...
Зәкөннің түсер жолына,
Өте қусаң - оралдың,
Орыстың жайған торына, -

деп қазақтың басындағы жағдайды айтып қана қоймайды, қазақтың сөнуге айналған рухын оятып, жол сілтеп, бас бүтіндікке үндейді.

Жақынға - жақын қас болып,
Шіл боғындай тозбайық, -

десе, онан әрі:

Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан,
Бойыңды тартып тік жүрсең,
Көрмессің деген залалды, -

деген өсиетін ұлы Абайдың да әрі қарай жалғағаны әлемге мәлім.

Билер, пара жемеңдер,
Жалғанды жолдас демеңдер,

Кісі ақысын алмаңдар,
Аузыңа харам салмаңдар, -

деп ұлы жырау болыс-билікке орыстың таңдауымен жеткен ендігі ел жақсыларын елді аздырар жолдан аулақтатып, ғасырлар бойы келе жатқан қазақтың көне арнасын еске салуды еш уақытта құндылық бағасын жоғалтпайды.

Шортанбай жырау түркі дүниенің рухани оянуына игі әсерін тигізген өзінің замандасы Шаһабутдин Маржани (1818-1889) ғұламаның ой-пікірінен әсер алды десек, артық кетпейміз. Ш. Маржанидің замандасы, әрі шәкірті Камараддин Хазірет Семей медресесінің ұстазы болған. Камараддин хазіреттен Абай тәлім алып, араб, парсы, тілін меңгеріп, шығыстың ұлы жырауларының еңбектерімен танысуға жолы ашылған. Шортанбай жырау Семейге барған әр сапарында осы Камараддин хазіретпен жиі жолығып, біраз күндерін бірге өткізген.

XIX ғасырдың басында Петербор, Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент қалаларында мыңдаған данамен кітабы шығып, иісі түркі жұртының рухани әлеміне әсер еткен «қанша уақыт өтсе де ұмтылмай... (теріс қараған күндерде де, С. Қирабаев)», «Шортанбай - ұлы дарын... қоғам қайраткері, ірі идеолог» (Т. Кәкішев) болып ғұмыр кешкен тұлға.

Сөйтіп, Шортанбай жыры XIX ғасырда халық арасына ең көп тараған, елдің ой-санасын билеген, рухани күшке айналған.

Қызыл империя заманында қазақ баласын орыстық коммунистік идеологияға жығу үшін Шортанбай жырау арқылы иісі қазақтың қанына сіңген қазақы идеологияны құрту қажет болды. Коммунизмнің шапанын жамылған шовинистер сол себепті Шортанбай жыраудың әр сөзіне тыйым салды. Оның бірер шумақ өлеңін еске алғаны үшін елді қатты жазалады.





Қазақ халқының басына құрып кету қасіреті төніп, жер-суын тартып алып, өзенге малын суаруға келген қазақты аңша қуып, шыдамағаны шоқынсын, бағынбағаны қырылсын деген заманда отаршыл орыстың осы сұқия ісіне өлең-жырларымен қарсы шыққан, айтқаны халқының өн-бойына сіңген, қандай заман туса да туған елінің санасында жатталған Шортанбай жырау - XIX ғасырда қазақ намысын ту еткен ірі идеолог.

***Тұрсынбек КӘКІШЕВ,***
*филология ғылымдарының докторы, профессор,*
*Қазақстан Республикасының еңбек*
*сіңірген ғылым қайраткері*

# « АЛАҚАНДАЙ БЕТ ҚАҒАЗ, ТАБЫНАРСЫҢ МАНДАТҚА...»

Ұлттық сана-сезімнен айырылудың біз талай кезеңдерінен өттік. Патша заманында ешқандай адамшылыққа жатпайтын жарлық пен омыраулыққа кездескен соң басына ноқта түскен ой-пікіріміз тулады, бұлқынды, ашынды. Өйткені «Россия» көптомдығының қазақ даласына арналған 1903 жылғы 18-кітабында «покорив край, русские не могли перейти к культурной работе потому, что первоначальное завоевание совершилось исключительно с целью обогащения и первые завоеватели были совершенно неподготовлены к культурной роли. Это были грубые, невежественные люди с первобытной нравственностью» делінген анайылықты Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұраттар көзбен көрді. Көргенін айтпай тура алмады. Осы әуен біздің әдебиетімізде XIX ғасырдың ортасына дейін мейлінше анық көрінді, айтылды, аяғын жиған ешкім болған жоқ. Оны «Зар заман» дәуірі деп те атадық.

Бодан елді бұлай ашындыра беру көздеген мақсатқа жеткізбейтінін сезген соң, Ресейдің шығысқа шығатын алып қақпасы болған Қазақстанға басқаша айла-амал қолдану қажет екенін түсініп, 1822 жылы





хандықты жойып, жіктелуге ыңғайлы тұрған елді өлке, облыс, округтерге бөліп, бұрынғы династиялық жүйенің орнына сайламалы дәрежелерді шығарды. Төреден айырылған ел «қарадан шығып хан болған» аға сұлтандарды мақтан тұтып, қолына теңдік тигендей сезіне бастағанда, болыстық сайлауларды енгізіп, ағайын арасының араздығын қоздатты. Міне, осы тұста елдік мақсат аяқасты болып, рулық, аталық түсінік күшейді.

Бұқар жыраудың «бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды, қағазға жазар малыңды, есепке алар барыңды» деген көрегендігі айна-қатесіз келді. Кешегі Исатай, Кенесарылардың ұлт-азаттық көтерілісі жаңғырығынын, өзі сөніп, енді заманға ыңғайлану кезеңі туды.

Міне, осы тұста отаршылдықтан құтылудың ең бір оңтайлы жолы - оқу-білімге жетілу деген ұлы идея жайыла бастады. Қару ұстап, қан төгіп, ештеңе бітіре алмаймыз, «білекті бірді жығады, ақылды мыңды жығады» дегенге көштік. Қазақтың бодандыққа шындап көндіккені - XIX ғасырдың екінші жартысы. Ақыл-парасат күшіне шақырған кемеңгерлеріміз Шоқан, Ыбырай, Абайлар күрестің осы жолын таңдап алды.

Қазақ жері 80-жылдары екіге жыртылып, көбі Ресейде, шағыны Қытайдың қолында кетті. Көрген қорлық бұрынғыдан да күшейе түсті. Міне, осы сәттен бері қарай, әсіресе ғасырлар айырығында қазақтың революцияшыл демократтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов бастаған зиялылары «Оян, қазақ» ұранын көтерді. Ұлттық сана-сезімді ояту үдерісі 1920 жылға дейін, яғни Алашорда ресми таратылғанға шейін созылды. Онан кейін пышақ кескендей тыйылып қалған жоқ. 1929-1930 жылдары қазақ оқығандарының ең үлгілі, озық өкілдерін ұстап, түрмеге жауып, атқанын атып, ит жеккенге айдағаннан кейін ұлттық таным-түсінік социа-

листік құрылыс диірменінде ұнтақталып, жым-жылас болуға айналды.

Шортанбай жайында ой айтпақ болғанда осындай тарихи экскурске амалсыз барады екенсің. Өйткені Ұлы Отан соғысына дейін әдебиетіміздің тарихында өз рет-жөнімен аталып, зерттеліп келе жатқан Дулат, Шортанбай, Мұраттар «Совет өкіметінің қас жауына» қалай айналып кеткенін бүгінгі жас ұрпаққа түсіндірудің өзі оңай емес.

Біздің айрықша жан салып күрескеніміз екі-ақ мәселе ме деп қаламын. Біріншісі - дін. Ол мұсылман діні ме, әлде христиандыщ па, жоқ буддизм бе, әйтеуір дін атаулыны өшкерелеуге тиіс болдық. Онсыз «жеңіске» жету мүмкін емес еді. Сондықтан шіркеу, мешіт, синагог ғимараттарын қирату, атқораға айналдыру керек деген нұсқау жүзеге асырылды. Ұялмай-қызармай қираттық, орындадық. Бұл халықтың, адамның ниетін, пиғылын бұзу, ар-ожданды аяқасты етудің таптырмайтын амалы болды.

Ал екінші мәселе - ұлы халық, аға ұлт қатарындағылардың біріншісі деген желеумен ұлы орыс шовинизмін насихаттау, таным-түсінікке айналдыру. Мәскеудегілер анда-санда ұлтшылдықпен күресу қажеттігін сездірсе болды, жергілікті жандайшаптар, нигилистер желді дауылға айналдырып, басымызға әңгіртаяқ ойнатты. Соның бәрі ашық социалистік бояумен жүзеге асырылды. Мұның сыры не екен деуге шамамызды келтірмеді. Арам да ожар пиғылдың өзін емес, шетін сезіп, күмәндана бастағандарды ағаш атқа теріс мінгізіп, тескен таудан әрі өткізіп жіберді. »

Міне, біздің Дулат пен Шортанбайды «құртқан» мәселе осы. Советке қарсы болды деуге Алашорданың ата-бабалары тумай тұрып-ақ айтып кетіпті көзі көрген шындықты. Өткенге таптық көзқараспен қарау керек деген желеумен әйтеуір оң жамбасымызға келмегендерге лағынет қамытын кигізе бердік.





Шортанбай - осы екі үлкен айыптың екеуіне де дәл келетін ұлы дарын, зар заманның зор да адуынды ақыны, гөй-гөйді мейлінше шегіне жеткізе, шындық деңгейінде айтып, зарлап кеткен қоғам қайраткері, ірі идеолог. Онда діндарлық та бар, отаршылдыққа, біздің кейінгі түсінігіміз бойынша орысшылдыққа қарсылық та бар. Бұл екеуін енді ашық айтып, инабатпен баяндау шарт.

Шортанбайдың аруағынан кешірім сұрау үшін кешегіге айналып соқпасқа тағы да шараң жоқ. Біздің не айтып, не жазуымыз үшін жарықтық партиямыз алдын ала бәрін де өлшеп-пішіп қойды ғой. 1957 жылы сол тұстағы идеологымыз марқұм Н. Жанділдин хатшылыққа қолы жеткеннен кейін «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдалану жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулы алдырды. Аты қалай қолапайсыз да тұрманды болса, заты да одан асып түсті. Сталин культі әшкереленіп, Хрущев жылымығы жылылық танытпай жатқан шақта, 1959 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Тарих мәселелерін шешуді ғалымдарға тапсырғандары, даулы тақырыптарды ашық та анық айтуға шақырғаны сырттай қарағанға ұнамды болып көрінгені болмаса, түпкі идея Орталық Комитеттің қолында болды. Ғалымдардың не айтып, қандай қорытындыға келері белгісіз болса да, күнібұрын алынар шешімнің жобасы дайындалды. Ол «Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның ұсыныстары» деген моп-момақан түрде дүниеге келді. Екінші бөлім «Қазақтың XVIII, XIX, XX ғасырлардағы әдебиетінің тарихын зерттеу жайында» деп аталып, он бір тұжырымнан тұрды. Соның үшінші бабы түгелдей Шортанбайға арналды. Соны түгел келтіріп, Дулат пен Мұратты да қамти кетейік.

«Шортанбай Қанаевтың творчествосы жайында конференция сол дәуірдің негізгі идеялары мен әлеуметтік өмірдегі ерекшеліктерін еске ала отырып, ақын бір жағынан патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының нәтижесінде туған әлеуметтік жағдайларды сынай отырады да, екінші жағынан хандың дәуірді мадақтайды, шығармаларында ислам дінінің идеяларын уағыздайды» деп қорытады. «Бұл сияқты ақындардың творчествосына жоғарғы мектептің программаларында орын беріліп, негізінде ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай кертартпа ақындармен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін аталуы керек» деп түйді.

Ал Дулат пен Мұраттың ақындың шеберлігінің «өзіндік ерекшелік сипаттары» бар екендігіне ептеп жеңілдік жасап, «Дулат пен Мұрат творчествосы жоғары мектепте сол кездегі тарихи әдеби процестің сипатын, әдебиеттің қандай қайшылық жағдайда дамығанын көрсету мақсатымен аталуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептердің ерекшелігін еске ала отырып, бұл ақындардың творчествосын орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналсын» *(«Әдеби мұра және оны зерттеу». Стенограмма. 1961, 372-бет)* дегенді жалпақ қазақ тіліне түсірсек, Дулат, Шортанбай, Мұрат өнерпаздықтары ағартушы-демократтық бағытқа қарсы болғандығын көрсету үшін ғана аталуға тиіс болды да, мектептерде оқытылмасын, яғни қазақтың жас ұрпағы өзінің тарихын білмесін, ауызданбай-ақ қойсын деп тапты, яғни қайнар бұлақты суалтып, түсінігін лайлады. Осы тұжырым 1988 жылға дейін бұлжымай келді. Мектеп оқулықтарына кіре қоймады.

Әрине, ешкімді кінәлауға болмайтын-ақ шығар, бірақ осы конференцияда айтылған оң ойлардың ескерілмеуі, оны қақпайлап күні бұрынғы шешімге қарай икемдей бергендері, әсіресе өзінің даңқы дүние жүзіне мәлім болып, аузына ел-жұрт қарап отырған шақта Мұхтар Әуезовтің Шортанбай мен Дулат жайындағы





баяндамаларында сыннан арашалап, аршып алмау жағы баса сөйленді.

Осы сияқты Ханғали Сүйіншәлиевтің Дулат турасындағы тексеруі де сыңаржақ болып шықты. Дулаттың идеялық, тарихтық керітартпалығы, міні деп айтылып жүрген жайлардың бәрін баяндамашы бүркемелеп, көмескілей сөйледі. «Баптап, ептеп «өткізу» бұл конференцияның мақсаты емес» деген *(353-354-беттер)* сөздер, әрине, Орталық Комитет пен ғылым-білімге желімдей жабысып жүргендерге таптырмас «қару» боларын, әсіресе Мұханның аңғармауы қайран қалдырады.

Міне, осылай Дулат, Шортанай, Мұраттар әдебиет тарихынан аластатылды, атала қалса тек қайшылығы мен қарсылығы тұрғысынан көрсетіліп, оқушыны шошындырды. Соның нәтижесінде дүмше бас редакторлар мен баспа басшылары Шортанбай жырларын «Бес ғасыр жырлайды» жинағынан жұлдырып, өзіне «саяси капитал» жиғандарын да білеміз.

Сөздің қысқасы, қазақтың азаматтық тарихы, оның рухани дүниесі қолдан тоналып, құлдырай түскен сайын бізді «адам» қылғандар мәртебесі өсе берді, саяси-ғылыми жағынан өз елін тұқыртқандар шен-шекпеннен құр қалмады. Ал қазақ халқы тарих бетінде артта қалған, ештеңе ойлап, айтып көрмеген мылқау, не істеп жүргенін өзі білмейтін мәңгүрт болып шыға келді.

Жоқ, мың мәртебе жоқ, тарихымыз мүлде ондай емес-ті. Халқымыз біреудің шөмшегін теріп күн көрмегендігі соңғы жылдары кең анықтала бастады. Бұл біздің тарихи қозғалысымыздың басы ғана, әлі тереңдеу мен тарамдану шаралары тұр. Батырлар мен билерімізді, хандарымыз бен қараларымызды әлі де анықтай түссек, өз дәуірінің үні бола білген, ұранын жырлаған, аруағын шақырған өнерпаздарымыз, әсіресе ақын-жазушыларымыз атаусыз қалмайды. Басқаны былай қойғанда, Бұқар жыраудың, Дулат-

тың, Шортанбайдың, Мұраттың, Сұлтанмахмұттың, Мағжанның... мүшел тойлары атала бастауының өзіне ойлана бір қараңыздаршы. Қазір қолымыз жеткенге құрмет көрсетіп жатсақ, ертең ой жететіндерге назар аударып, ғылыми жүйемен салтанат жасайтынымыз айдан анық. Сондықтан тарихқа жаңа көзқарасты жеңілдетпей, «ұлтшылдандырмай», тереңнен қазып, шындық деңгейінде әңгімелеуге тырысайық, ұмтылайық, әйтпесе тағы біреулердің ескі шапаны етегіне оралып, өзімізден-өзіміз безіліп жүруіміз мүмкін.

Шортанбай жайлы сөз осындай ірі де ауыр ойларға бастайтын болса, онда бұл дарынның шығармашылығы жеңіл-желпі, оңайлықпен алдыра қоймайтын сом да іргелі дүние екендігі өзінен-өзі айқындала беруге тиіс.

Бұқар жырау қазақ аспанына қара бұлт жиналарын сезсе, Дулат, Махамбет, Шортанбайлар «алды кәпір аңқылдап, елді еркіне қоймады» деген зілді ойлармен замананың бүлінгендігін көрсетті. Қай дарын болмасын, өзі өмір сүрген дәуірді түсінуге, бейнелеуге ұмтылады. Бірақ ол кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. XIX ғасырдың ортасында «азулыға бар заман, азусызға тар заман» келгендігін қысылмай суреттеген Шортанбай болды. Оның «Зар заман» мен «Балазары», «Алдаушы жалған», «Келер заман сипаты» кезең шындығын айнытпай, сөз өрнегін түсірді. «Жалмауыз болды үлкенің қазақ сенің сорыңа» дей келіп:

Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар.
Емін-еркін заман жол,
Ендігі жүрген жігіттің
Маңдайында соры бар, -

немесе,





Көпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгеңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріңдей, -

деген Шортанбайдың адуынды жырларынан қалай қатты үріктік. Өмірде мұндай іс болмағандай отаршылдарға жарбаңдадық. Шындықтың бетіне ит сарыған соң, ұят-аятты ұмытып, тарихты бұрмаладық.

Тарихқа жаңа көзқарас айқындалып, ұлттық идеология деп жатқанымыз қазақтың жоғын жоқтар болса, онда Шортанбайдың отаршылдарға қарсылығы кешегі Бұқар мен Дулаттың, Махамбеттің ащылау айтылған бір түрі деп түсіндірген абзал. Өмірде болмаса ойға оралатын, сөз кестесіне өрілетін шындық болмайды.

Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды.
Пәлесі жоқ салмаған,
Қайысады қабырғаң,
Көтере алмай салмағын, -

деген шындықты айтқаны үшін Дулат, Шортанбай, Мұраттарды бопсалай соғып, кертартпалығы мен хандық тұрмысты ұнатқандықтары деп таңбалап, даттай бергеніміз тарих алдында ұят-ақ болған. Шындықты айта алмағаннан қатты ұтылғанбыз. Қазақ әдебиетінде ауызша және жазбаша әдебиеттер аралығына алтын көпір салып келе жатқан реалистік дәстүрдің мән-мағынасын ұға алмай, таптық тантыққа ауып кеткенбіз.

Мен Шортанбайдың діндарлығын, ақырзаманды жырлағанын әбестей алмаймын. Өйткені, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегенін бойына сіңіргендер үшін Шортанбай діншілдігі уағыз деңгейінде ғана болып көрінеді.

Шортанбайдың отаршылдыққа қарсы боп, дінді өлердей насихаттауы, меніңше, қазақ жұртының адамгершілік арнасына сыймайтын іс-әрекеттері мен қылықтарына, имандылықтан кеткендерге қарсы қолданылатын ең өткір идеологиялық кару болғандығын енді ұғынуымыз керек. Ыңғайына келмесе Құдайдың өзін сыбап жіберетін қазақты қалай оң жолға түсіремін деп толғанғанда, Құран-хадиске көнбегендерді отаршылдықпен қорқытты. Осы бетімен жүре берсе, құрдымға барып тынарын сезген Шортанбайдың ақырзаманмен қорқытпасқа амалы қалған жоқ. Дәуір тынысын, беталысын жіті бақылай білген. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» дәуірін идеялық-эстетикалық деңгейге көтерген Шортанбайдың ірі де беделді тұлға болатыны осыдан.

Өйткені Шортанбайдың ащы зарына, улы қаламына іліккендер тек отаршылдар емес, адамшылықтан айырылған дуанбасы мен болыстар, жебір тілмаштар, әке-шеше тәрбиесін тәрк еткен әдепсіз ұл мен қыз, байына закон соғып тұрған қар қатын, елді теспей сорған қожа, молда, бір-біріне қастық ойлаған ағайын-туыс, не керек, әлеуметтік өмірдің алуан түрлі типтері мен пенделері дараланып та, топтанып та көз алдыңнан өтіп жатады. Солардың адамшылдығы артсын деп дінмен қорқытады. Оған өзі сенеді, басқаларды да сендіргісі келеді.

Уақыт жыршысы бола білген Шортанбай замана келбетін сөз өрнегіне түсіріп, тарих бетіне өзінің өшпес таңбасын қалдырды. Оңды-солды сілтеген уақытта Шортанбайдың бар арман-тілегі адам өзінің адамгершілігі мен имандылығынан айырылмаса екен деген пәлсапаға ойысты. Оның дидактикалық ақыл-парасаты да, моралистік ой-пікірі де адамдық қалыптан адастырмау мақсатын көздеді. Бүгінгі қорқынышты көрініс ертең зорая түсетініне имандай сенді. Келер заманда:





Атаның тілін ұлы алмас,
Ананың тілін қызы алмас.
Айта беріп қайтейін
Өлінің тілін тірі алмас.
Жақыннан шыққан жақсыны
Ағайын-жұрты көре алмас.
Заманақыр белгісі -
Бірге туған бауырың
Тату да болып жүре алмас, -

деп, жалпы адамгершіліктің құлдырау үдерісін көрсету арқылы әлеуметтік мәселелерді табиғи жолмен жанастырып, «Келер заман сипатын» көз алдымызға елестетті. Мүсәпір күйге түсер шағымызда:

Жапақтап көзің тұрарсың,
Не айтамын деп ақымаққа.
Балаңды алар солдатқа,
Міне алмассың жалды атқа.
Алақандай бет қағаз,
Табынарсың мандатқа, -

дегені өтірік емес қой? Кейінгі төрелер одан да асырып жіберген жоқ па?!

Сол заманның ішінде
Сиыр деген пұл болар,
Ұрғашыдан би болар,
Әркімменен ыржақтап,
Қатын деген тұл болар.
Өзіне-өзі ерік алып,
Жанның бәрі құл болар, -

дегенді де бастан өткердік. Енді Шортанбайдың келер кезеңдер қайшылығын көзімен көріп тұрып айтқан мынау сөзін қалайша құлаққа іліп алмаймыз.

Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ

Ақша деген мал шығар,
Жеткізе алмай онысын
Калтыраумен жан шығар, -

дегені жеке пенденің ғана емес, талай әлеуметтік топтың басына түскені өтірік пе?!

Шортанбай жырларын ойлана оқып, көңілге тоқығандар талай шұрайлы да қомақты ойларға, түйінді тұжырымдарға кезігіп, шынайы адамгершілік жолын іздеген үлкен дарын екендігін көреді.

Дулат, Махамбет бастап, Шортанбай мен Мұрат қостаған әдеби бағыт кешегі Бұқар жырау дәстүрін жалғастыра отырып, шын өмір айнасына айналуды мақсат тұтты. Арналы ағымға айналды. Ауыз әдебиеті дәстүрін дамыта отырып, бұл профессионалды әдебиет жасау жолындағы ізденіс болды. Сондықтан да қазақ ақын-жырауларының XIX ғасырдың орта тұсында қолы жеткен көркемдік билігі - Абай негізін қалар жаңа жазба әдебиеттің алдына салынған алтын көпір еді. Абайдың Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау жайындағы айтқаны ендігі көркемдік дамуымызға басқаша жол, соны өнеге керек деп білетін эстетикалық зор таным-талаптың дүмпуі болатын.

Сонымен, Шортанбай Дулат пен Махамбеттен басталатын үлкен көркемдік үдерісті дәйектеп шығып, қазақ әдебиетінде реалистік ағымның орнығуына өлшеусіз үлес қосты. Ол - шырқыраған шындықты тұздықтап жеткізген зор тұлға. Елді, жұртты адамгершіліктің асқар биігіне шақырған дәуір ұраншысы. Қазақ әдебиеті тарихында зар заман кезеңін аяқтандырып, көркем сөздің қадірін аспандатқан от ауызды, орақ тілді ұлы ақын.



***Тебегенов Темірхан САҚАУЛЫ,***
*филология ғылымдарының докторы, профессор,*
*Түркі Әлемі Халықаралық*
*«Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты*

# ШОРТАНБАЙ - ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒА

Шортанбай Қанайұлы - XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы. Оның шығармашылық мұрасы - қазақ әдебиетінің тарихындағы ауызша және жазбаша ақындық дәстүрлер тоғысуының көрінісі. Қазақтың ежелгі түркілік әдебиетіндегі Қорқыт Атаның, Әбунасыр әл-Фарабидің, Жүсіп Баласұғынның, Махмут Қашқаридың, Қожа Ахмет Иасауидың, Ахмет Иүгінекидің ақындық-ойшылдық дәстүрлері әуелде Қаратау атырабында, Сыр бойында қалыптасып, кейінгі ғасырларда ұлттық әдебиетіміздің тұтас мазмұнына жалғасты. Шортанбай өзінің ақындық шығармашылық қалыптасу жолында әуелде сонау ортағасырлық мұсылмандың софылық-ойшылдық поэзияның Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Софы Аллаяр сынды көрнекті тұлғаларының ақындық дәстүрлерінен тағылым алады. Софылық-ойшылдық, діндарлық поэзияның негізгі сипаты - ислам дінінің қасиетті қағидаларын негізгі арқау ете отырып, адамдық өмірдің қайшылықты, тартысты алуан сырларына баға бере жырлаушылық, адамгершілік асыл сапалар мен өмірдің көлеңкелі жақтарына ұстаздық-тәлімгерлік сыншыл

түйін жасау. Шындық атаулының мәңгілігін мойындауды ту еткен софылық-діндарлық поэзия дәстүріндегі ақындар осы өмірдегі әділетсіздіктердің, қайшылықты құбылыстардың ең ақырғы әділ сарапшысы болатын о дүниелік ғұмырды жырлайды. Демек софылық поэзия - философиялық ойшылдық ағым. Бұл дәстүрдегі діндар ақындар тіршіліктің мазмұнындағы рақым, қайырым, мейірім, адамдық терең сана, әсемдік атты ұғымдарды Құдайдың пенделеріне арнаған шапағаты ретінде түсіндіреді. Адамзат ортасындағы осы ұғымдарға қайшы болып жасалып жатқан келеңсіз қылықтарды өткір тілмен сынай отырып, барлық күнәлардан Құдай, пайғамбар жолы арқылы ғана арылуға шақырады.

Шортанбай - қазақтың ежелгі дәуірлік және өзімен тұстас әдеби-фольклорлық шығармашылық ортаның тәлім-тәрбиелік, ұстаздық өнеге айту дәстүрін де берік ұстаған ақын. Сондықтан оның шығармашылығындағы осындай тәлім-тәрбиелік ойшылдық тереңдіктеріне құрылған сөз оралымдарынан үлкен тағылым аламыз. Әдебиет тарихында мұндай жырлардың халықтық тәлім-тәрбиелік маңызы ерекше. Шортанбай дидактикалык, толғаныстардың арқауындағы қайшылык, атаулының бәрін өзі куә болып отырған замандық мысалдармен нақтылап жырлай білді.

Шортанбай Алланың (Құдайдың), Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті қағидаларының берік сенімді жыршысы болғандықтан, адамзатты мұсылман және көпір деп бөледі. Ақынның көпір бейнесінде алатындары - адамшылық әдептен аттап, тыныш, момын елдің берекесін кетіргендер, халықтың атамекендерін иемденіп, салт-дәстүрлерін, тілін, дінін аяққа басқан зорлықшылдар ұғымында түсіндіріледі. Бұл жағынан алғанда Шортанбай ақын әлемдік сөз өнері тарихының ұлы ойшылдары Қорқыт Атаның, Қожа Ахмет Иасауидің шығармаларындағы кәпірлерге арналған көзқарастармен толық үндеседі.





Сонымен, Шортанбай - қазақ әдебиетінің ежелгі түркілік жазба шығармашылығының софылық-философиялық дәстүрінде қалыптасқан ойшыл ақын. Түркілік мұсылмандық жазба әдеби дәстүрде қалыптасқан өнерін ауызша суырыпсалма ақындық дарынына ұштастырады. Ислам діні - дүние жүзіндегі мұсылмандардың қасиетті сенімі. Шортанбайдың осы қасиетті дінді арқау ете жырлаған толғауларынан ойшылдық, сыншылдық, ұстаздық парасат үні айқын естіледі.

Жазушы, ақын мұрасын жинаушы-насихаттаушы Кәмел Жүністегінің жаңа деректеріне қарағанда Шортанбай «1818 жылы дүниеге келіп, кезінде Қанай Балқаш көлі төңірегінде мекен еткен Шұбыртпалы руына келіп тұрақ табады. Қанай Нұра бойын қоныстаған Нақыпқожаның қызы Шүкіманға үйленіп шаңырақ көтереді. 1881 жылы қайтыс болған ақын мәйіті Шүкіманның ағасы Ыбырайым мазарының іргесіне жерленіп, мәңгі дамылдап жатыр» [1-6.]. Жазушы Кәмел Жүністегі Шортанбай ақынның көркем әдеби бейнесін сомдаған «Соңғы абыз» тарихи романында уақыт шындығын толық қамтып суреттеген.

Шортанбайдың ақындық өнерінің ауызша суырыпсалмалыққа ұштасуына шешуші ықпал еткен қасиетті мекен - Орталық Қазақстан даласы. Өмірінің соңына дейінгі көп жылдары қазіргі Жезқазған облысының Шет ауданы жерінде өтіп, сонда жерленген ақынның осы өңірдегі өнерпаздықтың табиғатына да бейімделгені анық, Біржан сал және Ақан сері, Үкілі Ыбырай мен Мәди, Жанақ, Шөже, Орынбай, Кемпірбай және т.б. арқылы өнерпаздар шоғырының игі дәстүрі Шортанбай ақындығының түрлене, айшықтана ажарлауына ықпал еткен. Жұлдыз атаулының бәрі де маңындағы қалың шоғырымен ғана көрікті емес пе?! Қазақ әдебиетінің, мәдениетінің аспанындағы көп жұлдыздардың шоғырымен бірге көрінетін Шортанбай - қазақ елінің бірнеше аймақтарына тән жы-

раулық-ақындық қасиетті осылайша бойына сіңіріп қалыптасқан тұлға.

Қазақ әдебиетінің тарихын құрайтын осындай тұлғаларының ақындық азаматтық, ойшылдық көзқарастарының қалыптасуы - сол ақын тектес белгілі бір әдеби мектепті танытатын ерекшелік. Шынында да Шортанбай - қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихындағы мұсылмандық философияға негізделген білімдар ақындығын халқының қасиетті тағдырына арнай білген азаматтық-философияльщ толғаныстармен дараланған ақын. Шортанбайдың мұрасы - насихат өлең, терме, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан болып келеді. Шығармаларын тақырыптық-мазмұндық, жанрлық жақтарынан бірнеше салаларға бөліп қарастырамыз. Ең бастысы - мұсылмандық қағидаларды софылық-ойшылдық әдеби дәстүр аясында жырлаған насихат (үгіт) өлеңдері. Алаштың ағартушы ғалымы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабында жазба әдебиетті «Діндар дәуір», «Ділмар дәуір» деп екігe бөледі де, «Діндар дәуір» тарауында Шортанбайдың «Билер пара жемеңіз» насихат (үгіт) өлеңін, «Атамыз Адам пайғамбар» термесін мысалға келтіреді. Демек, Шортанбай мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихында әуелден-ақ басты назарда болып келеді. Шортанбайдың мынадай насихат (үгіт) өлеңдері бар: «Мінеді әділ патша алтын таққа», «Адамның жалған дүниесі», «Қалықтаған сұңқар ем», т.б.

Насихат өлеңдерінде адамзаттың осынау фәни жалғандағы тіршілік тынысын, өмір құбылыстарын қат-қабат қайшылықтар сипатында жырлайды. Нәпсінің айдауына еріп талай-талай қиғаштықтарға ұрынған Құдайдың күнәһар пенделерінің рухани тазарту жолына түсуіне үгіттейді:

Адамның жалған дүниесі,
Дүние - жолдас, қимасы.





Дүниені жолдас демеңдер,
Көп болар оның күнәсі.
Өлгеніңше тою жоқ,
Түңілмей ырза болу жоқ.
Жалғанның арты жақын деп,
Жегенін қазақ қою жоқ [2, 32-6.].

«Қалықтағансұңқарем» насихат өлеңі - діндарлық-қанағатшылдық ғұмырды өсиет ететін жыр. Бұл - ақынның насихат айта отырып, қоштасу мазмұнында жырлаған арнау өлеңі. Халыққа («Тыңдаңыз, жұртым, сөзімді»), жастарға («Ендігі туған балалар»), үлкендерге («Үлкендер, саған айтайын») арналып басталатын шумақтарда ақынның нағыз гуманистік, азаматтық тұлғасы айқындалады. Арнау, қоштасу сарынында шығарылған насихат өлеңінде ақын адамзатты күнделікті күйбең тірліктегі дүниеқоңыздықтан, ұсақтықтан, өзімшілдіктен, күншіліктен аулақ болуға шақырады. Фәни жалғанның ұлылығын жасайтын құбылыс - адамдық сұлу өмір. Адамдық сұлу өмірдің мазмұнын құрайтындар - Құдай жолына адалдық, еңбексүйгіштік, жомарттық, мейірімділік, қарапайымдылық, қанағатшылдық және т. б. қасиеттер. Ақын осындай мазмұнда өмір сүруге уағыздай келе, бірақ арман еткен осы адамдық дағдыларды маңайынан толық көре алмай жүргендігін айтып уайымдайды. Сондықтан да халқының жасына-кәрісіне келер күндердегі ұрпақтарының азып-тозбауы туралы уағыз айтады, болашақ күндерден қауіптенсе де үміттене толғанады:

Ахирет қамын іздеңдер,
Жалған бетті кезбеңдер.
Кісі ақысын алмаңдар,
Аузыңа харам салмаңдар.
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрын пайғамбар.
Сөзін айтайын, үлкендер,

Құдайдан қапы кетпеңдер.
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер [2, 34-б.].

Ақынның шығармаларының бір саласы - термелер. Терме - халықтық тәлім-тәрбиенің негіздері болатын адамгершілік, мінез-құлық қағидаларын баламалы, салыстырмалы бейнелікпен жырлайтын дәстүрлі шығарма. Шортанбайдың термелері де қазақы тұрмыстық қарым-қатынастың табиғи мазмұнындағы асыл сапалы ізгілік шапағатына бөленген қасиеттерді тере, жинақтай айта отырып, солардың барлығын да мұсылмандық қағидалармен ұштастыра жырлайды. Мысалы, Шортанбайдың «Бала зары» атты ұзақ термесі - қазақ поэзиясындағы мұсылмандық-софылық-философия тереңдіктерін шынайы таныта алатын кесек туынды. Терме - ақындық ойшылдық дүниетанымының бейнелі сөздермен айшықталған көрінісі. Терменің тұтас композициялық құрылысын да ақын адамзатты жаратқан Адам Атадан тараған дардың пиғылдарына қарай мұсылман мен кәпір болып бөлінуі болғанын айтады. Адамзат жаратылғаннан бері жақсылық пен жамандық арпалыса қайшыласқан қарама-қарсылықты құбылыстарға толы осынау фәни жалғандағы тіршілік тынысын философиялық ойшылдықпен, лирикалық сезімталдықпеп жырлайды. Адамдық ғұмырдың реалистік өмір шындығымен суарылған тынысын айқын бояулармеп елестетеді.

«Бала зары» - композициялық құрылысы жағынан бірнеше тақырыптық бөлімдерден құралатын термелер жиыны. «Атамыз Адам пайғамбар», «Сен демек қисын емес пе?», «Ит жүгіртіп құс салған», «Жылқының құты айғыр-ды», «Жақсыны жаман көре алмас», т.б. тақырыптық-мазмұндық дербестікпен тұрған термелердің ортақ түйіні - жалпыадамзаттық, гуманис-





тік ойларды мағыналы сөздер шоғырымен жеткізу. Мысалы, бір термеде:

Ит жүгіртіп құс салған,
Өнерпаздың өнері.
Өтіп кеткен нәрсеге,
Өкінсең жоқ келері.
Құбылып тұрған қызыл гүл,
Қураса кетер мәнері.
Сабыр қылсаң жетерсің,
Құдайдың болса берері, -

деп [2, 25-б.] ойландыра жырлап отырып, өмір құбылысының басқа да сырларына назар аудартады:

Ер басына күн туса,
Бұта түбі үй болар.
Ат басына күн туса,
Көксімдегі күй болар.
Көңіл азып, тон тозса,
Берген көйлек кез болар [2,27-б.].

Шортанбай термелерінің философиялық-гуманистік мазмұны көбінесе дәстүрлі шешендік сөздердің афоризмдік оралымдарына тән бейнелікпен де өрнектеледі:

Жерге біткен тау пияз,
Жегенмен тамақ болар ма?
Шернеуде жазған нәсіпке,
Дария құйсаң толар ма?
Сүмбіле туып күз болмай,
Көкорай шалғын солар ма?
Кәрілік пенен мінезге
Білсеңіз, бағым болар ма? [2, 28-29-бб.].

Бұл термелерде адамгершілік тәрбиесінің асыл қағидаларын жеке адам мен қалың көпшілік арасындағы қарым-қатынастар мазмұнында жырлайды. Құдайдың, пайғамбардың қасиетті дінінің ұлы қаги-

даларын адамгершілік тәрбиесін берудегі өзекті желі етеді. Мысалы, «Атамыз Адам пайғамбар» термесіндегі:

Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ,
Мұсылманның тарығы,
Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңіліңде Құдай барлығы, -

деген жолдардың халық көңіліне қасиетті дініміз-ді берік ұялатуға ықпалының зор болғаны күмәнсіз. Ақын мқсылман діні жолының қлылығын айта келіп, адамдық ортадағы пендешілік қарама-қайшылықтар-дың сипатын да дәл бейнелейді:

Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға.
Топқа кірсең әркіммен,
Таласарсың орынға.
Текті құс қарар Қырымға
Ит айналар жырымға.
Парақорлар қызығар,
Бір қалаштық тиынға...
Бай - жарлының панасы,
Көп - жалғыздың саясы.
Нар - түйенің жақсысы,
Бауыры сүтті маясы... [2, 21-23-б.].

Осы терменің тұтас мазмұнынан қазақ халқының ежелден қалыптасқан табиғи мінез-құлқының бұзы-ла бастағанынан секем ала жырлаған ақынның ішкі жан күйзелістері аңғарылады. Халқын әділдікпен басқарған кемеңгерлердің орнына сырты бүтін, іші түтін қуыс кеуделердің келіп, елді аздырғанына күй-зелген ақынның күйініші, мұңы анық естіледі:

Қасиет кетті төреден,
Әділдік кетті билерден.





Абырой кетті әкімнен,
Қайын енесі ас ішпес,
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз Құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден... [2, 27-б.].

Шортанбай термелері - қазақтың халық әдебие-тіндегі көркемдік қуатымен адамгершілік мұсылман-дық қағидаларын жырлаған шығармалар. Шортан-бай шығармашылығының бір саласы - толғаулар. Шортанбайдың бұндай шығармалары жыраулық поэзиядағыдай дидактикалық-гуманистік ойларды жалпылай айтудан гөрі лирикалық тебіреністі, эле-гиялық мұңлы-шерлі романтикалық сағынышты, арманды сөздермен өріледі. Ақынның толғауларын ішкі мағыналық сыршылдық саздарына қарай шарт-ты түрде «зар замандық толғаулары», «болжалдық мазмұнды толғаулары», «қоштасу, арнау мазмұнды толғаулары» түрлерінде атауға болатын секілді.

Ұлы суреткер жазушы, ғұлама Мұхтар Омархан-ұлы Әуезов қазақ әдебиетінін, тарихындағы сыншыл, отаншыл ақындық мектептің өкілдерін «Зар заман ақындары» деп атаған себебін былайша түсіндірген еді: «Зар заман деген - XIX ғасырда өмір сүрген Шор-танбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй сарынын бір араға тұтастырғандай жиын-ды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарын-мен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деген ат қойдық» [3, 192-б.].

Шортанбай ақынның «Зар заман» толғауы азат-тықты, бостандықты сүйген өр мінезді халқымыздың отаршылдық бұғауына шырматылып жатқан кездегі жан айқайы. Ақын жыры - халық көңілінің айнасы. Жасыл жайлауларынан, асқар шыңды тауларынан, орман-тоғайлы белестері мен мөлдір өзен-көлдерінен, дінінен - жалпы ұлттық-этностық рухани келбетінен

айырыла бастаған қазақ халқының тап сол XIX ғасыр мен XX ғасырдағы шынайы қалпын Шортанбай дәл суреттейді. Тарих сахнасынан мәңгілік жоғалып кетуге бет алған халқының аянышты тағдыры ақын тілімен қасіретті, зарлы жыр болып төгіледі.

«Зарзаман» толғауындағы негізгі желі - ақынның отаршылдық зұлматынан сескенген қорқынышы, зарлы мұңы. Ақынның қорқынышы - отарлық бұғауға түскен халқының мәңгіден қалыптасқан асыл қасиеттерінен айырыла бастағанына қайғыру. Толғаудың алғашқы жеті шоғырының (тирадасының) әрқайсысы «Зар заманның» кейінгі мазмұнын тереңдей түсінуге септігін тигізер жүкті арқалап тұр. Осы алғашқы жеті шоғырдың әрқайсысының соңында «Сол себептен қорқамын!» деп қайталанатын тармақтар арқылы ақын өз түйінін шегелей түседі. Отарлаудың қара бұлты көмкерген Қазақ Елінің азып-тозуының басы от басындағы зайыбының ерінің бетіне орынсыз қарсы келуінең ұлдың, қыздың ата-ананы тыңдамауынан, тексіздердің, надандардың ел билігіне аралауынан, ағайын арасының күншілдіктен бүлінгенінен басталғанын айтады. Бұның бәрі - жат-жұрттың әдет-дағдыларының әсерінен болған зардаптар. Отаршылдықтың сан тармақты шынжырларымен шырматылып, кең даласы мен асқар тауларынан, мөлдір көлдерінен асау өзендерінен, орман-тоғайларынан айырылып, бірте-бірте қазақы мінез-құлықтан, тұрмыстық-ұлттық қарым-қатынастардан да айырыла бастаған тағдырымыздың мазмұнын айқын бояулармен суреттейді:

Мынау азған заманда,
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.





Кедей қайтіп күнін көрер деп,
Сол себептен қорқамын! [4, 302-б.].

Қазақ мемлекетін қалыптастырған, дербес халық, ұлт Тәуелсіздігін қалыптастыру үшін күрескен Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке, Абылай, Кенесары сынды хандарымыздың, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды билеріміздің көсемдік, азаматтық, батырлық істерін жалғастыратындар жоғалып кетті. Отаршылдықтың зымиян саясаты тек құлқынын ғана ойлайтын жуан қарын тоғышар, марғау, көркеуде орысшыл әкімсымақтарды тарих сахнасына шығарды. Әрине, бұлар - тарих көшінің уақытша өкілдері. Бірақ тағдырға не шара бар? Орысшыл әкімсымақтар мен солардың кесірінен жасалған рухани және экономикалық зардаптардың халқымызды қазір сергелдеңге салып отырғаны - шындық. Бұл жағдай да Шортанбайдың назарынан тыс қалмаған-ды:

Асыл асқан заман-ай,
Шөп сұйылды жердегі.
Құс таусылды көлдегі,
Бай таусылды елдегі.
Жалғыз шақпақ сыймайды,
Кисе қара белдегі [4, 305-б.].

Діннен, ұлттық әдет-ғұрыптан ажырай бастаған қазақтың отаршылдар әкелген зиянды дағдыларын тез қабылдаған қалпы Шортанбай тілімен былайша бейнеленеді:

Шошқаның етін қақтаған,
Құбылаға бақпаған,
Атасының жанындай,
Арақты ас қып сақтаған... [4, 306-б.].

«Зар заман» толғауының тұтас желісін құрап тұрған мәселе - сырттан келген отаршыл жұрттың ара-

ласуының әсеріне тез елігіп, азып-тозып бара жатқан қазақ халқының трагедиясы, Жандарал, майыр, старшин, болыс атты Ресейлік патшалық билеу жүйесімен шырмалған қазақтың мансапқорлық, күншілдік, бақталастық қылықтары асқына келе бас көтерер азаматтардың денін ұлт, халық туралы ойлаушылық сезімінен жұрдай қылғаны мәлім. Ақын зары - қазақтың елдік, ерлік азаматтық, ағайыншылық тұтастығына сызат түскеніне қайғыру, ашыну. Шортанбай заманынан бүгінгі күндерге дейін сақталған отаршылдық саясатпен әбден уланған осы қалпынан қазақ әлі арыла алмай келе жатыр. Сондықтан, Шортанбай жырлаған зар заманның сіңіп қалған іс-қоңысынан арылу үшін ақынның толғауындағы мәңгілік күшін жоймайтындай сөздерін қайта-қайта еске аламыз:

Мынау заман қай заман?
Азулыға бар заман.
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі,
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген...
.. .Бейшара болған сұм қазақ,
Құтылмастай пәлеге
Асың жұқпас бойыңа,
Жалмауыз болды ұлығың,
Қазақ еш нанбас сөзіңе!

«Зар заман» толғауының әдебиетіміздің тарихындағы үлкен орнын белгілеген негізгі ерекшелігі - осындай тақырыптық өткірлігі, елдік, азаматтық әуендерінің маңыздылығы. Ал көркемдік айшықтауларға толы бейнелі тіл өрнектері - Шортанбай ақындығы қуаттылығының дәлелі. Адамдық ірі тұлғалық сипаттарды танытуда жеке сөздердің бейнелілік (образдылық) астарларын қалыңдата жырлауға көп мән беріледі:





Әуелгі қорлар зор болды,
Сондағы зорлар қор болды.
Әуелгі байлар жоқ болды,
Сондағы жоқтар тоқ болды... [4, 31-б.].

Замандық мінез-құлықты суреттеудегі теңеулері («Алқымың болды көнектей», «Сүзгісі жоқ шүмектей», «Түндіктерің үзіктей», «Жал шайнадың білектей», «Туырлығың тұтқыштай», «Үзіктерің білектей», «Кетіп едің еліктей» және т. б.) халық әдебиетіндегі дәстүрлі бояуларын сақтай отыра, ақындық сезім тілімен түрлене құбылады.

Шортанбай толғауларының бір алуаны болжалдық мазмұнды болып келеді. Замандық қайғы-қасіреттің, қиыншылықтардың кешегісі мен бүгінгісін ұштастыра жырлаған ақын-жазушылар болашақ күндерді, тіпті ғасырларға тән адамгершілік қасиеттер туралы да болжай жырлайды. Халел Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» деген еңбегінде болжал мазмұнды шығармалардың сонау Асанқайғы жырларынан басталып, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тұсында айрықша күшейе түскеніне тоқталады, болжаумен жырлаудың негізгі сарындарына баға береді: «Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады, жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, Қазақ Елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса, бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды» [5, 22-б.]. Шортанбайдың «Келер заман сипаты», «Бір насихат айтайын» толғаулары - осындай жырлар. Ақын өз халқының болашақ ғасырындағы алдынан күтіп тұрған, болуы анық шындық құбылыстарды анық болжайды. Мыңғырата

мал баққан, жомарттың, дархандық, туыстық, бауырмалдық қасиеттері атадан балаға жалғасқан қазақ халқының материалдық және рухани жүдеушілікке, күйреуге ұшырайтынын нақтылай болжап айтады. Малдың да, жанның да еркін жат жұрттықтың билейтіні, алақандай «бет қағаз» бен «мандатқа табынатын» заман келетіні, қазақ баласының ата-ананы сыйламай күнәға бататыны - бәрі де зарлы сарынмен жырланады. «Түсі сары, көзі көк дінсіз келіп» билеген отарлық ықпалдың әсерімен болатын қауіпті зардаптарды ақынның шошына болжай жырлауының шындық шырайы айқын:

Сол заманның ішінде,
Сиыр деген пұл болар.
Ұрғашыдан би болар,
Әркімменен ыржақтап,
Қатын деген тұл болар...
... Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шығар,
Жеткізе алмай онысын,
Қалтыраумен жан шығар.
Кейін келер заманда,
Шошала деген үй шығар.
Шошаңдаған би шығар,
Өзіне-өзі еріп алып,
Көрінгеннен би шығар [2, 54-б.].

Ақынның болжалдық мазмұнындағы «Бір насихат айтайын» толғауында да қазақ халқының отарлық құлдық қамытын кию салдарынан болатын зиянды зардаптар жырланады. Қайырымды байлар мен қасиетті төрелердің, шарапатты қожалардың енді жоқтығы, қазіргілерінің бәрінің де опасыздық, пайдакүнемдік, ашкөздік пиғылымен өмір сүретіні, ал кедей-кепшіктің азар-ақыретпен өмір сүретіндігі - бәрі де айқын елестетіле айтылады. Байдың қайырсыз,





кедейдің қадірсіз болып азып-тозуынын, басты себебін сырттан келген жатжұрттың отарлық билеу салқыны екендігін денесі түршіге, күйіне атайды:

Жақсың аттан жығылса,
Жаманың тұрып табалар.
Жақындап келген бұл кәпір,
Жылдан-жылға қамалар...
Қария қалды ақылдан,
Қастық шықты жақыннан.
Ендігі күнің кім болар,
Ит кәпірге жақындап.
Билік кетті басыңнан...
Ел басы, өнеге ағасы,
Ол сайтанның жолдасы.
Ендігі байға мал бітсе,
Ит кәпірдің олжасы... [2, 39-40-б.].

Шортанбайдың болжалдық мазмұндағы шығармаларының сыншылдық-шыншылдық бояуы анық. Аталған жырлардан ақынның әрі реалистік, әрі романтикалық әуенді шынайы үнін танимыз.

Ақын «Дұғай сәлем айтайын» атты арнау, қоштасу мазмұнды толғау-өлеңінде бүкіл мұсылман жұртына арнау сөзін айтады. Өзінің тіршіліктегі қызықшылықтың сауық-сайранына ергеніне, Меккеге де бара алмағанына, мұсылманшылық парыздарының кемшін орындалғанына өкініш білдіреді. Үлкен ақындардың өмірден өтерде кейінгі ұрпақтарға өсиет айта жыр арнауы - әлем халықтарының әдебиеттеріндегі қалыптасқан үлгі. Шортанбай да осы өсиет жырында өзі арқылы замандас қалың жұртшылықтың діннен ажыраған мүшкіл қалпын дәл бейнелей келіп, қазақ елінің сол кездегі нар тұлғалары, азаматтары Құнанбайды, Шорманның Мұсасын және Көпбай, Нұрлан, Қоңыр есімді ел ағаларын Меккеге баруға, ағайын-туғанға қорған болуға шақырады. Арнау өлеңдегі ақындық түйін-тіршіліктегі адамдық ғұмырдың өл-

шеулі екендігін ойлай жүріп, Құдай, пайғамбар жолын таза сақтаушы адамдардың өзара мейірімділік мазмұнды қарым-қатынаста болуы керектігін түсіндіру.

Шортанбай мұрасында Кенесары хан мен Наурызбай батырға арналған да өлеңдер бар. Қарқаралы дуаның билеушілері Жамантай мен Құсбек төрелердің маңында жүрген Шортанбай Кенесары қозғалысына қатыспаса да іштей тілеулес болатын. Жамантай мен Құсбектей төрелердің осы қасиетті қозғалысқа ермегеніне Кенесары іштей қатты мазасызданатын, бірақ Сарыарқадағы ақын-жыраулардың бәрін де іштей өзіне жақын тұтатын-ды. Кенесары Қазақ хандығының сонау Асанқайғыдан бастап бергі Бұқарлармен қосыла аталатын ұлы тарихында мемлекет басқарған хандардың халықтың қолдауға ие болуында жыраулардың, ақындардың шешуші, беделді орын алатынын жақсы біледі. Сондықтан да өзінің ордасындағы Нысанбай жыраудан бастап, үлкенді-кішілі ақын-жырауларды, жыршыларды, күйшілерді ерекше қадірлейтін.

Бірде сапар шегіп келе жатқан Шортанбай ақынның тобын Кенесары ханның адамдары тоқтатып, оны хан ордасына әкеледі. Хан Кеңесінің кезекті бір мәжілісі өткелі жатса керек, Кенесары Хан Кеңесінің мүшелері Наурызбай, Шұбыртпалы Ағыбай, Қыпшақ Иман Дулатов, би Шоқмар Бақтыбаев, Сайдаққожа Оспанов және т.б. кісілер де Жамантай мен Құсбек төрелердің ауылының адамдарын бастаған Шортанбай ақынның сөзін тыңдағысы келеді. Сонда Шортанбай өзінің мұсылмандық-имандылық жолында жүрген-де қан төгілетін ұрыс-соғыстарды емес, бейбітшілікті ғана тілейтінін білдіреді, бірақ Кенесарының өзіне арналған мадақ жырын айтады («Мадақ жыры»):

Сары аттың оқ тиіпті жілігінен,
Батырдың сауға алалық ілігінен.
Ту ұстап заманында міндің тұлпар,
Қасымның айналайын сідігінен.





Кене аға, жазда ауылмын, күзде ауылмын,
Қайталай салсаң тұйғын, жез дабылмын.
Аспанда ұшып жүрген Сіз бидайық,
Алдыңда ала мойын қырғауылмын.

Жарасқан жауларыңа салқын сазбын,
Халқымнан тілім мүкіс, өзім азбын.
Аспанда ұшып жүрген Сіз ақтұйғын,
Алдыңда аламойын қоңыр қазбен [6-б.].

Шортанбайдың «Көз көрген қазақ батыры» («Жұлдыз», № 2. 1992 ж.) жыры - Кенесары хан мен Наурызбай батыр туралы жоқтау. Жоқтау мазмұнындағы толғаныстарда Кенесарының, Наурызбайдың халқының Бостандығы, Тәуелсіздігі үшін арпалысып, бастарын өлімге қиған ерлік, батырлық, мәрттік өнегелері дәріптеле мақтаныш сезіммен жырланады:

Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дабыры.
Хан Кенедей ер қайда,
Шейіт боп біткен тағдыры...
Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер сері еді...
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді... [2, 50-б.].

Хан Кене арадан кеткен соң «Орысқа қазақ қараған» заман басталып, енді Алладан жәрдем тілеумен күн кешкеннен басқа амал қалмағанын айтып, ақын мұңды, шерлі жырын ағытады:

Ынсапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды.
Пәлесі жоқ салмаған... [2, 50-б.].

Шортанбай шығармаларының бір саласы - айтыстары. «Шортанбай мен Асан бұғы», «Шортанбай мен Орынбай», «Шортанбай мен Шөже» атты көлемдері

әркелкі айтыс жырлары - оның осы жанрдағы мұраларының үлгілері. Ежелгі түркілік мұсылманшылық жазба әдеби дәстүрде қалыптасқан Шортанбайдың Сарыарқадағы ауызша суырыпсалма ақындық өнер табиғатынан мол нәр алғаны анық. Сондықтан Шортанбай шығармашылығын әңгімелегенде біз оның суырыпсалмалық ақындық өнерінің де қуаттылығын ұмытпауымыз керек. Шортанбайды өз тұстастары аса қадірлеп, құрмет тұтқан. Мысалы, Шөжемен болған айтысы сақталмаса да, бізге жеткен үзіндісінен ақынның адамдықтың ақ жолы - Алланың сөзі екендігін дәлелдей жырлағанын көреміз. Сондықтан арқалы ақын Шөженің Шортанбайды пір тұта жырлауынан өзіндік мектеп құрған ақын тұлғасының биіктігін танимыз:

Шортеке, ел сыйлаған пірім едің,
Сонымен айтысуға тұрып едім.
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің,
Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді? [2, 72-б.].

«Шортанбай мен Асанбұғы» - қалжың айтысы. Шортанбай мұнда да адамзаттың қанағатшылдықпен, қайырымдылықпен өмір сүруін, жылтыраған дүниемүлікке қызыққан тойымсыздықтың тозаққа апаратынын жырлайды.

« Шортанбай мен Орынбай» - ақының бізге жеткен көлемді айтыстарының бірі (Айтыс, «Жазушы», 1963, 1-том, 152-156-беттер). Екі ақынның жауаптасуларын қосып айтқанда жүз жолдан тұратын бұл мұра - түре айтыс. Екі ақын да бір-бір шумақтан ғана айтып жауаптасады. Айтыстың басталуынан аяғына дейінгі Шортанбайдың шумақтарында Құдайдың адамзатты жаратқанын, мұсылманшылық қағидаларын орындаудың қасиетті міндеттерін айқындай жырлаушылық басым естіледі. Айтыстың мазмұнынан екі ақынның да танысуы, қағысуы сипатындағы сөз саптауларын





танимыз. Қағысулар - өлең және қара сөз араласқан қалыпта қолданылып, ауызша дәстүрде қалыптасқан айтыстардың шағын түрлерінің бірі. Шортанбай мен Орынбайдың осы айтысында бір-бірінің ел арасындағы абырой-беделдерін, атақтарын салыстырып сөйлеуден басқа тақырыптар қозғала қоймайды. Елінің, аймағының атынан сөйлеу - дәстүрлі тәсіл. Екі ақын да ауыл, ағайын арасының бүтіндігін, ауызбіршілігін ойлайтын азаматтық биік тұлғаларымен көрінеді. Шортанбайдың сөздерінде бейнелік, астарлай айту жиі қолданылады. Мысалы, «Өлеңде бір кісідей танысың бар», «Барымташы кісідей мол болсын деп», «Елімді өзім жоқта қойдай теуіп», «Бозбала бәрің тәуір жаманың жоқ» және т.б. жолдар айтыстың көрнемдік жақтарына ажар беріп тұр. Шортанбайдың осы айтысы хақындағы зерттеуші Ысқақ Дүйсенбаевтың пікіріне қосыламыз: «...Орынбай тілін батыра түскен шақта, Шортанбай да тартынбай азуды басып-ақ жібереді. Екіншіден, қаруын ұстайды да, түптеп келгенде шын бет жыртысуға бармай жай қақтығысумен аяқтайды» [7, 72-б.].

Бұл пікірге қосарымыз - осы айтыста Шортанбайды биіктетіп, оның айбынын асырып тұрған күш - мұсылмандық көзқарасының берік, айқын жырланғандығы, Әдебиет тарихында Шортанбай мұрасының ежелгі түркілік софылық-гуманистік ойшылдық мазмұнындағы әдеби-фольклорлық ізгі дәстүрлермен сабақтастыратын осы сапалық белгіні енді осылай, кейде қайталай, айқындай айтуымыз керек.

Шортанбайдың «Ақжолтай батыр» дастаны - ақын мұрасындағы көрнекті туынды. 482 жолдық бұл дастанда қазақ тарихының көрнекті тұлғасы Шұбыртпалы Ағыбай батырдың «Ақжолтай батыр Ағыбай» атану жайы жырланады. Дастанның тақырыбы - Кенесары хан мен Наурызбай батыр бастаған тарихи кезең шындығын жырлау. Идеясы - батырлық, ерлік, азаматтық, мәрттік тағылымын таныту.

Дастанның композициялық құрылысы бірнеше салалардан құралады. Дастанның алғашқы бөлімінде Кенесары хан бастаған қазақ батырларының жауынгерлік-сарбаздық азаматтық тұлғалары бейнеленеді:

Батыры Кенекеңнің өңшең саңлық,
Әр елден жүйрік атты алған таңдап.
Арқаның алпыс тарау бойын өрлеп,
Жақсы атпен жігіттері жүрді алшаңдап.
Дұшпанға анталаған ұстатпады,
Кенекең талай шапты, бір шаппады.
Аруақты Кенесары, Наурызбайға,
Жортқанда қарсы келіп, жан батпады [2, 55-б.].

Дастанның негізгі композициялық-сюжеттік желісін құрап тұрған басты оқиға - Ағыбай батырдың Кенесары әскеріне, өзіне лайықты тұлпар ат іздеуі. Батырларына, жауынгерлеріне тек қана жүйрік әрі көнбісті тұлпар мінгізу Кене ханның қолбасшылық мақсаты екендігі атап айтылады. Өзіне лайықты тұлпар ат іздеген Шұбыртпалы Ағыбай батырдың жігіттерін ертіп Күншығыс жақтағы Қызылқайнар, Тектұрмас деген мекендерге барғанын көреміз.

Дастан оқиғасының сюжеттік дамуы - Ағыбай батыр мен көмекшісі ер Таңбай бастаған топқа Қызылқайнар жерінде ақсұр атты жас жігіттің кездесуі. Ағыбай бастаған сегіз батырға кездескен жас жігіттің әдепті мінезі, батырлық айбат-сұсы бұларды сескендіреді. Ақын Ағыбай мен жас батырдың құлан аулағанын, бірігіп тамақтанғанын, келесі күн жолбарыспен бетпе-бет келгенде оны жас батырдың шоқпармен ұрып өлтіргенін әсерлі тілмен жырлайды. Жолдастарынан бөліне, жас батырдың жанына оншақты күн ерген Ағыбай батырдың көңіл күйлік, сезімдік құбылыстары, толғаныстары арқылы батырлық-азаматтық, тұрақтылық мінездің көп игі істерге тірек болатындығы дәріптеледі. Ағыбай батырдың жүректілігі, тұрақтылығы - жауыз жиен ағасынан қорлық көріп





жүрген жас батырды ақыры жеңіске жеткізеді. Ағыбай батырдың екі жүзді қанжарын қару еткен жас батыр мал-мүлкін тартып алған дұшпанын өлтіреді, кегін алады. Жылқысынан жер қайысқан сол батыр «Ақжолтай, Ағыбайым - сенің атың» деп жар салады. Қалың жылқыдан тоғыз тұлпарды ғана таңдаған Ағыбайдан соның біреуін «Сауға!» деп Наурызбайдың сұрап алғаны жырланады. Кенесары мен Наурызбай бастаған ұлттық-азаттық қозғалысы - жер тарпыған тұлпарларға мінген дала жауынгерлерінің соғысы. Сондықтан дастан оқиғасының сюжеттік байланысы да Ағыбай батырдын, жорыққа лайық тұлпар іздеуінен басталып, оқиғасының сюжеттік шешімі де Наурызбай қалаған Ақауыз бастаған тоғыз тұлпарды табумен аяқталады.

Дастанның бас қаһарманы Ағыбай батырдың батырлық, мәрттік-азаматтық қасиеттері оқиға барысында көрінетін серіктері мен жас батыр бейнесі арқылы ашылады, дәлелденеді. Сонымен қатар ақын дастан оқиғасындағы Ағыбай мен жас батырдың достығының, ерліктерінің Кенесары мен Наурызбай бастаған ұлы қозғалысқа қосылған үлес болғанын байқатады. Ол үлес - жорықтағы батырлардың лайықты тұлпарлармен қамтамасыз етілгендігі. Мысалы, Ағыбайдан сауға сұрап алған Наурызбайдың Ақауыз атын суреттеуде Шортанбай ақындығының бейнелі көркем тілді өрнектеріне кездесеміз:

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Дәл бір кез қырым ет жоқ кесер басы,
Қақпан бел, қамыс құлақ белдемелі,
Ағаштың бөлігіндей қабырғасы.

Төрт елі қабырғасы енді, жалпақ,
Шіреген шақпақ еті, бұты талтақ,
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ.

Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң шайқап-шайқап,
Шыртылдап шын қызғанда құйысқаны,
Лоқымас жар, су келсе онан тайқып.
Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан оның қарап тұрсаң байқап.

Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғада кере қарыс,
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай,
Танауын десең болар бейне талыс [2, 67-68-б.].

Дастанның түйіні - халықтың бақыты жолындағы қасиетті жорықтарда жүрген батырлардың мәңгілік ғұмырлы даңқының ұмытылмайтыны. «Ақжолтай батыр» дастаны - Шортанбай ақын мұрасында жаңа табылған шығармалардың бірі. Ақынның мұрасын жинаушылардың, зерттеушілердің Шортанбайдың әлі талай шығармаларын табуы мүмкін.

Шортанбай хақындағы әңгіме қозғалғанда, хакім Абайдың «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі - жамау, бірі - құрау» дегені бұлардың шығармашылығын кемсітушілердің, айыптаушылардың құралына айналып келді. Шынында да хакім Абай неге бұлай деген? Ұлылардың айтқан сөздеріне тереңдей бойлаған сайын, әрине, талай-талай ойлардың туындайтыны анық. Ал қазір санамызды құрсаулаған отаршылдық-империялық бұғаудан біртіндеп босанып жатқан кезімізде осы өлең жолдары туралы не айтамыз? Біздіңше, хакім Абай бұл арада осы үш ақынды жоққа шығарып, тікелей солардың өздерін кемсітіп отырған жоқ. Абайдың аталған өлең жолдарын қазақтың өзіне дейінгі жыраулық-ақындық поэзиянын, өлең өріміндегі, тілдік-көркемдік өрнектеріндегі ортақ кемшіліктер туралы айтқан жанашыр, турашылдықты ту еткен сыншылдық пікір ретінде түсінеміз. Өлең атаулы жеке сөздерге көптік мазмұн, мол мағына, жинақтаушылық ой берумен ерекшеленеді. Яғни, «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау» деген тармақтың аумағында бүкіл жыраулық-ақындық әдебиет өрісіндегі шығармашылық сөз өнері табиғатына тұтастай бағыттала айтылған сыншылдық көзқарас танылады. Жалпы қазақтың рухани мәдениетіне, ішінде сөз өнеріне қатысты ортақ міндер, кемшіліктер, әрине, Абайдың назарынан тыс қалған жоқ. Қазақ өлеңінің көркемдік нақыштарын әлемдік биік талғам дәрежесіне көтере білген ұлы Абайдың туған халқының төл әдебиетін шеберлік шыңына шығару үшін осылай айтуға толық хақысы бар. Шортанбай ақын шығармаларына ұлы Абайдың көзқарастары туралы осы мәселеге байланысты айтылған көрнекті зерттеуші Рабиға Сыздықованың «Дулатты танып болдық па?» деген мақаласындағы пікірлерін жаңашыл көзқарас тұрғысында бағалаймыз: «Абайдың бұл сыны осы үш сөз зергерінің бүкіл творчествосын жан-жақты талдап барып айтқан ғылыми тұжырым емес, сөз реті келгенде, яғни өзінің поэзияға қоятын талабының зор екендігін көрсету үшін айтылған поэтикалық образ-тұжырым. Сірә, поэзияда айтылған сындармен ғылыми еңбектерде немесе баспасөз беттерінде талдау нәтижесінде берілген сын-бағаларды қатар қойып, бірдей қабылдауға болмайды. Көркем әдебиетте, әсіресе өлең сөзде, белгілі бір идеяны айту үшін әсірелеу, ауыстыру, теңеу тәрізді тәсілдер жиі қолданылады. Мысалы, сол Абай: «Елбүлігі тобықты, көп пысыққа молықты » деген екен деп, өзінің алтын бесігі - тобықты елін «бүлік ел» деп бағалап отыр деуге бола ма? Сондықтан жоғарғы екі жол өлеңіне қарап, Абай өзі атаған ақындарды мансұқ етті деп түсінуге мүлде болмайды. Қайта өзіне дейінгі, өзімен тұстас ондаған (мүмкін, тіпті жүздеген) ақын-жазушылардың ішінен осы үшеуін бөліп атауы - оларды қазақ поэзиясының ауызға аларлық ең ірі өкілдері деп білгені дейді Абайтанушылардың бір қатары. Сол ірілердің өздері сынына толмай отыр деу арқылы поэзияның әлеуметтік

қызметіне қоятын талабының тіпті зор екендігін білдіреді» [8-б.].

Демек эстетикалық таным тұрғысынан терең үңіліп қарағанда, Абайдың бұл сөздері - үш ақынды мансұқтау емес, қайта оларды мұқият терең зерделеп, олармен қатар бүкіл қазақ поэзиясының арғы-бергі мұраларын шын беріле тексергеннен кейін туған ой. Бұл - жалпы қазақ өлеңін жаңғырту, жетілдіру мақсатындағы өзінің жаңа көзқарасын білдірудің өлең тілімен айтылған көрінісі. Ұлы Абайдың осынау сыншылық дүниетанымынан өзі қалыптастырып отырған өлеңтанушылық көздарасының жаңашылдық екендігін айқындай түсуді мақсат ете жырлағанын байқаймыз.

Абайтану ғылымының негізін салып қалыптастырған ұлы суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезов XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің сыншыл, сыршыл ақындарын әдеби дамуға тән дәстүрлі жалғастықтағы біртұтас қалыпта бағалайды. 1933 жылы жазған «Шортанбай шығармалары» деген мақаласындағы тұжырымдар біздің осы пікірімізді айғақтай түседі: «Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60-70-жылдарында көп шыққан бір ағынды көрсетеді. Тарихи, қоғамдық жағынан алғанда бұл түрдегі әдебиет шығармалары XIX ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша болып, өзгеріп кетеді, өз тұсында болған қоғамдық, таптық, шаруашылық өзгерістердің нәтижесі әдебиетте бір Шортанбай емес, осының тұстасы болған Мұратты, кейінірек қалыптанған Абайды, тағы басқаларын да бұрынғыдан басқаша, ерекше сарынмен жырлауға бейімдетеді» [9, 280-б.]. Шортанбай - Абайтанушы ұлы Мұхтардың бағалауы бойынша қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Абаймен де сарындас, үндес ақын.

Қорыта келгенде айтарымыз, Шортанбай Қанайұлының мұрасы - сөз өнері тарихындағы ұлтжандылық мазмұнымен бүгінгі ұрпақты тәрбиелейтін





қымбат қазынамыз. Дінін, тілін, туған жерін, ата-мекенін, кең-байтақ Қазақ Елін сүйетін әрбір қазақтың Шортанбай шығармаларынан сарқылмас қуат алары сөзсіз. Шортанбай - қазақ қана емес, бүкіл мұсылман дінді Алаш жұртының отаршылдық зардаптарынан азып бара жатқан ортақ қасіретін жырлаған ақын. Бірақ оның зары, мұңы күйгелектікке салыну, яки тіршіліктен біржола түңілу емес. Ол жұртына Құдайдан, Құраннан, пайғамбарымыздан, қасиетті дінімізден медет, жәрдем, қуат алуды уағыздай келе, ұрпақтарын жігерлілікке, күреске шақырады, болашақтан үміт үзбеуге үндейді:

Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің бір мініп жебеле!
Жалаңаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Ноқталы басқа бір өлім
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын, бала қамы үшін
Қарсы бір шап та, мылтық құш.
Құр жабырқап жүдеме! [2, б].

Бұл жолдар - Шортанбай атамыздың ұрпақтарын халдының тағдыры үшін мәңгілік ұлтжанды сергектікке шадырған өсиеті. Ақынның өсиеті - қазақ халқының болашағын кешегісі мен бүгінгісінен бастап жатқан қазіргі ұрпақ үшін ескермейтін мәңгілік ұлы өнеге.

Әдебиеттану ғылымымыздың тарихындағы кеңестік кезеңде Дулат, Шортанбай, Базар, Шернияз, Мұрат, Шәңгерей, Әбубәкір, Бұдабай, Ақмолла және т.б. ақындардың феодалдық санадан туған ескішіл кертартпа бағыттың өкілдері болып бағаланып келгені мәлім. Ал енді қазіргі Тәуелсіз мемлекеттік тұғырына көтерілген, рухани жаңғырудағы қалпымызда бұлардың шынайы отаншыл азаматтық тұлғаларын асыл ойлы шығармалары арқылы тереңдей оқып, жа-

зылған зерттеулерді де [10-13] жаңаша жалғастыра беруіміз керек. Отбасылық тәрбиеден бастап, бастауыш, орта арнаулы, жоғары білім беру орындарында туған халқының тағдыры үшін азаматтықпен, күрескерлікпен жыр толғаған ақын-жырауларымыздың мұраларын жан-жақты тереңдете игерту парызымыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Жүністегі Кәмел. Жампоз // «Егемен Қазақстан» газеті, 29 мамыр, 1993 жыл.
2. Шортанбай: толғаулар, айтыстар, дастан / Құрастырған Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі. - Алматы: Айқап, 1993. - 79 бет.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 бет.
4. Әлем: Альманах: өлеңдер, очерктер, әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1991. - 496 бет.
5. Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 176 бет.
6. Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның ОҒК-ның қолжазба қоры, 1338-бума, 1-дәптер, 1-бет.
7. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. - Алматы: Жазушы, 1970. - 192 бет.
8. Сыздықова Р. Дулатты танып болдық па? // «Қазақ әдебиеті» газеті. №52, 25 желтоқсан, 1992 жыл.
9. Әуезов М. 0. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 15. Мақалалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1984. - 328 бет.
10. Тебегенов Т. С. Шортанбай //Ана тілі, 6 мамыр, 1993.
11. Тебегенов Т. С. Халық ақындары: Оқу құралы. - Алматы; Абай атындағы АлМУ, 1997. - 68 б.
12. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. - Алматы: Білім, 2000.
13. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы және Шортанбай мұрасы. Канд. дис. авторефераты. - Алматы, 1995.




***Мансұров Нұрлан Берденұлы,***
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия*
*ұлттық университетінің доценті,*
*филология ғылымдарының кандидаты*

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУДАН ЖЕТКЕН ҚАСИЕТТІ ДҰҒА

Жуырда Шортанбай Қанайұлының 1870 жылы өз қолымен жазылған дұға деген деректі Қабылсаят Әбішев ұсынған болатын. Бұл - расында, қасиетті саналатын қолтаңбаның бірі. Онда біршама басы ашылмаған дүниелердің анық-қанығына көз жеткізуге болады.

Алғаш дініміз Исламда дұға жасаудың маңыздылығын сөз етуді орынды санадық. Өйткені Шортанбай ақынның аталған дұғасы да осыны талап ететіндей. Дұға негізінен Алла Тағаланың барлығына, оның елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) екеніне куәлік етуге, осы дүние мен ақыреттің барлығына сенуге бағытталған. Екінші, Алла Тағаладан сұрау, тілеу мазмұнында жазылған. Себебі дұға етудің де дінде орны ерекше. Дұға сөзі араб тілінде *жалбарыну, сұрау* мағыналарын береді [1, с.244].

Қазақ халқы көнеден ислам дінімен біте-қайнасып, мәдениеті мен дәстүрі сабақтасып келетіні баршаға аян. Себебі тәлім-тәрбиеге толы, ізгілік пен адамгершілік құндылықтарына негізделген, қала берді күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі әдет-ғұрыптарымыздың баршасы дініміз Ислам шариғатымен астасып

жатқандығы осыны аңғартады. Тіпті сәбилеріміз дүние есігін ашқан тұстан бастап, өмірінің соңына дейінгі амалдар мен жасалатын жөн-жоралғыларымыз да Исламдағы діни рәсімдермен ұштасқан.

Дұға тіліміздегі тілек сөзімен мағыналас. Алла Тағаладан дұға тілеп, жақсылық сұрау шариғатқа қайшы емес. Мұны танып білген қазақ әдебиетінің белді өкілі Шортанбай жырау осындай дұға-тілектің бірін өз заманында жазып қалдырған. Негізінде, Алла Тағалаға дұға ету - Алла Тағаладан жалбарыну, сұрау, жақсы нәреселерді тілеу діни тұрғыда орынды. Оның ішінде адамға дұға жасау, соның жақсы болуын, арманының, мақсатының орындалуын, жолының ашылуын, т.т. жүзеге асуын қалау жиі айтылады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) бір сөзінде: *«Алла Тағаланың алдында дұғадан қадірлі ешнәрсе жоқ»* деген. Ал Құран Кәрімнің «Ғафыр» сүресінің 60-аятында Алла Тағала: **«Маған дұға етіңдер. Мен дұғаларыңды қабыл етемін»** деп келеді [2,474 б. ].

Міне, дінді жақсы білген әрі имандылықтың жаршысы болған Шортанбай өз қолтаңбасында дұға-тілекті жақсылық мақсатында жазып қалдырады. Оның тарихы мынадай: «Семей облысы Қарқаралы уезі Әлтеке Сарым болысының белгілі адамы Өтеміс Тоқсарыдан тарайтын Тәңірқұл атасының ақсақалы Қыстаубай немересі Жаныбай баласы Жұман үйіне 1870 жылы күз айында Шортанбай Қанайұлы келіп қонады. Сол күні таң ата Жұманның әйелі босанып, ұл туады. Жұманда ұл жоқ, шаңырақ иесі дүние есігін ашып, қуанышқа шаттанған ол Шортанбайға атын қойыңыз деп қолқа салады.

Шортекең Ибраһим деп атын қойған екен.

Шілдехана жасалып, Шортекеңе балаға дұға жазып беруді сұрайды. Шортекең жазған дұға, Жұманның үйінде Ибраһимнің бесігіне байлаулы тұрған. Кейін ауылда әйел босана алмағанда, балалар ауырғанда осы дұғамен ұшықтайтын болған. «Кейде ат





шаптырып алыс жерден ағайындар алғызушы еді», - дейтін менің анам Шайза.

«Дұға баладан-балаға өтіп, Ибраһим (Ыбырай-Ыбыш) үйінде, оның ұлы Мұсақанның қолында 1993 жылға дейін сақталады. Содан кейін оны маған берді», - дейді Қабылсаят Әбішев [3, 278-279-бб.].

Ислам дінінде сәби дүниеге келгенде оған жасалатын жөн-жоралғылар - азан шақырып ат қою, ақиқа беру, қалжа жегізу, қырқынан шығару, шілдехана т.б. жетерлік. Соған қоса сәбидің нәзіктігі мен пәктігі әрі түрлі қауіп-қатерден қорғайды деп дұға жазу дәстүрі де болған. Жалпы, Ислам дінінде мынадай дұғалар бар: сырқаттанған сәтте, көз тигенде, жын-шайтанға қарсы, жылан шаққанда т.б. оқылады. Әрине, онда Құран Кәрімнің «Фатиха», «Бақара», «Ықылас», «Фәләқ», «Нас», т.б. сүрелері мен «Аятүл күрсі» сияқты қасиетті аяттар оқылады. Бұл пенденің Раббысынан жалбарынып, жарылқауын, емге шипа беруін сұрауын білдіреді.

Қазақы болмысымызға негізделген осындай жоралғының бірі - сәби дүниеге келгенде жасалатын дұға. Әр ата-ана ұрпағының аман болып, мінезі көркем, салиқалы да парасатты болуын қалайды. Бауыр еті баласын кез келген ата-ана бәледен, сырқаттан, көз тиюден, т.б. сақтағысы келеді. Осыны жақсы түсінген Шортанбай Жұманның сөзін жерге тастамай, баласына арнап «дұға» жазып қалдырады. Біз сөзге арқау еткен осы дұға.

Адамзат баласы мына жарық дүниеге келген соң неше түрлі ауыртпашылықтарға кезігеді. Бірінде сырқаттанып қалса, енді бірінде көз, тіл тиді деп түрлі кесір-кесапаттарға жолығады. Мұндай жайттар адамзат баласын қиындыққа жолықтырып, тығырыққа тірейді. Алайда кез келген мәселенің шешімі табылатындай, бұл жайттардың да емін қасиетті Құран Кәрімнен табуға болады. Өйткені адамзат баласын жаратқан Алла Тағала мұндай жағдайға тап болған

пендесіне оның шығар жолын да көрсетеді. Қасиетті Құран Кәрімнің «Исра» сүресінде: **«Біз Құраннан мүминдерге шипа және мейірімділік түсіреміз»** делінген [2, 290-б.].

Шындығында, Құран Кәрім - кез келген дертке дауа. Олай дейтініміз - сырқатты беруші де Алла, оған шипа беруші де Алла. Сондықтан болса керек оның тоқсан тоғыз есімінің бірінде әш-Шәфи есімін иеленуі.

Шортанбайдың имандылықты жақсы танығандығы әрі молда болғандығы мұндай дұғаларды жазуына еш қиындық тудырмайды. Өйткені оның алғаш ашқан сауаты діни білім. Бұл жөнінде шортанбайтанушы Кәмел Жүністегі былай дейді: «Сауатын ауыл мектебі молласы Ыбырайымнан ашқан Шортекең кейін Шаяндағы медресені тәмамдап, онан Бұқар оқуын бітіреді» [3, 7-б.].

Аталмыш оқу орындары кезінде ірі діни білім алатын мектептер саналатын. Онда көптеген танымал ғұламалар оқып тәлім алған. Сондай-ақ ақынның мұндай білім ордаларынан діни сауатын жетілдіргендігін өзі жазып қалдырған қолтаңбадағы - дұғадағы мына жолдар да растайды:

Бірінші, дұғада келтірілген Құран аяттары:

صمٌ بكمٌ عمىٌ فهمْ لا يرْجعُون

Саңырау, сақау және соқыр болып бетінен қайтпайды.

Екінші, салауаттар:

اعوذ بالله من الشيطان الرجيم بسم الله الرحمن الرحيم اللهم صلى و روبقلا ىف ثعبي الله نإ كيب فوار اي عفرا انيلع كيراب الله على خيرى خلقه محمد و اله واسحابه اجمعين برحمتك اي ارحم الرحيمين

Ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын, Бізді Құдайдың Өзінің жаратылуына, Мұхаммедке, оның отбасына және серіктеріне мейірімділікпен қабірлеріне баталарын жібереді.





Үшінші, тылсымдар:

الله اكبر، اي الرحمن، اي حمد، اي فريياد

Мұндай тылсым дұғалар аударылмайды. Тек қана қайталанып отырады.

Ұсынылған дұға кезінде көпшіліктің дертіне дауа, шипасына ем болғандығын атаған жөн. Абыздың дуалы сөздері оқыған не болмаса өзімен бірге алып жүрген бірнеше адамға септігін тигізген. Айталық, көз тигендерге, ит қапқандарға, босана алмағандарға, жылан шаққандарға, т.т.

Шортанбай ақын негізінен, өз дәуіріне риза болмай түңілуден, алдан күтер ештеңе жоқ деп үмітсіздікке бойалдыруының бір сыры да зарлы үнмен сары уайымнан бул жалған дүниенің опасыздығынан шығар жолды діннен іздеуінде. Сондықтан ол діннің тұтқасынан мықтап ұстауды орынды санайды. Оған оны өзінің алғашқы молдадан алған білімі мен шариғи танымы Ислам дінінен іздеуге жетелейді. Бұл мәселенің бір жағы.

Екінші негізгі мәселе Шортанбай Қанайұлының есіміне байланысты.

Аталған қасиетті дұғаның бір сыры - ақынның шынайы есімінің тағы да бір рет расталғандығының дәлелі. Себебі Қабылсаят Әбішев ұсынған Шортанбай Қанайұлының 1870 жылы жазған дұғасы деген қолтаңбада оның шын аты Молла Ғали (Әли) Мұхаммед деп жазылған. Бұл - ақынның азан шақырып қойған толық аты. Өйткені онда мынадай жолдар бар: «Жанбайұлы ушбу дұғаны Жұманға мүбәрак болсын. Дұғамызды Алла қабыл қылсын. Бұл дүниеде аман қылсын. Ақыретте иман үшін. Бұны жазушы: Ғали (Әли) Қожа. Оқығандардан иман дұға үшін. Шын атым Молла Ғали Мұхаммед».

Ұсынылған жолдардағы мәліметтерде Қабылсаят Әбішев мынаны келтіреді: «Мен ... қолжазбаны аударуда бір тоқтамға келіп отырмын: Біріншісі, Шортанбай Қанайұлы делінуі қазақ арасына кеңінен мәлім

болған атау. Екіншісі, жасырын (шын) аты (шариғат) һүкімінде аталуы. Дін білген шариғат жолын оқыған-дардың көбінде жасырын ат қосарласып жүреді. Сондықтан Шортанбай Қанайұлы Молла Ғали Мұхаммед болуы да мүмкін деген тұжырымға келіп отырмын» деп түйеді.

Шортанбай Қанайұлының көпшіліктің күні бүгінге дейін шын есімімен аталмай келуі де осы жоғарыда айтылған анықтамалардың негізі болса керек. Себебі ақынның тұлғалық ерекшелігінің нәтижесінде алған Шортанбай лақап есімі жалпы көпшілікке кең танымал.

Әдетте, лақап ат қою адамның ерекше белгісі мінез-құлқы, сыр-сымбаты мен бойындағы өжеттігі-ерлігі, т.б. орай қойылатынын жоққа шығаруға болмайды. Мұндай сыртқы түр-тұлғасы мен мінез-құлқына қарай ат қою, лақап атты пайдалану қазақ халқына да тән. Өйткені осындай сипаттар сол адамның бойындағы ерекше қасиеттерден хабар береді.

Шортанбай есімі «шортан» мен «бай» сөзінің қосылуынан қалыптасқан. Шортан - балықтың аты, ал бай - байлықтың сипаты. Олай болса еркіндік пен байлықты аңсаған ақын өмірде де еркін, бұғау салдырмаған, мұсылмандықты берік ұстанған, өмірге құштар жан болғандығының айғағы. Ұлы даланың ұланғайыр өлкесі оны өнерге, ақындыққа жетелесе, отбасынан алған тәрбие адамгершілік пен тақуалыққа үйреткен.

Кезінде Мұхтар Әуезов: «Зар заман деген XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман - хәлін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға топтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық», - деген болатын [4, 192 б.].





Шортанбайдың өмір сүрген дәуірі - Ресейдің отаршылдық билігінің дендеп, емін-еркін жайлаған кезі. Олар ұлы дала төсіне өз биліктерін енгізді. Талас пен тартысқа толы болыстық жүйелер қалыптастырды. Бас көтерер батырлар мен сөз бастар данагөйлерді ығыстырып, шабармандар мен жағымпаздарды маңына жиды. Яғни дәл осы кезеңде халық екі жақты тонауға түсті. Осындай екі жақты езгі, тонау, қорлау, тілден, діннен азғыру жалпыхалыққа қиыншылығы мен қорлығын алып келді. Мұны дер кезінде жете түсінген Шортанбай бүкіл мұң-шерін халқына қаһарлы үнмен жеткізді. Жеткізіп қана қоймай, осы заманды өзінше зарлы үнге қосты:

Біреулердің дәулеті
Тасқан судай ағып тұр,
Сайлауға салып ынтасын,
Байлар қалта қағып тұр.
Түзу тартып кей жақсы,
Өз жұртына жағып тұр.
Бекері бар ма сөзімнің,
Осылай емей нағып тұр?

Жігерлі туған кей сабаз
Елін жаудан қорып тұр.
Болыснай, би, ауылнай
Сырттан қарап шолып тұр,
Бір ауыз үгіт сөйлесең,
Алдыңнан тұзақ құрып тұр.
Осы күнде заманың
Осылайша болып тұр!

Шортанбай - мұсылманша (арабша) хат таныған қаламгер. Ол шығыс тарихынан, әдебиетінен, мәдениетінен және шариғат қағидаларынан жақсы хабардар болған. Сондықтан ақынның қаламынан шыққан туындыларында шығыс араб, иран тілінен енген орамдар, сөздер молынан ұшырайды. Шортанбай шығармаларында көбіне діни лексика, яғни дінге байланысты сөздер көбірек кездеседі деген тілдік сараптама да жасалған [5, 42 б.].

Бұл жөнінде академик Р. Сыздықова өз еңбегінде: «Ол - өзінің идеологиялық көзқарасында мұсылманшылыққа иек артқан ақын. Оның сараң адамға анықтамасы «Малдан зекет бермеген, Аузына құдай кірмеген» деп келеді, «Жаббардың екі болмайды, Әмір қылған жарлығы» деп, «ақиқатты» еске сала кетеді,

«Құдай деген мүһминнің, Ауыздан кетпес тобасы, Иманы бардың белгісі Тілінен тамар шырасы», «Сираттың желі соққанда, Руза-намаз пана-ды» деген сияқты өзі таныған шындықты мойындайды» дейді [6, 200 б.].

Шындығында, XIX ғасыр қазақ тарихында күрделі әрі ауыр кезең болғаны жасырын емес. Сол заманда өзінің ер мінезін танытып, еркіндікті аңсаған ақын ретінде мойынға бұғау салдырмай арпалысқа түскен Шортанбайды көреміз. Ал бұл оның екі жақты қанаудан қажыған, жүдеу, аш-жалаңаш, тарығып, тозған елдің ащы мұңын, қайғы-қасіреті мен мұң-зарын ақындық өнерімен еңіреп жеткізудегі ішкі жан сыры. Тек қана жан сыры ғана емес, Шортанбай есіміне лайық болған craft даналық ерекшеліктің нақ өзі. Содан танымал болған ақынның шын есімі емес, лақап аты толық орнықты. Осыдан барып, Шортанбай аты Ғали (Әли) Мұхаммедті, ал «зар заман» тіркесі тұтас бір дәуірдің атын алмастырды.

Кісі есімдеріне лақап ат қою халқымыздың салтында бұрыннан қалыптасқан. Мұндай сипаттағы есімдердің қолданысы шығыс халықтарынан ауысқан болуы мүмкін. Себебі шығыс халықтарында бұлай атау көнеден бастау алады. Айталық, тарихтағы Әлидің - Мұртаза, Әсәдулла, Шаһимардан, Хайдар, т.б. батырлық сипатта аталуы осының айғағы. Ал қазақ танымындағы тұлғалардың лақап атымен танылған Шыңғысулы Мұхаммед Ханафияның - Шоқан, Құнанбайұлы Ибраһимнің - Абай есімдерімен аталуынан артық мысал болмаса керек-ті.

Бұл сол шығыс тілдерінен енген есімдерді қазақылау не болмаса діни мазмұндағы адам аттарына шектеу қою емес. Мүмкін әр заманның өзіне тән есімдерін қалыптастыру не болмаса діни сенім негізінде орын алған мұсылманша атауларды құрмет тұтып, оларды барынша әулие санап, қастерлеу. Өйткені сонау көнеден қолданыста орын алған мұндай есімдерді





олар Ислам діні келмей тұрғанның өзінде Алланы Тәңірге теңеп, ұлыларға құрбандық шалып, дін таратушы Пайғамбар (с.а.у.) ұрпақтарын әрқашан құрмет тұтқан. Міне осындай сипаттағы сенім мен таным жоралғылары кісі есімдеріне қосымша пайдалануға болатындығын, оның ешқандай кедергі туғызбайтындығын білген. Сондықтан кісі есімдеріне орай лақап аттар пайдаланылған. Бұл ретте ақынның да өз заманында азан шақырылып қойған атымен бірге лақап атының болғандығын аңғарамыз.

Адамзат баласының есімін қойғанда оның өмірлік екенін ескерген абзал. Қазақы дәстүрімізде сәбидің есімі мағыналы әрі мәнді болғанын қалайтыны рас. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Балаларыңа Пайғамбарлардың есімдерін қойыңдар әрі есімдердің ең сүйіктісі Абдулла, Абдурахман»* деген. Сол себепті бабаларымыз өз балаларына пайғамбарлардың есімін қойған. Ал біз сөз етіп отырған Шортанбай жыраудың есімінің де Мұхаммед аталуы осыны негізге алады.

Ал Ғали есімі тарихтағы белгілі Хазіреті Әлидің құрметіне қойылған. Әли - араб тілінде *биік, аса зор, заңзар* мағыналарын береді. Осыдан біріккен тұлғалы есімдер қалыптасқан - Әлимұхаммед, Әлиайдар, Әлиасқар, Әлихан, Әлиахмет, т. б. Оның Ғали үлгісінде қолданылуы араб тіліндегі «айн» дыбысының қазақ тіліндегі «ғ» дыбысымен айтылуы. Бұл кірме сөздердің ауыс-түйісінде орын алатын дыбыстық құбылыс. Тілімізге шығыс тілдерінен оның ішінде араб, парсы тілдерінен енген сөздердегі айн дыбысы ғ дыбысымен алмасуы жиі кездеседі. Мысалы: عجب *'әджәб-ғажап,* علامت *'әламәт-ғаламат,* عفو*'әфу-ғафу,* عرش*'әрш-ғарыш,* عصر*'әсыр-ғасыр,* وعظ *у'әзә-уағыз,* ساعت *са'әт-сағат т.б.*

Негізінде мұндай сөздердегі айн дыбысы «‘» таңбасымен беріледі. Бұл жайлы белгілі дінтанушы Абдулла Жолдасұлы «...араб тілінде біздің тілімізде кездеспейтін айн дыбыс бар, оны көбінесе «ғ» дыбысымен

беріп жүр. Ол дұрыс емес. Оны халықаралық тәртіп бойынша [‘] белгілейді» дегенді келтіреді [7, 9-б.].

Бұл мәселенің тілдік тұрғыдағы ерекшелігі болса, екінші араб кірме сөздерін қолдануда Шортанбай ақынның өз қолданысы барлығы. Ақын арабша сауатты болғандықтан кірме сөздерді өз пайымы бойынша пайдаланады. Мұнда автордың жеке қолданысы, стилі көрінеді. Сондай-ақ Шортанбай ақын заманында, яғни XIX ғасырда араб кірме сөздерінің «ғ» дыбысымен колданысы біршама орныққанын байқауға болады. Мысалы: عدالة’аделет-ғаделет, عادل ’аділ-ғаділ,عزيز ’азиз-ғазіз, عالم ’алам-ғалам, عالم ’алим-ғалым, عبرة ’ибрат-ғибрат, عمر ’умр-ғұмыр т.б.

Келтірілген мысалдар Шортанбай ақын есімінің Әли нұсқасын Ғали үлгісінде қолданылғанын аңғартады. Алайда кейіннен мұндай сөздер өзгеріске түсіп тілімізде Әли - Ғали, Қали, Әлі болып қалыптасқанын көрсетеді. Бүгінде шығыстық үлгідегі Әлимұхаммед, Мұхаммедқали, Мұхаммедәли, Мұхаммедәлі, т.б. осының нәтижесі.

Осы дұғаға байланысты ақынның шын есімі жайлы неге табылған мезгілде айтылмады? Егер осы жазу болған болса, неге бүгінге дейін жарияланбады? деген сұрақтардың болуы заңды. Біріншіден, алғаш дұғаны алғандар да, оқығандар да жете мән бермеген болса керек. Екіншіден, жазба нұсқа толық оқылмаған сыңайлы әрі оны оқу біршама қиындық туғызады. Өйткені қолжазба аралас тілде жазылған, яғни кірме сөздердің қазақыланып жазылғанымен қоса араб, парсы сөздері де жетерлік.

Мұны дұғаны жеткізуші Қабылсаят Әбішев те айтады. Алайда араға біраз жыл салып осы жазуды қайта аударуға бергенде «Үшбу (тұмар) дұға Жұманға мүбәрак болсын. Дұғамызды Алла қабыл қылсын. Бұл дүнияда аман қылсын, Ахиретте иман үшін. Мұны жазғушы - Ғали қожа. Оқығандардан иман дұға үшін. Шын атым Молла Ғали Мұхаммед» деген





жолдар анықталғанда, Шортанбай ақынның лақап аты дегенді алға тартады.

Біз осы дұғаның көшірмесін оқығаннан соң «шын атым Молла Ғали Мұхаммед» дегенді анықтағанда шортанбайтанушы Кәмел Жүністегі ағамызға хабарластық. Өйткені оның ілгеріде ақынның шын аты Ғали-Әли екенін, бірақ оған қосымша тағы да бір есім барын айта жүретінін білетінбіз. Дұғаны оқу барысында шын есімінің осылай жазылғандығын айтқанымызда, ол ақын есімінің расталғандығына риза болып, бұл Шортанбай Қанайұлының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында айтулы жаңалық болады деп алғысын білдірді.

Түйіндей келгенде, сөзге негіз болған Шортанбай ақынның дұға жазып қалдыруында оның діни сауатты болғандығы әрі шариғат амалдарын барынша ұстанғандығы, арабша, парсыша тілдерде хат танығандығына тағы бір дәйектеменің табылғандығын нақтыласақ, оған қоса оның шығыстық сарында әдебиет пен мәдениетке орасан үлес қосқан қаламгер болғандығын одан әрі толықтыра түседі.

Келесі әрі басты мәселе осы дұға арқылы Шортанбай есімімен танылған ақынның шын есімі, яғни азан шақырып қойған аты Әли Мұхаммед екендігін айғақтаймыз. Мұның негізі дұғада өзінің қолымен шын атының жазылуы. Шортанбай Қанайұлы өзіне дұға етушілер үшін шын атының аталғандығын қалағандығы. Өйткені дінде дұға еткенде кісінің аты, тегі толық аталуы негізге алынады. Бұл жөнінде Әбу Дәрдадан (р.а.) жеткізілген хадисте: *«Сендер Қиямет күні өздеріңнің есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар...»* - делінген[8, 15 6.].

Міне, діни сауатты, шариғаттан толық хабары бар молда, ақын Шортанбай Қанайұлы мұны дұрыс түсініп қана қоймай, нақты білген. Сондықтан ол қасиетті дұғаға лақап атын емес, «Әли Мұхаммед» деп шын есімін жазып қалдырған.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Арабско-русский словарь. - Ташкент: Камалак, 1994.1 том. - С.418.
2. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. - Сауд Арабиясы, Медине: Фаһд патшаның баспасы, 1991. - 604 бет.
3. Қанайұлы Ш. Қай заман? / Жыр-толғаулар, айтыстар, сын-зерттеу мақалалар. - Астана: Фолиант, 2011. - 288 бет.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 226 бет.
5. Мансұров Н.Б. XIX ғасыр поэзиясындағы араб, иран кірмесөздері (Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары бойынша) филол. ғыл. канд. дисс. 2006 ж. - 133 бет.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 320 бет.
7. Жолдасұлы А. Пайғамбарымыз Мұхаммед соллаллооһу алейһи уә сәлләмнің тарихы мен өмірнамасы. - Астана, 2017. - 468 бет.
8. Дін мен дәстүр. II кітап. - Алматы, 2017. - 176 бет.




***Кәмел ЖҮНІСТЕГІ***

# ШОРТАНБАЙ ЖӘНЕ АБАЙ

*(Тағдыр мен ой үндестігі)*

Өзінен бұрынғы майталман шешен, арналы ақындар мұрасын молынан игерген Шортанбай Абайға дейінгі қазақ поэзиясының асқар бір шыңына айналды. Ресей отаршылдығы қазақ халдының басына кигізген тауқыметінен азып-тозып бара жатқан ел қамын ойлап, жаны шырқыраған оның поэзиясына соқпай кеткен де, кетер де ақын болмаған, болмас та.

Көзінің тірісінде отаршылдарға арқа сүйеген би-болысты қатты түйрегені үшін талайларға ұнамаған, «әділетшіл», «кедейшілміз» деп келген совет дәуірінде де өресіз басшылардың көңіліне қонбады. Бірақ сондай асау да асқар тұлға Абайдың назарынан тыс қалмаған. Кешегі Шортанбайдың атқосшысы Әбеудің, жыршы Анарбектің айтуына қарағанда, ақын өзінің досы осы Жанқұтты, Ағыбай, Құнанбай, Бәйсейіт, Дүйсенбаймен араласып, ерекше сыйласқан. Шортанбайдың сан толғауын Абай Қарқаралыда да, өз ауылында да өз аузынан естіген.

Ғұмырында туған халқының болашағына көзі жетпеген қайғылы Шортанбай Ұлы Абайға да қатты әсер еткеніне екі алыптың шығармаларын оқыған сайын таңдай қаға тамсанасың.

Бір жағы, отаршылдық обырлығынан, екіншіден, капитализмнің қаулап енуінен бұзыла бастаған, аш-жалаңаштыққа, тасбауырлыққа ұрынған қазақы қоғамның сұры қашып, имандылық кетіп, азып-тозу көрініс береді.

Бұл құбылысқа күйінген Шортанбай:

Заманақыр кезінде
Ұл сыйламас атасын,
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын.
Қазы болыс қояды
Некесіз туған шатасын.
Өзі қылған өкінбес,
Түбінде сонан татасың,
Абақтыда жатасың.
Қыз сыйламас анасын,
Жасы он беске келген соң
Кеммін бе деп тап сенен,
Шешесімен жарысып,
Салыстырар шүйдесі мен жотасын.
...Пысықсыған немесі,
Көзін бояп барады,
Күнде тесіп төбесін...
Жас сыйламас ағасын,
Алып жыртар жағасын, -

деген.

Осы құбылысты дәл баққан Абай да:

Заманаңыр жастары,
Қосылмас әбден бастары.
Бір-біріне қастыққа
Қойнына тыққан тастары, -

десе, тағы бір өлеңінде:

Атаны бала аңдиды, ағаны - іні,
Ит қорлық немене екен сөйткен күні, -

деп ашынады.

Шортанбай бұл құбылыстың тереңдей түсетінін көре білген. Қоғамның моральдық негізі шайқалуынан әр ошақ түтіні түзу шықпайтынына, ерлі-зайыптыдан да сыйластық, ұят кететініне көзі жеткен. Ақ көңіл де адал қазақы ақын бұдан да аза бойы қаза.





Сиыр деген пұл болар,
Ұрғашыдан би болар,
Әркімменен ыржыңдап,
Қатын деген тұл болар;

немесе,

Сабырлы сабаз жігіттің
Қылымсыған қатыны
Қызыл көйлек киеді.
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді;

тағы да,

Заманақыр кезінде
Қойында қатын жатпайды,
Ұрысса тілін тартпайды,
Құдайдан әсте қорықпайды,
Алжыған кәрі қақпас деп
Келіні сырттан боқтайды.

Шортанбайдың бұл пікіріне Абай былай үн қосады:

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.
Солақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртың-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Екі алыптың екеуі де қаймағы бұзылмаған қазақ өмірін, тұп-тұнық қазақ әлемін суреттегенде төгіле жөнеледі. Тіпті ләззатқа құмары қанбастық, шексіз тамсанулар оқушыны еріксіз баурап алады:

Ұзын аққан Сарсуды
Өзің жайлап жағала.

Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің мініп бағала;

немесе,

Ертістің басы қара дөң,
Еңкейе біткен қара адыр.
Арқа деген құба жон,
Айнала біткен көл екен, -

деп Шортанбай туған елінің салтына да, атамекеніне де сүйсінсе, ұлы Абай:

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
. ..Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
...Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып.
Жасы үлкендер бір бөлек.
Кеңесіп күліп сылқылдап, -

деп бүтін бір полотноны көз алдыңа алып келеді.

Бұл жерде тағы бір айтарымыз - екі ақын өлеңіндегі тек өлең буынының сарындас-үндестігі емес, ой желісінің, қазақ ауылы көркін суреттеу үндестігі. Екі өлең бір өзектен, бір көңілден шыққандай. Екі алыптың бір-біріне үн қосу жарасымы, екі ұлының табысуы.

XIX ғасырдың орта кезінде қазақ даласына ендеп кірген ресейлік тәртіп қазақ қауымының іргесін шайқалтты. Бұрын «тура биде туған жоқ» деуші еді, биді ешкім сайлап, тағайындамайтын, ал оның әділдігіне жүгінетін. Ендігінің биі ұлық орысқа арқа сүйеген,





халқын қандалаша сора бастаған. Бұл жағдай Шортанбай назарынан тыс қалмады:

Билер, пара жемеңдер,
Жалғанды жолдас демеңдер,
Жатты тіпті көздеңдер,
...Кісі ақысын алмаңдар,
Ауызға харам салмаңдар;

әйтпесе,

Шошала деген үй шығар,
Шошаңдаған би шығар, -

деп түйресе, онан сәл кейінірек ұлы Абай:

Ел жанаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жолығысқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын өрең сол алды.
Орыс сияз қылдырса
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды, -

деп заманын аздырған, қу құлқынның құлы билерден өкіне түңіледі.

«У ішсең руыңмен» дейтін қазақ, жоғына - сауын, жетімі басына үй көтеріп беретін ел іші танымастай бүлініп жатты. Ел қазақшылықтан айырылды, қазақ деген бүтін дене қақ жарыла бастады. Міне, осы тұста бұл сұмдықтан шығар жол таппаған Шортанбай:

Бай кедейді көрмейді.
Кедей байға ермейді.
Қызметің бір күн жақпаса.
Майлы сорпа бермейді.
...Байды Құдай атқаны
Жабағы жүнді сатқаны.

Кедей қайтіп күн көрер.
Жаз жатақта жатқаны, -

деп күңіренсе, оның ізімен Абай:

Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін Құдайым-ай, -

деп шарасыздықтан қиналады.

Көне заманнан қазақы қоғам өзін-өзі басқарып келген. Ел әділ де абыройлы адамдарына еш сайлаусыз, тағайындаусыз бас иіп, айтқанын орындап отырған. Бұл жағдай ресейліктерге тиімсіз еді. Ресейдің мақсаты - қазақтың бірлігін сақтау емес, іштен ірітіп, дегеніне көндіру. Осы мүддемен олар хан билігін жайып, абыройлы адамдарды биліктен аластаған. Ендігінің ел билеушісі орысқа жағуға тырысып, арды да, елді де ұмытты. Сол жолда малын да, басқасын да шашты.

Ел асып болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпеңдер, -

деп Шортанбай ақын сол баяғы бірлікке, елдікке шақырса, Абай:

Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
...Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
... Күні бойы шабамын,
Әрлі-берлі далпылдап,
Ат к... жалпылдап, -

деп шенейді, тағы бір өлеңінде:

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.





Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.
...Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға? -

деп өлтіре сынап, өзі де ызадан жарылардай болады.

Осы бір елден ес кеткен тұста Ресей үкіметі ел ұйытқысы ақсақалдыққа да мықтап шабуыл жасады. Шын пиғылын таныған Шортанбай ақын:

Қария қалды ақылдан,
Ендігі күнін не болар?
Тәубе қылмай қапы еттің
Әуел бұрын жасыңнан, -

деп туған халқының қамын жеп әрі шындыққа көзін жеткізуге тырысқан.

Ал Абай:

Кетті бірлік,
Сонда тірлік
Енді кімге беттемек?
Елің, ала,
Отың шала,
Тайса аяғың, кім көмек, -

деп қазақтың бейшара халіне ашынады.

Өтіп жатқан үдерістерді, билерді - жемқорлықтан, болысты - жағымпаздығынан тыя алмаған екеуі де мәселені адам өмірінің түйіні - ажалға әкеп тірейді. Шортанбай:

Таянғанда өлімге,
Алты табан көріне,
Сатып алған киімің
Киюге болмас ол күнге, -

десе, Абай:

Арам ғапыл дүниені дер менікі,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі онікі.
Тән қалып, мал да қалып жан кеткенде,
Сонда ойла болады не сенікі, -

деп тіреп, ақтық пен пәктікке шақырып, олардың ұятын оятуға тырысады.

Шортанбай да, Абай да артына жұрт ғибрат етер сөз қалдырған. Екеуі де «мен дүниеге қызықтым, тоймадым, пәлен-түген» еттім деп, өз атына біраз сөз жазған ақын. Шындығында екеуі де пендешілдіктен аулақ, тек азаматтың қамын жеген пәк тұлғалар еді. Ақынның «мені» тек өзі туралы емес, жалпы өз заманы ұрпағының ортақ тағдырынан бастау алып жататынын естен шығармау керек. Тіпті Шортанбай:

Екі сөздің басына,
Келтірейін өзімді, -

деп, ел мұңын өзі арқылы жеткізгісі келетінін жасырмай айтады. Қайтыс болар алдындағы «Қоштасуында»:

Құдайға тәубе қыла алмай,
Мекке жүзін көре алмай,
Құлқынымды тыя алмай,
Бедқарды қылдым жасымды.
Қайғылы болып барамын
Жалғанда жеген парама.
...Тары жеген тауық ем,
Жалғанның ебін тауып ем, -

десе, Абай:

Осынша ақымақ болғаным,
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін.





Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін.
Қулық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын, -

деп, жер бетіндегі бар күнәні өзі жасағандай боп шыға келеді. Міне, бұл - кешегі Омар Һаямнан басталған ұлы адамдардың өзін мысал ете отырып, жұртшылықты жақсылыққа бастауға үндегені. Шығыс поэзиясына тән үлгі. Сондай-ақ дұрысты бұрыс қылып көрсеткен кешегі шақтарда қазақтың ұлы ойшыл ақын-жыраулары Бұқарға, Дулат, Шортанбайға Абайды қарсы қою үрдісі мықтап орын алып, ұрпақты шатастырып келгені аян. 20 жылдары Абайды да байшыл деген тұста оны ұрда-жық белсенділерден арашалап қалу үшін кейбір бөгде сөздің (бәлкім, «құрау-жамау» дегендей) Абай шығармасына еріксіз кіріп кетуі мүмкін екені де әлі ескерілмей келе жатыр. Тіпті бұл жөнінде Нығмет Ғабдуллин мынадай дерек келтіреді:

«Мүрсейіттің жазбаларына байланысты Мұхтар Әуезовтің былай деп айтқан пікірі бар. «Абайдың қолжазбасын көшірген Мүрсейіт сияқты және басқа толып жатқан адамдар революцияға дейін және онан бері де кейінгі бастырушыларға қателік жасардай бір қатерлі әдет қолданатын. Олар Абай өлеңдері мен поэмаларын көшіріп, кітап етуді мақсат ете отырып, сол Абай өлеңдеріне қоса, Абайдың шәкірт ақындарының және Алтынсарин сияқты ақындардың, тіпті басқа замандас ақындардың да кейбір өлеңдерін, авторларын атамастан, қоса көшіріп жіберетін-ді» *(«Егемен Қазақстан», 19.10.1993).*

Бұқар да, Дулат та, Шортанбай да Абайға қатты әсер еткен тұлғалар екені даусыз. Шортанбайдың Құнанбай ауылымен қарым-қатынасы да өте жақсы болғаны белгілі. Зар заманда халқының болашағы үшін қиналған бұл ұлы тұлғалар бірі үлкен, бірі кіші боп, қазақтың көксеген ойын жалғастыра жырлағаны, бірін-бірі толықтырғаны, байытқаны дау тудырмаса керек.

***Ілия ЖАҚАНОВ,***
*композитор, жазушы,*
*Қазақстан мен Қырғызстанның*
*еңбек сіңірген мәдениет қайраткері*

# ШОРТАНБАЙДЫҢ «ЖИЫРМА БЕС» ӘНІ

Қазақ әні мені қай жерге, қай қиырға апармады. Әлі де... әлі де жол үстіндемін. Тағы да бір үзік сырды айтқалы отырмын. Шыңжаң қазақтарының атақты әншісі Хамит Ысқақұлы көп толғандыра беретін-ді. Ол Алматыға бір-екі рет келді. Сол күндерде көп шырқаған әннің бірі беймәлім «Жиырма бес» еді.

Ал бір күні Алматыда бір отырыс үстінде осы «Жиырма бестің» сөзін айтып отырғанымда, жазушы Әнес Сараев тебірене сөйлеп: «Мен дәл осы нұсқаны Ақмола жағында қайын жұртыма барған бір сапарымда сондағы бір көне көздердің «оу, бұл Шортанбайдың әні ғой» деген сөзін естідім», деді. Бұл ойландыратын сөз. Қатыгез мезгілден қанша қиястық көрсе де, Шортанбай түгіл олардың ар жағындағы ірілер Бұқар жырау, Ақтамберділердің толғаулары ұмытылды ма, ұмытылмады ғой. Шортанбайдың сөзі де дуалы сөз. Ол да ел жүрегінде. Асылы, ел тегін сөйлемейді. Осы «Жиырма бестің» әр шумағы үзіліп түскен гауһардай кәдімгі қара өлең боп, әр кез оқыс айтылып та жүрді ғой. Ал, енді қаракөз Шыңжаңның асқақ әншісі Хамит оны тұтас бір толғау етіп таңғалдырады. Оны осы қалпында Шортанбайдың «Жиырма бесі» десе, өз асылын өзіне қимайтын жұрт «жоқ» деп





бас шайқар ма екен, қайтер екен, не қылса да бұл - Шортанбайдың үһілеген зор рухының шаршаулы әм құштар лебін сездіретін бір тылсым дүние. Бір ғажабы, Хамит Шортанбайдың бұл әнін Қазақстаннан алып қайтып едім деді. Хамитпен Үрімшіде жүздесуім 1993 жылдың ақпан айы еді.

Хамит оны алғаш рет Жанәбілдің резиденциясында, одан кейін Жұмағалидың үйіндегі отырыста толғап берді. Шынында ол біз білетін «Жиырма бестерден» мүлде бөлек, терме тәрізді ме, жо-жоқ, одан да терең толғау түрінде орындалды. Бір қызық жай, өлең құрылысы кәдімгі он бір буын, яғни қара өлеңнің дәл өзі. Мазмұны - философиялық ойлар, ғақлия, өсиет сөз. Әуезі - әннің бітімінен гөрі, шұбырта жөнелетін толғау, ал ән дегізетін жері - әйгілі «Жиырма бестің» қайырмасындай қайырылатын иірімі. Хамит әннің осы қайырмасына дейінгі шұбырған әуенді екі шумағда сыйғызған. Қайырма осы екі шумақтан кейін қайталанып отырады. Бұл - өмірлік мысалды көбірек пәлсапа еткісі келіп, көп сөз айтып шығуды көздеген әншінің тапқырлығы. Бәлкім, ол ән о баста да солай айтылған шығар. Және екі шумақты қосып бір-ақ айту қайырманың күрделі құрылысының ауырлығынан да тууы мүмкін. Ол қайырманы бір шумақтан кейін қайырып отырса, әншінің жігер-қуаты үш-төрт шумаққа ғана жетер еді. Ал Хамит айтып жүрген нұсқадағы ой баяғы «Жиырма бестің» төртеуін қамтитын үлкен толғау боп, қайырма сегіз рет қайталанудың орнына үш-ақ рет қайталанады.

Сырт қарағанда, осы егіз шумақтарды шұбырта беруге болатын сияқты. Толғаудың табиғаты солай ғой. Ал Хамит әнші бар салмақты, терең ойды сегіз шумаққа толымды етіп, оны бүкіл өмірінің өзегіне айналдырып, «Өлген соң жылағанның керегі не» деп, өзінің де, өзгенің де барқын айтып бітіреді әнді.

Осы сегіз шумақтың әр шумағы дәстүрлі қара өлең боп, өзінше дербес өмір сүре береді. Өйткені бір шу-

мақ - бір-бір ой. Бір ғажабы, бұл сегіз шумақ - бір көкіректен бір-ақ ақтарылған ой толқындары секілді тұтас бір дүние. Ол көне фольклорлық нұсқадан гөрі ойшыл ақын, не сал-серінің толғанысына ұқсайды. Жүйелі ой тізбегі парасат тұжырымына тіреліп тоқтайды. Айтам дегенін айтып тынады. Бәр-бәрін жиырма бестей тәтті, арманды дәуреннің мезгілімен өлшеп, ой таразысына салады.

Ән қайырмасының өлшемі, құрылысы Арқаға ғана аян «Жиырма бестердің» тосын нұсқасын танытқандай болады.



***Жеңіс ҚАШҚЫНОВ,***
*ақын, жуналист,*
*Қазақстан Журналистер одағы*
*сыйлығының лауреаты*

# ЖЫР СҮЛЕЙІ

Абылай хан тұсында тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқы сайран даласында еркін, азат өмір сүрді. Абылай хан өз жерін жоңғарлықтардан тазартқан соң бір жағы орыстармен, екінші жағы қытайлықтармен дипломатиялық қатынас жасап, қазақ халқының тәуелсіз ел екенін мойындатты.

Сол тәуелсіздік алған ел:
Абылай хан тұсында
Арбасын артып оң қылған,
Есіл менен Нұраның
Екі жағын жол қылған.
Ертістің бойы қара дөң,
Еңкейе біткен қара адыр,
Арқа деген құба жон.
Аядай біткен көл екен.
Атты кердең өсірген
Арқаның тарлау шөбі екен, -

деп, жыр сүлейі Шортанбайдың өкінішпен есіне алуы тегін емес.

Діни білімі болса да, Шортанбай өзімен тұстас, замандас молда, ишандар сияқты күнкөрісі үшін байларды, шен-шекпен кигендерді марапаттамады. Қай-

та елінің ащы зарын, өшпес өкінішін көкірегі қарс айырыла жырлады.

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі - зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті
Тәңірім болғай деместен.

Шұрайлы жерлерінен, қоғалы көлдерінен, асу-асу белдерінен, қалың орманынан, қаралы малдарынан айырылып, отаршылдарға тәуелді болып қалған мұсылман қауымының халі тым аянышты еді.

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Енді сенің торыңа.
Орыс - бүркіт, біз - түлкі,
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң
Отырып билер алқынды.

Халық басына қалың бұлт үйірілген зобалаңнан қалай алып шығатын жол таба алмай, билер отырып қалды. Ал болыстар мен байлар қолдарындағы дәулетінен айырылып қалмаудың жолын қарастырды.

Әр нәрсенің болжамы
Келе жатыр жақындап.
Ағашты тауға үй салып,





Алды көпір ақылдап.
Елді еркіне қоймады
Буыршындай тақымдап.
Дәуренбексіп болыс тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдап.

Қайран Шортанбай бабам-ай! Осыдан 150 жыл бұрынғы айтқан дана сөзі құлағымызда бүгінгідей жаңғырып тұр емес пе! Күні кешегі тәуелсіздік алғанға шейін де орталықтың сөзін мақұлдап, бас шұлғып келгеніміз шындық қой.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, отаршылдықтың қолжаулығы болған ел басылары да халықты қанаумен болды.

Байлар ұрлық қылады,
Мал көзіне көрінбей.
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріңдей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріңдей.
Жеті жұт кеткен қожадан,
Сен тұрмассың бүлінбей.

Халықты Құдайға құлшылық етуге ғана уағыздайтын кейбір дүмше молдалардай соқыр сенімде қалып қоймаған Шортанбай елді алдап, сүліктей сорып отырған қожа-молдаларды да уытты жырларымен әшкере етіп отырады.

Қазақ даласына отаршылдар келуімен кейбір атқамінерлер балаларын тек орыс мектебіне беріп, тілмаш, адвокаттыққа оқытты. Олар оқып шыққан соң халықтың жоғын жоқтамай, патша үкіметіне қызмет етті. Елді алдап, өтірік айтып, пара алудың жолына түсті. Өздеріне жұрт өпшенділігін күшейтті.

Шортанбайдың азаматтық қасиеті мен ақындық қуаты ел ішіндегі осындай ездердің көбейіп, халықты аздырып, тоздырып, еңсесін көтертпей тұқыртып тастағанын ашына жырлауынан айқын көрініс табады.

Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сиынғаның,
Арылмайтын дерт болды
Кедейге қылған қорлығың.
Көпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгеңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріңдей.

Айналасында болып жатқан озбырлыққа немкетті, ұйқылы-ояу қарайтындардың көрер күні - азап, барар жері - тозақ. Сондықтан да халықты отаршылдарға бодандыққа құрбан еткендермен тіресу керектігін де Шортанбай өзінің уытты жырлары арқылы сездіреді. Өз күнін өзі көріп, өзі әрекет етпесе, кедей-кепшіктің тіршілігі тіпті қиын. Заманақыр деген осы.

Байдың тілін жарлы алмас.
Ханның тілін қара алмас,
Өлінің тілін тірі алмас,
Өздері жөнін біле алмас.
Оңалар заман дер едім,
Жауға алдырдың әуелі бас.

Әуелден осы басы бірікпеген қазақ быт-шыт болып ыдырап, тоз-тозы шықты. Құр қайғыға беріліп, өлімге бас тігу - жігерсіздік. Ал жаумен қасқырша шайнасып, арпалысып өту - айбаттылық.





Күні кешеге шейін Шортанбайды діншіл, өткенді зарлана жырлай беретін керітартпа ақын деп миымызға сіңіріп келді. Ал енді бүгін мұраларына жіті көз жүгіртіп қарайтын болсақ, мүлде олай емес екен. Қайта елдің елдігін, бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтауға үндегенін көреміз. Тіпті озбырлыққа қарсы әрекет етуге шақырған жалынды жырлары күні бүгін де бойымызға намыс отын тұтатады.

Айдамай тұрып солдатқа,
Зар қылмай тұрып жалды атқа.
Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің бір мініп жебеле.
Жалаңаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын еле ме?
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап жүдеме.

Шортандайдың отаршылдық саясаты, жер-жерден бекіністер салып, мұсылманды қоршап қысып тұрған кәпірлер зорлығын әшкере етуі ерлік пе? Әрине, ерлік! Ол елдің қайғы-қасіретін өз өлеңдерінде тайға таңба басқандай айқын көрсетіп қоймай, осыдан шығатын жолды да іздеуге үндеді. Орыс отаршылдарына қарсы жыр жазғаны үшін талай ондаған жылдар бойы аты аталмай да келгені бар. Әйтпесе елді төңкеріске шақырған патриот ақын деп дәріптеген де болар ма едік. Қалай болғанда да, Шортанбай Қанайұлы - халықтан шыққан, өз заманының көреген, төкпе ақыны.

Шортанбай осындай биікке қалай көтерілді? Оны қандай орта тәрбиеледі? Ақын болуға не себеп болды? Енді осы сұрақтар төңірегіне көз жүгіртіп көрейік.

Менің әкем Рахметолла көзі ашық, көкірегі ояу, зерделі адам еді. Өз уақытында балаларды оқытып, білім берген ұстаз. Ел ішіндегі игі жақсылармен ара-

ласып, аңыз-әңгімелерді, шешендік сөздерді бір кісідей білетін. Көпшілік жиындарда білгендерін ортаға салып, халық арасына кеңінен таратып отыратын.

Өткен ғасырда Ақсу-Аюлы өңірінде от тілді, орақ ауызды Шортанбай ақын елге танымал Жанқұтты би төңірегінде болғанын да алғаш рет әкейден естіген едім.

Шортанбай өле-өлгенше осы Жанқұтты би маңында болады.

Ақынның:

Тағы да сәлем айтайын,
Қалың жатқан Сарымға, -

немесе,

Тірідей қорықпай осындай,
Күнә іздедім шошынбай,
Кеудемді дерт қамады,
Қамалда кетіп барады.
Есен бол, Жөке, Жанқұттым,
Қияметтік досым-ай, -

дейтін жолдары бұл дүниеден өтер алдында қалың сарым елімен, қимас серігі Жанқұтты бимен қоштасуы, өзінің ризашылық көңілін білдіруі еді.

Бұған толық негіз де бар. Өз заманының оқып, діни білім алған алдыңғы өкілдерінің бірі Шортанбай ишандық дәрежеге толық қол жеткізген. Құдайдың құлы болып, Алланың аманатын орындау үшін мұсылманша алған білімін ел арасына тарата бастайды. Алғашқыда Қарқаралыдағы Бесата жайлаған Жамантай төрені төңіректейді.

Негізінен қазіргі Қарағанды облысына қарасты Ақсу-Аюлыны мекендейтін Жанқұтты би маңынан тұрақты қоныс табады. Өз мақсатын іске асыру үшін шағын мешіт салдырады. Медресе ашып, балаларды діни сауаттандырумен айналысады.





Кешегі қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізген Абылайхан мен қаз дауысты Қазыбек бидің Қожа Ахмет Иасауи сағанасында жерленгенін білетін. Олар жайлы әңгіме, аңыздарды бұрындары да ел аузынан естіген болатын. Елім деп еңіреп өткен сол екі арыстың елі Шортанбайдың өмірге деген көзқарасын түпкілікті өзгертіп жіберді.

Ақан мен Біржанның, Мәди мен Ыбырайдың әуезді әндерін, Тәттімбет пен Қазанғаптың, Ықыластың күмбірлі күйлерін домбыра мен қобызда күңіренте ойнаған жастар өнеріне Шортанбай ерекше елтиді. Жас ишанның көкірегі күйге толып, күмбір қағады. Кеудесінде ақындық от ұшқыны тұтана бастайды.

Күндіз мешіт пен медреселерде Құран қағидаларын үйретсе, қолы босаған уақытта жүрегін жарып шыққан жалынды жырларын жазумен айналысады. Шортанбай өз шығармаларында сол заман тудырған әділетсіздікті, халық иығына түскен ауыртпалықты шындық тұрғысынан суреттеп, әділдік жолын іздестіреді.

Хандық жойылып, аға сұлтандар билікті қолға алғанмен, кедейлерге жеңілдік тумады. Сыртта орыс әкімдері қанаса, іште өз ұлықтары тонады. Отаршылдарға көмектесіп, екі жақтан қысып, жұртты зар илетті. Елдің билік берекетін кетірді. Ағайын-туыс, үлкен-кіші бірін-бірі сыйлаудан қалды. Имандылықты ұмыта бастады:

Ашты-тоқты болсаң да,
Иманың сақта ұятты.
Ардан кеткен ұятсыз,
Дінсізге қылар миятты.

Имандылық көрсету - Құдайға құлшылық қылу, ар-ұяттан безбеу.

Имандылық - адамгершілік белгісі. Байлықтың алды - имандылық.

Уәліден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаделет,
Ақырзаман таяды, -

деп Шортанбай бабамның шошуы тегін емес екен. Патша отаршылдары қазақ жеріне әскери бекіністер салып, шұрайлы жерлерін тартып алып, халықты зар қақсатты. Ал коммунистік саясаткерлер күндердің күнінде Сарыарқаның төсіне одан да сорақыны жасады. Қарлагтар мен АЛЖИР-лерді тұрғызып, елдің белгілі бір бөлігін жаппай түрмеге қамады... Қазақ халқы тілі мен дінінен айырылуға шақ қалды. Мектептер мен қазақ тілінде шығатын газеттердің көбі жабылып қалды. Тың көтеру қазақ жерін орыстандыру саясаты екенін біле тұра үндемедік. Бірақ Ақсу-Аюлыдағы Зейнолла Игілікұлы мен Кәмел Жүністегі бастаған Шортанбай ұрпақтары бұл саясатқа қарсы шықты. Бұл үшін оларды ешкім басынан сипаған жоқ. Оларға «ұлтшыл» деген айып тағылып, түрмеге қамалды. Бірақ кеш болса да әділет жеңіп шықты. Олар ақталды.

Ал Шортанбай бабасының жолын қуған Зейнолла Игілікұлы шебер домбырашы, ақын еді. Ақсу-Аюлыдағы музыка мектебінің негізін қалаған ұлағатты ұстаз болатын. Түрмеге қамалып, ұзақ жылдар тұтқында болу, одан оралған соң үнемі аңдуда жүріп, атпал азамат денсаулығына, сана-сезіміне кері әсерін тигізген жүрек ауруынан 51 жасында көз жұмды.

Кәмел Жүністегі - Ақсу-Аюлы өңірінің тарихын зерттеп, өшкенін өмірге қайта келтіріп, тірілтіп жүрген білікті қаламгер. Шортанбай ақынның бейітін тауып, басына белгі орнатқандардың бірі.

1993 жылы Шет ауданы Шортанбайдың 175 жылдығын республика көлемінде кеңінен атап өтті. Бұған мұрындық болған аудан әкімі Қасымбек Мәдиев Ақсу-Аюлы селосы орталығына ақын ескерткішін орнатып, бейітін қайта тұрғызды. Жұртшылықтың есінде





қаларлықтай той дүбірлеп өткеніне сол салтанатқа қатынасқан мен де куә.

Тар заманның тартсаң да қасіретін,
Ұрпағыңа өнеге өсиеттің.
Жалпақ елге атыңды әйгіледі,
Кештеу ұғып сөзіңнің қасиетін, -

деп, кеш болса да, жыр сүлейін қалың жұртымен қауыштырды.

Мына қызықты қараңыз. Шортанбай Қанайұлын қазақтың бір өлкесі ишандық дәрежеге көтерсе, екінші бір өлкесі төкпе ақын етіп шығарды. Бүгінде жыр сүлейі атанып, халық сүйіспеншілігіне бөленіп жатыр. Ұрпағы пір тұтатын дүлдүлге айналды.

Ұнамаса не нәрсе қоштай ма адам,
Кете алмаған дінге де соқпай бабам.
Бірде өзі Құдайдың құлы болып.
Бірде ақын боп аузымен от шайнаған.

Сарыжайлау ақ сәлдедей жайылды да,
Қазағы малын еркін қайырды ма?
Ақыны атанды да Сарыарқаның,
Мәңгілік қалды Ақсу-Аюлыда.

Діншіл болған десек те Шортанбайды,
Бабамыздан үркіп жұрт қорқа алмайды.
Жанымен елін сүйген ақынына
Халқының махаббаты ортаймайды.

# ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШАРИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ

***Әбдуов Мұхаммедғали Ілиясұлы,***
*филология ғылымдарының докторы,*
*Е.А. Бөкетов атындағы*
*Қарағанды мемлекеттік*
*университетінің профессоры*

Адамзат өміріндегі күнделікті өмір-тұрмыстан бастап заман, әлем, жаратылыс деңгейі аралығын толық қамтитын ерекше бір жағдаят бар. Кейбір қоғамдық тұстарда осы мәселені адамзаттың қиялынан, аңсаған арман-тілегінен туындаған деп пайымдаулар жасап келді. Бірақ сол мәселеге қатысты материалдарға көз жіберіп, тереңнен талдаған адам оның өзіне тән сипатымен ерекшелігінің бар екендігін аңғарып отырған. Біздің бұл айтып отырғанымыз жалпы адамзатқа қатысты дін мәселесі. Әрине, қазіргі кезде діннің бірнеше түрі бар деген әңгімелер айтылып жүр. Ал негізінде оның түпкі өзегінің, бастауының қайнар көзі біреу екендігін аңғаруымызға болады. Өйткені, қағидаларындағы, заңдылықтарындағы, ғұрыптарындағы басты байламдардың негізгі мазмұнының үндесіп, үйлесіп жатуы осыған саяды. Бүгінгі таңдағы көп түрлілікке келер болсақ, ол негізгі діннің өзгеріске түскен варианттары тәрізді. Осы орайда алып қараған-да, біз христиан, ислам, будданы атап айтуымызға болады. Екінші бір айтылатын мәселе - пұтқа табынушылық. Қазіргі өркениетті заманда осы пұтқа, немесе сол тәрізі басқадай көрнекіліктерге табынуды дін





есебіне жатқызу жөн бола қоймайды. Себебі дін жайында әңгіме айтылған кезде адамның іс-әрекетінен тысқары адамзаттық дәрежеден жоғары ой, талғам болуы қажет. Ал адамның қолымен жасалған дүниені дін дегеннен гөрі, көңілге демеу, көмек үшін қолданылатын ниет деп қабылдағанымыз орындылау болмақ. Біздің қазақ халқының негізінен қабылдаған діні - Ислам. Бұл діннің бізге келіп орнығуында айрықша мән-мағынаның бар екендігі сөзсіз. Ислам дінінің негізгі қағидалары: адамгершілікке, ізгілікке, бауырмалдыққа, қонақжайлылыққа, қарапайымдылыққа үндейді. Міне, осы айтылған жағдайлар біздің қазақ халқының өмір тұрмысына ислам дініне дейін қалыптасқан болатын. Мұсылманшылықтың басты парыздарымен, негізгі заңдылықтарын халыққа үйрету, елге тарату, тек қана дін өкілдерінің тікелей араласуымен жүзеге асырылған десек, қатты қателескен болар едік. Өлең сүйгіш, өнер сүйгіш халқымыздың тамырына діннің тереңдей енуі белгілі өнерпаздардың ұлағатты өсиет-нақылдарына да байланысты болған. Көне дәуірде қалыптасқан фольклорлық мұралардың қай-қайсысы алып қарасақ та, мейлі аз болсын, мейлі көп болсын, белгілі бір дәрежеде дінге қатысты бар екендігін байқаймыз.

Қай кезеңде болмасын халықтың мұң-мұқтажын, тыныс тіршілігін жырлап, заманның көкейтесті мәселелерін кеңінен қозғап, көрсеткен ақындар екені айқын. XVIII ғасырда өмір сүрген Шал Құлыкеұлының, Тәтіқараның, XIX ғасырдағы Кемпірбай, Орынбай, Сүйінбай, Қашаған, Құлыншақтардың, XX ғасырдағы Нұрпейіс, Иса, Жамбыл, Шашубай, Доскейлердің бүгінгі таңдағы Әсия, Аманжол, Қуаныш, Мұхамеджандардың шығармалары біздің ойымызды айғақтай түседі. Қай кезеңде болмасын халық ақындарының шығармашылығы фольклормен тығыз байланысты болып отырған. «Халық поэзиясы мен әдебиеттің тығыз байланысы бірін-бірі байытып, толықты-

рып отыруы халық ақындарының жаңа халықтық жанрлар жасауына көмектескені даусыз» [1, 152].

Солардың шығармаларына шолу жасау арқылы тұманды тарихымыздың бұлыңғыр беттері мен бұралаң жолдарының көмескі көріністерінен көрнекті мәлімет алатындығымыз да ақиқат. Бойына ауыз әдебиетінің болмыс, бітімін, нәрі мен дәнін сіңіре білген халық ақындарының шығармаларын қайталап оқыған сайын керемет кемеңгерліктің құдіретті қасиетін түсетіндігіміз сөзсіз.

Сондықтан да өрнекті өлең иелерінің туындыларын танып-білуді бір уақыттың ішінде тәмамдаймыз деп кесіп-пішіп айтуға болмайды.

XIX ғасырда өмір сүрген өнерпаздардың шығармаларының тақырыбы, мазмұны, тілі, көркемдігі жағынан сан алуан. Оларды кең көлемде, терең тұрғыда талдаған десек те, барлық қыры мен сыры жан-жақты ашылды деуге, әрине, әлі ертерек. Бұл орайда ғалымдарымызға заманның қалыптай қағылған сөресі рұқсат бермеді. Санадан сыпырып тастауға негізделген сондай салалардың бірі - халық ақындарының шығармаларындағы діни ұғым-түсініктер, қолданыстар, аңыздар саласы. Бұл саланың қаймағы шайқалмай, бүгінгі күнге жетуіне екі түрлі себеп бар. Алғашқысы діннің ақындар шығармасымен ара-жігі ажырамастай байланысқа түсуі. Яғни, олардың туындыларын діннен бөліп алуға мүмкіндігі болмады, ал ел ішін кеңінен жайлаған өнегелі де өрелі өлеңдерді халық санасынан өшіруге заманның да, заңның да шамасы жетпеді, бір ғана жол айқын, ашық айтылған тұстарын айналып өтуге тура келді. Бұл тәсілдің уақытша ғана көз байлау болғандығы бүгінгі ұрпаққа белгілі болып отыр. Екіншісі, қоғамдағы керемет өзгерістердің қай-қайсысы болмасын дінді жойып жібере алмады. Мұнан туындайтын ой - діннің өміршеңдігі. Кез келген жағдайдың, іс-әрекеттің, т. б. өміршең болуы адамзаттың талабынан туындайды. Олай болса, халық





ақындарының шығармаларындағы діни қолданыстардың мәні мен мақсатын оқып-үйрену қажет. Халық ақындарының туындыларына діни наным-сенімдердің, аңыз-әңгімелердің, қағида заңдылықтардың кеңінен қолданылуы кездейсоқ жағдай емес. Оның негізгі бастауы көне дәуірдегі фольклорда жатыр. Тұрмыс-салт жырларындағы «Жарапазан айту», айтыс саласында «Бәдік айтысы» соның айғағы. Олай болса, осының өзін көзі көне дәуірде жатқан дәстүрдің бір тармағы деп те айтуымызға болады. Бұл жайында белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев та біраз ғылыми пікірлер айтқан, мәселен, тұрмыс-салт жырларының ішінде «жаназалау жырлары» және «діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар» [2, 44] бар деп бөліп қарастырады. Сөйтіп: «тарихи оқиғаларға, адам қазасына байланысты туып, ел аузында сақталған «естірту», «көңіл айту», «қоштасу», «жоқтау» сияқты салт жырларын жаназалау жырлары дейміз. Мұнда жеке адам, қала берді, бүтін бір халықтың көңіл күйлерінің сан алуан толқыны бар. Жерімен, елімен, жарық дүниемен қоштасу өлеңдері ел басына түскен ауыр күндерде туған. Оның өлген адамның тірі күйінде айтқан өсиеті түрінде кездесетін үлгілері де болады». Ал діни әдет-ғұрыптарға байланысты жырлар туралы ғылымның пікірі өзгеше «Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында соны бастан өткерген. Соның арғысы күнге, отқа табыну, магия, анимизм, зооморфизм болса, берісі - шаманизм феодализм дәуірінде туған монотеистік дін-ислам» [2, 53].

Жалпы поэзия саласында, әсіресе тұрмыс-салтқа қатысты шығармаларда діни бағамдар мен тұжырымдар өте жиі кездесіп отырады. Олар ауыз әдебиетінің үлгілеріне халық ақындарының туындыларынан да, жазба ақындардың өлеңдерінен де байқалады. Мұндай әсерлі әрекеттерді қолдануы сол шығармаға айрықша өң беріп, түрлендіріп тұрары сөзсіз. Поэзия - өзіндік ерекшеліктерімен дараланатын сөз

құдіретін түсіндіретін сиқырлы әлем. Бұл жайында белгілі ғалым ақын-жыраулар поэзиясын жан-жақты зерттеген С. Негимов былай дейді: «Поэзия тілі - сиқырлы. Поэзиялық ассоциациясының, қиыннан қиыстырудың ондаған, жүздеген амал-жолдарын көзді ашып-жұмғандай уақыттың ішінде-ақ алдына жайып тастайды. Жалпы алғанда, шексіз кеңістіктің, табиғат дүниесінің және адамзат қоғамының барлық құбылыстарын, жай-күйін, қозғалысын, түр-түстерін, заттарын, байланыстарын қамтып, ішіне сыйғызып тұрады. Олардың бәрі де өлең тіліне түскен кезде көз алдыңа әдемі суреттер келіп, өлеңде оларды жатық бейнелеп, суретке түсіріп жатады. Мұның үстіне ақынның да жан сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктері, поэзия тіліне айнымай көшеді» [3, 13].

Міне, осындай поэзия құдіретін меңгерген халық ақындары өздерінің өрісі мол шығармаларына ислам дінін дәріптеуге айрықша көңіл бөліп отырған. Негізінде дәріптеу сөзінің атап айтарлықтай ерекшелігі бар, яғни дәріптеуді біз төмендегіше түсініп, пайымдауымыз қажет. Қандай да бір дін болмасын оның қағидалары, өзіне тән заңдылықтары, міндеттері мақсаттары болады. Міне, осы аталғандарды халыққа түсінікті, ұғымды тілмен жеткізу өнерпаздардың шығармаларынан орын алған. Мәселен, солардың бірі исламның бес парызы, олардың орындалу реті, әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы. Осылар, әсіресе халық ақындарының ішінде Шортанбай Қанайұлының, Ақмолла Мұхамедиярұлының, Жүсіпбек Шахисламұлының, Шәді Жәңгіровтің шығармаларында жиі ұшырасады. Мәселен, Шортанбай өзінің «Зар заман» деген толғауында:

Алты мың да алты жүз,
Алпыс алты аятты





Кітап пенен құранды
Мақұл қатты жаратты [4, 31], -

деп баяндау тәсілі арқылы құран аяттарының санынан мәлімет беріп тұр және жай ғана мәлімет емес, Құранның қасиетін, артықшылығын, дәріптеуді де қолданған.

Ислам дінінде ең қасиетті кітап болып табылатын Құран мұсылмандардың өмір жолындағы ең негізгі бастаушы, жөн сілтеуші еңбекке айналған. Сондықтан да ақындардың дінге байланыстырып толғауларын шығарғанда, Құранды қамтып отырды. Бұл жайында дін туралы зерттеу жүргізіп жүрген Оңайбек Құдышев былай дейді: «Құран - адам бойына адамгершілік қасиеттерді дарытатын асыл мұра. Әдепті, инабатты, шындықты, адалдықты қастерлейтін қазына. Қазақтың бір ақиқатты дәлелдемек болса, «Құран атсын» деп қарғануы тегін емес қой. Тіпті оның мағынасын түсінбесе де, шын жүректен сене отырып, ықыласпен оқудың өзі сауап, елеулі бір құлшылық делінген иман шартында. Міне, Шортанбай ақын сол аяттарды жанды-жансыз, жалпы жаратылыспен байланыстыра отырып жырлайды. Дәл осы негіздегі туындылар Жүсіпбек Шайхисламұлында да бар, бірақ ақын бұл салаға өзіндік үнмен өзгеше тұрғыдан келеді. Шортанбайға қарағанда Жүсіпбекте дінге қатысты әрбір тұжырымдарды талдау, түсінік беру басымырақ. Ақынның мұндай дәрежеге көтерілуі - оның іздемпаздығының нәтижесінде жеткен жетістігі. Мысалы:

Қиямет-қайым деседі,
Қаламға құлақ қойсаңдар,
Ажалды әнсәд деседі,
Ғалымдардан сұраңдар [5, 63].

Тағы да бір байқалатын мәселе, - дінді дәріптеу барысында Шортанбай мен Жүсіпбекке тән ортақ ерекшелік, яғни негізінен айтылған мәселені нақ сол күй-

інде кескіндейді. Ал Ақмолла ақында бұл жағдай Шортанбайларға қарағанда сәл өзгешелеу. Яғни ақынның поэзиясындағы дінді дәріптейтін тұстары өсиетке, нақылға ұласып жатады. Сондай-ақ ақын дін қағидаларының күнделікті іс-әрекетте қолданудың мәнін ашып көрсетуге назар аударады. Мәселен, белгілі парыздардың бірі-бес уақыт намазды шегіне жеткізе сипаттай келеді де, олардың оқылатын мезгілдерінен де хабардар етеді. Немесе, ораза ұстаудың мағына-мазмұнын айқындайды да, оның арналым мәнісін сөз етеді.

Үшінші, қымбат нәрсе ақыл деген
Ақылсызда тәупық жағы тақыр деген,
Аз жұмысқа ашуланып дінін бұзар,
Иманын күпірлікке сатар деген [5, 78].

Ақмолла ақын өзінің осы шумағы арқылы дін мен имандылықтың, адамгершіліктің арақатынасын ашып айқындап тұр. Халық ақындарының қай-қайсысында болмасын дінді дәріптеу барысында жалпы адамзатты жаманшылықтан сақтануға, жаман істерден аулақ болуға үндеп отырады. Мұндай әрекеттердің барлығы Алланың адамзатқа тыйым салған істері болып табылады деп түйіндейді. Әрине, бұл айтылғандардың ақиқат екені рас. Зерттеуші ғалым Ғұзыхан Ақпанбек өз еңбегінде былай деп пікір айтқан: «Алла Тағала дәлелді себептермен тыйған нәрселерден көп нәрсе көрінеді. Адамдық қасиетін жоғалтпай бүкіл болмыспен ретті қарым-қатынас орната білген халық дүниенің кескін-келбетін де дұрыс тани алған» [6,18].

Сонымен, жинақтай келгенде айтарымыз, халық ақындарының шығармашылығындағы діннің дәріптелуін екі салаға жүйелеуге болады; алғашқысы - дін қағидаларының нақты көрінісі болса, соңғысы-баяндай отырып, жан-жақты түсінік берген сипаттамасы.





Халық ақындарының шығармаларының толғау жанрлары негізінен белгілі бір жағдайға, қажетті бір нысанаға байланысты туындайды. Сол толғауларда көбінесе насихаттау, жақсының жақсылығын дәріптеу көрініс беріп жатады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, халық ақындарының дінге байланысты толғауларында исламның негізгі парыздарын, оның қажеттілігін насихаттау айрықша орын алады. Дінді насихаттау дегеніміз - оның қоғамдағы заңдылықтарын, қажеттілігін көрсету, сол жолға көпшілікті үгіттеу, үндеу. Осы мәселе төңірегінде көптеген өнер иелері поэзия саласына өздерінің үлкен үлестерін қосқан. Солардың алдында көптің басшысы болып Шортанбай . ақынның көрінуі хақ. Оның толғауларының қаймағы бұзылмай бүгінгі таңға жетіп, ұғымға жеңіл, тартымды болып келуі осыған байланысты. Дегенмен, бір айта кететін мәселе, халық ақындарының қай-қайсысы болмасын, ауыз әдебиетінің бай мұраларынан сусындап, үлгі-өнеге алып өскен. Өздерінің ақындық қабілеттерін жетілдіру барысында халықтық туындылардан оқып үйренген. Ғалым С. Негимов: «Ақындар, негізінен, поэзия тілінің қайнар көзі - фольклор тілін пайдаланады. Халықтық фольклорлык стилистиканың бейнелеуші, мәнерлеуші құралдар жүйесіне, байырғы сөз тіркестеріне, халық даналығы тудырған өрнекті оралымдарға, поэзиялық қасиеттерге малынған лексикасына, стильдік мәні бөлекше күрделі, мағыналы, сан алуан ауыстыруларға, символикалык бейнелерге, тұрақты теңеулерге, байырғы перифразалық теңеулерге, тізбектерге, бір сөзбен айтқанда ежелгі көркемдік құбылыстарға, дайын үлгілерге иек артып, мықтап каруланады, әрі түрлентіп, ажарлап, әшекейлеп, айшықты айтуға, ой-пікірлерін образды, суретті жеткізуге, ақындық қабілетін, мүмкіндіктерін барынша сарқа жұмсайды» [3, 24].

Өз туындыларын осындай тұрғыда өңдей білген Шортанбай өмірдің күрделі қырларына, діни ұғым,

түсінік арқылы баға береді. Мәселен, ақынның Асанбұғымен айтысында мынадай жолдар бар:

Жәдігей жарғыш болмаңыз:
Ақырет қамын ойлаңыз,
Жасың жетті жетпіске,
Иман бер деп сұраңыз [4,61].

Бұл жерде ақын тек өзінің қарсыласын ғана емес, жалпы тыңдаушы қауымды, жинаған жұртшылықты иманды болуға насихаттап тұр. Ал иманды болу - мұсылмандықтың әрі басты, әрі алғашқы парызы. Иман дегеніміз - Алланың барлығына, бірлігіне, пайғамбарларына, періштелеріне сенім білдіру. Алла Тағаланың заты, сипаттары алтау: барлық, бар болу, ежелден бар болу, барлығының әуелі болмауы, мәңгі бар болу, барлығының соңы болмау, бірлік, біреу ғана болу, ортағы болмау. Жаратылғандарға ұқсамау, өздігінен тұру. Алла Тағаланың сипаттауы сегіз: тірілік - бірақ жанмен емес, өзіне тән сипатымен тірі; білу - бірақ өзіне тән сипатымен біледі; есту - бірақ өзіне тән сипатымен естиді; көру - бірақ өзіне тән сипатымен; күші келу - бірақ өзіне тән сипатымен; сөйлеу - бірақ өзіне тән сипатымен; жарату, жоқтан бар ету - бірақ өзіне тән сипатымен жаратады. Міне, осылайша Алла Тағалаға барлық сипаттарымен бірге сеніп, иман келтіру парыз.

Шортанбай жоғарыда айтылған сөзін негізінен Асанбұғыға арнағанымен, талапты көпшілікке қойып отыр. Өйткені тереңнен толғап айтатын ақын өзінің шығармасын жалаң, жалқы ойлар жетегіне бере қоюға тиісті емес. Ақынның ойынша, діншіл адам әрі қайырымды, әрі кішіпейіл болуы керек. Ал адамның адамгершілік жолдан таюы - діннен безуі. Егер бұл айтылған жағдай кеңінен өріс алатын болса, онда соның салдарынан заман да азуға тиісті. Ақынның тілімен айтсақ:





Адамы бұл заманның арамтамақ,
Көңілі таза, аузы ала, ерні жалақ
Дін ісіне шамшыл аттай шегіндейді,
Дау десе жауыр атын кетер сабап[5, 63], -

болып шығады. Әрине, көпшілікті дінге мойын ұсындыру оңай жұмыс емес. Діннің дұрыстыққа, туыстыққа жөн сілтеп, жол көрсететінін екінің бірі біле бермеген. Сондай-ақ байқампаз ақындардың аңғарғанын әркім көре білмейді.

Халық ақындарының кейбір толғауларының ажалға, өлімге байланысты айтылған тұстарының көңілге қорқынышты сезім ұялатуы осындай жағдайға байланысты болса керек. Ақындар бірде дозақпен қорқытса, енді бірде өліммен сескендіріп отырған. Мысалы:

Жан фәни дүниеден ақырда өлмек,
Аш тажал сау басына бір күн келмек.
Шаршама, шатақ жүрме, шарықтама,
Жарамас өнімсізге көңіл бөлмек [5, 64].

Міне, «Өмірге келгеннен кейін кету міндет» деген тәрізді заңдылықтарды халық ақындары жиі қолданған. Түйіндей келе айтарымыз, халық ақындарының шығармаларында, басқа қырларына қарағанда ислам дініне үндеу, үгіттеу айрықша мол орын алады.

Шортанбай өз уақытының, қазақ қоғамындағы қасіреті мол дәуірдің қалың қара бояуын өлеңге көшірді. Халқының айдағанда көнбес қара бояуын өлеңге көшіреді. Халқының айдағанда көнбес асау мінезін аңсады, ар-намысын жақтады. Қатпар-қатпар сұмдығы көп зымиян үстемдікке бар дауыспен қарсылық айтты. Сөз семсерін сермеді. Ту сыртыңнан келіп, білдірмей басып, тыпыр еткізбей көгендеп тастаған опасыздықтың уын ішті. Жанталас шақтың жан айғағы болып, аспанға шапшыды. Уды умен қайтарып, ащы зар төкті. Шыр айналған опасыз жалған дүниенің

ұстараның жүзіндей өткіріне жүзін тосты. Шортанбай ақынның шығармалары дінмен ұштасып, жұптасып та келетін ақын мұрасымен жан-жақты танысқан әрбір адам айта алады. Замандас ақындарының арасында шоқтығы биік, еңселі тұлға - Шортанбай. Ол айтыскер емес, толғаушы ақын. Толғағанда да тереңнен тауып айтады. Дін жайын жырлаған ақын көп. Ал Шортанбайдың жырлары ерекше. Ол алдымен дінді өмірмен байланыстыра білді. Сөйтіп, ақиқаттың астарын ашты. «Зар заман» деген толғауында:

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды.
Әуелі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды.
Ақыр заман болар деп
Сол себепті қорқамын [4, 48], -

деп жырлайды. Мұндай пайымдаулар ақын ойдан шығарып отырған жоқ. Ақыр заман болғанда тіршіліктің теріс бағытқа бет бұратындығын айтқан ислам дінінің хикаяттарынан алып отыр. Оны ақынның өзі де мойындайды. Шортанбайдың келесі бір толғауы «Алдаушы жалған» деп аталады. Бұл шығармасы таза діни сипатта шығарылған. Өмірдің өткінші екендігін айта келіп, дүниеге, мол, дәулетке қызығу опа бермейді, құдайға құлшылық еткен жөн, ол үшін иманды болып, бес уақыт намазды өтеген жөн деп түйеді.

Алдаушы жалған дүниенің
Алдайтұғын сыры бар.
Аяқты теріс баспаңыз,
Жаманнан басын жырып ал [4, 37].

Бұл жердегі ақынның айтып отырғаны мынадай мәселе. Дін жолы - оң, дұрыс жол. Оған қиянат, әрекет жасағандардың жамандыққа бейімделетіні ақиқат. Адамдықтан алыстап кетпеу үшін дін жолына мойын ұсыну керек. Шортанбайдың осы пікірлердің растығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.





Ақынның «Бала зары» деген толғауы дін тарихынан көп мағлұмат береді. Әлемнің, Адамның жаратылысын, өмірдің даму заңдылықтарын діни тұрғыда баяндайды. Шығарманың жалпы көлемі 360 жолдан тұрады. Адамгершілік, қайырымдылық, оқу-білім, адал еңбек осылардың барлығы жинақталып жырланған. Әрқайсысының мән, маңызына атап-атап айрықша тоқталады. Діни аңыз-әңгімелерден шағын мысалдар келтіру арқылы өз ойын дәлелдейді.

Ақын шығармаларының ішіндегі көптің көңілін жаулап алған кесек туынды «Келер заман сипаты» деп аталады. Мұның құнды туынды екендігі рас. Өйткені, сол заманда өмір сүре отырып, келешектің келбетін көзбен көргендей жырлау кемеңгерліктің белгісі. Толғаудың үш ерекшелігін атап айтуға болады. Біріншісі, қоғамда болатын өзгерісті тап басып айтып, оның нендей тұрғыда құрылатындығын ажырата білгендігі:

Бұрынғы арық семіріп
Денелі болған заманда,
Бұрынғы семіз арықтап
Кенелі болған заманда [4, 63], -

деп сипаттама берген. Екіншісі, адамның іс-әрекетінің құны мен сырын көргендікпен көрсете білуі. Ақынның ойынша азғындар көбейді.

Кейін келер заманда
Кедейлердің қатыны
Қызылдан көйлек киеді,
Өзінің байын менсінбей
Көрінгенді сүйеді [4, 63].

Ақын ақиқаттың астарын ашып айтудан қаймықпайды. Бүкпелеу, жасқану жоқ. Ащы шындықты алдыңа тартады. Үшіншісі, кейбір көріністердің қай жылы басталатындығын нақтылап отырды.

Отызыншы жылдары
Елдің ері еренде.
Жалғыз-ақ қара қалады,
Ұялмастан бұл кәпір
Оған да салық салады [4, 64].

Міне, мұндай ерекшеліктер, Шортанбаймен тұстас өзге ақындарда кездеспейді. Ақынның даралығы да осында. Кезінде Шортанбайдың өзі де, өлеңі де Ислам дінімен берік байланыста болған. Оның шығармаларының өзегін ашу үшін дін оқуынан жан-жақты хабардар болуымыз керек. Өйткені оның аңыз сөзінен бастап, айтысына дейін тұрған діни уағыздар.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1964. - 564-б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Жазушы, 1991. - 223-б.
3. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы: Ғылым, 1991. - 264-б.
4. Шортанбай шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1993. - 76-б.
5. Ақын-жыраулар. - Алматы: Жалын, 1979. - 214-б.
6. Ақпанбек Ғ. Қазақ халқының дүниетанымы. - Жезқазған, 1992. - 64-б.



***Смағұлов Жандос Қожахметұлы,***
*Е.А. Бөкетов атындағы*
*Қарағанды мемлекеттік университеті,*
*филология ғылымдарының докторы, профессор*

# ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ШОРТАНБАЙ АҚЫН МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақытта ұлттық гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарих пен қазақ әдебиеттану ғылымы өз қалыптасу тарихында тоталитарлық дәуір мүмкіндік бермегендіктен «ақтаңдақ» болып қалған келелі мәселелерді шешуге ұмтылуда. Ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген ғылыми тұрғыдағы мәселелер еуроцентристік көзқараста бұрмалана түсіндіріліп, әрі-беріден соң қағидаға айналып кете жаздаған болса, ақыл-парасатқа азаттық алғаннан бері шын мәнінде, «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды». Кеңестік замандағы маркстік-лениндік әдіснаманың принциптеріне сай кереғар ой-пікірлер ұлт тарихындағы біртуар көрнекті тұлғаларды таныту мен зерттеуде бұлжымас заң дәрежесінде негізделді. Оның әдебиеттің таптығы, халықтығы және партиялығы аталатын әдіснамалық талаптары халқымыздың қаншама ғасырлық тарихын зерделеу жолында ұлттық ғылыми-зерттеуге тежеу салып қана қоймай, ұзақ жылдар бойы дағдарысқа да ұшыратқаны шындық. Біз бүгін жалпыұлттық деңгейдегі дүниетаным мен ұстаным-

ның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет екенін толық ұғындық. Ал қазіргі таңдағы рухани жаңғыру аясында зерделеніп жатқан әдеби мұраларға әділ баға бере білу - сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Тарихта ашылмаған «ақтаңдақтар» болмауға тиісті» деген болатын.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы төңкерістен бергі ғылыми-зерттеушілік жұмыста әдеби мұрасы бұрмалана баяндалып, маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы принципіне сай біржақты бағаланып келген дарындарымыз аз болған жоқ. Олар тек кітаби, діншіл ақындар саналған М.Ж. Көпеев, F. Қарашев, Ш. Жәңгіров, Ш. Бөкеев немесе «ұлтшыл-алашордашыл» аталғандықтан кейінде ғана ақталған қазақ зиялыларының бір тобы ғана емес. Бұлар секілді шығармаларын басуға тыйым салынып, қазақ әдебиетінің тарихынан сызылып қалған, өз өмір сүрген кезеңіндегі әдебиетте көрнекті өкіл саналса да, шығармаларының басты бағыты хандық, феодалдық-реакцияшыл идеологияны жақтаушы, ескілікті көксеуші, дінді насихаттаушы болғанын ашып бағалау қажеттігі қатты талап етілген ақын-жырауларымыз да аз емес. Олардың қатарына Дулат, Мұрат, Шортанбай, Албан Асан, Нарманбеттерді жатқызар едік.

Негізінен алғанда «зар заман» ағымы ақындары шығармаларын жинап-жариялау және ғылыми бағалаудағы алғашқы қадам XIX ғасырда қолға алынған. Олардың ішінде отаршылдық саясатқа қарсы осыған дейінгі толғау жанрынан өзгеше бағытта, жалпыға ортақ сарындағы әдеби құбылыс ретінде танылған «зар заман» ағымын туғызған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты толғауы орыс ориенталист-фольклористерінің назарына ілікті. Ол 1870 жылы В. Радловтың «Түркі халықтарының әдебиет үлгілері» атты көптомдық еңбегінің үшінші томында жарияланды. Шортанбайды қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде алғаш бағалаған да осы В. Радлов болды. «Зар





заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума дүниелер» деп баға бергенде, осы дәуірдегі әдебиетте жаңашыл сипатта дамып отырған бұл ағымға баса көңіл аударды [1, 19].

Ал ұлттық әдебиеттанудағы қазақ әдебиетінің тарихын зерделеудегі алғашқы талпыныстарға сай алғанда Ы. Алтынсаринді атар едік. Ұлы педагогтің «Қазақ қайғысы» аталатын қолжазбасы Орынбордың вице-губернаторы В. Ильинге арнайы жолданған зерттеушілік мәні бар еңбек болатын. Оның орыс тіліндегі «Горе киргиз» деп аталуында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл оның Түркістан өлкесіндегі қазақ ақындарының «Зар заман» туралы шығарған шығармалары жайындағы қорытынды талдауы еді. Ы. Алтынсарин қазақ әдебиетінде осы «зар заман» ағымының тууының тарихи себеп-салдарларын нақты көрсеткен. «Зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен жұтқа ұшыраған ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды» дей келе, осы «Зар заман» туралы қазақ жерінде өлең-жыр жазбаған адам жоқ. Біз жақында Я. Лютштің «Қырғыз хрестоматиясынан» осы өлеңдерге ұқсас болып келетін Түркістан өңірі қазақтарының «Зар заман» өлеңін де кездестірдік» деп атап көрсетеді. [2, 187]. Осы кітапта «Зар заман» деген атаумен бірнеше өлеңдер топтамасы жарық көрген. Әрине, оның барлығы да Шортанбайдың өлеңдері емес екені даусыз. Бұл өлең-жырлардың авторлары көрсетілмегендіктен де оларды салыстыра зерттеу қажеттігі өз-өзінен сұранып тұр. Оны Ы. Алтынсарин нақты анықтау мақсатында «Түркістан өңірі қазақтарының «Зар заман» өлеңдері» деп атап көрсетуінің өзі нақты дәлел.

Ы. Алтынсарин жазған Я. Лютштің бұл «Қырғыз хрестоматиясы» 1883 жылы Ташкент қаласында басылып шықты. Біз осы кезге дейін Ы. Алтынсаринді әдебиеттанушы, сыншы ретінде қабылдай коймай-

мыз. «Зар заман» әдеби ағымы деген атауды М. Әуезовтің 1927 жылғы «Қазақ әдебиеті» еңбегінен әріге апаруға ешбір құлқымыз жоқ. Ал оның ұлттық әдебиеттегі жаңа ағым ретінде танылуын тап басып алғаш баға берген ұлы педагогтің пікірлерін назардан тыс қалдырумен келе жатырмыз. Ендеше «Зар заманды» әдеби ағым ретінде алғаш танып анықтама берген де, Шортанбай жырларын орыс тіліне тұңғыш аударушы да Ы. Алтынсарин болып шығады. Бірақ ұлы ағартушы өзінің 1879 жылы Орынбор қаласынан басылып шыққан «Қазақ хрестоматиясы» еңбегіне Шортанбай ақынның өлеңдерін енгізбеген. «Заман ақыры» тақырыбындағы Дулат Бабатайұлының «Азған елдің» хандары, қожасы, молдасы, билері, байлары, адамы туралы 6 өлеңі және «Береке кеткен елдерден» секілді жыры бар да, Шортанбай шығармалары жоқ. Тегі Орынбор вице-губернаторы В. Ильинге жазған «Қазақ қайғысы» аталатын зерттеушілік мәндегі қолжазбасында ақынның отаршылдық саясат зардаптарын батыл әшкерелегені туралы пікірлеріне байланысты патшалық цензура өткізбеген болуы керек деп топшылаймыз.

Ең басты айтарымыз - Ы. Алтынсарин «Зар заманды » әдеби ағым ретінде қазақ даласында жазба поэзияда басты сарын, негізгі тақырып болып отырғанын тап басып тани білгендігінде. Сарыарқада - Шортанбай, Солтүстікте - Дулат, Батыста - Мұрат, Шернияз, Жетісуда - Албан Асан, Түркістан мен оңтүстік аймағында Ә. Кердері, Базар жырау шығармалары арқылы барша ұлттық поэзияда саяси билік жүйесіне қарсылық туғызу мәніне айналып бара жатқаны қазақ даласын барынша отарлауды мақсат тұтып отырған орыс шенеуіктері мен миссионерлерінің назарынан тыс қалды деуге болмас. Бұл аталғандар - ұлттық поэзияның ең көрнекті өкілдері. Ал «түйеге мінсе - төрт ауыз, атқа мінсе - алты ауыз» өлең шығаратын қазақ жұртында осы сарында жыр төккен қаншама ақын-жыраулар





тарихта атаусыз қалғаны да шындық. Бұл тарихшы ғалым М. Қойгелдиевтің «Зар заман» ағымы қоғамдық ойдың жемісі. «Зар заман» мектебі ақындары жырлаған ойдың өзегі - отарлық әкімшілік қолына біржола өткен жерді жырлау. Ғылымда «Зар заман» аталған бұл мектеп әдебиеттің гуманистік табиғатынан туындаған, халықтың санасына қозғау салып, саяси-әлеуметтік ахуалды түсінуге көмектескен творчестволық әдіс те еді» деген ғылыми тұжырымымен астасып жатыр [3].

Орыс ориенталист-фольклористері В. Радлов, Я. Лютш ерекше көңіл бөлген Шортанбай ақынның жырларына Г. Потаниннің онша назар аудара қоймауы түсініксіз. XX ғасыр басында Қарқаралы уезіне халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауға үлкен ғылыми экспедиция ұйымдастырып келіп зерттеген ғалым Шортанбай туралы мардымды пікір білдіре қоймаған. Ол турасында ақын шығармашылығын ғылыми зерделеген ғалымдар ешбір дерек келтіре қоймайды. Осы қазақ даласында мәдени және рухани орталықтардың бірі болған аталмыш уезге ғана емес, барша Сарыарқаға мәшһүр болып, бүкіл қазақ даласына таралып кеткен жырларын жазып алмауының басты сыры - ел арасында тек қана Шортанбай ақын өлеңдері деп айтылғандығында деп ойлаған дұрыс болар. Сонымен қатар, оның тағы бір себебі Шортанбай ақын шығармалары 1888 жылы Қазан қаласында «Бала зар» деген атпен басылып шықты. Осы өлеңдер жинағының мұқабасына «Санкт-Петербург цензурасы тарапынан рұқсат берілді» деген таңбаның басылуы да көп жайдан хабар береді. Ендеше бұған жариялауға болмайтын, бірақ қазақ мүддесі мен мұңы үшін маңызы зор біршама жырлары жарық көрмей қалғаны даусыз. Кітап одан соң 1890, 1897 жылдары қайталап жарық көрді, Ал XX ғасыр басында 1901, 1906 жылдары тағы екі рет басылды. Сол себептен де ұлттық әдеби мұраның жанашыры бола білген Г. По-

таниннің, бұл өлкеден тек тың материалдар іздестіруі заңды құбылыс. Мысалы, Г. Потанин қазақ даласын зерттеген басқа орыс фольклортанушы ғалымдарының еңбектерінде ешбір кездеспейтін Бұқар жырау туралы деректер мен толғауларын хатқа түсіріп алуы ойымызды дәлелдей түссе керек. Дегенмен М. Мағауиннің «Шортанбайдың жаңа зары» атты мақаласында ерекше ризашылықпен аталып өтетін орыс ғалымы, адвокат Н.Я. Коншиннің 1901 Қарқаралы қазақтары Қоянбай Тұраров пен Жүсіп Бөртебаевтарға арнайы тапсырма беру арқылы жинақтаған қолжазбаның Шортанбай мұрасының толыға түсуіне маңызды мән атқарғаны анық [4, 126]. Бір атап көрсете кететін нәрсе - XIX ғасыр соңында шыға бастаған қазақ баспасөзінің алғашқы басылымдары «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882), «Дала уәлаяты газетінде» (1882-1904) Шортанбайдың бірді-екілі өлеңдері жарық көрген. Ол да болса Шортанбай жырлары мен өнерпаздық даңқының барша қазақ даласына кең тарауына ықпал жасады және замана шыңдығын реалистік тұрғыда жырлайтын жаңа ағымның ірі өкілі ретінде таныстырып, осы ақындық мектептің кең қанат жаюына әсер етті.

А. Байтұрсыновтың 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқышы» еңбегінде Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, Әубәкір Молда Мұсалардың өлең мен толғаулары мысал ретінде де алынған. Мұнда олардың қазақ поэзиясына қосқан үлесі ғана емес, әдебиет тарихындағы орнына баға беруге деген ұмтылыс та жатқаны даусыз. «Зар заман» ақындары шығармашылығына оң көзқарас 1940 жылдардағы ғылыми мақалалардың мен әр түрлі деңгейдегі оқу құралдарының еншісінде. Кеңестік идеологияның ұлттар достығы саясатына қайшы келетін және кейінде қате табылған тарихи жырлар мен отаршылдыққа ашық қарсы шыққан Мұрат, Дулат, Шортанбай және басқа да «керітартпа, ескішіл» саналған ақындар шығармашылығына қарсы қалыптасқан «тұрпайы социологизмге» сай көзқарас өз позициясын жоғалтты. «С. Мұқанов 1942 жылғы «Қазақтың XVIII XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» еңбегінде «халықшыл ақын» деп, Қ. Жұмалиев 1941 жылғы 8-9 класс үшін «Қазақ әдебиеті» оқулығында «үлкен реалист ақын» деп бағалаған Шортанбайдың, болмаса Дулат, Бұқар секілді басқа да тұлғалардың мұрасы туралы ғылыми зерттеу мақалалардың кең еріс жая қоймауы да заман талабынан туды» [5, 126].

Олай болса, ғалым М. Қойгелдиевтің жоғарыда айтылған «Зар заман» ағымы қоғамдық ойдың жемісі, ол «Зар заман» аталатын ақындар мектебін туғызды» дегенге саятын ғылыми пікірінің бұрын-соңды айтылмауы турасына қайта оралуға тура келеді. Ақиқатына келсек, кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде зар заман ақындары, оның ішінде Шортанбай шығармашылығы туралы азды-көпті пікір білдірген Алаш зиялылары да, «қызыл империя» билігі тусындағы зерттеу жазған М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, М. Сильченко, Т. Нұртазин, Ы. Дүйсенбаев, С. Талжанов, Х. Сүйіншәлиев және тағы басқалары ақындық мектеп түгіл, олардың шығармаларын ақтап алуға мұршалары келмей, маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы қағидасына мойын ұсынуға душар болды. Бұл 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияда «Біз әлі күнге қырық жыл ішінде Бұқар кім, Шортанбай кім - соны бір байламға әкеле алмай келеміз. Осы неліктен? Жақын арада шолып қарасам, Шортанбай туралы жиырма бес мақала, Бұқар туралы отыз екі мақала басылғанына кездестім. Айналасы 250 жол өлеңі бар Бұқарды тануға осынша уақыт неге кетіп жүр. Бұл халық ақындарының еңбектерін тексеруге советтік ғылымның өресі жетпей жүргендіктен емес, өлі ақынға да,

тірі ақынға да партиялық объективті көзқарасымыз бірікпей жүргендіктен» деген секілді пікірлер әртүрлі сипатта айтыла бастады [6, 147]. Оған әдебиетші-ғалымдардың идеялық көзқарасын біріктіруге кеңестік идеология да аса мүдделі болғанын ашып айту керек. Рас, бүгінгі ақыл-парасатқа азаттық алған тұста өткенді кінәлау оңай. «Абайдың ақындық мектебі» туралы ғылыми-зерттеу жасау жолында 1950 жылдар басында бес күн бойы дау-дамайлы талқыға түсіп, өз ғылыми кредосынан бас тартпаған соң сотты болған Қ. Мұхаметханов, қуғынға түскен М. Әуезов тағдырынан кейін ұлттық әдебиетте «зар заман» ақындары әдеби мектеп қалыптастырды » деген ойды айтудың өзі мүмкін болмады. Ол түгіл осы «Зар заман» аталатын әдеби ағымға жататын ақындар шығармашылығын әдебиет тарихынан саналы түрде «сызып» тастауға дейін бардық. Ғалым Б. Омаров жазғандай: «Міне, кеңес дәуіріндегі мектеп жасындағы ұрпақтың аталған ақындар шығармаларын жетік білмей өскені сондықтан. Абайды танып, Дулатты білмеу, Махамбетті жаттап, Мұратты даттау, Бұқарды дәріптеп, Шортанбайдан шошыну, Ыбырайды ұғып, Әубәкірді түсінбеу, Жамбылға жақындап, Албан Асаннан алыстау - әдебиеттегі ақтаңдақтарды қолдан жасаудын, көрінісі болды» [2, 26].

1989 жылы осы және басқа да архив пен мұрағаттарда шаң басып жатқан рухани құндылықтарымызды ақтауға жол ашқан «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы» жарияланды. Осыдан соң іле-шала келген тәуелсіздік алған кездің алғашқы жылдарында әдебиет тарихын, оның ішінде «зар заман» ақындары шығармашылығын зерделеушілерге ауқымды міндеттер жүктеді. Осыдан соң-ақ «зар заман» ағымын туғызған дарындар мен діни-ағартушылық сарындағы ақын-жыраулардың шығармашылыры тарихи тұрғыда әділ, ғылыми мәнде терең, танымдық бағытта кеңінен саралана бастады. Әсіресе Шортанбай мұрасын зерттеуде ол ұлттық әдебиеттану ғылымы Абызы, профессор Т. Кәкішұлының ыждағаттылығының арқасында 1906 жылдан кейін сексен жеті жылдан соң ғана жарық көрген «Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан» (1993) атты жинақтың қосары аз болмады. Шет ауданы орталығында Шортанбай мұрасына арналған ғылыми конференцияның ұйымдастырылуы да ерекше серпін қосты. Жасыратыны жоқ, жалпы дүрмекке қосылып қалу мақсатында жазылған мақалалар да болды. Алайда бұл бағытта тың тұжырымдар жазып, кеңес дәуіріндегі қате бағалауларды тарихи тұрғыда түзетіп, осы бір қағидаға айналып кете жаздаған біржақты тұжырымдарды, «ақтаңдақтарға» айналған қателіктерді ұлттық санамыздан өшірген зерттеушілерді атай кету орынды болмақ. Олар Б. Омаров, Ш. Жұматаева, С. Бермағамбетов, Қ. Мәдібай, А. Жақсылықов, К. Жүністегі, А. Шәріп және т.б.

Кеңес дәуіріндегі екі жақты айтылған бағалауларды ескермеген күннің өзінде, осы кейіндегі ғылыми зерттеу еңбектерде «зар заман» ақындарының «өз заманының шындығын әлеуметтік тұрғыдан ашып көрсете білген суреткерлігі» (С. Қирабаев) мен «көркем сөздің қадірін асқақтатқан реалист ақындығы» (Т. Кәкішев), олардың «ұлтжанды ақын болғандығы» (Қ. Бейсенов) және тағы да басқадай шеберлік қырлары айрықша жетістік ретінде баса айтылып келеді [7]. Ал М. Қойгелдиевтің «Зар заман» аталатын дарындар ақындар мектебін туғызды» деген пікірі әдебиеттанушылар тарапынан қолдау таба қойған жоқ. XIX ғасырдың отаршылдық дәуіріндегі ұлттық әдебиет тарихын жалғыз Абайдың ақындық мектебімен шектеп қоюдың өзі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденістерге бара отырмағандығын байқатса керек.

Бірақ әлемдік әдебиет теориясының даму заңдылығына орай ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, кез келген ұлттық әдебиетте тың да жаңашыл әдеби ағымды тек белгілі бір бағыттағы ақындық немесе жазушылық мектеп қана қалыптастыратыны дәлелденген бұрыннан тұжырым екенін де естен шығардық. Соның салдарынан өз қазанымызда ғана қайнап, айналшықтап «зар заман» ағымы дегеннен әріге аяқ баспай қойып отырмыз. «Зар заманның» соңғы өкілдері ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Нармамбет ақынға дейін жалғасып келуі ақындық мектептің дәрежесінде танылғанына дәлел болса керек. Оны былай қойғанда ол әдеби байланыстар ауқымында жеке әдеби ағым ретінде қырғыз поэзиясындағы Молла Қылыш, Қалығұл Байұлы, Арыстанбек Бұйлашұлылардың шығармашылығына да әсер етіп, оларда «тар заман» деген бағыттың пайда болуына жасаған ықпалын жоққа шығаруға болмас. Бұған орыс отаршылдығындағы езгіде болып келген басқа да түркі тілдес қандастарымыздың әдебиетіндегі «зар заман» ағымына тамыр тартатын ақындардың мұрасымен салыстырмалық зерттеулер жасау қажеттігі өздігінен сұранып та тұр.

Ғылым тек қана күдіктен туады. Біздің ойымызша, «зар заман» ағымының ауқымына кіретін ақындардың ірі өкілдері болып саналатын дарындарды ақындық мектепті қалыптастырушы деген бағытта тың зерттеулер жүргізу қажет. Сонда сол ақындық мектептің іргетасын қалаушылар мен шәкірттері айқындалып шыға келеді. Себебі олардың барлығын бір әдеби ағым шеңберінде қарап, тең дәрежеде бағалау ақылға сыя қоймасы анық. Әйтпесе көркемдік даму үрдісіндегі дәстүр мен тарихи сабақтастық секілді күрделі мәселені жоққа шығарып аламыз. Сонда ғана қазақ әдебиеттану ғылымындағы «зар заман» ақындары шығармашылық мұрасын ғылыми әдіснама тұрғысына сай бағалануын бүгінгі күннің жаңашыл талап-тілегіне жауап бере аламыз.





**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Радлов В. Алтын сандық. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 256 б.
2. Омаров Б. Зар заман әдебиеті. - Астана: Елорда, 2005. - 372 б.
3. Қойгелдиев М. «Ұлт үшін жаным садаға». «Зар заман», «Оян, қазақ» және тарих шындығы // Ана тілі, 1990, 9 тамыз.
4. Қанайұлы Ш. Қай заман? - Астана: Фолиант, 2011. - 288 б.
5. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. 442 б.
6. Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясынын баспасы, 1961. - 376 б.
7. Қанайұлы Ш. Қайран халқым. Құрастырған К. Жүністегі. - Алматы: Раритет, 2002. - 216 б.

**_Қанипаш МӘДІБАЙ,_**
_әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, фиология ғылымдарының докторы, профессор_

# ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІ

_(Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымы)_

Қилы кезеңде қырық түрлі қисынмен ұғындырылған «зар заман», «зар заман ағымы», «зар заман ақындары» деген ұғымдар үрей көлеңкесінен, саясат салқынынан арылып, енді қазақ тарихындағы, қазақ әдебиетінің тарихындағы белгілі бір құбылыс ретінде өз арнасына құйыла бастады.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы тұтас бір дәуірді қамтыған зар заман ағымы, зар заман - көлеңкесінен қорыққан, дамуды көре алмаған, дүниеге марксистік-лениндік материалистік көзбен қарай алмаған сарыуайым, кертарта шер-қайғының шырмауындағы байғұс жандардың ойдан шығарған елес дүниесі емес, зар заман - тарих ақиқаты. Зар заман ағымы - қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір нақты құбылыс.

Зар заман ақындарының мұрасына асығып-аптықпай, науқаншылдықпен даурықпай түпкілікті оралар шақ туды.

XIX ғасыр әдебиет тарихында екі кезеңге: І жартысындағы, ІІ жартысындағы әдебиет болып бөлініп келе жатыр. Ал әдебиет тарихындағы тұтас дәуірлерді қамтитын ағым, сарындардың, түрлі бағыттардың хронологиялық шарттылықтардың шеңберіне





сыймай жататыны жөнінен келгенде, ертелі-кеш айтылған ғылыми ой-пікірлерді әрі қарай бекіте түсу, дамыта беру, жүйелеу, тұжырымдау мәселелері әр уақытта назарда болуға тиіс. Мәселен, ұлт-азаттық сарын қазақ әдебиетінде бірнеше ғасырды, тіпті тұтас тарихын қамтиды. Және ол тек орыс отаршылдығына ғана қарсы туған сарын емес.

Ал қазақ әдебиетінің тарихында зар заман дегенді жалпы алып, қазақтың бар заманы зар заман еді, сондықтан оны жеке әдеби ағым ретінде алып қарастырудың ендігі жерде реті бар ма дегендей пікірге де ойлана қарап, ой айту міндет. Қыруар іс тынғанымен, көп шаруасы жөнге келтіріліп, ғылыми жүйесін жасауды күтіп жатқан ұлы әдебиетіміздің бір кездерде Мұхтар Әуезов өзінен бұрынғы пікірлерді ілгері дамытып, тұжырымдап кеткен, қазіргі қайсыбір жағдайда айтып жүргеніміздей жүздеген жылдарды емес, нақты жүз жылдық дәуірді қамтиды деп атап кеткен зар заман ағымын неге жоққа шығаруға тиіспіз? Қайта, кезінде сараланып, басты сипаттары аталғанымен, кейіннен басқа арнаға бұрылып жіберілген, енді қайта қарастырылып жатқан қазақ әдебиеті тарихындағы бұл дәуірді мықтап негіздеп, толықтырып ғылыми сипаттамасын жасап, теориялық негізде орнықтыратын кез туды емес пе?

Күні бүгінге шейін зар заман ақындары төңірегінде әріде де, беріде де айтылып қойған, айтылып жатқан жайлар аз емес. Дулат ақын мұрасы зар заман тұрғысынан зерттеліп (Э. Пертаева, Ң. Раев еңбектері), көркемдік кестесі, әлеуметтік салмағы жағынан қарастырылды. Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасы жайлы диссертация қорғалды. Діни-ағартушылық ағым өкілі ретінде Әбубәкір Кердерінің шығармашылық мұрасына назар аударылды. Зар заман поэзиясын зерттеу Б. Омарұлы, А. Шәріптің монографиялық еңбектерінде кеңи түсті. Жекелеген ақын-жыраулар шығармалары баспа жүзін көріп жатыр.

Олардың әдеби мұрасын бағалауға келуде әдебиет тарихын дәуірлеу, әдеби мұраны саралау, ғылыми негізде жүйелеу, игеру мәселелеріне соқпай өте алмаймыз. Осы, басты, түпқазық жайлардың арғы-бергісін саралап, анықтап, күмәнді, күдікті, жасырын, жадағай тұстарын біліп алмай тұрып сөз айту - бос әурешілдік. Мәселен, қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағымды алайық. Бұл әдебиет тарихының профессоры Бейсенбай Кенжебаев негіздеген[1] дәуірлерінде XX ғасыр басындағы әдебиетке тән бағыт. Ал Мұхтар Әуезов оны зар заман ағымы әдебиетінің (яғни жүз жылдық дәуір әдебиетінен) бір сипаты деп айғақтаған[2].

Әдебиет тарихында теориялық тұрғыдан негізделуі басталғанымен, санамызға сіңгенімен, қазіргі әдебиет тарихына қатысты оқулық, зерттеулердің қолданымда зар заман атауы ұзақ жылдар бойы, соңғы уақытқа шейін қағаберіс қалып келді. 1932 жылы Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің төңкеріске дейінгі тарихын екі дәуірге бөлді:

1) «Билер дәуірі», 2) «Орыс патшасына бағынған дәуір[3]». Сәбит Мұқанов Шортанбай дәуірін «зар заман әдебиеті» деп, ғылыми негізде баға берді[4 * * * *]. Былайғы уақытта бұл дәуір қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесіне қатысты пікір айтқан Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев сияқты ғалымдарымыздың да арнайы тоқтап, айрықша мән беріп өткен дәуірі болды.

Соңғы жылдары ғалым Мекемтас Мырзахметов «зар заман әдебиетін орыс отаршылдығына қарсы туған сипатына қарап: «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет»

[1] Б. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. - Алматы: Жазушы, 1986.
[2] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.
[3] Сейфуллин С. - Алматы: Қазақ әдебиеті. - А., 1932.
[4] Мұқанов С. Қазақтың XVIII - XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. - А., 1942.





деп атауды ұсынады[8]. Демек, әдебиет тарихына аса белгілі, алабөтен қалыпта пайда болған үлкен әдеби процесті, әдеби ағымды арнайы сөз етпеу, елемей қою ғылым үшін қиянат.

Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» оқулығына енген «Зар заман ақындары» атты зерттеуі - күні бүгінге дейін құнын жоймаған, ілгеріде де жоймайтын, жылдар көшінде, саясат желінің өтінде жоғалтқандарымызды табуға тірек болатын, мәні зор еңбек. Әуезов зар заман ақыны кім, дөуірі қандай еді, көтерген мәселелері қандай дегенді нақты да дәлелді қозғаған-ды. Белгілі мәселені қойып, әрі қарай тарата талдайды. «Зар заман» деген бағыт неден бас-талып, немен бітті? Ақындары кім? Бұрынғы өлеңдерден басқалық жаңалығы бар ма? Кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырды? Онан соң әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады[6] деген күрделі проблемаларды көлденең тартып, соның жауабын беруге ұмтылады.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде, әр кезеңнің әдебиетіне тән бағыт, ағым, сарындарды саралауда салмақты, дәлелді тұжырым-түйіндер жасайды.

Сөз жоқ, қазақ әдебиеттану ғылымында қыруар зерттеу-ізденістер, жетістіктер бар. Фольклористикада, әдебиет теориясында, әдебиет тарихын дәуірлеуде көп-көп жұмыс істелді. Ал дәл белгілі бір әдеби ағым, оның сипат, ерекшеліктері, теориялық, саясат-әлеуметтік негіздері жайлы даралап айтқан еңбек көп емес. Зар заман ағымына қатысты тұжырым-тоқтамында Мұхтар Әуезов Шортанбай ақынның атын бірнеше жерде бөліп атайды. Оның себебі тек ақынның «Зар заман» атты толғауында ғана болмаса керек.

«Зар заман» деген - XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңнің аты.

[5] Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет. - «Жұлдыз», № 7,1993.
[6] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 193-бет.

Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ақындарды барлық күй-сарынын бір арнаға тұтастырғанда жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық»[7], - дегені Шортанбайдың бұл әдебиеттегі орны алабөтен айрықша екенін негіздейді.

М. Әуезов зар заман ақындары деген терминге бірнеше теориялық тұжырымды негіз етеді. Айрықша назар аударар бір түйін: «...Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығы ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек»[8],- деген ғылыми жаңалығы айқын ой.

М. Әуезов жүйелеуіндегі «зар заман әдеби ағымы» мынандай мәселелерді ажыратудан барып айғақталады:

1 . Зар заман ақындары деп кімді айтамыз?

2 . Бұл дәуірдің алғашқы ақындары кімдер?

3 . Барлығының басын қосатын күй қайсы?

4 . Көпшілігі қандай жайды тақырып еткен, нені толғаған?

Бұл еңбекте М. Әуезов заман сырына терең үңіледі. Барша ерекшелік, өзгешелігін қамти айтады. Біздің, зар заман ақындары дегенде, жалпы қазақтың атам заманнан бергі өмір тарихындағы зарды емес, дәл осы М. Әуезов атап беріп отырған, орыспен арадағы саяси ахуалға байланысты туған мұң мен зарды нысанада ұстауымыз қажет. Отаршылдық саясаттың зардаптары мен мақсаттары саяси жүйе ретінде, тарихтың белгілі бір беті ретінде көрінген тұсты бар сипат-өзгешелігімен тұтас қабылдап, оның әдебиетке түскен көлеңкесін нақты сөйлеу қажет.

[7] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 193-бет.
[8] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 193-бет.





«Зар заманның ақындарының көпшілігі XIX ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исатай, Махамбет, Кенесарылар ңозғалысының артынан шығады. Қалың қазақтың ұйқысын шайқап шыққандай болып, Орта жүзді, Кіші жүзді түгел оятқан Исатай, Кенесары қозғалыстары қайғылы қалмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түскен, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен азғана сәуле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан XIX ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел танылады»[9].

Әуезовтің алабөтен айырып айтуынша, зар заманның зары орыс отаршыларының келе бастауынан басталған зар, мұң ғана емес, яғни Ресейге бодан бола салып зар еңіреу емес. Мұхтар Әуезов зар заман әдебиетін айқындап берген көп себеп үміттің үзіліп, «жолсыз жорықтың» жеңіліспен аяқталып, Кенесары мен Исатай - Махамбет өлтірілгеннен кейінгі хәлді баса айтады. Қазақтың ілгерідегі ахуалы осындай сұмдықты сезінген күйде болғанын, ақыры соның болып тынғанын ұғындырады. Қазіргі таным-түсінік, тарихқа баға, көзқарас деңгейінен келгенде Мұхтар Әуезовтің ол түсіндіру, талдаулары белгілі жайлар болып көрінуі де мүмкін. Бірақ қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымын негіздеу мақсатында талданған тарихтың, оның әдебиетіндегі ізінің түп негіздерін бекіте түсу үшін қарастырғанда - ол пікірлер өз күшінде.

Патша үкіметінің отаршылдық саясаты жайлы жиырмасыншы жылдары Халел Досмұхамедұлы да батыл айтып, Исатай - Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің себептеріне аса қырағы саяси бағаны сол кезде берген еді.

«Он сегізінші, он тоғызыншы ғасырдағы қазақтың қозғалысының ең күштілері - Сырымдікі, Исатайдікі, Кенесарынікі. Үш қозғалыстың бас мақсаты - қазақты орыстың жәңгірлік құшағынан құтқару»[10].

[9] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 195-бет.
[10] Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 69-бет.

Халел Досмұхамедұлы «Қазақтың халық әдебиеті» еңбегінде зар заман ағымы деп алабөтен қарастырмағанымен, бостандықты аңсаған әдебиет үлгілері жайлы айтады.

Оның халық әдебиетінің мазмұны мен классификациясын жасаған тұстағы тұжырым-түйіндері мынадай: «Халық әдебиетінің тағы бір түріне болжал өлеңдер (предсказывательные песни) жатады...

Болжал әдебиетінің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қатаңданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазаң елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса, бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды.

Болжалдық әдебиеттегі бұндай үмітсіз, зарлы сарын әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында - саяси бостандықтан үміт кесілгенде (Исатайдың, Кенесарының, т.б. көтерілістердің жаншылуы), қазақ жерін отарлау күшейгенде, ел жиі-жиі жұтқа ұшырап, кедейленгенде - күшейе түсті»,[11] - дегенде зар заман ағымына тән жайлар әңгіме болғанын байқаймыз.

«Халық поэзиясының тағы бір соқталы түрі - зар заман (скорбная поэзия) мен толғау. Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады, халық өмірінің көне әдет-ғұрпы мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен әкімдердің парақорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шұрайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, елдің азу, аштық, жұт, т.т. сөз болады; бұрынғы өмір мен ескі салт-дәстүрлер

[11]Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Анатілі, 1991. - 22-бет.





мадақталып, кейінгі өзгерістерге зар айтылады»[12] дегендерді идеялық-тақырыптық жағынан зар заман ағымына жақындата беруге болатынын аңғарамыз.

Тарихшы ғалым Б. Сүлейменов зар заман әдебиеті туралы пікір сол процесс жүріп жатқан кездің өзінде айтылғанын еске салады: «Ы. Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын «Горе киргиз» деген қолжазбасы толық танытады. Бұл оның Түркістан қазақтарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді. Ы. Алтынсариннің бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт қоян жылдары деп аталатын ашаршылық пен жалаңаштық көбейген кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы. Алтынсариннің «Зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы. Алтынсарин «Зар заман» туралы жазбаған адам жоқ, деп оларды өз текстісінде келтіреді»[13]. Осы толғамдардың қай-қайсы болмасын XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай сарыуайымы мол толғаулар қазақ әдебиетінің өзекті бір арнасына айналғандығын көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай қазақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби ағым түрі ретінде танылып, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында өзіндік сипат, мазмұн, түр жағынан толысуға беттегенмен, заманның дауылды кезеңдеріне төтеп бере алмай, реалистік әдебиеттің өзі әр қилы арнамен кетуге мәжбүр болды.

Түрлі саяси науқандардың тұсында ол ағымға қилы мән берілді. Бір кездегі тарихи даму шындығынан туған, халықтың қасірет күйін жеткізген әдебиет деп танылған орасан зор мұраға «сарыуайым, үмітсіз үгілген, жаңалықтан үріккен, діншіл әдебиет» деген мін тағылды, «зар» ағымы басқа мағына ала бастады.

[12] Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 23-бет.

[13] «Әдеби мұра және оны зерттеу», КСҒАБ. - Алматы, 1961. - 268-бет.

Профессор Ханғали Сүйіншәлиев әдебиеттегі зар заман ағымы атауының жай-күйіне мынадай барлау жасайды: «Олардың түгел әдебиет тарихынан шығарып тастағысы келмеген аға буын әдебиетшілер әр саққа жүгіртіп, өз ойларынан «зар заман» әдебиеті дәуірін шығарып та жүрді. Ресми баспа орындары бұл атауды да қабылдамады.

Себебі, олардың ойынша, қазақ халқын Ресей патшалығының отарлауы, жер, суын жаулап алып, қуғынға салу - прогресс, Ресейдің келешегі оны ақтады. Сондықтан отаршылдық дәуірді «зар заман» деп атау саяси қате түсінік-міс»[14].

Қазақ әдебиетінде сол бір айрықша көзге ұрып тұрған ағым, оның азулы да айтулы өкілдерінің мұрасы жайлы сөз қозғағанда, сол бір қилы тарихқа - зар заманның әдеби ағым ретінде таралуы мен танылуының ұзақ жолына кідіріс жасамай ілгерілей алмасымыз даусыз. Ал зар заман әдеби ағымы - қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесімен, қазақ әдебиетінің өзіндік спецификасымен іштей байланысып жатқан біртұтас құбылыс.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған қыруар шаруаның ең үлкені - осы ағымның сыр-сипатын ашу. Зар заман әдеби ағымының көркемдік проблемаларын арнайы тексеру, оның көрнекті тұлғаларының әдеби мұрасын жеке-дара қарастыру; шығармаларын жариялау, текстологиялық жұмыс - ол бағыттағы басты ізденістер болмақ.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесінде С. Сейфуллин, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсынов, С. Мұқанов, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, М. Мағауин, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаева еңбектерін атап өтуге тиіспіз. Әдеби жанрлар, теориялық, тарихи мәселелерді жүйелеп, зерттеу жиырмасыншы жылдары түбегейлі қолға алынды да, кейінгіге азық болар, қазық болар көп еңбек жасалды. Мәселен, сол

[14] Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті, 1991. - 4-бет.





тұстағы сүбелі еңбектің бірі - Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуін Мәлік Ғабдуллин қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу жөнінде тұңғыш жасаған монографияның бірі деп бағалады. Бұл еңбектің әдебиет тарихын және оның қалыптасып, даму кезеңдерін азаматтық тарихқа байланыстыра зерттеуді, әдебиеттің көркемдік, жанрлық ерекшеліктерін айқындау бағытындағы зерттеуді ғылыми негізде орнықтыруды мақсатты, жүйелі түрде қарастырған; халық әдебиетін жиын-теріп, жүйемен зерттеп, жариялап насихаттауда өлшеусіз орны болған еңбек екені ақиқат.

Сәкен: «...Шортанбай, Ақмолла, Омар өздерінің шығармаларында көбінесе ескі бектік, бексымақтық заманды көксеп, сол заманның іріп-шіріп, өліп-өшіп бара жатқандығын көріп қимай зарланады. Өліп бара жатқанына өкініш етіп көзінен жас, үнінен сор шығарады, жаңа заманға жөнді көндіге алмайды», - дегенде, бұл ақындарды жазғырып, мінеп, апарып тастаудан аулақ. Болған жағдайды, жаңаға көндікпей зар шығарып, жас шығарған өксік өнердің күйін баяндайды. Әрине, Сәкен зар заман әдебиеті деп бөлген жоқ, бірақ «орыс патшасына бағынған дәуірдің»[15] әдебиеті деп сол бір дәуірді бөлек алып қарастырғаны белгілі...

Бүкіл тарихымыздың, оның ішінде... әдеби-мәдени тарихымыздың бұрмалануы Қазақстан жағдайында 1932 жылы ресми сипат алды. «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның территориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы» алынған 1932 жылғы 10 қаңтардағы Қаулы біздің бүкіл идеологиялық жұмыстарымыздың түтінін теріске бұрып жіберді. Сондықтан ұлт азаттық көтерілісі де, халық қозғалысы да, жеке қайраткерлердің іс-әрекеті де, ақын-жазушылардың шығармалары да, жыраулардың толғаулары да қазақ халдына қарсы бағытталған

[15] Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. - Алматы, 1932. - 41-бет.

қаскөй дүниелер болып шыға келді»[16]. Енді қазақ әдебиеті тарихының, әсіресе XIX ғасырдың орта тұсынан Ұлы Отан соғысына дейінгі кездегі құбылыстардың басым көпшілігін қайта зерттеп, жаңаша баяндау қажеттігі туып отыр.

Әдебиет тарихын зерттеу, дәуірлеу мәселесінде қазір сүйеніш діңгек-тіректер де, сәл үңілсең әріге тартып әкетер бағыт-бағдарлар да бар. Ұзақ жылдар бойы ұлттық әдебиетіміздің тағдырын ойыншық еткен саяси қырағылық жоғалды. Енді тек аршы, аш, тап, айт.

Қазақ әдебиетінің тарихын жасауды алғашқылардың бірі болып қозғап, қыруар іс тындырып, үлкен әдеби мектептің негізін салып кеткен көреген ғалым профессор Бейсенбай Кенжебаевтың қынжылыс, толғанысына бейтарап қарау мүмкін емес. «Бір қарағанда, ешқандай таласы жоқ, тарихқа жүгінсек, өзінен-өзі түсінікті болып шыға келетін «қазақ әдебиетінің тарихы қайдан басталады?» деген мәселе төңірегінде аға буын әдебиет зерттеушілері - қыруар уақытымызды, бар өмірімізді сарп етіппіз. Қайтесің, ғылым балаңдығы. Ұлттық психологияның өзгешелігі... Қазақ филологиясы ол дәуірді бастан кешпей, зерттеу методологиясын жетілдірмей, әдебиет тарихын тереңдеп зерттеудің, келесі, келелі кезеңдерін өте алмасы және белгілі. Ол этаптардан бұл күнде біз де өттік-ау...»[17] дегені ғалымның келешекке деген зор үмітін аңғартқандай.

Қазақ әдебиеті тарихының ғана емес, жалпы қазақ тарихының жоқшысы, жанашыры ғалым, жазушы Мұхтар Мағауиннің әдебиет тарихын дәуірлеудің ұзақ жылдар бойғы жағдайына тоқтала отырып айтылған пікірі бұл мәселенің күн тәртібінен түспегенін

[16] Кәкішев Т. Санадағы жаралар. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 172-бет.

[17] Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. - Алматы: Жазушы, 1986. - 45-бет.





және айғақтай түседі. «Сонымен, көне дәуірдегі қазақ әдебиетіне арналған алғашқы және ең мәнді зерттеулеріміз бұдан жиырма-жиырма бес жыл бұрын жазылыпты.

Одан беріде бар күш-жігер сол жасалған жұмысты тиянақтауға кеткен (тыңнаң түрен салған ғұлама ұстаз Бейсенбай Кенжебаевтың өзінің бұл тараптағы негізгі еңбектері шәкірттерінің көмегімен кітап болып 1986 жылы әрең басылды). Жігер мұқалмаса да тауы шағылған. Нәтижесінде, тоқтамасақ та тоқырадық. Жаңа зерттеу жоққа тән, жаңадан қатарға түскен жігерлі жас мүлде көрінбейді. Сең бұзылған, жол ашылған кезде бұл қай тұрыс? Кезек күттірмейтін, көп болып ойланар мәселе осы»[18].

Бейсенбай Кенжебаевтың әдебиет тарихын жасаудың басы-қасында жүріп ғұмыр кешкені - қазақ әдебиеттану ғылымындағы жанқиярлық еңбектің бір көрінісі. Өзінің айтуынша, қазақ әдебиетінің тарихын түркі халықтарына ортақ кезеңнен бастау керектігі жайлы проблеманы Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты оқулығына байланысты 1933 жылғы рецензиялық мақаласында алғаш рет айтқан. Сол мәселенің арғы-бергісін бүтіндеуде, былайғы іске бағыт-бағдар сілтеуде ғалым еңбегі өлшеусіз. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жан-жақты ғылыми тұжырымдамасын Б. Кенжебаев жасады.

Әдебиет тарихына оның бірнеше дәуірлерді қамтыған тұтас ғылыми сипаттамасын алғаш рет жасаған ғалым Ханғали Сүйіншәлиев өлшеусіз үлес қосып келе жатыр. Оның «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» монографиясы - ерте дәуір әдебиетінен XIX ғасырдың соңына шейінгі әдебиетіміздің тарихына арналған аса сүбелі зерттеу еңбек. Былайғы зерттеулерге негіз болған, қай бағытта, қалай қарай ілгерілеу, тереңдеу қажеттігін қамти, көрсете отырып атқарылған жұмыс. Ғалым бар ғұмырын халық

[18] Мағауин М. Ғасырлар бедері. - Алматы: Жазушы, 1991. - 214-бет.

әдебиетінің түрлі міндеттері мен мақсаттарына арнап келеді.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің білікті мамандарының бірі ғалым Немат Келімбетов өзінің бұл мәселеге қатысты пікірлерінде әсіресе сан қилы әдеби ағымдардың пайда болу жолдарын, әдеби жанрлар мен әдеби тәсілдердің даму кезеңдерінде танып-білу керектігін баса айтады[19].

Профессор Мырзатай Жолдасбековтің әдебиет тарихын жүйелеуге байланысты тұжырым-пікірлері де әдебиеттану ғылымының бағалы беттері[20].

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде ғалым Алма Қыраубаева белгілі бір кезең әдебиетін жанрлық, тақырыптық, аудармашылық, текстологиялық, идеялық-көркемдік принциптер тұрғысынан үңіле зерттеуде Алтын Орда аталатын үлкен, күрделі, ауқымды дәуірдің жан-жақты сипаттамасын жасауға ширек ғасырдан бері өз еңбегін сіңіріп келеді. Белгілі бір дәуір әдебиетін бағалау, таразылау мәселесіндегі осындай ғылыми принциптілік бар дәуірге де қажет. Ғалым әдебиет тарихын дәуірлердің ішкі сырларына балаң, жас кезінде-ақ бойлап, меңгергенін мына пікірлер айғақтай түседі.

«Әдебиетіміздің тарихында өзіндік із қалдырған осындай елеулі мұралардың бірі - XIII-XIV ғасырлардағы ескерткіштер. Осы кезең ескерткіштеріне тән жанрлық, тақырыптық, көркемдік тілдік сипаттардың ізі, өзара сабақтастыщ кейінгі дәуірлердегі әдебиетімізден, әсіресе XIX-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен жақсы байқалады. Ал мұндай заңдылықтарды танып-білудің қажет екендігі айдан анық. XIII-XIV ғасырлар ескерткіштерінің әдеби сипатын айқындау талабы шығыс әдебиеттерін дәуірге белу

[19] Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1991.
[20] Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы: Жазушы, 1986.





саласында әдебиетшілерімізді көптен толғандырып жүрген ғылыми ізденістермен де үндес»[21].

Ғалым Мұхтар Мағауин тұтас бір дәуірдің әдебиетін қазақ әдебиетінің тарихына қайталанбас ерекшелік сипаттарымен, терең ғылыми негізде әбден, даусыз орнықтыруға үлкен еңбек сіңірді[22].

Әдебиет тарихын дәуірлеудің мәселесі әрі көп, әрі күрделі. Соның ішінде тақырып аясынан ауып кетпес үшін біз әдебиет тарихында «зар заман» аталған дәуірге байланысты айтылған ой-пікірлерге, сонан туындап жататын қайсыбір ғылыми, танымдық мәселелерге ғана арнайы тоқталуды мақсат тұттық. Бұл төңіректе қыруар мәселелер ақтарып-төңкеруді, жүйелеуді күтіп жатқаны анық.

Мұхтар Әуезов зар заман, отаршылдық дәуір әдебиетіндегі уақыт мерзімін іштей XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр әдебиетіне жатқызды. Бұл жіктеуді кейінгі зерттеушілер XVIII ғасырдағы әдебиет тарихы деп жалпылай бөлді.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесінде ең әуелі қай дәуірден бастаймыз, әдебиет тарихына кімдер енуі керек деген жайлар тұрды. Қандай-қандай тұтас кезеңдер болғаны сараланады. Әр дәуірдің әдебиеті - ол біртұртас қазақ халқының әдебиеті. Ол әдебиетте қай дәуірде болмасын түрлі ағым, сарын, бағыт, бағдар, мән-мазмұн (уақыт, саяси-әлеуметтік, тарихи жағдай туғызған) болды. Мәселен, ұлт-азаттық сарын қазақ әдебиетінің өн бойында жатыр. Шоқан, Ыбырай, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов негіздеп, кейін кең арналарға ұласқан қазақ әдебиетінің ғылыми классификациясы да бір ғана дәуірге сыймайды. Ол - жүздеген жылдар бойы жасалған халық әдебиетінің тұтас еншісі. Орта ғасыр-

[21] Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. - Алматы: Мектеп, 1988. - 4-бет.
[22] Мағауин М. Қобыз сарыны, 1968. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. - Алматы: Ана тілі. - 1992.

лық әдеби ескерткіштерден кейінгі жыр үлгілерін, насихат, үгіт мәнді толғаныстарды көп ұшыратуымыз кездейсоқтық емес.

Зар заманды әдебиеттің тұтас бір дәуірі деп емес *(ол дәуірде басқа ағым-сарын да болуы заңдылық.- Қ. М.),* қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы деп және оны тікелей орыс отаршылдығы түрлі саяси актілерді іске асыруды мақсат етіп, ақыры тындырып болған дәуір - отаршылдық дәуір аясындағы әдеби ағым, өзіндік өзгешелік, бөлекшелігі бар бағыт ретінде қарастыру, тіпті сол XIX ғасырдың өзіндегі, XX ғасыр басындағы өзгеше бағыт, сарындармен араластырмау қажет.

Өкінішке орай, ғасыр басындағы барымызды тұтастай бағалауға, саралауға ұмтылыс ондаған жылдарға түрлі себептермен кешеуілдеді. Сондықтан көптеген зерттеуші тектен-текке алаңдаушылық білдіріп отырған жоқ. Өзге жұрттар сөйтіп жатыр, біз бүйтейік деген сырт түрленуден құтылдық. Өзіміздікін өзіміз танып, өз бағамызды беруге қақымыз бар және уақыты келді. Оған өреміз жетпесе, өзіміздің ішімізді өзіміз тани алмасақ өз обалымыз өзімізге. Өркениетті елдердің әдебиет тарихын жасаудағы ғылыми концепцияларының тәжірибелерін ескере отыру қажет. Ғалымдарымыздың әдебиет тарихын дәуірлеудегі түрлі кезеңдеріне келісе отырып, өзгеріс енгізу де, жетілдіру де қажет. Мәселен, бір XIX ғасырдың өзін екіге бөліп жүрміз.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің алғашқы айғақтарын жасап, әдебиетімізді халық ауыз әдебиеті және зар заман ақындары деген межелерге бөліп қарастырады. Зар заман әдебиеті жасаған дәуірді жүз жылдық дәуір деп бөледі. Сәбит Мұқанов XVIII - XIX ғасыр әдебиетін дәуірлеуде зар заман әдебиетін бөлек алып қарастырады[23].

[23] Мұқанов С. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер, 1942.





«Әдебиет тарихы» оқулығының жүйесін саралай отырып, ғалым Мекемтас Мырзахметов әдебиет тарихындағы М. Әуезов бөлген жүзжылдық кезеңді отаршылдық дәуір әдебиеті[24] деп атауды ұсынды; қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді қайта қарау мәселесін қорғайды.

Расында да, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі аяқталмаған процесс.

Зерттеушілер бұған түрлі қисынды принциптермен келіп, өз ой-тұжырымдарын ұсынды, түрлі қисынды, әдебиеттану ғылымымыз үшін аса құнды қорытындылар жасады.

Соңғы жылдарда әдебиет тарихына хронологиялық тәртіппен келіп, онан әрі әдеби ағым, бағыт, сарындарды орнықтыру, айғақтау процесін күшейте жүргізу тенденциясы бел алып келеді. Әйтпесе, қилы сипатты, түрлі мазмұнды әдебиеттің аражігі I жартысы, II жартысы деген дәл шекпен бөліп тастауға көне ме? Көнбейді. Ал белгілі бір ғасыр әдебиетіндегі ағым, арналарды ажырату, айқындау, орнықтыру жағын қарастыру көп мәселені шешіп алуға бастайтыны сөзсіз.

Мәселен, зар заман ағымын отаршылдық дәуір әдебиетінің бар сипатын бойына дарытқан бағыт деп қарауға болмайды, сол отаршылдық дәуірдегі аса айқын, ауқымды әдеби-саяси ағым ретінде алып қарастырғанда ғана өзіндік сырын ашары хақ.

Отаршылдық дәуірдегі әдебиеттің өзі жанр жағынан, қоғамдық-әлеуметтік сипаты жағынан бірнеше тұжырым-мен шектеуге келмейтін аса үлкен әдебиет. Мәселен, Абай поэзиясы - тек зар заман ағымына теліп қоюға келмейтін ұлан-ғайыр әлем.

Біздіңше, әдеби ағымдарды, дәуірлерді айғақтауда қайсыбір жағдайда шектеулі шарттылықтарға барудың да зияны жоқ. Әуелі бір қайырып алып, әрі қа-

[24] Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет, «Жұлдыз» № 7, 1993.

рай тарата беруге кеселін келтірмейтін шарттылықты тапқан жөн.

Кезінде Мұхтар Әуезов зар заман ақындары туралы тұжырымдар жасағанда қайсыбір межелерінің шартты екендігін білмейді дей алмас едік.

Әрине, XIX ғасыр әдебиетін екі кезеңге бөліп келе жатуымыздың өзі сол әдеби ағымдардың, өзгешеліктердің, сарындардың ара-жігін ашу үшін қолданылған шарттылық сияқты. Ал күндердің күнінде, XIX ғасыр әдебиетіндегі мына әдеби ағым, мына бағыт, мына сарын дегендей жіктеулердің түпкілікті орнығатыны күмәнсіз. Профессор Бейсенбай Кенжебаев қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде XIX ғасыр әдебиетін екіге бөлмейді, сыншыл әдебиет деп тұтас баға береді. Яғни, ағымдарды, бағыт-сарынды, ерекшеліктерді ғалым әр дәуірдің ішкі талдауына қалдырып отыр.

Зар заман ағымы - отаршылдық дәуірдің көп өзгешелігін қамтыған үлкен әдеби бағыт. Ол дәуірде өзіндік саяси, теориялық бар өзгешелігімен жаңа сипатта, әлемдік деңгейдегі, еуропалық мәндегі жаңа жазба әдебиеттің де туып, жасағаны, айтыс өнерінің де қанат жайғаны, түрлі қисса-дастандардың туғаны, сал-серілер өнернамасының өрістегені белгілі.

М. Мырзахметов «Отаршылдық дәуір әдебиеті» зерттеуінде саяси-әлеуметтік сырларға баса тоқталғанымен, әдебиеттің өзіндік ішкі сипат-ерекшелігінін, өзін сол саяси ахуалды айтудың, көрсетудің негізі екендігін көлденең тастап отырады.

«XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы аралықта дамыған, заман талабына орай жанрлық, стильдік сонылықтарды, идеялық тақырыптық ерекшеліктерді тудырған көркем шығармалардың бәрі де негізінен саяси-әлеуметтік лирика шеңберінде жырланып, өзекті бір сарынды төсеніш етті. Осы себепті сөз етkeлі отырған дәуірдегі әдебиет тарихын дәуірлегенде оны бұзып-жармай-ақ, бүтін қалпында «Отаршылдық





дәуірдегі әдебиет» деп атауымыз керек»[25]деп тұжырымдады.

М. Әуезов жүз жылдық дәуір деп бөлгенде, XVIII ғасырдың екінші жартысы тұтастай енетін емес пе еді? М. Мырзахметов оны ұмытып отырған жоқ. Дәуірлеу мәселесіндегі өз ойын басқаша қисындармен негіздегендіктен де қоспай отыр.

Қазақ әдебиетінің тарихында «Зар заман дәуірі» бұған дейін ағым, бағыт емес, тұтас дәуір сипатында да қолданылып, айтылып келеді, солай қалса қайтер еді десек, XIX ғасыр, XX ғасыр басындағы барша ерекшелікті құрсаулап тастауға бастайтын сияқты. Сондықтан «зар заман» атауын әдебиетіміздің ұзақ тарихындағы айтулы да айбынды, айдынды ағым ретінде алып қарап, оның өзіндік көркемдік сипаттарын, ғылыми-теориялық негіздерін жүйелеп, сол ағымға енуге тиісті әрбір ақын-жыраудың әдебиет мұрасын сол негізде тұжырымдау қажет. Мәселен, Шортанбай шығармалары қандай-қандай сипаттарына байланысты осы ағымға жатқызылды, жатқызылуға тиіс деген мәселеге ой жіберейік. Дулатқа да, Мұратқа да, Нарманбетке де сол ғылыми, көркемдік, саяси-әлеуметтік сипаттамалар негізінде келген тұста, әрі қарай тарамдатып әкетер соқталы, сүбелі арналар аз емес. Себебі біз көбіне ол әдебиеттің - зар заман әдебиетінің тақырыптық ортақтығынан алыстай алмай жүрміз.

Көркемдік сипат: дәстүрі, жаңалығы, түрі, өлең өлшемі, көркемдеу құралдары, т.б. сияқты таза эстетикалық таным тұрғысынан келгенде зар заман ағымына ортақ айғақтар көптеп табылады. Осы орайды М.Мағауиннің XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясын түр, ерекшелік жағынан түйіндеуі, сипаттауы сияқты зерттеу, зерделеулер XIX ғасыр әдебиетінде аса қажеттілігі байқалады.

[25] Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет, «Жұлдыз», № 7, 1993.

Арнайы оқулық жасаған профессор Х. Сүйіншәлиевтің сол үлкен әдебиеттің өкілдеріне берген баға, анықтамалары ескеріле отырып дамытар, жетілдірер шаруа да аз болмаса керек.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы қазақ әдебиеттану ғылымына жаңа бір арнаға түсуге қозғау салды. Жаңаның бәрі жақсылық, жетістік бола бермейтінін есте ұстай отырып, сол тұста қайсыбір жабулы жатқан қақпақтардың қозғалысқа түсіп, сіресіп қатқан тоңдардың жібі бастағаны, орынды-орынсыз көп әңгіменің ортақ пайдаға апарар бағыты белгіленгені даусыз. Соның негізінде қызу әдеби, ғылыми айтыстар өтті. Жиынтық түрі 1959 жылы 15-19 маусым аралығында өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференциясы болды.

Әдеби мұраны зерттеу, кәдеге асыру жайы жан-жақты сөз болып сол кездегі жетекші күш - партиялық саясаттың төте тартқан бетіне қарайлау басым болғанымен, мазмұнды, мәселелі кең әңгіме өтті.

Осы конференцияда ауызға аса көп түскен, әдеби мұрасы белгілі бір дәрежеде өз бағасын алған әдебиет өкілі - зар заманның азулы ақыны Шортанбай болды.

Конференцияда Шортанбай заманның бұзылуын көп сөз етіп, қасірет өлеңге қосқаны үшін көбірек датталды, сыналды, ілгерілеуді, жаңалықты, жақсылықты көре алмаған, саяси санасы жетілмеген күнәкар ретінде бағаланды. Осындай талдау барысында Мұхтар Әуезовтің бір кезде зар заман әдебиетінің бар шындығы, мәні мен мазмұны жайлы айтқандары төңкеріліп түсті. Конференцияның өн бойында тиіпқашып, ара-тұра Шортанбай заманындағы әдебиеттің көркемдік құндылығы, сөз өнері есебіндегі бағасы





сәл-пәл айтылғанымен, негізгі әуен тапшылдықтың төңірегінде тұсауланып қалды.

Академик Сақтаған Бейішев конференцияны ашардағы сөзінде қоғам тарихында елеулі із қалдыра алмаған[26] Шортанбай туралы көп айтылғанын, енді сол бір әңгімені тұжырымдап, аяқтау, бітіру керек деген ұсыныс айтты. Солай бола тұра, конференция барысында Шортанбай, Дулаттың шын бағасын беруге ұмтылу, ұсынысқа түскен дайын тұжырымнан бұра тарту көзге ұрып тұрды. Сәйділ Талжановтың қосымша баяндамасында аталған кесімге қисынды қарсылық білдірілмей де қалмады. Есмағамбет Ысмайыловтың Шортанбай мұрасына байланысты үзілді-кесілді шешімге келіспегенін мына пікір айғақтай түседі. «Алайда кейбіреулердің шығармаларында (мәселен, Шортанбайдың) өз заманында бұқараның ауыр тұрмысын, отаршылдық қысымды жырлауы көзге түсіп тұрған өмір шындығын танымасқа, оны суреттемеске шарасы қалмағандығын, сөйтіп өзінің дүние тануында заман шындығын дұрыс көрсетуге ойысқандығын аңғартады»[27].

Конференция әдебиет тарихын белгілі бір жүйеге салу, оның даму жолдарының желісін тарту ісін біршама қозғалысқа салды. Бірақ қайсыбір тұста көпе-көрінеу бұра тартушылықтың не себепті бел алғанын бүгін білмей отырмыз десек, қисынсыз. Дегенімен айтылған, тұжырымдалған мәселелер жайында Б. Кенжебаев қынжыла айтқанындай, онсыз да көп уақыты қара шаруаға жұмсалған әдебиеттану ғылымының жалпы дамуына, былайғы өрісіне конференцияның ықпалы болғанын ұмытуға тиісті емеспіз.

Әдеби мұраны тану, бағалау төңірегінде дәл осы конференцияда айтыстың ушыға түсуіне бір себеп - «көркемөнер - көркемөнер үшінге» қарсылық тап

[26] Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы, 1961. - 16-бет.

[27] Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы, 1961. - 27-бет

болған қоғамда - әдебиет таптың деген бұлжымайтын теориялар көп әсер етті.

Қажым Жұмалиев әдебиеттанудағы «бірыңғай ағым» - «единый поток» дегенге баса назар аударып[28], оның мәні әдебиеттің таптық қасиетін жоққа шығаруға тырысушылық деп тұжырымдады. Зар заман ағымы деп конференцияның өн бойында бір-ақ жерде - Б. Сүлейменов сөзінде айтылды.

XIX ғасырдаты әдеби мұраға байланысты кең сөйлеген ғалым Ысқақ Дүйсенбаев 20-30 жылдары берілген бағамыз қате, сондықтан соңғы жылдардағы тұжырымдарды нығыздай беру қажеттігін аңғартты.

«Бір топ сыншылар мен әдебиет тарихын зерттеушілер (әсіресе М. Әуезов, С. Мұқановты, Қ. Жұмалиевті меңзейтіндей, бірақ атамайды. - *Қ. М.)* Шортанбай ақынның шығармаларын халықтық туынды деп, оның сөзін сыншыл реализмнің өкілі, бұқара көпшіліктің жыртысын жыртқан халықшыл ақын деп тапса, екінші бір топ әдебиетшілер сол ақынның өлең-жырларына баға бергенде Шортанбайдың көзқарасындағы қайшылықтарды да айтуға тырысып, бірлі-жарым сын айтқан болды[29].

Ал өз көзқарасында да ғалымның шындықтан аттап өте алмай қалған тұстары да аз емес. Ә дегенде Шортанбай ескішіл, исламға сүйенген, феодалдық қоғам жоқшысы деген тұжырымдарды төгіп-төгіп алып, ақынның санасы кертартпа бола тұра өлеңінде кейбір тұрмыс шындығы көрсетіліп отыратын тұстар бар дейді[30].

Мұхтар Әуезов Абылай дәуіріндегі зар заман ақындарын екі жікке бөліп қарағанды.

Бірі - келер күннің жұмбағын шешіп, елге үлгі, өсиет сөз сөйлейтін, болжау айтқан қария. Екіншісі - толғау айтқан жырау. Қариясы - Асан. Жырауы - Бұқар.

[28] Сонда, 97-бет.
[29] Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы, 1961. - 113-бет.
[30] Сонда, 115-бет.





Бұл жерде Мұхтар Әуезовтің Асан қайғыға байланысты ойының мәніне аз тоқтала кетейік. Абылай дәуірінде өмір сүрмегенімен, шартты түрде хан маңында болуға тиісті ақылшы қариялардың жиынтық бейнесі ретінде аталғаны анық. Өйткені Асан М. Әуезов пайымдауында да ең алдымен елдің ақылшы кемеңгері, заманның сыншысы, қырағысы. Зар заман ағымына М. Әуезов XIX ғасырда жасаған ақындардың бәрін кіргізеді:

«Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарыпың басы - Махамбет. Одан кейінгілері Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буын Абаймен тұстас ақындар»[31]. Нарманбет, Шернияз, Досқожа, Күдеріқожа, Нысамбай, Ығылмандардың заманы Абылай заманы емес, енді іс қана қалған, алыстан толғап, ойға тартамын деп отыруға болмай қалған заман екенін ұғындырады.

«Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманындаісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет иісі кіре бастады[32] (Астын сызған біз. - *Қ. М.).*

Мұхтар Әуезов жүзжылдық дәуір әдебиетін үш кезеңге бөліп, әр уақыттың өзіндік ерекшелігін, ортақ сарын аясындағы өзгерістерін атап-атап көрсетіп отыр:

1. Әлеуметшілдік, ойшылдық сарыны - Бұқар заманы.
2.Ісшілдік - Махамбет.
3. Дін мен мәдениет - Ыбырай.

Осындағы бір ғана дін төңірегінде, діни-ағартушылық сарын жөнінде бүгінгі әдебиеттану ғылымы қарастыра түсер көп жай бұғып жатыр...

«Зар заманның тұсынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек орын алады.

[31] Әуезов М. Әдебиет тарихы - Алматы: Ана тілі, 1991. - 208-бет.
[32] Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 212-бет.

Басы Шортанбайдан басталған діншілдік (бұл жерде мін ретінде айтылып отырған жоқ. — *Қ. М.),* XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп соғады»[33].

Мұхтар Әуезов зар заманды әдебиеттегі елеулі бағыт ретінде жан-жақты негіздеудің мәселелерін қойды. «Қазіргі қарастырылғалы отырған зар заман ақындары: - сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден туғандықтан, барлық ақынды тарих көлемінде қарастыру керек»[34].

Түрлі идеологиялық қысымдардан түтіні басқаша шалқыған қазақ, әдебиеттану ғылымының соңғы хал-қадерін ескере келіп, профессор Т. Кәкішевтің: «Әдеби, мәдени тарихымыздың көтерілмей, жазылмай жатқан көп саласы бар екеніне ғылыми қауымның назарын аударғым келеді. Және ол кезеңдегіні буржуазияшыл немесе ағартушы-демократтық деп айыра салмай, ішкі көркемдік ерекшеліктеріне, эстетикалық қадір-қасиетіне қарай талдап зерттеуіміз керек... Өйткені өмірді реалистік, романтикалық, сатиралық, символикалық тұрғыдан бейнелегенде, қазақтың көркемдік таным-талғамында талай жаңа сипаттар пайда болғаны даусыз. Осы дәуірдің саяси-әлеуметтік мәніне социологиялық тұрғыдан көбірек көңіл бөлгендіктен көркемдік, өнерпаздық мәселелерді зерттеп білуіміз жетіспей жатқанын ашық мойындауымыз керек»[35], - дейді.

Жалпы әдебиетіміздің тарихындағы кезеңдерді, дәуірлерді ажыратып алу мәселесімен бір қаралуға тиісті түрлі бағыттар - мәселен, орыс әдебиетіндегі классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм деген сияқты, түрлі ағым, сарындарды ажыратып айғақтау, бөлу, Б. Кенжебаев айтқандай не таза теориялық, тарихи болғаны жөн.

[33]Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 212-бет.

[34] Сонда, 212-бет.

[36] Кәкіпев Т. Санадағы жаралар. - Алматы: Қазақстан. - 1992, 190 - бет.





1959 жылғы конференцияда Б. Кенжебаев әдеби мұра жасап кеткен дарындарды бірде кәсібіне (кітаби), бірде идеясына (ағартушы-демократиялық) қарай бөлу де дұрыс емес дегені - аса қисынды пікір.

Қайсыбір дәуірдің әдебиеті өзін іштей саралауға зәру. Кезең, дәуірге тұтас бөліп, бағыт-ағымдарға іштей ажырату қажет. Зар заман - белгілі бір мөлшерде тұжырымдалған бағыт, ағым. Бағытты - саяси, тарихи ерекшелігіне, ағымды - содан туған көркемдік өзгешеліктеріне қарай қарастырған абзал.

Зар заман ағымы жайлы сөз болғанда М. Әуезовтің «Әдебиет тарихындағы» концепциясын ғылыми негіз етуге тиіспіз. Әуезов әлеуметтік астар жағынан да, мазмұндық ерекшелік жақтан да, көркемдік өлшем-өзгешеліктер - түр, дәстүр, өзгеріс, қолданыс, жанр, т.б. жақтардан жан-жақты талдады.

Жүз жылдық дәуірдің саяси сипатын мейлінше жан-жақты қамтыған ғалым сол дәуірдің зар заман аталып отырған әдебиетіне байланысты бірнеше басты-басты тұжырым жасайды:

1. Зар заман әдебиетін туғызушының бірі жыраулар болғаны белгілі. М. Әуезов қазақ әдебиетінде жырау қандай миссия атқарды, оның өмірі, өлеңі немен ерекшеленеді деген мәселені мол қамтыды.

2. Жазба әдебиетке ауысу себептерін, ол әдебиеттің жалпы әдебиеттен айырмашылық, өзгешелігін сөз етті.

3. Зар заман әдебиетіндегі тарихи жырларды теориялық, мән-мазмұн жақтан талдады, сол әдебиет тұсында туған түр деп таныды.

4. Зар заман әдебиеті кімнен басталып, кіммен аяқталады дегенді атап көрсетті.

5. Зар заман әдебиетінің негізгі сарындарын айғақтады.

6. Зар заман әдебиетін жанр, түр, өлең үлгісі жағынан барлады.

7. Бұл әдебиеттің даму, өзгеру себептерін атап, 3 кезеңге бөліп көрсетті.

8. Зар заман ақындарының қайсысында қай сарын басым болғанын саралады.

9. Былайғы зерттеу, ізденіс міндеттерді тұжырымдады. Жүз жылдық дәуірдегі зар заман ағымына М. Әуезов: «XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді», - деген ойын Нарманбетпен тұйықтайды. «Зар заманның артқы ақыны XIX ғасыр мен XX ғасырдың жапсарында өмір сүріп, сол кезде өлең айтқан Нарманбет заман зарының ең ақырғы күйін шертіп, тоқтаған осы ақын... осының заманымен, осыдан кейінгі дәуірде зар, күй қазақ әдебиетінен бітеді»[36]. Себебі, қалың ел бұрынғы көп тілекті кемітіп, құлдыққа, қорлыққа, таршылыққа еті үйреніп, өліп кеткен, жаңа заман жетегіне жүруге ынтық бола бастаған.

Зар заманның артқы ақыны Нарманбеттің әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін «Сарыарқа» жоқтауымен тындырғанын тұжырымдайды.

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар, буың қайда.
Найзағай жарқ-жұрқ етіп нөсер құйған.
Көк жасыл, кемпірқосақ туың қайда...

Күрделі, шешілгеннен шешуін күтіп жатқаны көп шаруа - әдебиеттегі бағыт, ағын, сарындар жайы. Буржуазияшыл - ұлтшылдық, ағартушылық-демократиялық бағыт, діни - ағартушылық ағым, ұлт - азаттық сарын, әлеуметтік, ойшылдық сарын, үгіт-насихат сарыны, дәстүрлі философиялық бағыт, т.б. дегендей тіркес-ұғым біздің әдебиеттану ғылымымызда аз қолданылмайды.

1959 жылғы конференцияда М. Сильченко «Об основных тенденциях и направлении казахской литературы 80-90-х годов XIX века» деген арнаулы баяндама жасады. Бірақ, өкінішке орай, саясаттың ықпалымен, бұл мәселеге шынайы ғылыми кірісу байқалмады, ғылыми тұжырым жасалмады.

[36]ӘуезовМ. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 220-бет.





«Прямая идейная связь творчества Мурата с поэзией Шортанбая и общность их наиболее характерных речевых оборотов («Зар заман», «Тар заман» - Шортанбая, «Сұм заман» - Мурата) позволяют говорить с продолжающейся тенденции, в основном реакционной, охранительной и противоборствующей с просветителями»[37].

Әдебиет тарихында діншіл, діни сарын ұғымдары болғанымен, сол діншілдік, дінилікті, соның ішінде XIX ғасыр әдебиетіндегі дін жайын арнайы қарастыру - зар заман ағымының бетін аша түсер жай.

Әдеби мұрамыздағы, соның ішінде зар заман әдебиетіндегі дін сарыны, мұсылмандық шарттары болуы тіпті де діншілдік емес.

Болса да жағымды, мағынадағы діншілдік ол - әдебиетіміздің тарихында ежелгі ескі замандардан жасап келе жатқан имандылық идеясының толыса түсуі, заман түріне қарай мәнін, мақсатын айқындай түсуі.

Халел Досмұхамедұлының мына бір тұжырымында XIX ғасыр әдебиетіндегі көркемдік ағым, бағыт, сарындағы дін жайының түп-төркін сыры жатқан сияқты. «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиетінің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет»[38].

Бір кездерде діншіл, мистик деп көп айтуымыздың түп төркін-себептері өзіміз де бағымдай қоймаған түу әріде жатыр. Ресей империясы тарапынан жүргізілген қазақты дінсіздендіру саясатын бүркемелеп, жуып-шаюда жатыр.

[37] «Әдеби мұра және оны зерттеу», 1961. - 125-бет.
[38] Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 33 - бет.

Халықтың өзін-өзі сақтауға, рухани бағалықтарын арашалауға бас көтеруі - ұлтшылдық, ділшілдік деп аяусыз масқараланды. Бір кездерде үреймен, сұмдық жеккөрушілікпен айтылған «мұсылмандық қозғалыстың» қазақ даласында жандану себебін соңғы жылдары ғалымдар Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, М. Мырзахметов, Ш. Сәтбаева, М. Мағауин, Ө. Күмісбаев түрлі тарихи фактілермен, себептерімен түсіндіруде.

Әдебиет тарихында жасаған ірі тұлғаларды ұзақ жылдар бойы шырылдатып, шыжғырудан құтқармаған бір пәле - осы дін жайы болды. Дін жайын бір кезде Әуезов оны мін ретінде емес, зар заман әдебиетіндегі бір сарын ретінде атаған еді. Дін атам заманнан халықпен бірге жасап келеді. Ол - қай Құдайға сену мәнінен, мұсылман, кәпір дегеннен әлдеқайда кең, ұлы ағым.

Дін - Алла Тағала құлшылықпен ғана немесе бірді-екілі шарттылықпен ғана түгесілетін дүние емес, құлашы кең, бүкіл тіршілікпен - жаратылыс құпияларымен астасып жатыр.

Опасыз жалған дүниеден адам танымының іздеп тапқан таяныш, тұғыры. Тіршілік әрекеттің түпқазық мұраттарын баянды етіп жатқан рухани үлкен күш. Біздің танымымыздағы зар заман әдебиетін жасаушылардың діні - сол ұлы дін.

Олар айтса, ақыретті айтса - адамшылығыңды, кісілік қасиетіңді, Тәңірі - жаратушының оң көрген ісін сақта деп уағыздайды. Дүниені көрме, сезбе, таныма, ойланба, соқыр сенім, көзсіз құлшылықта бол деп емес, сергек бол, сезімді бол, танып тауып істе деп айтады. «Ақыретте жалған жоқ, таразысы басқа бір бөлек», - деп, күні ертең жауап берер күнәдан сақтандырады. Есеңгіреп, есі шыққан, алмағайып заманда Алласынан жаңылған пендені жан, тән, ар тазалығына тартады.

Атамыз - Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.





Мұсылман, кәпір - халық боп.
Сол заманнан таралды.
Бір-біріңе беріскен
Дәм мен тұзын, халал-ды,
Ұрлық пенен қорлықтан.
Өтірік ғайбат зорлықтан.
Бойыңды тартып тек жүрсең.
Көрмессің деген залалды.
...Алақандай ай мен күн -
Ғаламның орта жарығы.
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ -
Мұсылманның парызы.
Ораза, намаз қылғанның
Көңлінде Құдай барлығы.
Жаулық пенен жалғыздық -
Жалғанның жаман тарлығы...

*( Шортанбай )*

Шортанбайдың 1993 жылы «Айқап» баспасынан шыққан жинағында *Құдай, Алла, дін, мұсылман, ақырет, ораза, намаз, пайғамбар, шайтан, лахат, иман, Мекке, хаққа тәубе, пір, медіресе, мешіт, молда, азан, тәкбір, муфти, сахар, таңда махшар, тақуа, құдірет, фәни дүние, кәләм-шәріп Құранда, Тәңірі, дінді, кәпір, алты мың да алты жүз алпыс алты аят, заманақыр, қиямет күн, ажал, өлім, өлі, тірі, Ғазрайыл, періште, Құдайдан қорыққан мұсылман, Алланың берген ақ дәмі, құданың болса берері* сияқты діни мәнді сөздер 230 рет қолданылды. Соның бәрінде де адамды өмір сүрудің мән-мазмұнына қарай тарту мақсатында қолданады. Өз қоғамының кеселдерін ашып, ажыратып отырып, сонан шығудың, сақтанудың жолдарының бірі, қорғаныс күші ретінде қолданады.

Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген.
Мұның өзі - зар заман.

Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жап-жайына жүрмеген,
Мұның өзі - тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті...
Жалмауыз болды үлкенің
Қазақ сенін сорыңа.
Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң.
Түсті, амал жоқ, қазақтар
Енді сенің торыңа.
Орыс - бүркіт, біз - түлкі.
Аламын деп талпынды...

Шортанбайдың «мұсылманнан хал кетті» деуі тек экономикалық қысымға байланысты емес, қазақ даласына улы зәрін жайған рухани қысымды көріп біліп, сезіп отырғаны.

Профессор Ханғали Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» монографиясында келтірген қисын сол рухани қысымның түп төркіні қайда жатқанын анық атайды.

«...Тек билеу системасында ғана емес, қоғамдық құрылыстың басқа салаларында да жаңа тәртіп қабылданды. Әкімшілік, сот құрылысы, салық, жер, дін, мәдениет мәселелері жөнінде заңдар шығарылды... Дін туралы ереже мұсылман дінінің уағыздарына тежеу салып, христиан дінінің Ықпалын арттыруды көздеді. Бұл мұсылман қауымының наразылығын тудырды»[39].

Шортанбай заманындағы әдебиеттегі, қоғамдағы оның өз шығармаларындағы діни жайына, діни сарыны мәселесі дегенге тоқталғанда дәл сол заманда халық ішінен әдебиет үлгілерін жинап зерттеген, оған баға берген В. В. Радлов пікірлері де біраз сырдың астарын ашады. Кейінірек Шортанбайға діншіл,

[39] Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. - Алматы: Қазақстан, 1967. - 286-бет.





діни деген атақтың ажырамастай болып жабысуының бір ұшығы Радловқа сүйене сөйлеуде жатқан сияқты. В. В. Радлов әдебиет, халық жайлы танымдық, ғылыми еңбектерінде ел ішіндегі әдебиет үлгісіне, түріне, сарынына, ерекшелігіне барлау жасайды.

Сөз жоқ, В. В. Радловтың да қазақтардың қаншалықты діншілдігі жөнінде ақпар, мәлімет жиып беруі міндеттелді. Ғалымның қазақтар арасындағы ислам дінінің жайылуына, жайына қатысты көптеген мәліметі бар. Әдебиет түрін айғақтап отырып айтқанда ел жағдайын қамти отырады.

В. В. Радловтың ғылыми-зерттеушілік еңбегінің, қазақ әдебиетінің ғылыми сипаттамасын жасауының құны өлшеусіз. Алайда Ресей Империясын халықтың басқа күйі көбірек ынтықтырғандықтан да ғалым бар жұмысына сипаттама бергенде империяға аса қажет мәліметтерді алға тарта сөйлейді.

«Бұл басылымның I және II томдарында жарияланған халық әдебиетінің үлгілері басқа көпшілік тайпаластары тәрізді ислам әсеріне беріле қоймаған көне шаман дінін әлі де берік ұстаған Оңтүстік Сібірдегі түркі тайпаларының рухани мұрасын құрайды. Ал мына ұсынылып отыртан том Алтайдың терістігін жайлаған қазіргі кезеңде ислам дінін тұтынатын, түркі тайпаларына арналған. Ол тайпалардың ретін біз территориялық жағынан да, қоғамдық және рухани жағдайымен де Мұхаммед дінінде жоқ түріктерге бір табан жақын тұратын қазақтардан бастаймыз».

Осы, «Образцы нар. лит. тюркских племен» көптомдығының III томына жазылған алты сөздің өзінде дін атауы бірнеше рет келуі тегін болмаса керек...

Әдебиетіміздің тарихын, өзіндік ерекшеліктерін қарастырғанда соқпай өте алмайтын бір тұсымыз - осы дін жайы. Өткен ғасырдың орта шенінен бері қарай күні бүгінге шейін бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Белгілі бір тұжырымдарға келу үшін соларға соқпай, сүйенбей өте алмасымыз анық.

Ғалым М. Мырзахметовтің «Ыбырай және профессор Ильминский»[40] атты мақаласы әдебиетіміздегі діни сарынның күшейе түсуіне үлкен ықпал жасаған миссионерлік саясаттың беймәлім тұстарын нақтылы дәлелдермен аша түседі. Ғалым келтірген тосын бір жайға назар аударсақ, біраз мәселенің төбесі көрініп қалады. Әбен Сыбанұлы деген (бұрынғы Шымкент облысы Ленин ауданы Жаңа-Базар селосында) адамның 1963 жылы 25 желтоқсанда көшірілген қолжазбасы: «...кешегі орысқа қарағанымыздан кейін 1865 жылы атақты дін бұзушы Ильминский қазақ арасына шығып, қазақ мұсылман емес, шаманы деген дінсіз халық, оларды орыс дініне айналдыру оңай деп үкіметті осы сөзбен нандырған екен...

Мінеки, үкіметтің осындай тұтқан жолы қазақ арасын тынышсыздандырып, 1869 жылы қазақтар үкіметтің бұл ісіне наразылық шығара бастады»[41], М.Мырзахметов осыған орай былай дейді: «Бір назар аударатын мәселе, осымен бірге осы қарияның қолжазба көшірмесінде патшаның ресми түрде жүргізілген миссионерлік саясатына қарап қазақ арасында исламиятқа іш бұрудан туған кейбір діндар қисса-дастандардың жиі таратыла бастауы, тіпті қазақ әдеби тілінің шұбарлану процесін де осы саяси құбылыспен тікелей байланыстыра қарау танымы айқын сезіліп тұрады»[42].

«Ыбырай тағылымы» жинағында Бүркіт Ысқақов өте батыл пікір айтады. Ы. Алтынсариннің миссионерлерге қарсы болғанына дәлел келтіре сөйлейді.

Ш. Сәтбаеваның Ы. Алтынсариннің 1884» жылы Қазақ университетінің типографиясында араб харпімен жарық көрген «Шарият ул-ислам» кітабына, «Мұсылманшылықтың тұтқасына» тоқталуы, талдауы халқымыздың адами, мәдени тарихында дін мәселесіне көзқарасымыздың көкжиегін кеңейтіп, көтере түсетін елеулі зерттеу.

[40] Ыбырай Алтынсарин. - Алматы: Жазушы, 1991.
[41] Ыбырай Алтынсарин. Алматы: Жазушы. - 110-бет.
[42] Сонда. 111-бет.





М. Мырзахметов сол тұстағы діни, рухани саясат, зымиян әрекеттер жайлы былай дейді: «Мұның үстіне патша үкіметі осы тұста бұрынғы саясатын өзгертіп, енді халықтың ішкі рухани тірегі болған діні мен тіліне, халықтың тарихи жадына қол сала бастады. Екі империя арасындағы шекараны ресми түрде Санкт-Петербург келісімі бойынша бекітіп алысымен-ақ бұрын құпия түрде даярланып, сақталып келген миссионерлік саясат - отарланған бұратана халықтарды православие дініне шоқындырып, орыстандыру саясатына ашық кірісе бастады. Өлкеде ашылған орыс-тузем аралас мектептері де осы сияқты жүзеге асырудың ұрымтал құралы деп қаралды. Ағартушылық саласындағы миссионерлік саясатты жүргізудің мамандары Қазанда ашылған арнайы Духовная академияда даярланып жатты. Онда «противомусульманская кафедра» ашылып, оның тұңғыш меңгерушісіне миссионер ғалым Ильминский тағайындалуы да көп нәрседен сыр береді. Міне, осы саясаттың ызғарлы лебін сезген қазақ арасында ескіше оқыған ақын жазушылар орыс-тандыру саясатына қарсы идеологиялық күрес жүргізіп, қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы мен Қазан төңкерісіне дейін созылып келген кітаби ақындар шығармаларында діндарлық сарынның өріс ала бастауына қозғау салды. Осы кітаби ақындардың пайда болу, даму, тоқталу процесіне көз жіберсек, оның не себепті пайда болып, аяқталу себебіне көзіміз жете түседі»[43].

XX ғасырдың барысында қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесін, жанр, түр жағынан жүйелеп-саралаған Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттегі діни сарынға, жалпы дінге көзқарасында сол кездегі империялық саясаттың салқыны сезілгенмен, қазақ

[43] Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет. «Жұлдыз», № 7. - 1993.

әдебиетіндегі діни сарын жайлы белгілі бір дәрежеде бізге құнды мәлімет, тұжырымдар тастап кетті. Ахаң қазаққа жазу дінмен келген дейді. Дін үйретушілердің халыққа өлең сөздің өтімділігін пайдаланып көп жайда дін уағыздарын өлең-қиссалармен таратқанын айтады. Сол ой ағынында Шортанбайға назар аудара кетеді, «...қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздері бітпеген, дәмділенбеген». Діни сарынның қыр-сырына Ахаң бірталай бойлайды.

«Бастапқы жазба әдебиетінің бас мақсаты - дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты - тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: діндар дәуір, ділмар дәуір»[44].

Әдебиеттегі діни сарын, мұсылманшылық идеясы, діншілдік пен діни-ағартушылық сияқты бүгінде де аражігі аса ашылмай, ғылыми жүйеге түспей келе жатқан ойлар әр кезде айтылғанын жоққа шығаруға болмайды. Ахмет Байтұрсынов өзі жіктеп отырған діндар дәуірге мынандай сипаттама жасайды: «Діндар дәуір ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдылығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме»[45].

Бұл пікірдің негізінде сол дәуірдің басқа шығармаларының сипатымен бірге Шортанбай шығармашылығы да қамтылып отырғаны даусыз. Бұл жерде Ахаңның ол әдебиеттің саяси астарына бармау себебі түсінікті. Сонымен бірге бірінші кезекке XIX ғасырдың орта шенінде аса жандана түскен миссионерлік саясатқа қарсылық ретінде бой көрсетіп, етек жайған

[44] Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 435-бет.
[46] Байтұрсынов А. Ақжол.-Алматы: Жалын, 1991. - 435-бет.





діни-ағартушылық мұраттары шыққан. Ол құбылысты әдебиет тарихында қашан, қалай атасақ та мақсаты сол болғаны даусыз.

Байтұрсынов анықтамасында:

**Хикаят** - діндар дәуірдің өнеге үшін шығарылған әңгімелері. Ол дін үйрету үшін ғана емес, басқа да өнеге көрсету үшін айтылады. Ғалым бұл тұста Молда Мұсаның шығармасын келтіреді.

**Насихат** - ақыл, үгіт. Насихат шариғат жолына тіреліп айтылған. Бұл жерде Әбубәкірден үзінді келтіріледі.

Насихат өлең ежелгі дәуір әдебиетінен келе жатқан, әуелден бар өлең түрі екенін, кейінде де, бүгінгі өлеңде де бар дәстүрлі сарын екенін, оның тек А. Байтұрсынов атап отырған діндар дәуір тумасы емес екенін ескере өтуге тиіспіз. Бұл өзі басқа түрлерге де аса қатысты жай. А. Байтұрсынов дін жайын айту күшейе түскен тұстың ерекшелігін атап отырып, өзі тоқталған мәселенің бір дәуірде ғана туа салмағын сарындар екенін тәптіштеп жатуды қажет көрмеген сияқты.

А.Байтұрсынов **насихатқа** Шортанбайдан ұзақ үзінді келтіреді:

Билер, пара жемеңіз!
Жалғанды жол демеңіз!
Ақырет қамын іздеңіз!
Жанға тіпті тимеңдер!
Кісі ақысын алмаңдар!
Аузына арам салмаңдар!
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар.

Сөз айтайын үлкендер!
Құдайдан қапы кетпеңдер!
Әлің келсе, Мекке бар,
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қып мал төкпеңдер!

**Мінажат** - ғұламалардың Құдайға айтқан зары, арызы, наласы. Мақтау, даттау, айтыс, толғау, намыс толғауы, соғыс толғауы, марқайыс толғауы, жоқтау мәніне тоқтала келіп, терменің жайын айтады. **Терме** - діндар дәуір термесі мен ауыз әдебиеті түрінің термесі бірдей. Діндарда дін сөзі көбірек деп келіп, мысалға діндар әдебиет термесі үлгісі ретінде Шортанбай шығармасын ұсынады:

Атамыз - Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір - халайық,
Сол адамнан таралды... -

ұзақ үзінді әрі қарай Әбубәкірден келтірілген өлең мысалмен жалғасады.

Халел Досмұхамедұлы да халық әдебиеті түрлері жайлы зерттеуінде арнайы түрде «діни сипаттағы әдебиет» дегенге тоқталады. «Діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера) исламның негіздерін шариғаттың қағидалары мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді»[46], - деп табады.

Шортанбай діншілдігі деген болсын немесе басқалардың діншілдігі тұтасып жатқан діни сарын дегеннің болсын біздің әдебиетімізде көзсіз құлшылық, шектеулі діндарлық мәнінде ешқашан болмағанын ашық айтуға тиіспіз. Діннің дүниетаным, адамшылық негіздермен астасып жатқан ұлы рухани күш ретінде мызғымас тірек болып келгенін, оның өзі тек мұсылманшылық аясында ғана емес, жалпы адамзаттық таным, биік мұраттармен сабақтасып жатқан өлшеусіз әлем, нұрлы бастау болғанын көрмеске болмайды.

Біздің әдебиетіміздегі дін жайы дегенді қарастырғанда Б. Кенжебаев айтқандай, діншіл бір басқа, діни

[46] Досмұхамедұлы Х. Аламан. - Алматы: Жалын, Ана тілі, 1991. - 29-бет.





ағартушылық бір басқа екенін де есте ұстауымыз керек. Өйткені, ғалым Әбубәкір, Мақыш, Нұржандарды кітаби, діншіл, ескішіл бағыттағы ақындар қатарынан ажырата қарайды. Қайта олар діни қараңғылыққа - надандыққа қарсы шығып, қазақ арасында өте-мөте прогресшіл болған жаңа оқу - усули жадитті жақтады дейді.

Сонымен, діни сарын бір Шортанбайдан бастала қалған немесе бір кезеңдік қана құбылыс емес. Ол ежелгі дәуірде де, орта ғасырларда да болды. XX ғасырдың басында да болды. Әртүрлі жағдайда, әр түрлі мақсатта шығып, бой көтерді, көрінді. Мәселен, шоқындыру саясатына қарсы дін негіздерін қисса, хикаяттар, арнайы ғылыми еңбектер (Алтынсарин, Шәкәрім - «Мұсылманшылықтың тұтқасы», «Мақтубат», «Мұсылмандық шарты») сипатында немесе заман түнегінен адамшылық қасиеттерді алып шығуға уағыз түрінде (Шортанбай, Әбубәкір, Ақмолда, т.б.) жырлаушылар қазақ әдебиетінің тарихынан бірқыдыру табылатыны даусыз.

Бейсенбай Кенжебаев әдеби мұраға көзқарастағы діншілдік, діни деген ұғымға үнемі өз тұжырымдарымен қарсылық жасап отырғанын қайта айналып соғып, ғалым еңбектерін және бір қарап шыққанда тіпті мойындай түсеміз. Бірде-бір рет дінге қатысты болған себепті ешкімді де, ешбір шығарманы да сөкпеген, қайта ұғындырып, жалған жаладан арашалаумен болған. Мұсылманша оқығаны үшін мектеп-медреседе молда болғаны үшін XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жекелеген ақындарға тағылған айдардың жөнге келмейтінін негізгі дәлел, қисынды уәждермен айғақтап отырды.

«Нұржан... дінді түсіндіреді. Оны діни фанатизм түрінде түсіндірмей, діни ізгілік, жалпы адамгершілік, ағартушылық тұрғысынан түсіндіреді»[47].

[47] Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 54-бет.

Сонымен, Әуезов атаған зар заман әдебиетінің (жүз жылдық дәуірдегі) бір сипаты болған, қайсыбір тұста кертартпа кемшілігі ретінде бағаланған діншілдік деген ұғымның шын мәні басқада екені, туу, көріну себептері, мақсаты неде болғаны әрі халықты қараңғылықта қамап емес, жарыққа тартып отырып туғаны белгілі. Соны әдебиет тарихында, әдебиеттану ғылымымызда әдебиет тарихындағы аса елеулі, аса ауқымды ағым есебінде тұжырымдайтын мезгіл жетті. Сөз жоқ, ол күрделі де қиын зерттеулерден тұрмақ.

Коммунистік идеология ыңғайымен бұл құбылысқа мүлде басқаша сипат, баға беріп келгеніміз де шындық. Тек діни ұғымдағы сөз қолданысқа бола да діншіл дедік, дін арқылы бүкіл адамзаттық игіліктерді уағыздайтын қисса, хикаялардан үрке қашқандай болғанымыз және бар. Қазақ әдебиетіндегі діншілдік, діни әдебиет өкілдері дегеннің сұмдық естіліп, аяусыз соққыға түскен науқанның бірі 1957 жылғы қаулыға орай өткізілген 1959 жылғы конференция болғаны даусыз. Мұнда дін жайы - күн тәртібіндегі қызына, дінді індете сөйлеуге негіз болған тақырыптардың бірі болды. Бірақ, өкінішке орай, дін деген нәрсеге үрейлене қарау, айыптап, апарып тастап сөйлеу көп болғанымен, шын мәніндегі әдебиетімізде анау замандардан бері болып келе жатқан осы сарын, осы ағымның қилы уақыттардағы көрінісіне, теориялық негіздеріне тереңдей бойлау, белгілі бір заңдылық ретінде мойындау, тұжырымдау болған жоқ. Патша саясаты әуелде исламды күшейту жағында болған тұстары да біздің тарихымызда байқалған жай. Бірақ 1959 жылғы конференцияда Ы. Дүйсенбаевтың ислам феодалдық тап мүддесін көздеді, сондықтан патша үкіметі де соны қолдады дегені айғақты тұжырым болған жоқ. Ал мына бір түйін қай мәнде айтылғанына қарамастан, шындықты жеткізуімен құнды: «Кейін, XIX ғасырдың орта шенінде патшалықтың Орта Азия халықтарына қарсы асқындаған отаршыл шабуылына байланысты





исламшыл феодалдар «кәпірлерге» қарсы әрекет жасау керек дейтін кертартпалық бағытты бастағанда, сол ислам діні айқын үгіт құралына айналады. Оның ақыры кейін панисламизм мен пантюркизм сияқты кертартпа, реакцияшыл ағымдарға әкеліп соқты»[48]. Ы. Дүйсенбаевтың дін жайы әдебиеттегі кездейсоқ кесел емес, ортақ сарын екенін бөлекше атауы аса мән берер жай. Әрине, ғалым теріс, бөтен жағынан айтады. Ал бізге керегі шынында да қазақ әдебиетінің тарихында қилы кезең, түрлі дәуірлерінде діни сарынның болғандығы, қалай қай түрде көрінсе де үзілмеген желі екендігі. Исламды тарату, орнықтыру мақсатындағы насихат, адамгершілік, имандылықты негіздеу, білімге, дүниені тануға шақыру, т.б. түрлі мақсатта түрленіп, көрініс беріп отырғаны аян.

«Діни кітаптарды: «Библияны», «Құранды» зерттеу, талдау жасап, түсініктемелер жазу ісі, экзегетикалық (діни негіздерді түсіндіру) дәстүрі қалыптасады.

Бұл дәстүр көптеген әдебиеттердің тарихында дамыған.

Мысалы, грузин әдебиетінің X-XII ғасырларындағы дамуы осы экзегетикалық дәстүрмен байланысты»[49].

Ш. Сәтбаева да қазақ әдебиетінде бұл дәстүрдің ежелден бар екенін көрсетіп отырады.

Біздіңше, діннің негіздерін ұғындыру мақсатында жазылған Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» (1884 жыл), Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» (1912 жыл) еңбектері - осы дәуірдің мінез-болмысын түзу жолға салуға дін уағызын пайдалану болумен бірге қазақ арасындағы дінтану ғылымының басы. Осы бір пікірлерді М. Мағауин-

[48] Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы: ҚҒАБ, 1961. - 115-бет.
[49] Ыбырай Алтынсарин тағылымы. - Алматы: Жазушы, 1991. - 199-бет.

нің Шәкәрім дүниетанымына, оның шығармаларындағы дін жайында тоқтала келіп айтқан мына айқындамасы бекіте түседі.

«Жалпы, XIX ғасырдың екінші жарымындағы қазақ әдебиетінде көнеге бет бұру, хикаяны ескі замандардан қозғау айрықша белең алған еді. Мыңға қарсы жалғыз шабатын алып күшті батырлар ерлігі, расулалла заманы, дін жолына бас тіккен ғазылар күресі немесе Бағдат, Мысыр, Шамда әлде басқадай ертегілік елде болыпты-мыс ғажайыптар. Әрине, мәні, сыры бар, аса күрделі құбылыс».

Бұл ұғындырудың астарындағы отаршылдыққа, миссионерлікке қарсы ағым деген ойды да сезбеске болмайды.

Шәкәрімнен қалған ұлан-ғайыр мұраның бірі - 1912 жылғы басылым көрген «Мұсылмандық штабы», Мағауин сонау бір жылдары-ак бұл еңбектің аса құнды, бағалы жақтарына назар аудару керектігін айтты.

«Ғұлама қаламгердің ұрпақтарынан әділ бағасын алуға тиіс тағы бір күрделі еңбегі - «Мұсылмандық кітабы». Үстірт қарағанда, «иман ғибадат, басқа һәм түрлі шариғат істерін» ұғындыру мақсатында жазылғандай көрінгенімен, еңбектің шын мәніндегі маңыз-мағынасы тереңде... Әлбетте, Шәкәрім атеист емес, діндар. Бірақ оның мұсылманшылығы да қалыпты түсінік аясына сыймайды»[50].

Әдебиетте дін халық өмірінде кашаннан болса, сонан бері бар. Діни сарын шығармалардың жанры, мәні, астары әдебиет, дәуір ерекшелігімен бірге өзгеріп, түрленіп отырды. Наурыз, бақсы сарыны, жарапазан, бата, қисса, т.б. (Бұл классификация әуелде М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсыновтан бастау алып кейін Р. Бердібаев, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, т.б. ғылыми еңбектерінде жүйеленді). Бұл - бар ағымға

[50] Мағауин М. Ғасырлар бедері. - Алматы: Жазушы. - 289-бет.





да, бар сарынға да қатысты жай, әрқайсысы белгілі бір кезеңде туған діни сарындағы әдебиет үлгілері, жанр, түрлер. Әдебиеттің өзі - дүниетаным. Дін, ол да дүниетаным. Адамды табу, тану, ашу. Ендеше әр дәуірде әр мақсат, әр көріністе дін өлеңдерінің, діни сарынның, бағыттың болуы заңдылық.

Әр кезеңдегі қай құбылыс болмасын тарихи себебі, астары бар. Ежелгі Қорқыт аңыздарынан бері келе жатқан, халықтың ауыз әдебиетімен бірге жасап келген дін сарынының өлшеусіз құндылығы да, кері жағы да, толып жатқан өзіндік қыр-сырлары да бар. Оған, расында да, философтардың, тарихшылардың, дінтанушылардың, әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми сүйенген тұжырымдары ғана бойлатады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ағым, бағыттарды саралау, бекіту жайы, жүйеге сарындарды жіліктеу-жіктеу жайы әлі толық ғылыми жүйеге түскен жоқ. Өзіміз сөз етіп отырған зар заман әдебиеті, зар заман бағыты, зар заман ағымы, зар заман сарыны деп, санамызға әбден қалыптасып сіңіп кеткен ұғымдардың ғылыми-теориялық негіздері тұтастай сараланып болмағанын мойындауға тиіспіз. Әдебиет тарихындағы түрлі бағыт, сарын, ағым аталып жүрген құбылыстардың да көпшілігінің жай-күйі осындай. Зар заман әдебиетінің тақырыптық, саяси-әлеуметтік, көркемдік-идеялық сипаттарын барлауда қайыруға көнбей жатар жай көп. Оның себебі, ең әуелі осы ағым, бағыт, сарындар жөніндегі түсінік-пайымдаулардың тек қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, әлем әдебиеттануында ежелден таласқа толы, орын-орнына қоя салып қарап отыруға көнбейтін, шарттылықтардың шеңберінен шығып кете беретін аса ауқымды, күрделі құбылыс қырлары екендігінде жатса керек.

1959 жылғы конференцияда осы мәселелер арнайы сөз болғанымен, ғылымның көсегесін көгерте қоярлықтай тынған шаруа көп емес. Профессор Қажым Жұмалиевтің арнайы баяндамасында мынандай мәсе-

лелер күн тәртібінде қойылды. «...ауыз әдебиеті, тарихи әдебиет, олардың өзара жақындық және айырмасы, әдебиет тарихын **қай дәуір, кімнен** бастаймыз, оның себебі не, әдебиет тарихы деп нені айтамыз, XVIII ғасырдағы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінде қандай әдеби **бағыттар** болды, оның **таптық,** әлеуметтік себебі қандай, әдебиеттегі **«бірыңғай ағым»** дегеніміз не, XVIII ғасырдың басындағы ақындардан кімдерді әдебиет тарихына енгізуіміз керек?»[51]

Кеше де, бүгін де, ертең де әдебиеттану ғылымының негізі, қозғаушы күші, мәні мен маңызы болар мәселелер, Ғылыми негіз.

Қажым Жұмалиев осы мақсатта түбегейлі, түйінді бірталай мәселені қамтыды. Әрине, «солақайлықтың қандайына да жол берілмесін» деген Қаулыдан кейін тіпті жанданып кеткен қайсыбір сыңаржақтың салқыны, көлеңкесі Конференцияның барысынан мейлінше байқалады. Жұмалиев пікірлеріне де сол таңба айқын, басым түскен түс жоқ емес. Саяси тұғырларға мән көбірек берілді де, ағымдар, сарын, бағыттардың ғылыми қисындары қағаберіс қала берді.

Ежелгі **зар заман ағымы ұ**ғымына ұзақ жылдар мойын бұрмағандай көрінгенімен, ол әр атауда, әр күйде әдебиеттану ғылымының даму барысында көп сөз болды. Бірақ **ағым, бағыт, сарын** дегендер түбегейлі айғақталудан алыс болды.

Таптық әдебиет, әдебиеттегі тапшылық деп дүркіреп тұрған уақытта отаршылдық дәуір әдебиеті бар қалпымен тұтас алынып аталған «зар заман» атауынан безгеніміз рас, өйткені пәлесі көп еді...

Енді зар заман дәуір ме, ағым ба, бағыт па, сарын ба дейтін сұрақ төңірегіне ойысып көрелік. Басын ашып айтар жай: зар заман атауы осы ұғымдардың барлығына да анықтама болып келеді. М. Әуезовтің қолданысында зар заман - дәуір, зар заман - бағыт,

[51] Әдеби мұра және оны зерттеу. - А., 1961. - 94-бет.





зар заман - ағым, зар заман - әдебиет, зар заман - сарын.

Зар заман өкілдері кіретін әдебиеттің өзгеше сипаты болғанын, өзіндік беті болғанын қалай айтқанына қарамастан, ғалымдарымыз әр уақытта да айырып, ажыратып, анықтап айтып отарды. Кейінгі, сол зар заман әдебиеті дәуіріне кіретін әдебиетті бағалау, саралауда да ағым, бағыт, сарын сапырылыстыра қолданылады. Ол өзі заңды да.

Енді сол қандай заңдылық, теориялық тұрғыдан қандай қисындарды негіз етуге тиіспіз дегендерге жүгініп көрейік. **Сарын** дегеніміз біздің әдебиетте қай ұғымда қолданылады; ағым ұғымының мәніне: **бағыт** қандай жағдайларға қатысты? Бұл атаулардың, ұғымдардың қолданыста бар екені, ондаған жылдардан бері әдебиеттің өзіндік бет-бағдар, көркемдік, идеялың ерекшеліктердің, сипаттарын бекіту, айғақтау мақсатында, мәнінде айтылып келе жатқаны даусыз. Байқап барласақ, үңіле қарастырсақ, бұлардың тек жалпы мәнде емес, өзіндік жалқы мәнде қолданылатынын, сонан барып қайсыбірі, кей тұста жалпының да жүгін көтерісуге ауысып отыратынын сезіну, тану қиын емес.

**Ең әуелі - сарын.** Сарынға дәстүрлі, көкейтесті мұраттар астар болады. Сарын - мазмұн, идея. Мәселен, қазақ әдебиетінің тарихында оның бар дәуіріне қатысты, үзілмеген, желілі дәстүрлі сарындар аз емес. Ұлт-азаттық, діни, діни-ағартушылық, адамгершілік, ұлтжандылық, т.б.

Сарын - идея, мақсат дегенімізді, әдеби түр емес, мазмұн, мән, астар-әуен, хал-күй, насихат, үгіт, қоғамның жайы, адамның күйі екенін Б. Кенжебаевтың Алтынсарин қазақ әдебиетіне орнықтырған жаңа мазмұн, мәнге орай айтылған мына пікір айғақтай түсетіндей. «Ыбырай, оны іле-шала шыққан Абай - қазақ халқының жаңа әдебиетіне, яғни европалық стильдегі әдебиетке негіз салды, қазақ халқы

әдебиетінің тарихында жаңа сарын туғызды. Бұл сарын - жігерленіп, тіршілікке ұмтыл, өмірге төзімді бол, таланты іске кіріс, атаңның баласы болма, адамның баласы бол деп жырлаған еді. Бұл сарын замана ағымына қарай халықты өнер-білімге, мәдениетке шақыру, жаңалыққа бой ұрғызу, алдыңғы қатарлы елдердің мәдениет белесіне теңестіру, орыс, батыс елдерінің мәдениетіне жақындату, жетілдіру мақсатын көздеген еді. Бұл сарын біздің XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетіміздің негізгі сарыны, басты бағыты болды»[82].

М. Әуезов сарын атауын мән-мазмұн, астар, идея мағынасында қолданады. Оған белгілі бір кезең сипат, әдеби көрініс деп қана емес, кең ұғыммен келеді. Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын талдай отырып: бұл толғауды туғызған да жаңағы сарын. Келешек қандай күйлер әкеледі? Не сыбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер қайысқан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібіткен аналар аңырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуы мүмкін[53]. Сарынның бағыт мәніне ұласуы Әуезов талдауларында да кездесіп отырады. «Сол сұрақ, сол жұмбақ, жүз жыл бойында қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыт - зар заман[54].

Әуезов қолданысында сарын алуан түрлі қалпымен қалқып шыққан. Мұң, зар сарыны, әлеумет қамын сөйлеу, шарт сарыны, қайғылы, қаралы сарын, жоқтау сарыны, күй сарыны, әлеуметшілдік сарын, ойшылдық сарыны, дін сарыны, діншілдік сарыны, күдік, сыршылдык; сарын, т.б.

Әуезов қолданысында ағым атауы да, сарында, бағыт та, дәуір де, әдебиет те зар заман анықтамасымен қо-

[52]Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. - Алматы: Жазушы, 1986. - 159-бет.
[53]Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Анатілі, 1991. - 204-бет.
[54]Сонда, 201-бет.





сақталып жүретінін айттық. Бірақ ғалым әрқайсысын аса бір дәлдікпен, ішкі түйсік-сезіммен тек өз орнында қолданып отырғанын байқамау мүмкін емес. Сапы аса бір дәлдікпен, ішкі түйсік-сезіммен тек өз орнында қолданып отырғанын байқамау мүмкін емес. Сапырылысып жатқандай көрінгенімен, әр сөздің мәні зор.

Әр тұжырымның теориялық тұғыры бөлек. Сол қилысарынды зар заман атымының қанатының астыаа тұтас жиып: «Енді сол дәуірдегі зар заман ағымына кіретін кім?» - деп, мәселе қоюының өзі осы пікіріміздің айғағы.

**Сарын ұғымы** - бірде дәуірге де, әдеби әдіске де, бағытқа да бағынбайды, бірде ол әдеби ерекшелігі сараланған ағымның бір ерекшелігі, бір көрінісі. Сарын бағытта да, ағымда да міндетті түрде болады. Ол бірде тар, бірде өлшеусіз кең ұғым есебінде қабылдануға тиіс.

**Ағым ұғымы** жайлы тұжырым жасау да оңай емес. Біршама қарастырғанда бұл мәселеде көз жеткізгендей болған түйініміз: ағымда бірнеше сарын болады. Әдеби әдіс, тәсіл де бірнешеу.

**Бағыт** - біреу. Жалпы, аса таратылып, жіктелмегенімен, әр жылдардағы ойлар жиынтығы (әдебиеттану ғылымындағы. - *Қ. М.)* сарынның не, бағыттың не, ағымның не екенін дәл ажыратып, тұжырымдауға негіз болады.

Әдебиеттегі сарын адамның, қоғамның талап-тілегі, мұң-мұқтажымен үндес ұғым. Жершілдік сарын, Күрескерлік сарын, отаншылдық, азаттық, діни, т.б. Сарынның әлеуметтік-саяси қырлары көп болғанымен, ол - өз алдына бағыт емес, белгілі бір әдеби, саяси бағыттың идеялық күйі, ағымның көп қырының бірі. Ағым ұғымы көбіне әдебиеттің әлеуметтік, тарихи, саяси сипаттарын негіздеп, бөлектеп көрсететін әдеби түр, көркемдік ерекшелік-сипаттарға тұтас қарағанда қолданылады. Мәселен, әдебиеттегі діни сарын, діни ағым дегендердің мазмұнында ұқ-

састық болғанымен, мәні, көрінісі қилы-қилы; айырмашылықтар ажыратып жатар тұстары аз емес.

Тағы бір айта кетер жай, жалпы қазақ әдебиетіндегі бағыт, ағым атаулының ажыратылып айта бастауы XIX ғасырда жатқанымен, ғылыми негізде қарастырылуының өзі зар заман әдебиетін айғақтаумен бірге ғана басталған сияқты. Мұның өзі - айрықша қызық құбылыс. Жазба әдебиеттің пайда болуымен тығыз байланысты ерекшелік. Ендеше, бағыт, ағымдардың айқындалып, әдеби өмірге енуінің шартының бірі - әдебиеттің жазба түрге көшуі. Зар заман - қазақ әдебиетінің «кезең асқан дәуірі». Ағым, бағыттар онымен бірге туды. Ендеше, зар заман ағымы - қазақ әдебиетіндегі бар ағым атаулының, бұрын-соңды байқалып, бекіген ағымының (түрі) басы. Әдебиеттің жаңа сипаты түрлі теориялық негіздермен ғана бекитінін есте ұстасақ, бұл пікіріміз негізсіз емес сияқты. Жаңа әдебиет, жазба өдебиет әдістен, түрден жаңа мақсаттан туды. Туды да сол ағым, бағыт, әдіс, бет құбылыстарын негіздеді, орнықтырды.

Әуезов зар заманды бағыт, ағым, сарын, тұтас дәуір есебінде атағанда, әрқайсына арнайы, бөлек тоқталды. Өз мәнін беріп айтатынының бір ұшы осы жайларда жатыр. Ғалымның зар заманды жазба әдебиетпен, соның мәнімен, өзгешелігімен негіздеуі кездейсоқтық емес.

Шығармаларындағы ортақ сарын, ортақ бағыт тұтас бір дәуірдің ақын-жырауларын бір ағымға зар заман ағымына қосты. Сарын мен ағым бір бағытқа - зар заман бағытына теліді. Бағыт пен ағым бір сарынға, бір күйге бөледі, зар заман сарынымен гөй-гөйлетті.

Көріп отырғанымыздай, бұл ұғымдар бір қарағанда - дара, бір қарағанда - біртұтас. Ара-жігін ашып тастау мүмкін еместей көрінеді. Бірақ олардың ара-жігі айқын. Сарынның бағыт, ағымсыз болуы, белгілі бір кезең қыспағына сыймай жатар тұстары бар. Ал





ағым белгілі бір дәуірге, оның саяси ахуалына тәуелді. Бағыттың да әдеби ерекшеліктер жағынан (романтизм, реализм, т.б.) әр дәуірде болуы табиғи, ал ағым - кезеңдік құбылыс. Мәселен, діни ағартушылык ағым, т.б. Ал бір тиянаққа келу үшін жүгінер төрелік аз емес. Соның бірі осы сарын, бағыт, ағым атауларының тілдік ұғымдары жағынан келсек үшеуінің өзгешелігін байқау қиын емес. Мәнінен келіп қарастырсақ:

Бағыт - қандай? - сын есім.
Ағым - қандай? калай? - сын есім, үстеу.
Сарын - не? - зат есім.

Бағыт, сарын бар тарихқа тән болса, ағым - белгілі бір кезеңнің саяси тұрпатынан келіп шыққан мазмұн, түр.

1. **Бағыт** - әдеби, әдіс-тәсілмен бекіген саяси бет.
2. **Ағым** - белгілі бір кезеңнің немесе тұтас дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайынан келіп туған, көркемдік, тақырыптық жақтан ерекшеленген әдеби құбылыс.
3. **Сарын** - дәстүрлі, көкейтесті мұраттарды алға тарту. Мазмұн. Мән. Идея.

Бұл үш ұғым бірімен-бірі бірлікте, біріне-бірі көп жағдайда тәуелді. Зар заман әдебиетінде бет, бағыт, ағым-сарын қосқабат өріліп, тұтас бір дәуірдің өзгеше сипаты түскен көркемсөз әлемі ретінде көрініс тапты.

Бағыт - әдіс, тәсіл, стиль, бет.
Сарын - идея.
Ағым - әдіс, идея, түр.

Әрине, мұндай жадағай құрғақ қисын, қиюластырудан бұл ұғымдардың мәні бітпейді. Сондықтан қайсыбір теориялық тұжырымдарға жүгініп көрейік.

Академик Зейнолла Қабдолов ағым, бағыт ұғымдарын жан-жақты негіздейді.

«Стиль - өнер ерекшелігі. Әр стиль - бір-ақ суреткердің өнеріне тән ерекшелік. Ал осындай өнер ерекшелігі бір емес, бір топ суреткерге тән болуы мүмкін бе? Әбден мүмкін. Әдеби ағымды дәл осы тұрғыдан пайымдау керек»[55].

Ендеше біздің әдебиетімізде бір дәуірдің бір топ суреткері ортақ ерекшелік, өзгешелігімен туғызған, жасаған зар заман ағымы болды, бар.

«...Әр жазушының әрбір жеке шығармасында болатын мазмұн мен пішіннің бірлігі бір емес, барлық шығармасына тұтас ауысқан тұста оның стилі танылады. Ал осындай мазмұн мен пішіннін, бірлігі бір шығарма ғана емес немесе бір жазушының барлық шығармасы ғана емес, бір топ жазушының бүкіл творчествосына тән болуы мүмкін бе? Әбден мүмкін. Әдеби ағымды дәл осы тұрғыдан тану керек. Бұл жазушының бірнеше шығармасы ғана емес, бір топ жазушының бір алуан шығармасында өзара ұқсас сипаттар, сыбайлас сырлар жатады. Мұндай сыр мен сипаттар әр жазушы өз шығармасына әншейін қолдан жасап, жапсыра салмайды. Мұндай өзара ұқсас сыр мен сипатты бір топ жазушының бір алуан шығармасына мезгілдің, олар өмір сүрген дәуірдің өзі дарытады»[56]. З. Қабдолов тұжырымдарында:

- әдеби ағым - идеялық-көркемдік бірлік;
- әрбір әдеби ағым - әр дәуірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі;
- әдеби ағым - тарихи категория: белгілі бір қоғамдық жүйенің белгілі кезеңдегі белгілі саяси-әлеуметтік сипатына сәйкес туады да, сонымен бірге дамып, бірге жоғалып отырады.

Жалпы, әлем әдебиеттану ғылымында күні бүгінге шейін **әдіс, бағыт, ағым** жөнінде қилы қисындардың қатар келе жатқанын есте ұстай отырып, бірде

[55]Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 324-бет.

[66]Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 324-бет.





біртұтас қарастырылып қалып жүрген әдіс, ағым, бағыт ұғымдарының даралық сипаттарын қосып жіберуден сақ болғанымыз жөн. Әдіс, ағым жөнінде әлем әдебиеттануында түрлі пікір бар. Дау, талас та көп.

Әдіс - әдебиеттің жасалу мәні, тәсілі. Біздіңше, әдеби бет, бағыт ретінде әдіс, тәсіл дегенді қолданған жөн сияқты. Мәселен, социалистік реализм әдісі, романтизм, натурализм, т.б.

Ал қазақ әдебиетінің тарихында сөз жоқ, жалпы теорияға қатысты болғанымен, белгілі бір құбылыстардың өзіндік ерекшелік, сипат, атауы болуы заңды. Мәселен, зар заман ағымы - скорбизм. Басқа елдерде заманына сай, саяси жағдай, көркемдік талғамына сай қалыптасқан түрлі әдеби ағымдар сияқты, зар заман - қазақ тарихына, қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігіне байланысты туған құбылыс, ағым. Ағымға берген теоретиктердің анықтамасын тұтастай негіздейтін әдебиет.

Шортанбай, Мұрат, Дулат, Әбубәкір, Нарманбет шығармашылығы ерекшелігі - сол зар заман әдебиетінің ерекшелігі.

Ағым, әдіс, стиль төңірегіндегі айтыстарға академик З. Қабдолов мынандай төрелік айтады:

«Жоқ, әдісті ағыммен алмастыруға да, стильмен шатастыруға да болмайды. Неге десеңіз, - стиль мен ағын тарихи категориялар болса, әдіс олай емес, стиль мен ағым қайталанбайтын құбылыстар болса, әдіс - қайталанып отыратын құбылыс, стиль мен ағым құбылмалы нәрселер болса, әдіс - тұрақты нәрсе...»[57]

Түрлі қисындардан келіп шығатын ағым мәні қайсы десек, ол ұғымның бірнеше өзгешелігін стиль, әдіс, жанр, әлеуметтік мән, т.б. құрайтынын көреміз.

Профессор Рымғали Нұргалиев ағым, бағыт мәселелерін қарастыруда оның аса көкейтесті теориялық мәселе екенін атап айтады: «Эстетика - әдеби әдіс,

[67] Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 342-бет.

әдеби бағыт, ағым проблемаларына бойлауды талап етеді. Қазіргі әдебиеттану ғылымында әрі актуалды, әрі даулы теориялық мәселенің бірі - әдеби ағым және әдеби әдіс проблемасы»[58].

Осы проблемаларды белгілі бір дәуір әдебиетіне - зар заманға бүрсақ, көп мәселе ол тұстан да қоздап шыға келеді. Ол әдебиет, әрине, белгілі бір дәрежеде бекіп, сараланған әдебиет. Осыдан отыз жылдай уақыт бұрын ғалым Ханғали Сүйіншәлиев сол әдебиет туған дәуірге, сол әдебиеттің жасалу жолдарына, әдіс-тәсіліне, бағыт-бағдарына салмақты да сабырлы сипаттама бергенін де атап өтуге тиіспіз. Ол баға жиырмасыншы жылдары, отызыншы, қырқыншы, елуінші жылдары берілген бағаларды ғылыми негізділік, дәл айырып, нақтылық, таза көркемдік талғам тұрғысынан толықтыра түскен, көп науқаншылықтың кезіндегі жадағайлықтан аулақ пікірлер еді. Бірақ сол әдебиет ерекшелігін ағым, бағыт тұрғысынан бағдарлауда ғылыми бойлау, саралау тереңге тартқанымен, пікірлерде саясат табы жатыр[59 * *].

Ғалымның әдебиеттану ғылымында романтизм сарынына телініп келген Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір шығармаларының реалистік сипаттары жөнінде айтылған пікірлері - күні бүгін тереңдете талдап, негіздеуді қажет етіп жатқан тұс. Реализм, дәстүрлі реализм аясында батыл қарастырар шақ әлдеқашан туды. Сырт елдердің әдебиеттану ғылымындағы түрлі қисын, шарттылықтарды тұтасымен өзімізге жабыстырудың енді қажеті жоқ. Қазақ әдебиетінің тарихында жүз жылдық дәуірдің ар жақ - бер жағын қамтыған ерекше сипатты әдеби бағыт, бөлекше тұрпатты әдеби арна - **зар заман ағымы** болды. Ол - тұтас атасақ - зар заман әдебиеті. Айырып атасақ - **отаршылдық дәуір әдебиетіндегі зар заман ағымы.** Оның ғылыми

[58] Нұрғалиев Р. Телағыс. - Алматы: Жазушы, 206-бет.
[59] Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. - А.: Қазақстан, 1967.





тұрғыда бекуі XIX ғасырдың соңын ала басталып, күні бүгінге жалғасып келе жатыр.

Қазақ әдебиетінің тарихында Мұхтар Әуезов жүз жылдық дәуірді қамтиды деген **зар заман ағымы, зар заман бағыты, зар заман сарыны** XX ғасырдың өн бойында атауы орнықпағанымен, мән, мазмұн, бет, түр жағынан қарастырылып, бөлініп, анықталып келеді.

Бұл әдебиеттің қилы атауы болды. Соңғы уақытта М. Мырзахметов тұтас отаршылдык, дәуір әдебиеті деп атауды ұсынғанын айттық. Ілгерідегі қарастырулар, осы төңіректегі қайсыбір ізденістер бізге басқа қисындардың басым екенін байқатты.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесі бір жөнге келіп, сараланып та қалды. Ежелгі дәуір әдебиеті, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, XIX ғасыр әдебиеті, XX ғасырдың басындағы әдебиет, қазақ кеңес әдебиеті.

Соның өзінде әдебиет тарихын дәуірлеуді қай кезеңдерден бастаймыз деген мәселеде кезінде академик Әлкей Марғұлан «Әдебиетіміздің ескі тарихы жаңа аяқтанған бота секілді, жаңа ғана аяқталып келеді. Халық бір кездерде жасаған әдебиет үлгілерін тарих түкпірінен аршу керек»[60], - деп меңзеген біздің ерте замандағы көшпелі тайпалар (сақ, ғұн, үйсін) әдебиеті мәселесінің қазірде көкжиегі көтеріліп отыр.

Қытайдағы қазақ ғалымы Зейнолла Сәнік[61] сол дәуірлерден сақталып жеткен нақтылы, жазба әдеби мұраның аса молдығы жайлы дәлелді негіздерге сүйене отырып хабарлама жасады.

Әлі де қарастыра түсер қыруар шаруасы болғанымен, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі қазіргі қалпында да біршама жүйеге келген, орныққан тұжырымдарды негіз етіп отырғанын да айту парыз.

[60] Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы: Жазушы, 1986. - 325-бет.
[81] Сәнік З. Тарих тұнығы тереңде. «Жұлдыз», № 3, 1993.

Әдебиет тарихында қайсыбір дәуір бірнеше ғасырды қамтып, оның өзі іштей бірнеше дәуірлерге бөлінгені де бар. Мәселен, Ежелгі дәуір әдебиеті. Ал қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет - біртұтас әдебиет, негізінен жыраулар поэзиясы ретінде қарастырылды.

Ал ағым, бағыт, сарын - сол әдебиет, сол дәуірлердің - саяси беті, әдеби стилі, дәстүрлі арнасы, мұрат-мақсаты, жаңалық беті. Сол тұрғыдан келгенде олардың әзірге ашыла, айқындала, беки қоймаған тұсы көп. Қилы саяси науқандарда бекіттік дегенімізбен, әдебиеттің, тарихтың даму ақиқаты бағынбай, бекімей қалған арналар: ерекшелік, өзгешелік, сипаттар.

Тұтас бір дәуірдің хал-күйін өзгеше түр, өзіндік стиль, белгілі мақсат, бағыт, негізгі сарындармен әдебиетке түсіретін құбылыс - әдеби ағым. Сол тұрғыда Шортанбайдың, Дулаттың, Мұраттың, Нарманбеттің отаршылдық ойранына қарсылық, наразылық, мін, сын мәнінде туған; халықтың қасіретін өлеңге түсірген, саяси сұмдықтардың сипатын, діни қысым, қоныстан айыру, тұрмыс күйін аздыру, әкімшілік биліктен тайдыру, адамгершіліктен азу, т.б. жақтарын сан қырынан ашқан поэзиясы, түрі, тұрпаты, сарыны, мақсаты тоқайласып, бірігер тұсы - зар заман ағымының негізі.Бұлағым - Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің, жарты ғасырдан астам уақыттың, XIX ғасыр әдебиетінің тұтас бір арнасын, XX ғасыр басындағы әдебиеттің елеулі бөлігін қамтып жатқан ағым. Ондаған, жүздеген өкілінің әрқайсысы арнайы зерттеудің арқауы болып, сан қырымен көп сырымен ашылған сайын зар заман ағымы да айқындала, беки түсері даусыз.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы аса елеулі, саяси мән жағынан болсын, өлең өзгешелігі жағынан болсын айқын тұрған осы бір ағымның зар заман ағымы атауын орнықтырып, бекітіп, тұтас алып қарастыруға негіз де бар, әдеби мұра үлгілері де ұшан-теңіз.

Зар заманның айтулы ақыны Шортанбай Қанайұлының шығармашылық мұрасы - сол үлкен әдебиеттің (зар заман әдебиетінің) аса айқын үлгісі.



***Жұмағұлов Айтбай Ботпайұлы,***
*Е.А. Бөкетов атындағы*
*Қарағанды мемлекеттік университеті,*
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,*
***Әбдіғаппар Ақжарқын Жұмағалиқызы***
*Е.А. Бөкетов атындағы*
*Қарағанды мемлекеттік университеті,*
*студент*

# ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ МЕН СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫРЗАМАН БЕЛГІЛЕРІ

Әдебиет - қашаннан да тәрбие құралы. Әдебиет деген атаудың өзі айтып тұрғандай адамзат баласын әдеп пен ізгілікке, имандылық пен адамгершілікке үндейтін көркем туындылар жинағы. Ежелгі Ислам дәуіріндегі әдебиет өкілдерінің шығармашылығы дидактикаға негізделген. Бұндағы басты мақсат адамзатты Ислам әдебиетінің құндылықтары арқылы жақсылыққа шақыруы еді. Сүлеймен Бақырғанидың «Ақырзаман туындысында адам баласының бойындағы жаман мінез-құлықтар мен ауыр күнәлардың салдарынан Алла тағаланың зардабы келетінін ескертіп, өзі өмір сүріп отырған ортаны жат қылықтардан арылып, ізгі амалдар жасауға шақырады. Кейінгілерге де соны үлгі етеді. XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы шығармаларында да жоғарыда айтқандай қазақ даласындағы жат қылықтардың ел мен жердің бұзылуына әкелетінін, ондай жат қылықтардан аулақ болу керек-

тігін ескертіп, туған халқына ізгілікке өсиеттер қалдырған болатын.

Қиямет-қайым - діни сенім бойынша жер бетіндегі тіршіліктің күл-талқан болып күйреуі, құруы [1,504]. Қиямет сөздікте «түрегелу, тік тұру, аяғынан тік тұру» деген мағыналарға келетін қиямет термин ретінде «күллі ғаламдағы тәртіптің бұзылуы, барлық нәрсенің быт-шыт болып, астан-кестені шығып жойылуы, жойылған және өлген нәрселердің қайтадан жаратылып, тірілтіліп, аяғынан тік тұрғызылуы, сонан соң махшар майданына қарай бет алуы» деген мағынада келеді. Басқаша айтар болсақ, қиямет жалпылай өлімнен кейінгі жалпылай тірілу деген сөз [2,234].

Ақырзаман, заманақыр - адам баласының және бүкіл әлемнің ең соңғы тағдыры туралы ерте замандардан бері қалыптасқан түсінік. Әділдік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың, жарық пен түнектің көрінбейтін, жасырын күресінен бастау алады. Жер бетінде имансыздық пен зұлымдық ниеттің басым күш алуы Ақырзаманды, яғни адамзат ұрпағының түгелдей апатқа ұшырау сәтін жақындатады-мыс. Қиямет күні - ислам бойынша Ақырзаман дегенді білдіреді. Ақырет Күні - адамдардың сый немесе жаза алу үшін және есепке тартылу үшін қайта тірілетін күн. Оның бұлай аталу себебі, өйткені одан кейін күн жоқ, ол - ақырғы күн. Яғни жәннаттықтар - мекеніне, тозақтықтар өз мекеніне қоныстанатын күн деген сөз [3].

Құран Кәрімде қияметтің болатындығын шәк-шүбе келтірмей-ақ сену керектігін баяндаған және қияметке байланысты жағдайларды ашықтайтын көптеген аяттар бар [2,235].

Құран Кәрімде қиямет күні «сағат», «уақыт», (қайткенде де іске асатын уақиға), «әт-тәммәтүл кубра (ең үлкен бәле мен бәлекет), хаққа (шын болған)», «ғашия (бар үрей күшімен адамдарды қоршап алатын)»,





«қариа»(есікті қағатын шындық)» сынды атаулармен тілге тиек етілген.

Қиямет күні әлі үрей мен қорқынышты оқиғалар іске аспай тұрып барлық мұсылмандардың жаны алынады, содан соң қияметтің қорқынышты көріністері іске асып, кәпірлер мен жамандар сол бәлекетке душар болады [347.Бухари, Фитән, 5; Мүслим, Фитән, 53; Ибн Мәжө, Фитән, 24.].

Қияметтің қашан болатынын тек Аллаһ ғана біледі. Бұл туралы Хазіреті Пайғамбар да,оған уахиды жеткізген Жәбірейіл де, уақыт-сағаты келгенде Сурды үрлеуге міндетті Исрафил де мұны білмейді. Аллаһ Тағала қияметтің болатын уақытын тек Өзі ғана білетіндігін көптеген аяттарда білдірген:

«Расында қиямет күннің мәліметі Аллаһтың дәргаһында» [348.Лұқман, 31/34].

Мұсылман үшін маңыздысы қияметтің қашан болатынын білу емес, ол іске асқанда бастайтын мәңгілік өмірге тиісінше дайындалу. Қияметтің қашан болатынын білу мүмкін емес. Бірақ Хазірет Пайғамбар кейбір хадистерінде оның жақындағанының белгісі ретінде істердің хабарын берген. Дәл осындай Пайғамбар с.ғ.с, хадистеріндегі белгілерді біз Йассауидің ақындық мектебінің ең көрнекті өкілінің бірі, XII ғасырда өмір сүрген гуманистік бағыттағы ой түрлерін ислам діні қағидалары тұрғысынан түсіндіруге әрекет жасаған Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылығы мен XIX ғасырда туған елінің тарихын жырлап өткен қайталанбас ақын Шортанбай Қанайұлы шығармаларынын, үндестігінен көреміз.

Пайғамбарымыздың, с.ғ.с., хадистерінде қияметтің Кіші және Үлкен белгілері жайлы хабарлар берілген. Хадисте Кіші белгілерінің біріншісінде «ғылымбілім азайып, надандық етек жаяды», - делінсе, XII ғасырда өмір сүрген Сүлеймен Бақырғанидың еңбегінде Ақырзаман болғанда білімсіздік, ғылым сүйер ғалымдардың болмауы надандықтың етек жайып

бара жатқандығы жырланады. Сүлеймен Бақырғани Ақырзаманның бірінші белгісі жайында былай деп жырлайды:

Заман ақыр болды көргін достар,
Ғалымдар ғылымын сатар болды,
Қай үйде ұлы-қызы болса ғалым,
Жаға ұстап сыртқа атар болды [4,110].

Сүлеймен Бақырғани жырларындағы заманның құбылып, әбесті қылықтардың белең алып, ортаның азуына байланысты ой-толғамдары XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы шығармашылығында үндестіктік тапқан. Шортанбай ақын:

Енді заманақыр боларда,
Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп,
Бір-бір жаулық орасып,
Бірінің айтқан сөзіне
Бірі тұрар ұнасып,
Үлкен ғалым молда десін деп,
Насихатқа таласып [5, 135.].

Барлық адам баласы жаратылысында бірдей болып тумайды. Оның бірі - дана, көреген, адал өмір сүрсе, енді біреулер - надан, теріс жолда өмір сүреді. Бұл жөнінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде қияметтің Кіші екінші белгісі ретінде хабарлайды. Хадисте: «Арақ-шарап ішу және ойнастық жасау әшкере жасалатын іс болады», - делінген [2,237].

Бұл белгі жөнінде Сүлеймен Бақырғани «Ақырзаманында» былай деп айтып кеткен:

Ер мен әйел харабатта шағыр ішкей,
Білер екен,білмес секілді істер еткей,
Дүние ішінде менмін деп кекірейіп жүргей,
Одан артық тағы ғажап кереметтері бар [4,402].





Осы мазмұндағы Ақырзаман белгісін Зар заман ақыны Шортанбайдан да кездестіреміз. Шортанбай ақын:

Заманақыр кезінде
Қойынында қатын жатпады,
Ұрса тілін тартпады.
Күнәсі асқан бұл пенде
Құдайдан әсте қорықпады [5,26.].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) енді бір хадисінде ақырзаманның төртінші белгісі ретінде адамдар өмір сүріп отырған қоғамда «әділеттілік пен қабілеттілік жоғалып, харам мен халалға мән берілмейтіндігін» [2,237] айтады. Ал Сүлеймен Бақырғанидың хикметтерінде былай делінген:

Ізгілік өшті, шапағат кетті,
Күнәнің көптігінен бәле артты,
Харам белең алып, айыбы артты,
Осылайша дін істері өшер болды [4, 36].

Бақырғанидың адам бойындағы ізгілік болмауы, харам мен халалға жол бергендігі жайлы өлең жолдары Шортанбай Қанайұлының ой-пікірлерімен үндесіп жатыр. Мәселен, Шортанбай Қанайұлы «Зар заманның сөзі осы» өлеңінде ұрлық-қарлық, өтірік сөйлеу, адамдардың харам істермен айналысатынын және ол белгілердің, тіпті XIX хасырдың өзінде көрініс тауып жатқанын айтқан. Оны мына жолдардан дәлел ретінде көрсете аламыз:

Зар заманның сөзі осы,
Ұрлық қылып мал жидың,
Өтірік сөйлеп жан жидың,
Ойлап тұрсам жігіттер,
Не қылса құдай еп екен! [6,36].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіндегі Ақырзаманның Кіші белгілерінің бесінші белгісі ретінде балаларының «әке-шешесіне қарсы тұруы және әйелдерге бағыну көбейетіндігі» [2,237] айтылады.

Бұл сияқты этикалық-дидактикалық сарындағы жыр үлгілерін С. Бақырғанидың хикмет-өлеңдерінен көптеп келтіруге болады.

Ұл-қыз тыңдамайды атасын,
Мейірман бауырмашыл анасын,
Еш көңіл дүние үшін ұясын,
Көтеріп ап жанған отқа атар болды [4,36].

С. Бақырғани әйелдерге бағыну жайында:

Ұят қалмас жүзінде,
Мейір қалмас көзінде,
Шайтан болып әйелдер
Ерлеріне шығар-ә [4,25].

Дидактикалық-философиялық сарындағы өлең жолдарын XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлынан да молынан көрініс тапты. Ақын:

Бұл асылық, асқан заманда,
Ұл туады атаменен егесіп,
Қыз туады анаменен теңдесіп,
Баласы кетіп тыюдан.
Масқаралар таймайды
Жас сыйласып тұрудан.
Адал зада баланы
Таба алмайсың рудан.
Ұлың киді дүрия,
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүния.
Қызың киді биқасап,
Тергеп кимей байқастап,
Кешкі тұрым болғанда
Құлан менен бұландай
Үйде тұрмас ойқастап [5, 28].





Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде ақырзаманның жетінші белгісінде «адам баласына деген сыйқұрмет пен мейірімділік тым азаяды да насихаттарға құлақ аспайтын болады» делінген [2, 237].

Ақырзаманның осы бір белгісін сопылық-дидактикалық әдебиеттің негізін салушы С. Бақырғанидың хикіметінде мейірімсіздіктің етек жаюы, адамдардың тасбауыр болатынын айтады. Бұл сөзімізге бірнеше мысал келтірейік:

Қиямет келді тағы адам тоймас,
Залымдар пәле көріп пасықтығын қоймас,
Ғалымдар пара алып, көзі тоймас,
Көңілдері тастан бетер қатер болды [4,36].
Айтады үшбу жол - бірлік жолы,
Іші менмендік пен іштарлық толы,
Құрады айла бірлә қулық ауын,
Онымен халықты ауға аулайтынын [4,179].

Ақын Шортанбай болса:

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы - жаннан түңілген,
Жаман - малдан түңілген,
Мұның өзі зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі - тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті,
Тәңірім болғай деместен [5, 26-27].

Ақырзаманның сегізінші белгісі ретінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде былай көрсетілген: «Қалаларға көшу көбейеді, үйлер биік салына бастайды.

Жаман әрі қабілетсіз адамдар сый-құрметке бөленеді де, билік соларда болады», - делінген [2, 237].

XII ғасырда өмір сүрген Бақырғани өз дәуіріндегі билеушілерді сынға алып, елде қабілетсіз, әрі өз пайдасы үшін отырған билеушілерді жырлайды.

Бақуат болар кәпірлер,
Қызмет қылар пақырлар,
Бір арпа нанына
Имандарын сатар-ә [4,25].
Алыс-жақын достарым,
Жиылмайды, бүгін-ә
Мүсәпірлер нұрынан
Жарын алыңдар, бүгін-ә.
Мүсәпірлер сұлтан ол,
Ағар судай рауан ол,
Тән-жан оған құрбан ол,
Көздегені, бүгін-ә [4, 253].

Осы ақырзаман белгілерін XIX ғасыр ақыны Шортанбайдын, «Зар заман» толғауында өз үндестігін тапқан.

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды.
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды.
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды.
Ниетіне қазақтың
Тым-ақ тәуір еп болды -
Заманақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын! [5, 24].
Заманақыр боларда
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,





Мініп кірер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты [5, 25].

Ал биік үйлер сала басталатыны жайлымына жолдардан байқауға болады.

Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақымдап,
Елді еркіне қоймайды
Буыршындай тақымдап [5, 25].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіндегі сегізінші белгінің бірі қалаларға көшіп, биік үйлер салынатыны мына өлеңдерінде де кездеседі.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде ақырзаманның оныншы белгісі ретінде «Ысырап көбейеді, дүние мал-мүлкі және мүддесі ақырет бақытынан артық көрілетін күйге түседі», - деп айтылады. Ақырзаманның осы көріністер Сүлеймен Бақырғанида да кездеседі. Хакім ата дүниеқор адамның өмірін күл талқан ететінін сондықтан. Сен дүниеде мәңгі қаламын деп ойлама, сондықтан да дұрыс өмір сүру жайлы айтылады.

Бұл сөзімізге дәлел ретінде мысал келтірсек:

Ей, көңіл діліңді байлама [жалғаншыға]
Көпті көрген дүниеқор.
Қу өлімнің шәрбатын
Халыққа ішкізген дүниеқор.
Ұлды атадан айырып,
Қызды анадан тағы.
Жылатып әр есікте
Зар еңіреткен дүниеқор [7,168-169].

Сүлеймен Бақырғанидың адамдардың дүниеқорлықтығы және өз мүдделері ақырет бақытынан артық көретіні жайлы ой-пікірлері Шортанбай Қанайұлы-

ның ойымен ұштасып жатқанын көреміз. Шортанбай ақын:

Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей,
Билер жиді параны
Сақтап қойған сүріңдей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей[5, 31].

XII ғасырда өмір сүрген ислам дәуірі әдебиетінің алтын қазығы Сүлеймен Бақырғанидың ақырзаман жайлы айтқан философиялық ой-пікірлері араға жеті ғасырдай уақыт салып, XIX ғасырдың тарихын жырлаған қайталанбас ақын Шортанбай Қанайұлының бізге өсиет етіп қалдырған өлеңдерінде өз үндестігін тапты. Екі ақында өз өлең-жырларында ақырзаманның үрейлі де, жиіркеніштті көріністерін, тайға таңба басқандай, әсерлі түрде суреттей келіп, сондай сұмдықты болдырмау үшін адамдардың қоғамда игілікті іс істеп, Құдайға құлшылық етуге шақырып, мұсылманның парыздарын орындап, болашақ ұрпаққа саналы тәрбие беріп, еліміз үшін еңбек етуімізге үндейді. Сондықтан біз Алланың ақ жолымен жүріп, ақыл-парасатты, тәрбиелі, білімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетер ұрпақ болуымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
2. Озтүрк Хайретин Дәлел-дәйектерімен Ислам ғылымхалы. Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2011.
3. Қазақша wikipedia.
4. Әдеби жәдігерлер. 7-т.: Сүлеймен Бақырғани. Ақырзаман / Құраст. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.





5. Қанайұлы Ш. Қай заман? /Жыр толғаулар, айтыстар, сын-зертеу мақалалар. - Астана: Фолиант. - 288 б.
6. Қанайұлы Ш. Қайран халқым. Заман-ай: жыр толғаулар, айтыстар (1-бөлім); Шортанбай тағлымы: сын-зерттеу, мақалалар (2 бөлім). Құрастырған

К. Жүністегі // Алғысөзін жазған М. Жармұхамедұлы. - Алматы: Раритет, 2002. - 216 бет.
7. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғарғы оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы, (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А. Қыраубаева, ф.ғ.к.). - Алматы: Ана тілі, 1991 жыл.

***Қабылсаят ӘБІШЕВ,***
*тарихшы, ғалым, ұстаз*

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Семей облысы Қарқаралы уезі Әлтеке Сарым болысының белгілі адамы Өтеміс Тоқсарыдан тарайтын Тәңірқұл атасының ақсақалы Қыстаубай немересі Жаныбай баласы Жұман үйіне 1870 жылы күз айында досы Шортанбай Қанайұлы келіп қонады. Сол күні таң ата Жұманның әйелі босанып ұл туады. Жұманда ұл жоқ, шаңырақ иесі дүние есігін ашып, қуанышқа шаттанған ол Шортанбайға атын қойыңыз деп қолқа салады.

Шортекең Ибраһим деп атын қойған екен.

Шілдехана жасалып, Шортекеңе балаға дұға жазып беруді сұрайды. Шортекең жазған дұға, Жұманның үйінде Ибраһимнің бесігіне байлауды тұрған. Кейін ауылда әйел босана алмағанда, балалар ауырғанда осы дұғамен ұшықтайтын болған. «Кейде ат шаптырып алыс жерден ағайындар алғызушы еді», - дейтін менің анам Шайза.

Дұға баладан - балаға өтіп, Ибраһим (Ыбырай - Ыбыш) үйінде, оның ұлы Мұсақанның қолында 1993 жылға шейін сақталды. Менің шешем Шайза 1915 жылғы, осы Ибраһимнің туған қызы 2000 жылы дүниеден өтті.

Мұсақан елге белгілі шежіреші, әңгімешіл ақсақал еді. Смахан Бөкейханов, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машановтармен аралас сыйластықта болды. Елге келген әңгіме іздеген адам Мұсақанға жолығатын. Әмен Әзиевтің бір кітабының кейіпкері және кітап Мұсақан әңгімесінің желісінде жазылған. Оны маған марқум Әмен өзі айтты.

Мұсекең менің анамның туған анасы 1994 жыл дүниеден 93 жасында өтті.

Қараталда Зейнолла Құдашбаев екеуміз 1993 жылдың қарашасында Мұсекеңе сәлем беріп қалдық. Нағашым келіні Айткүлге: «Әлгі дұғаны әкелші», - деп сұрап алды да, маған берді. «Енді сен сақта, қадірін білесің ғой, Ыбыштың ұрпағысың, Шортекеңнің дұғасы шаңырағымыздағы қасиетті зат еді», - деді.

Мен дұғаны алып тұрып: «Е, көкезу сөзшеңдігіңіз Шортанбайдан ауысқан екен ғой», - деп қалжыңдап қабылдап алдым. Содан бұл дұға менде.

Марқұм Ақселеу Сланұлы екеуміз 1994 жылы Жоғарғы кеңестің депутаты болып жүргенімде, Әдебиет өнер институтындағы қолжазба қорына арнайы апарып белгілі көне жазу танушы Мақсұт Шапиғовқа оқытттық. Ол кісі: «Ескі қадиммен жазылған, классикалық дұға», - деді. Қолжазба қорына тапсырмайсың ба деп Ақаң қолқа салды, көнбедім. Мұхтар Әуезов музей үйіне Тұрсын Жұртбаевқа 1996 жылы әдемі жасалған ксерокопиясын түсінік жазып бердім. Кәмел Жүністегі ағамыз ұрпақтан-ұрпаққа жеткен Шортанбай жыраудың қолтаңбасын кітапқа кіргізсін деп көшірмесін беріп отырмын.

***Исина Бақытжан Капановна,***
*Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы*
*Назарбаев Зияткерлік мектебі,*
*мұғалім-модератор*

# ШОРТАНБАЙДЫҢ «ЗАР ЗАМАН» ӨЛЕҢІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР

Шортанбай Қанайұлының шығармалары күрделі де тауқыметті заман сипатын кесек сомдаған сыншылдығымен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңде Шортанбай ақынның көтерген толғақты мәселелерін пайымдап, ой-санамыздан өткізу бүгінгі заманның да кескін-келбетін айқындауға көмектесері анық. Осы тұрғыдан өз кезеңінің өзекті мәселесін қозғаған Шортанбай өлеңдерін оқыту арқылы зар заман келбетін өскелең ұрпаққа таныту мектеп мұғаліміне жаңа міндеттер жүктейді, тың ізденістер талап етеді. Ал Шортанбай танымын мектеп оқушыларының санасына сіңіру - ұстаз алдындағы жауапты іс. Білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер Шортанбай шығармашылығын мектепте оқыту мәселесіне де жаңа талаптар қоюда. Зар заман ақынынын, көзқарастарын саралау бүгінгі заман келбетін тануға, шынайы баға беруге, ұлттық құндылықтарымызды пайымдауға мүмкіндік береді, өйткені ой-санамызда және қабылдаған шешімдеріміз бен әрекетімізде жан-жақты отарсыздану жүріп жатыр. Оны мектеп табалдырығында отырған оқушыдан бастауымыз керек, сондықтан да біз Шортанбайды санамызды отарланудың індеттері-





нен құтылып, отарсыздандыру үшін оқуымыз керек. Шортанбай шығармашылығы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 9 сыныпта 6 сағат оқытылады. Сабақтар интербелсенді әдістемеге негізделіп оқытылып, білім алушыының әрекетін жетекші рөлге қояды. Осы негізде Шортанбай шығармашылығын оқытудың тиімді әдістерін, заман келбетін таныту, өлеңдерінің мән-мағынасын түсіндірудің оңтайлы жолдарын қарастыру, тағылымы мен тәрбиесін ұрпақ санасына сіңіріп, терең зерделеу жолдарындағы әдістемелік ізденістеріміздің кейбір нәтижелері ұсынылмақ.

Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сай Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын оқыту алдымен оқу мақсаттарын саралаудан басталады. Оқушылардың әдебиеттен алатын біліктілік дағдылары жүйелі түрде сабақтасу үшін, қарапайым түсініп жауап беруден бағалау деңгейіне шығу үшін Шортанбай өлеңдерін меңгертуде төмендегідей оқу мақсаттары қарастырылады: «Т/Ж1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні. Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы. Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. Т/Ж4. Шығарма үзінділерімен жұмыс. Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану» [1]. Әдебиеттің түсініп-жауап беру дағдысы күтілетін нәтижеге жетуде маңызды орын алады. Оқушыға ұғым-түсінік қалыптастыру үлкен шеберлікті, қажет етеді. Оқушының ұғым-түсінігінсіз анализ және интерпретация жасау, бағалау және салыстырмалы анализге шығу мүмкін емес. Ондай жағдайда оқушыда жаңсақ пікір қалыптасады. Оқушының түсініп-жауап беруіне қатысты оқу мақсаттарын жүзеге асырудың тиімді жолдарын жеке-жеке қарастырып көрейік. Заман келбетін таныту үшін оқушы мәтінмен таныспас бұрын тарихи деректермен, қа-

ламгердің өмірбаянымен танысып, ол белсенді оқыту әдісіне негізделіп, жұпта өзара әңгімелесу, талқылау түрінде жүзеге асады. Мұнда ең маңыздысы мұғалім тарапынан қойылатын сұрақтар мәселе қозғайтын сипатқа ие болу керек. Мысалы, бір оқу мақсаты бойынша сабақты қарастырып көрейік. Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын меңгерту оқушыға сөз мағынасын пайымдату жұмысынан басталады. Оқушылар сөздікпен жұмыс жасап, «пара», «сұр», «текемет», «азулы», «азусыз», «адал зада», «жөргем» сияқты сөздердің мағынасы талданып, түсіндіріледі. Шортанбай шығармашылығын таныту үшін сабақ оқу мақсатына негізделіп өткізіледі. Мысалы, ақын шығармашылығын меңгертуге арналған алғашқы сабақта «Т/Ж1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні» оқу мақсаты бойынша шығарма мазмұнын меңгерту үшін берілетін тапсырмаларды саралайық: 1-тапсырма Ой шақыру [3]. «Зар заман» сөзін естігенде ойымызға не келеді? Үздіксіз екі минут жазамыз. Оқушылар тапсырманы дәптерге орындайды, ойларын үзбей 2 минут жазады.




Топта талқылап ортаға салады. Сыныпта ортаға салады. Әдетте зар заман ұғымына ой шақыруда оқушылар айтатын ықтимал жауаптарда мынадай мысалдарды келтіреді: «қысым, заман ақыр, қиындық, бұзылған заман, азғындалу, күйзеліс». Бұл жеке аталған сөздерден ұғым туғызу үшін жетекші сұрақтар қойылады: Мысалы, «Қысым неліктен болуы мүм-





кін? Кімдер қысым көреді?» деген сипатта қойылып, тақырыпқа қатысты маңызды ұғымдар талқыланып, оқушының ой-өрісін дамыту көзделеді. Осындай ой шақырудан кейін сабақтың өн бойына өзек болатын проблеманы айқындау кезеңінде мынадай сұрақтар қойылады.

XIX ғасыр ақындарының жанын жегідей жеген қандай толғақты мәселелер болды деп ойлайсыздар? Ақындардың зарлауына не себеп болды?

Заман бейнесіндегі өзгерістерді не арқылы тануға болады? Алдымен, оқушылар жеке ойланып жазады, содан соң топта талқылайды.

2-тапсырма:

Топтарға «Зар заман» ақындары жөнінде қысқаша мәтін таратылады. Мәтінді оқып танысады. Тобымен кеңесе отырып, зар заман ұғымына қатысты 3 маңызды ақпаратты анықтайды, тарих пәнінен алған білімдерін қолдана отырып, дәлел келтіреді. Төмендегідей кесте ұсынылады. Оқушы маңызды деп тапқан ақпараттарды дәлелдеу үшін мұғалім тарапынан кері байланыс беру арқылы, жетелеу сұрақтары арқылы төмендегідей жұмыс түрі атқарылады. Ескерту: кестеде оқушы қарастыруы мүмкін және мұғалім кері байланыс арқылы оқушыны жетелеуі мүмкін ықтимал жауаптар қарастырылды.

| 3 маңызды ақпарат | Дәлел |
|---|---|
| 1. Құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы. | 1. XIX ғасырда аға сұлтандық, болыстық басқару жүйесі енгізілді, яғни бұрын билер халық арасынан табиғи түрде ел басқару ісіне араласатын болса, енді сайлап қою жүйесі парақорлықты, жемқорлықты молайтты. Отарлау саясатынан кесірінен қабілетсіздердің билік басына келуі елдің ішіне бүлік салды. |

| | |
|---|---|
| 2. Отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі. | 2. Отарлау құрсауынан салықтың көбеюі байларды да қыспаққа алды, ел ішінде барымта, ұрлық көбейді. |
| 3. Зар заман өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері | 3. Ақындар халыққа жаны ашып, заман бейнесін өз жырларында өрнектеп, ел болашағының бұлыңғырлығын уайымдады. |

Осы сипатты талдау оқушылардың зар заман ұғымын түсінуге бағыттаса, келесі ұсынылатын бейнебаян оқушылардың зар заман өкілі Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы ұғым-түсінік алуына көмектеседі.

Ескерту: ғаламтор деректерінен алынатын сілтеме ұсынылды. https://www.youtube.com/watch7v =ewy NZ5DU9Nc «Қазақ әдебиеті» Шортанбай Қанайұлы (65 каз) Уақыты 55 секундтан бастап, 7 минутқа дейін көрсетіліп, оқушылар төмендегі кестені толтырады.

3-тапсырма: Бейнебаянды тыңдау барысында оқушылар кестені толтырады.

| Бейнебаян мазмұнындағы заман бейнесін танытатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз (кемінде үшеу) |
|---|
| Ресей отаршылдығының зорлығын көзімен, қоныс қысымы, отаршылдар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы. |
| Түркістан өңіріндегі «Қарнақ» сияқты оқу орнын бітірген, діни ақын. |
| «Зар заман», «Бала заман», «Тар заман», «Опасыз жалған» өлеңдерін жазған. |

Кестені толтыру бейнебаян бойынша алған білімдерін жинақтау үшін әрі пысықтау үшін қажет. Ал енді аталмыш мақсат бойынша сабақтағы оқу кезеңінің «Мағынаны тану» сатысында «Жигсо-2» стратегиясы қолданылады.





4-тапсырма

Мұғалім оқушылардың шығарманы түсінуін заман сипатымен байланыстыра алу қабілетіне қарай бағалайды. Оқушылар тапсырмаларға топта кеңесе отырып, рөлге ене отырып, жан-жақты жауап әзірлейді. Мысалы: зерттеуші, журналист, оқырман рөлдеріне енеді немесе ақын өмір сүрген заман адамы, ақынның өзі т.б. кейіпкер ретінде жауап беруі мүмкін. Өзге топқа барып, өзінің талдағанын түсіндіреді. Оқушылар өздерін топта бағалайды. Мұғалім аралап жүріп, әр оқушының жауабын тыңдап болған соң, өз бағасын береді. Оқушылар төмендегідей сарапшы парақтарымен жұмыс жасайды. Оқушыларға ақынның «Зар заман» өлеңінің мәтіні талдауға ұсынылады.

№1-сарапшы парағы

Зерттеуші рөліндегі оқушының тапсырмасы:

1. Мәтінді түсініп оқыңыздар.
2. Адамдардың ниеті мен көзқарастарындағы және мінез-құлқы мен әрекеттеріндегі өзгерісті танытатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп алып (кемінде 5 сөз немесе сөз тіркесі), мәнін ашып, өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар. [2]
3. Зерттеулеріңіздің қорытындысын 80 сөзден тұратын ғылыми тұжырымдама түрінде жазыңыздар.

Ескерту: Төменде оқушылардың шығармашылық жұмысынан кейбір үлгілер қоса ұсынылды.

| Адамдардың ниеті мен көзқарастарын, мінез-құлқы мен әрекеттерін танытатын сөздер мен сөз тіркестері | Сөздердің білдіретін мәні | Өзгерістердің себептері мен салдарлары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| Қорытынды тұжырым | | |

№2-сарапшы парағы

Журналист рөліндегі оқушының тапсырмасы:

1. Мәтінді түсініп оқыңыздар.
2. Халықтың ішіндегі түрлі әлеуметтік таптар мен топтарының сипаты мен күй-жайындағы өзгерісті танытатын сөздер мен сөз тіркестерін тауып (кемінде 5 түрлі адамдар сипаты), мәнін ашып, өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар.
3. Ақын сипаттап отырған заман көрінісіне баға беретін риторикалық сұрақ туындатып, зерттеулеріңіздің қорытындысын проблемалық мақала түрінде ұсыныңыздар.

| Халықтың ішіндегі түрлі әлеуметтік таптар мен топтарының сипаты мен күй-жайындағы өзгерісті танытатын сөздер мен сөз тіркестері | Сөздердің білдіретін мәні | Өзгерістердің себептері мен салдарлары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| Проблемалық мақала | | |

№3-сарапшы парағы

Оқырман рөліндегі оқушының тапсырмасы:

1. Мәтінді түсініп оқыңыздар.
2. Адамдардың басына түскен қиындық сипатын танытатын көркем сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысын тауып (кемінде 5 сөз немесе сөз тіркесі), мәнін ашып, қиындықтың туындау себеп-салдарын анықтап, «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар.
3. Талдаудың қорытындысында ақынның әсерлі сөздерін ұтымды қолдана отырып, сол кездегі заман адамының атынан халық жанашыры ретінде үкімет басындағыларға ұсыныс хат жазыңыздар.

| Адамдардың басына түскен қиындық сипатын танытатын көркем сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысы | Сөздердің білдіретін мәні | Өзгерістердің себептері мен салдарлары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| Ұсыныс хат | | |

№4-сарапшы парағы

Ақынның рөліндегі оқушының тапсырмасы:

1. Мәтінді түсініп оқыңыздар.
2. Ақынның, яғни лирикалық кейіпкердің заманға байланысты көзқарасын, сезімін, ниетін, болмыс-бітімін, сипатын танытатын көркем сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысын тауып (кемінде 5 сөз немесе сөз тіркесі), мәнін ашып, қиындықтың туындау себеп-салдарын анықтап, «Кесте» сызбасы түрінде ұсыныңыздар.
3. Талдаудың қорытындысында Шортанбай ақынның кейбір әсерлі сөздерін алмастырып қолданып, ақынының атынан 80 сөзден тұратын монолог жазыңыздар.

| Ақынның, яғни лирикалық кейіпкердің көзқарасын, сезімін, болмыс-бітімін, ниетін, сипатын танытатын көркем сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысы | Сөздердің білдіретін мәні | Өзгерістердің себептері мен салдарлары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| «Білімдіге бар заман, Білімсізге тар заман» монолог | | |

Оқушылардың жұмыстары топта төмендегідей жетістік критерийлері арқылы бағаланады:

1.Заман сипатын танытатын ұғымдарға талдау жасап, мәселелердің туындау себептерін аша алады.

2.Өз ұстанымына нақты дәлел айта біледі.

Кері байланыс пен бағалау жүзеге асады:

Қай тапсырма түрін талапқа сай орындай алдыңыздар?

Қайсы қиындық туғызды?

Бағалау. Оқушылар бағалау парағы арқылы өзін-өзі және өзара бағалайды. Ұғып-түсіну кезеңінде оқушылардың осындай ой түйіндеуге бара алуы, парақорлық туралы терең пайымдаулар шығаруы - үлкен жетістік. Оқушылар бірнеше сағат бойы ақын өлеңін түрлі аспектіде зерттеп, талдай отырып, осындай тапсырма нәтижесінде өзіндік ой қорытындыларын шығаруға көтеріле алады.

Шортанбай шығармашылығын оқытудан өткізілген соңғы сабақта оқушылар эссе жұмысын орындайды. Бұл жазылым жұмысы оқушының бағалау және салыстыру деңгейінде өз пайымдауларын шығарып, ой түйіндеуіне көмектеседі. Тапсырмалар парағы төмендегідей сипатта ұсынылады. Төмендегі эссе жұмысы оқушылардың парақорлыққа қарсы өздерінің наразылығын көрсетіп, оның індет екенін түйсініп, пайымдай алғанын көрсетті.

Қазақ әдебиетінен жұмыс жүргізуге арналған тапсырмалар парағы





Оқушының аты – жөні ____________________

____________________ ___ «_____» 2018 ж.

| Оқу бағдарламасына сілтеме | Оқу мақсаты: | Оқу тапсырмасы |
|---|---|---|
| БС1<br>Автор стилі | Шығарманың негізгі ойын кең көлемде пайдаланып, өзіндік стилін қалыптастырады, жазба жұмыстарын жазады. | «Билер жейді параны<br>Сақтап қойған сүріндей...» [3] деп ақын жырлаған өлең жолдарын негізге ала отырып, парақорлықтың туындау себептерін, одан шығатын түрлі келеңсіздіктің қоғам өміріндегі індет екенін дәлелдеп, эссе жазыңыз. (Көлемі-180 сөз) |
| Дағды<br>Сыни ойлау және зерттеу<br>Бағалау | Жетістік критерийлері:<br>шығарманың негізгі ойын кең көлемде пайдаланады;<br>мәселенің туындау себептерін бүгінгі күнмен байланыстыра алады; дәлелді ой пікірлер айтады. | |

Бүгінгі мектеп оқушысы - ертеңгі қоғам азаматы. Сонау Шортанбай заманынан індет болып келе жатқан парақорлық, әлеуметтік жіктің күшейіп, байлардың кедейлерден іргесін аулақ салуы, қайырымсыздық, адамға қиянат жасау, адамгершіліктен безіну сияқты түрлі індетке қарсы тұратын, ел келешегі үшін оңтайлы шешім қабылдайтын да осы жас ұрпақ. Ал індетпен күресу үшін оның себептері мен салдарын ашып, отарсыздануды түбегейлі етуіміз керек. Ол ертеңгінің еншісіне қалмай бүгінгі күннен бастау алуы

үшін мектеп табалдырығындағы оқушыларымыздың бойына күрескерлік пен ұлтын ұлықтайтын адалдық рухын себезгілеу өткенімізді пайымдап, бүгінгімізді саралап, келешегімізді айқындаудан басталары анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы. Негізгі мектеп. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Астана, 2016. - 25 б.

2. Рудик Г.А., Культура умственного труда или 101 техника учения. Костанай, 2010 г.

3. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Мектеп, 2010.

4. Развитие одаренности детей. АОО «Назарбаев Интеллектуальная школа». 2012. - 549 б.



***Тусупханова Бану Амановна,***
*Қарағанды облысы, Шет ауданы,*
*Ақсу-Аюлы ауылы Ж.Ақылбаев атындағы*
*эксперименталдық мектеп-гимназия*
*директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

# ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА РУХАНИ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі - Шортанбай ақын. Ол бүкіл саналы өмірі мен бойындағы ақындық асыл дарынын туған халқының отаршылдық кездегі ауыр халін, оның ертеңгі болашағының мән-жайын жырлауға арнады, өзі куә болып отырған заманның кесел-мерездерін өзгелерден бұрын сезініп, соны аяусыз әшкерелеуге аянбай атсалысты. Сол арқылы ақын «қамсыз жүріп қамалған» ел-жұрттың сана - сезімін оятпақ болып, осыған орай өз тұсындағы игі жақсыларға да ой салып, оларды имандылық жолымен адалдық пен адамгершілікке тартып, дұрыс жолға бастамақ болады.

Өткір де мағыналы сөздері кез келген ақыннан кемшін түспейтін ақиық ақын Шортанбай Қанайұлының шығармашылығы мен өлеңдері тәрбиелік мәні, мазмұны ойға қонымды.

Ақын туралы «Зар заман» атты өлеңдер жинағынан өлең-жырларын, толғауларын оқып, осы тақырып-

ты оқушыларға қызықты етіп қалай оқытуға болады деген оймен Шортанбай жырау шығармашылығының тәрбиелік мәнін жаңа технологияларды қолдана отырып оқытсақ, өз өлкесінде қайтыс болған танымал жыраудың шығармаларын оқуға құштарлығы артып, қосымша білімін жетілдіріп, күнделікті өмірде сөз өнерінің құдіретін түсінуге үйренері қақ. Бабалар өлеңдері оқушы ойында жақсы сақталу үшін толыққанды білім беру үрдісін кіріктіру мүмкіндігі және сол базалық білімдермен қатар құзырлылықты меңгеру нәтижесінде тұлғаның жан-жақты дамуы қамтамасыз етіледі [6,78].

Шортанбай Қанайұлы Шөжемен, Орынбаймен, Асанмен айтысқа түскен. Осылардың ішіндегі көлемдісі де, мазмұны жағынан толымдысы да Орынбаймен айтысы. Айтыстың бойынан ақынның тапқырлығы, сөзге шеберлігі, тілге өткірлігін айқын көруге болады. Шортанбай өзінің алғырлығын, тілге тиек болар жағдайда бұрынырақ болжап, алдын орап кететін сезімталдығын танытады. Әмме отырған халайық: «Ендігі заманның адамдары қандай болар, біздерге бір жауап айтыңыз?» - дейді. Сонда айтқаны:

Қайсыңда сенің сана бар?
Жақсы аттан жығылса,
Жаманың тұрып табалар.
...Қылымсыған қатыны
Қызыл көйлек киеді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді.
Осы мінез болған соң,

Дозаққа пенде күйеді... [4-287-бет] деген шумақтарынан келешекті болжағандығын көруге, сонымен қатар қанағат қылуды, тәрбиелі болуға шақырғандығын түсінеміз. Шортанбай мұраларын зерттеу ісінде М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншәлиев Т. Нұртазин, М. Мағауин, Ғ. Мұсабаевтар көп





еңбек сіңірді. Кейінгі қазіргі заман өкілдері ішінде жергілікті ақынымыз, Жазушылар одағының мүшесі К. Жүністегінің зерттегенін білеміз [2].

Шортанбай өз дәуірінің шындығын бұлтарыссыз жырлап, көңілдегісін кімге болса да бетке айтатын болған. Қоғамдағы адамның мін-кемшілігін аяусыз сынап, жөнге салуды мақсат тұтады. Өзгені сынауды ол, ең алдымен, өзінен бастайды. Бұл жолдары Қожа Ахмет Иассауидің өзін өлтіре мінейтін жырларымен тереңінен жалғасып астасып отырады.

Шортанбай өмірдегі тойымсыздық пен дүниеқорлықтың сырын өз басынан тауып:

Жүйрігі болса мінсем деп,
Сұлуы болса сүйсем деп,
Жарамды тонын кисем деп
Күннен-күнге сәндендім! -

деген.

Осыған орайда ақын өзінің мал-жанды болып қана қоймай, ел құрметіне бөленген, жатсынбаған Алтай, Қарпықтың қонақжай, дарқандығын да жырға қосады:

Қуандық жатқан сары бел,
Шағалалы шалқар көл,
Үйрек пен қаздай қалқытты.
Сары қымызын ішуші ем,
Аралап келіп түсуші ем,
Алтай менен Қарпықты!

Ескіше сауатты, Шығыс әдебиетінен хабардар Шортанбай ақын өлеңдерін жазып шығарумен қатар, қаумалаған көп алдында жұрт өтінішімен түйдек-түйдек ағытып, төпеп те жырлайтын болған. Бұл суырып салып айтқан жырлары өзінің көркемдік сипаты жағынан өзге өлеңдерінен ешбір кем соқпайтыны байқалды. Осы ерекшеліктер ақын бойындағы

дарындылығының телегей-теңіз молдығын танытса керек. Ақындық өнер қиыннан жол, қиядан қисын тапқырлықты талап етеді. Мұнсыз ақын деген құрметті атты алып жүру мүмкін емес. Бірде ел кезіп жүрген Жамантай Шортанбайға кез болып қалып: «Сөйле, Шортанбайым, сөйле» десе керек. Сонда Шортанбай бөгелместен:

Сөйлейді сөйле десең бұл Шортанбай,
Әр ханның заманында бір сұрқылтай.
Кешегі Құсбек төре хан болғанда,
Мен түгіл өзінің қайда ең, хан Жамантай! -

депті.

Сонда тұрып Жамантай: «Шортанбайым жоқты сөйлейді екен десем, барды сөйлейді екен» деп, қасына қайтадан ертіп алған екен.

Шортанбай қазақ даласындағы әлеуметтік теңсіздік жайын сөз ете келіп, бай мен кедейді бірін артық бірін кем жаратушы бір құдайдың ісі деп қорытса да, олардың ой-пиғылдарын әр түрлі екенінде аңғарта-ды. XIX ғасырда өз дәуірінің шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Өз дәуіріндегі қоғамдық, әлеуметтік өмірдің әр саласын кеңінен қамтып, көркем бейнелеген ірі суреткер. Шортанбай өмірі мен шығармашылығы жөнінде қолда бар деректер тым шағын. Ақын өлеңдерін тұңғыш жариялаған академик В. Радловтан кейін қазан қаласында оның өлеңдер жиынтығы басылып жарық көрсе, кешегі Кеңес өкіметі тұсында шығармалары әр алуан жинақтарда басылып келді. Мұның бәрі ақынның өлең, жырларының ел жүрегінен өшпейтін орын тепкенінің айқын куәсі болып табылады. Шортанбай ақын әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Ол бүкіл саналы өмірі мен бойындағы ақындық асыл дарынын туған халқының отаршылдық езгідегі ауыр халін, оның ертеңгі





болашағының мән-жайын жырлауға арнады, өзі куә болып отырған заманның кесел-мерездерін өзгелерден бұрын сезініп, соны аяусыз әшкерелеуге аянбай ат салысты. Ақын белгілі бір ортаның немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды.

«Қайран халқым» атты топтаманы ақынның атынан шығарған К. Жүністегінің еңбегі зор. Ш. Қанайұлының сонау ғасырлар бұрын болжап кеткен өлеңдерінің, шығармаларының келешек ұрпаққа тигізер тәрбиесі мол. Сондықтан ақынның сөз маржандары ұмытылмас үшін жыраудың атын ұмытпау мақсатында мектепте өткізген ашық сабағымның үлгісінен мысал келтірсем: Сыныпта оқушы саны көп болғандықтан бірнеше топқа бөлінді. Топтастыру стратегиясы тұлғаның әлеуметтенуіне ықпалдасады.

Блум жүйесінің 1-сатысы - «Білу» сатысында оқушылардың өткен тақырып бойынша алған білімдері жинақталады, қорытындыланады. Төмендегідей сұрақтардың негізінде:

- Шортанбай жырау туралы не білесіңдер? (1-топ)
- Толғауларының тәрбиелік мәні қандай? (2-топ)

Оқушылар «Шабанбай бидің Жанқұттыға берген батасы», «Жанқұттының Шабанбай биге бата алуға баруы т.б мысалын сахналық қойылым ретінде ұсынады. Бұл әдіс оқушылардың жұрт алдында сөйлей білу дағдыларын, актерлік шеберліктерін қалыптастырады.

Міне, шешендік өнерден кейін, сөз құдіретінің идеясы ашылып, халық мақалымен үндестігі сұралады, тәрбиелік мәнін ашуға тырысады. Күнделікті өмірмен байланыстырады. Олар өздері құрастырып, әкелген жоғарыда келтірілген халық мақалын айта бастайды. Олардың мағынасын ашады. (Сұрақтар кезек-кезек қойылып отырды).

1-топ: Оқушылар интерактивті тақтадан берілген толғаулар ішінен тәрбиелік мәніне тоқталады: шын

дос болуға, адалдыққа, қызғаншақ, мақтаншақ, көрсеқызар, бос кеуде болмауға, үлкенді сыйлауға, иманды болуға, сабырлы болуға шақыратынын айтады. т.б.

2-топ: «Шортанбай толғауы бізге не береді?» деген сұрақ қойылып, оқушылар СТО технологиясының элементі кластер арқылы: ұлағатты болуға, шешен болуға, сөз мәнісін түсінуге, орынды сөйлеуге т.б. деген жауаптарын ұсынады.

Аталған мақсатқа жету жолында кездесетін кедергілер де бар екендігін, атап айтқанда тәкаппарлық, өркөкіректік, бос кеудешілік сияқты мінездердің тосқауыл қоятындығын сөз өнері екендігін, Шортанбай өлеңдерінен мысал оқи отырып, талдатамын.

Осылайша, «Білуден» «Түсінуге» қадам басамыз. «Түсіну» сатысында оқушылар жаңа ақпарат қабылдайды. Үнтаспадан мысал мәтіні тыңдалып, оқушылар шығармаларының идеясын ашады: тәрбиелік мәні бар сөздерді теріп жазады. «Асыл сөз» деген ұғыммен танысады.

«Қолдану» сатысында оқушылар функционалды сауаттылықтарының жүзеге асуына мүмкіндік алады. Яғни, алған білімдерін қолдана алады. Олар «түсініктеме сөздігін» толтырады. Бұл кезеңде оқулықпен, дәптермен жұмыс әрекеттері жүзеге асады. Өз шығармашылықтарын арттырып, кітапша құрастыра алады. Өз ойларын шешеннің сөзімен, әрі халық мақалымен үндестігін табады.

Байлар ұрлық қылады,
Мал көзіне көрінбей.
Байлар жейді параны
Сақтап қойған сүріңдей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріңдей!





«Жалғанның жарығын бергені үшін» ризашылық білдірген кедейді тәубаға шақырып, ал дәулеті тасып шалқып отырса да, ұрлық қылатын тойымсыз парақорлығын да өлтіре сынаған. Сондықтан оқушы жамандық жасамауды, ұят туралы біледі. Түсінеді.

Ұрлық түбі - қорлық.

Жақсыдан қашпа, жаманға баспа.

Парақордың табасына сенбе,
Айлакердің көз жасына сенбе.

Алты жыл аш болсаң да, Ата салтыңды ұмытпа.

«Анализ» сатысында әр топ та екі бөлек толғауын талдайды:

Шығарманың әдеби жанры:____________________
Тәрбиелік мәні________________________________
Образдар:____________________________________
Әдеби теориялық ұғымдар:_____________________

Бұл тапсырма оқушыларға шығарманы әдеби тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Яғни оқушылар ойларын жіктеуге дағдыланады.

«Синтез» сатысында оқушылардың ойлары жинақталып, бір арнада тоғысып, шығарманың идеясымен үндеседі. Олар бұл сатыда проблеманы шеше білу құзыреттіліктерін таныта алады. Әр топқа екі түрлі жағдаят ұсынылады. (Қазіргі таңдағы проблема.)

□ Досың екеуің асханаға бардыңдар. Ол сол күні мектепке ақшасын ала келуді ұмытып кетіпті. Сен досыңды сыйлап, өз ақшаңның мөлшеріне қарап, 30 теңгенің тағамын әпердің. Ол болса бірден: «Мен мұндай арзан құнда тамақты ішпеймін», - деп кетіп қалды. Егер досыңның орнында СЕН болсаң қайтер едің?

□ Көшеде келе жатып, мысық басын иіп тұрып, қанден итке амандасады. Ал қанден болса, кеудесін кере өтіп кетеді. Біраз жүргеннен кейін мысық арыстанды кездестіреді. Ал арыстан болса, басын иіп тұрып сәлем береді. Қанден иттің әрекетіне қалай қарайсың?

«Бағалау» сатысында шығарма бойынша оқушылар қорытынды ой түйеді. «Адамтану диаграммасы» негізінде нәтиже көрінеді.

Үйге тапсырма: «Өнер алды — қызыл тіл...» (ойтолғау). Толғауларын жан-жақты талдауға беріледі. (Фишкалар арқылы бағаланады.)

Сонымен, өлкетану мен әдебиеті сабағында Блум технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келдім:

• Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады.

• Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.

• Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды.

• Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

• Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді.

• Оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады, т.б.





**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Шортанбай Қанайұлының «Қайран халқым» кітабы.
2. К. Жүністегі. Шырағдан. - Астана: Нұра - Астана, 2008.
3. М. Мағауин (13 томдық шығармалар жинағы 8,10-томдар) Алматы, 1991.
4. М. Мағауин, М. Байділдаев. Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық. - Алматы, 1991.
5. А. Сатаев («Қ. Ә», 1 тамыз, 1980)

6.1. Жақанов («Заман», 14 қыркүйек, 1994)

7. Ж. Қашқынов («ОҚ», 23 тамыз, 2000 ж.)
8. Қазақстан ұлттық, энциклопедиясы, 9-том, Қазақ әдебиетінің тарихы томдығының 4-томы.

***Мұқашева Бахытгүль,***
*Шет ауданы, Ақадыр кенті*
*С. Сейфуллин атындағы*
*кітапхананың меңгерушісі*

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Шортанбай - төкпе ақын. Оның жырлары ел ішінде көбінесе ауызша тараған. Шортанбайдан да бұрын кітаби ол дегеніміз (діни сарынмен өлең жазатын) ақындар болған. Ондай жыраулардың шығармалары араб, парсы, татар мақамдарына жақсы келеді. Жыр толғаулары араб-парсы татар сөздерімен шұбарланған. Таза әдеби тіл Шортанбай шығармаларында сақталғаны, ақын еңбектерінің халық арасында кеңінен таралуға септігін тигізген. Жыраудың философиялық толғаулары, заман ағымына байланысты шыққан жырлары құлаққа қонымды, жүрекке жайлы тиіп жатады. Соның нәтижесінде ақын еңбектері халық арасына кең тараған. Абай айтқан: «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жыраудың төкпе толқаулары тап таза әдеби тілмен өрілгеніне көзің жетеді. Мен қарапайым мамандық иесі - кітапханашымын. Бүгінде заман амалына қарай шет жұрттан кеп кірігіп жатқан терминдерден аяқ алып жүре алмайсың. Электронды құралдарда жік жоқ. Жаңа технологиялардың атауынан жаңыласың. Кітапханашы болғандықтан да «бүгінгі оқырманның» саяздығына





қарның ашады. Майы тамып тұрған қазақтың әдеби тілін түсінбейтіндер көбейіп барады. Көркем тіл, әдеби тіл, ана тіліміздің мәйегі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер бүгінгі оқырманның қолданысынан қалып бара жатқанына қынжыласың. Шортанбай өмір сүрген дәуір басқаша болатын. Феодалдық қоғамның іргесі сетінеп, капиталистік қатынастың бел алған кезеңінде ғұмыр кешкен данышпан жырау жырларында «көнерген сөздер» бар болғанымен, сондайлық түсініксіз емес. Ақын өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын айту үшін мағынасы ауырлау сөзді ауызға алады. Жырау шығармаларында кездесетін көнерген сөздердің басты-бастылары мыналар: «Елу басы, майыр, жандарал, тілмәш, дуан, кәпір, ұлық, кінәз, ноғай, ишан, қожа, молда, старшын, бек, қызыл көйлек, закон, заманақыр, шайтан, уәлі, ғаділет, күнәһар, төре, би, жаббар хақ, дүре, таңда мақшар, срат көпір» және тағы басқа да діни аңыздарға байланысты атауларды көп қолданады. Бұл атаулар мұсылмандықтың бес парызына байланысты орын алады. Шортанбай жырау шығармалары жасқа да кәріге де түсінікті. Сұлу сөзбен төгіліп түсетін жырларында түсініксіз сөз жоққа тән. Тілі шұбарланбаған, қазақтың жалпақ тілімен төгілдірген толғауларында басы артық сөз кездесе қоймайды. Терең философиялық оймен кірігіп жымдасқан толғаулары бүгіндегі оқырманға рухани азық болады деп нық сеніммен айта аламыз.

Енді осы көнерген делінген сөзді ақын қалай қолданады. Енді соған келейік.

«Атамыз - Адам пайғамбар» толғауында мынадай жолдар бар.

...Жаббардың екі болмайды,
Әмірі қылған жарлығы.

Осындағы «Жаббар» сөзі - Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Енді мына жыр үзіндісіне зер салайық.

Ісің түссе жаманға,
Жағаңнан алар сорыңа,
Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға,
Текті құс қарар қырымға,
Ит айналар жырымға,
Бәлеқорлар қызығар, бір қалаштық тиынға...

Өлең мәтінінің тәрбиелік мәніне тоқталмай-ақ қояйын. Осы жыр үзігінде «Қырым» атауы кезігеді. Бұл кәдімгі еуропадағы биік таудың атауы. Ақын осы атауды жалқылық мағынада қолдана келіп, бұл сөздің жалпылық мағынасын өлең жолдарына былай түсіреді: «Текті құс қарар ,қырымға...

Жырау «Текті құс қарар қырымға» деген өлең жолында, «қырым» сөзін тым алысқа көз тікті деп бейнелейді. Осы жыр жөргемінде: «Ит айналар жырымға» деген жолдары бар. «Жырым» атауы жырау өмір сүрген кезеңде көнерген сөзге жатпаған. Жырым - ердің артқы айылының екінші басы. Жасаң теріден тілінген. Иттердің «жырымға» қызығатыны содан.

Шортанбай ауылдың, қауымдық деңгейдегі жаяу жыршы емес. Ел өмірінде болып жатқан қайшылықтарға жоғарыдан көз тігеді.

...Қасиет кетті төреден,
Әділдік кетті билерден.
Абырой кетті әкімнен.
Қайын енесі ас ішпес,
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден.

Осы жолдар бүгінде де өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ. Шортанбай жырау рухы біздің бүгінгі өмірімізге сын көзімен қарап тұрғандай көрінеді саналы жанға. «Қайын енесі ас ішпес, қабағын түйген келіннен» деген ащы шындық бүгіндегі тұрмыс-тір-





шілігімізге дөп келеді. Бүгіндегі келіндердің кейбірі қайын енесіне адал қызмет көрсете қоймайды. «Қайын» сөзі көнере қойған жоқ. Бүгінгі жастар бұл сөзге жете мән бермейді. Туыстық атаулардың астарында тәрбиелік мән жатады. Қайын аға, қайын ене, қайын апа, қайын ата, қайын жұрт деген атауларды айтуға ерініп: «Аташка, мамаша, тәтешка» деп тілдерін бұрап сөйлегенге мәз. «Жоғарыдағы өлең жолдарында: «Қасиет кетті төреден, әділдік кетті билерден. Абырой кетті әкімнен...» деп ақын сол заманның ел билеген тәуірлерін шенейді. Осындағы «төре», «би» атаулары бүгінде көнерген. Төре-хан тұқымдары болған. Би - халық өзі сайлап қойған сот есебіндегі дуалы ауыл ақсақалы. Ал әкім атауы жаңаша түрленіп бүгінгі өмірімізге енді. «Әкім бол-халыққа жақын бол» деген сөз ел ауызында жүр.

Шортанбай жырау-әдебиет тарихында ауыз әдебиетінің өкілі делінеді. Тәуелсіздік алып дербес ел болғалы Шортанбай сынды ақындарға жаңаша баға беріле бастады. Белгілі фольклоршы ғалым, Шортанбай мұраларын зерттеуші Қанипаш Мәдібаева: «Шортанбай - жалпы азаматтық деңгейдегі әлеумет ақыны. Суық заман құрсауында қалған халқының қамын жеген қайраткер тұлға. Ұлт азаттық күрестің сөз батыры. Озбыр, опасыз, отаршыл саясаттың қауіпті сұмдықтарын сезіну сергектігінің шалар білімдарлығымен астасып жатқан сырлары-ақын поэзиясының дара сипаты. Шортанбай Қанайұлы шығармаларының адамшылық мұраттармен суарылған ұзын арқауын жалғап жатқан негізгі желі - дін ілімі» деп атап көрсетеді. Дінді ілім деп таныған жырау ислам мәдениетінің қайнарынан шөл қандырған аса білімдар кемеңгер ақын. Орыстық отарлау саясатының тәрізінен шошынған дана жырау Ұлы дала жөргегінде сәбилік тазалықпен ғұмыр кешіп жатқан халқының ақша билеген заманға кез болып, ұлттық сананың бұзыла бастағанын даналықпен пайымдай білген.

Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шығар,
Жеткізе алмай онысын,
Қалтыраумен жан шығар, -

дегені бүгінгі өмірімізге де дөп келіп тұр. Бүгінгілердің құдайы доллар болып. Шортанбай жырау өлеңдерінің әлеуметтік салмағын ашып көрсету менің міндетіме жатпайды. Ақын шығармаларында ұғымға ауыр тіркестер де бар.

Көпірді көрдің піріңдей,
Тілмәшті көрдің жеңгеңдей.
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасында,
Қазылған қара көріңдей, -

деп келетін өлең жолдарында көнеден келе жатқан сөз тіркестері бар. Діни терминге жататын «кәпір» сөзі бүгінде әдебиетте сирек қолданылады. «Кәпір» деп құдайдан безген ешбір дін ұстанбайтын адамгершілік нормаларын аяққа басқан ождансыздарды айтады. «Тілмәш» атауы да көнерген. Бұл ұғымды бүгінде «аудармашы» деп айтамыз. «Дуан» атауы жырау өмір сүрген замандарда әкімшілік орталығы болған, бүгіндегі облыс орталығы. Көнерген сөзге жатады. Жырау бір өлеңінде: «Балаңды алар солдатқа, міне алмассың жалды атқа, алақандай бет қағаз, табынарсың мандатқа» деп патша билеушілерінің өктем саясатына қарсы шығады. Осы өлең тіркесіндегі түсініксіз сөз: «алақандай бет қағаз» нендей қағаз? Бұл сірә, бүгінше айтқанда төлқұжат болар. Солай жобалауға келеді. Маған берілген тақырып жай ғана шағын мақаланың көлеміне сыймайды. Жергілікті қаламгер Өмір Кәріпұлына көрсеткенімде: «Бұл тақырып ғылыми еңбекке сұранып тұр, сенің қарымын жете қоймас» деп ескерту жасады. Сөйткенмен де алған тақырыпқа





өзімше жауап беруге тырыстым. Дау жоқ, Шортанбай Қанайұлы исламшыл ақын. Мұсылмандық ғұрыпқа мейілінше жетік. Терең білімдарлығы өлеңдерінде атойлап тұрады. Мұсылмандықтың бес парызын насихаттайды. Отаршылдықтың темір қамытын мойнына мықтап ілген қазақ халқына ендігі жерде рухани сүйеніш исламдық мәдениет, мұсылмандық дін жолы екенін әр жазған жырларында жаңа бір қырынан алып бейнелейді. Бүгінде ислам мәдениеті жер шарына кең тараған. Атеистік қоғамнан ірге ажыратып, казармалық социализмнің сығымынан құтылғалы қазақ халқы ежелгі ата-бабалары ұстанған мұсылмандық ғұрыпқа қайта оралды. Жер жерлерге мешіт ашылып, Қазақстанда ислам мәдениеті салтанат құрды. Коммунистік қоғамның қырағылары коммунистер: «Дін-апиын» деген Ленин сөзің басты бағдарға алды. Діни сарындағы дастандар, өлең-жырлар оқылмай келді. Соның салдарынан сөздік қорымыздағы дінге байланысты атаулар (терминдер) көнеріп кетті. Тәуелсіздік алып демократияға жол ашылғалы діни кітаптар көптеп шығарыла бастады. Атеистік қоғамда өмір сүрген біздер «құдайды ауызға алып сөйлеуді» ар көрдік. Құдайдың мың бір аты бар. Соның бірі де аузымызға түспейтін.

Дау жоқ, Шортанбай жырау біздің әдебиетімізге дін насихатын молынан енгізген исламшыл ақын. Ақын поэзиясын талдағанда мұсылмандық тағылымға арнаған өлеңдеріндегі діни аңыздарға құрылған толғаулардың тілі ауыр екені рас. Бірақ біз бүгінгі күннің талабымен ақын жырларындағы исламдық әдет-ғұрыпқа арналған өлеңдерінің тілі көнерген деуге ауызымыз бармайды. Әр мұсылман о дүние мен бұ дүниенің амалын жетік білуге тиісті. Біз бүгінде мұсылмандық ғұрыпқа ат үсті қарай алмаймыз. Құран сүрелері мен пайғамбар хадистері, мұсылмандықтың бес парызы-қазақ халқы тұрмақ, жер бетіндегі адамзат баласын тура жолға бастайтын әділдік жол екенін

әр мұсылман баласы санасына терең сіңіргенде ғана ислам кәусарынан рухани сусындауға қол жеткізеді. Данышпан жырау ислам мәдениетінің насихатшысы болды. Сөйте тұрып, шала сауатты дүмбілездерге жыр жебесін бағыттады.

*Асылық асқан заманда,*

*Қожа, молда көбейіп,*

*Отырар төрде шөмейіп.*

*Жаздың айы жеткен соң,*
*Зекет, нияз сұрасып.*

Осы өлең тармағындағы: қожа, молда, зекет, нияз сөздері бүгінде көнерген сөзге жатады. Бұл сөздер бүгінде былай түрленіп айтылады: қожаны-діндарға ауыстырдық, молданы имам дейтін болдық. Айта кетуге тура келеді. Кәдімгі тәспих, тәшпі діндарлардың қолында жүреді. Алланың тоқсан тоғыз атауына межелеген. «Алла хақ» деп тартылуы керек. Әр мұсылман тіршілігінде жетпіс бір мың мәрте Алла атын ұлықтап тәшпі тартуға тиісті. Бүгінгі таңда діндарлар бұл діни рәсімді, өлген адамға арнап тартатын болды. Бұл рәсім «дәлел» деп айтылып жүр ел арасында. «Малдан зекет, астан үсір беру» бес парызда әр мұсылманға міндеттелген. Жырау соны айтады. Ал «нияз» сөзі кісі аттарында ғана кездеседі. Бұның арапша мағынасы міндет, парыз деген мағынаға жуық.

Жырау мұсылмандық ғұрыпқа байланысты діни атауларды көп қолданады. Ондай сөздердің мән-мағынасы діни сауаты ашылған бүгінгі мұсылман қауымға жат емес.

Жыраудың «Заман ақыр» толғауы діни ғұрыпқа құрылған. Бұл толғауда діни атаулар кемінде жүзден





асады. Сол атауларды көнерген сөзге жатқызсақ, онда біз қателесеміз. Мұсылмандық сауат сол көне сөздердің мағынасын түсінуден басталуға тиісті. Тақырыпқа байланысты аздап талдап көрейін. Толғау былай басталады.

«...Абубәкір, Омардайын, Оспан, Әлі, Қайдардайын, Әділ патша табылмас-ты...» Осындағы кісі есімдері Мұхаммед пайғамбардың жолын жалғастырған патшалық құрған, мұсылман дінін таратушылар. Бұл есімдер көнермейді. Бұл толғауда - нәпсі, опат, тажал, шапағатшы, үмбет, сәжде, сират, әзірейіл, шайтан деген мұсылмандық ұғымдағы сөздер бар. Көнерген сөз деп сырт беруге болмайды. Ақырдың пайғамбары Мұхаммедтің қауымындағы мұсылмандар пайғамбардың үмбеті делінеді. Қиямет қайымда Ақырдың пайғамбары үмбеттеріне қол ұшын береді делінеді діни аңызда. Нәпсі-араб сөзі. Шариғатта нәпсіңді тый деп айтылады. Артық ішілген тамақ кісіні күнәға батырады делінеді. Жырау науқасқа ұшырағанда ел-жұртымен қоштасады:

Қалықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай.
Қиядан қуға түсе аламай,
Нәпсім қарар таптың ба,
Дүниеге тоймайтын,
Бір шыны шай іше алмай.

Нәпсінің түрлері көп. Дүниеқұмарлық пен шенқұмарлық та нәпсіге жатады. Әзірейіл - діни ұғымда жан алғыш періште. Сәжде - бес уақытылы намаздың бір амалы. Маңдайдың жайнамазға жұғысуы, намазға ұйығандықтың белгісі. Шайтан - діни аңызда адамды тура жолдан тайдыратын азғырынды. Шайтан екі түрлі болады. Киімдісі және киімсізі. Киімсізі ет пен терінің арасында жүреді делінеді. Киімдісі кәдімгі адам бейнесіндегі азғырынды. Ондайларды «құдайдан безген» дейді халық.

Ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым (марқұм болған) Ысқақ Дүйсенбаев жыраудың шығармаларына былайша баға берген: «Шортанбай өз өлеңдерін көпшілікке арнағандықтан, бұқараға түсінікті болу үшін халық тілін шебер кең түрде пайдалануға тырысады. Сол талабы бойынша ислам дінінің тікелей әсерімен келген: «пайғамбар», «зүлжалал», «мекке», «зекет» сияқты сөздердің өздерін де тыңдаушы жұрт жатырқамайтын контексте беріп отырады. Кейбір ақындарша «ұқсаң ұқ, ұқпасаң қой» деген асқақтық Шортанбайда жоқ. Ол түсініксіз сөз құрамдарын қумайды, қайтсе де оқушыларға түсінікті болу мақсатын көздейді. Өлең-жырларында құрғақ қиялдан туған дерексіз ұғым жоқ».

Ғалымның бұл пікірі бүгінгі оқырманға ой салуға тиісті. Жыраудың шығармашылығы бүгіндегі жас буынды тәрбиелеуге ықпал ететін жемісі мәуелі рухани құнды мұра. Шортанбай жыраудың әдеби мұрасы ескірмеген деп айта аламыз. Насихаттық жырларында тым көнерген ұғымға ауыр сөздер көп кездеспейді. Ойшыл жыраудың біздің өңірде ғұмыр кешкені, аудан орталығы Ақсу-Аюлыда жай тапқаны баршамызға мерей.



# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Архивке үңілетін жұрттың қолына түсетіні патша заманында цензураның қатал елегіне өтіп, баспа бетін көрген Шортанбай жырлары. Оқып келе жатып бір ойдың, әлдебір шумақтардың жоқ екеніне көзің жетіп отырады. Сөз бен ойдың қабыспай қалатынын үнемі байқап отырасың. Патша цензурасы Шортекеңнің отаршылдыққа қарсы, орыстың зорлығына қарсы, рухани - діни озбырлығына қарсы шумақтарды тұтас-тұтасымен алып тастап отырған. Шортанбай жыраудың цензурамен шыққан кітабы жартыкеш мұра. Елдің сұранысына толық жауап бере алмайды.

Шортанбай жыраудың атқосшысы болған Әбеу ақсақалда ұлы жыраудың кітабының толық нұсқасы болды. Осы қолжазба нұсқада әр жырының қандай жағдайда туғаны туралы баян да бар еді. Осы арапша нұсқадан Көбжан ақсақал кириллицаға түсірген жазбаны ауыл мұғалімі Мақыш, менің әкем Жүніс көшіріп алған-тын. Әшімқожа моланның қолында да арап әрпімен жазылған нұсқа болған. Мен әкем Жүністің қолындағы нұсқадан бала кезімде Шортекеңнің талай өлеңдерін жаттап өстім. 1962 жылы астыртын саяси партия құрғандығым үшін КГБ үйде тінту жасап, тұтқындап жатқанда анам Бақытай Шортекеңнің жырларын отқа тастап үлгерді. Іле біздің туысқандар да бала-шағасының қамы үшін әр үйде сақталған жырларды жойып жіберуге мәжбүр болды. Сөйтіп талай қиындықтан аман өткен ұлы жыраудың түпнұсқа жырларынан айырылып қалдық.

Әрине, бұл Шортекеңнің жырлары таза жойылып кетті деген сөз емес. Әлі де болса әлде біреуде, әлде бір жерде толық нұсқасы сақталуы мүмкін. Алаштың азаматы Қошке Кемеңгерұлының Кенесарының қарт сарбаздарынан Шортекеңнің «Бағынба қазақ орысқа» деген жырын жазып алу соның дәлелі. Ұлы жыраудың жырларын орындағаны үшін екі рет сотталған Анарбектің жадында Шортекеңнің «Келер заман сипаты», «Заманда заман, замана», «Түсі сары көзі көк», «Биік тауда ойнайды», «Дін жолынан айнымас», «Мініп көрер күші жоқ», «Қапалық», «Жаман мен жақсы», Ескей ақсақалдың толық нұсқасы болмаса да «Көз көрген қазақ батыры », Досбергеннің Қалиының менің әкем Жүніс жазып алаған. «Ақжолтай батыр» дастаны, Маясар ақының Шортекеңнің «Қаракесек» дастанының Жанжұманұлы Жаманқұлдыңұлы жыраудың «Келешектен мәлім жоқ» жырын сақтап келуі, журналист Базаркүл Үмбетованың шешесінен жазып алаған жырлары, Ілия Жақановтың Шортекеңнің «25» әнін тауып келуі т.б жағдайлар ұлы жырау мұрасы әлі де ел арасында бар дегенге сендіреді.

Филология ғылымының докторы Рымғали Нұрғалиевтің «біздің ел Абайдан бұрын Шортанбайды көп айтушы еді» дегенінде шындық бар. Абай өлеңдері тек 1909 жылы ғана жарық көрсе, Шортанбай жырлары осыған дейін 9 рет басылып шығып, сусаған халқының рухани қажетін ашқан Шортекеңнің сан мыңдаған қолжазбалары әр үйде болған десек шындыққа тура келеміз.

Кәзіргі уақытта Шортанбай жырау мұрасын зерттеуде филология ғылымының докторы Бауыржан Омаров, Шәріп Амантай, Темірхан Тебегенов, Смағұлов Жандос, Мұхаммедқали Әбдуов, Ғылым кандидаты Нұрлан Мансұров, Айтбай Жұмағұлов зерделі еңбек етуде. Архивтерді ақтарып жүріп Бауыржан Омаров Петерборда оқып жүрген қазақ жастарының Шортанбай жыраудың «Зар Заман» кітабының идеясымен орысқа қарсы «Зар заман» деген жасырын ұйым құрғанын, сол ұйымға 20 жасында Әлихан Бөкейхановтың мүше болғанын дәлелдеп шықты. Шортекеңнің жырларын Америка ғалымы Томас Венердің де зерттеп, ағылшын тіліне аударғанын зерделеген осы ғалымдар.

Шортекең туралы терең пікір жазаған Т. Кәкішевтің С. Қирабаев, М. Мағауин, М. Жармұхаммедұлы, К. Мәдібай, Қ. Әбішевтың, Ж. Қашқыновтың сарқылмас қуат беретін ойлары әр уақытта да қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алады.

***Кәмел Жүністегі***
***2019.04.18***

# В. Радлов баспадан шығарған Шортанбай жырау жырлары

*К. Жүністегі*

Ғалым Радловтың бастамасымен XIX ғасырда бар түркі жұртына танымал болған Шортанбай жыраудың өлең-жырларының алғаш жарық көруі, түркі жұртына деген ғалымның назарының бөлінуі тегін емес. Әрине мұнда ұлы жыраудың отаршыл билікті ашына сынағаны, жаудан жеңілген халқының рухын түсірмеуге шақырған жырлары, мұсылман баласын бірігуге үндеуі, тәлім-тәрбие, жер иесі туралы ұрпаққа қажетті өлең-жырлары кірмеген. Не цензура кіргізбеген. Бір ойды бастап отырып, әрі қарай өлеңде жалғанбауы цензураның араласып отырғанының айқын көрінісі. Мысалы, Балаларың мектеп барсын... өлеңінің арғы жағы үзілген. Үзген кім? Шортекең сол мектептен қазақ халқы үшін не күтті? Ол сөз айтылмады дей алмаймыз, бірақ айтылған ой Ресей үкіметіне жаға қоймағаны анық. Цензура оны жібермегені көрініп тұр.

Оның үстіне Радловтың Шортанбай жыраудың жыр өлеңдерін қандай дәрежедегі адамнан жазып алғаны да белгісіз. Өлең жыр мәтінінде кездесіп отыратын олқылықтар сол айтушының да кемістігі екендігі даусыз.

Отаршылардың озбыр билігі қазақтың өз мәселесін өзі реттейтін, сайлау жолымен емес әділдігімен аты шыққан билерді ысырып, оның орнына орыс үстемдігіне ыңғайлы, солардың қалауын орындайтын адамдардан билерді тағайындады. Шортанбай жырау бұларды шұнақ билер деп атаған. Сол сияқты орыс билігі мұсылман дінінің мүддесін қорғайтын моллалардың орнына айтқандарына жүретін указной моллаларды тағайындаған. Міні осылар ақыр заман молласы дейді Шортекең.





Біздің үйде әкем Жүністің қолында Шортанбай жырау жырларының үлкен қолжазбасы болды. Сондай бір қолжазба Шортекеңнің нағашылары Есмағамбет қожада да болған-тын. Оның тағдыры белгісіз. Біздің үйдегі қолжазбаны мені К.Г. Бисттер тұтқындап жатқанда шешем Бақытайға беріп үлгерген едім. Анам жанып тұрған отқа тастап жіберіп, жойылып кетті. Бұл қолжазбадағы өлең-жырлар патша цензурасының рұқсатымен Қазаннан тағы басқа жерлерден шыққан Шортанбай кітабынан әлдеқайда кең, ауқымы мол жырлар болатын.

Мұндай қолжазбалар халықтың арасында көп болған. Шортанбай өлең жырларын жазып шығарған ақын жырау. Бұл Шортекеңнің жазба әдебиеттің басында тұрғанының айғағы.

Әкем Шортекеңнің «Ағыбай бастыр» дастанын Киікті ауданының тұрғыны Досбергеннің Қалиі деген адамнан жазып алған еді. Қали түнді - түнге, таңды-таңға ұрып талай-талай жырларды жатқа айтушы еді. Қали жыршы шығыңқы маңдай, суалыңқы жүзді, орта бойлы адам еді. Әлдебір жұмысымен аудан орталығына келгенде біздің үйде болатын. Жырды айтқанда құбылып отыратын.

Кәзір кейбіреулердің «жырда осы заманның сөз құрылымы бар» дегенін естиміз. Айтушы Қали осы заманның адамы болған соң сөз мәтінінің өзгеріске түсуі даусыз да ғой.

## Заманақыр

Абібі аң сәруәрдайын
Абу Бакр, Омардайын
Осман, Әлі Қайдардайын
Әділ патша табылмас-ты.
Жақсыны көзден салмаңыз,
Жақсыдан қапыл қалмаңыз,
Тәңірім қылған оларды
Аяғынан алмаңыз.
Әрбір жұртқа, әр топқа
Алтын сақа табылмас-ты.

* * *

Бас ауырса тәуіптерді
Алып келіп бақтырарсың.
Жын-бәлекет қашты деп
Өкпеменен қақтырарсың.
Жақсыдан тұмар алып
Мойнына тақтырарсың,
Тура құрық салған болса
Дертке шипа табылар ма.
Қатының өлсе қайғырарсың,
Кеміген болып қалсаң керек.
Көрінгенге көз саларсың
Онан-мұнан қарманып,
Бәз біреуін алсаң керек,
Төсек қалың салсаң керек,
Өзіңді өзің бассаң керек.
Бәріңізге жүзі қызыл,
Қасы қара кездесер ме.
Бір кеткен соң қамқорың,
Ата-анаң табылмас-ты.
Ажал келіп маңдайыңда
Біткен болса не қыларсың?





* * *

Балаларың мектеп көрсін
Әркім мәселе сұраса
Оған баға табылмас-ты.
Көп мұсылман пақыр болар
Тамам жерлер тақыр болар
Пақырлардың халін сұрар,
Қайырлы байлар табылмас-ты.
Бұл дүниеге көңіл қойма!
Қонақ келсе арық сойма,
Есің болса өзіңді ойла,
Алты құлаш бөзден басқа
Артық пұл да табылмас.
Жарлы екен деп аямас,
Бай екен деп сыйламас,
Әлін адам ойламас,
Өлімге қайла табылмас.
Бір шыбындай жаннан кешіп,
Қатын, бала малдан кешіп,
Дүние тәрік болған да,
Кеш те, күндіз зар жылап
Тағат, тақия қылмасаң
Рәһәтсізбен жатқанға
Құдай дидары табылмас.

* * *

Қан қылып, сурет қылып
Жан салып, нәр ішіріп
Шешесінің қарнында
Тоғыз ай, он күн кешіріп
Жылатып жерге түсіріп
Әуелгідей мұныңды
Пана қылса керек-ті.
Ақыл беріп, ақ жүз беріп

Қуат қылса керек-ті.
Он екі жасқа кім келсе
Құдайыны бір білсе,
Басқадан өзін кем көрсе,
Кісіні өзінен ұлық көрсе,
Мұндай кісіні әр топқа
Аға қылса керек-ті.
Тағат қылса Аллаға,
Күнде барса молдаға,
Қағаз қалам алғанға,
Рахмет жауар жалғанда.

* * *

Бір пара қылса да ұрлықты
Ұрлықтың түбі қорлық-ты.
Кісіге қылады зорлықты.
Мұның орны жендет-ті
Басы жерге жеткенше
Қоя білмес қарлықты.
Құлағына алмайды
Құдай салған жарлықты.
Мұның орны жаман-ды.
Лепсе болса керек-ті
Қапыл адам жетеді.

* * *

Бір күн тәубе қылайын
Бір күн тәубе қылғанша
Үзіп жұлып алайын
Аузыма алып салайын
Жас уақыт тәубе қылғанша





Қартайғанда құдайға
Мұқым жатып жылайын.
Өлшеп берген өмірін
Зая қылса керек-ті.
Бір параны, е, құдайым
Алтын таққа міндіріп,
Дәулет- күшін қондырып,
Пәрменіне жұртын көндіріп,
Бағындырып, нандырып
Ел басы қылса керек-ті.
Жастыққа басың жеткенде
Жалынарсың малыңа
Жан алқымға келгенде
Кім сұрайды халіңді.
Шашыратпай қаныңды
Суырып алар жаныңды,
Әзиз жаныңды денеңнен.
Жақсылық қылса керек-ті
Қасықтап жиған мал қалар,
Сайманменен үй қалар,
Ұлан, ұсақ қыз қалар,
Ағайынның басында
Айғай салса керек-ті.
Сені тез жөнелтер
Жеңсіз көйлек кигізіп
Үш жеріңнен бүргізіп,
Қатты жерді ойдырып,
Топырақпен бастырып,
Дұға қылса керек-ті.
Бұл көзіңді оттай қайнатып
Ауыр күрзі ойнатып
Мүңкір, Нәңкүр періште
Сені көрден оятып
Сауал қылса керек-ті.

* * *

Заманы ақыр хандары
Қасындағы сұлтаны,
Тақ үстінде жұртына,
Тұтып тұрғандары,
Жарлыдан алып байларға,
Ақыл қылса керек-ті.
Заманақырдың қожасы,
Қайырылып келер есікке,
Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар тесікке.
Бала-шағасын бастырып,
Төрге шығып отырып,
Дұға қылса керек-ті.

Заманақырдың молдасы
Бек үлкен келер сәлдесі
Бауыр қыла көрмеңіз
Рас емес оның дұғасы.
Қолына пайда түскен соң,
Жарым дейді оның бағасы.
Көрмей, білмей біреуге
Куә болса керек-ті.
Заманның шұнақ биіне
Барар болсаң алдына,
Құлағын салар жаныңа,
Қарайды қашан қолыңа,
Қарайды да, жүз, малыңа
Жүре берсе керек-ті
Заман ақырдың байлары -
Ұлық көрер өз басын,
Кісі келсе дәулетті
Оған берер бар асын
Телміріп келсе бір кедей
Көзінен төгіп көз жасын
Бермек түгіл, бейшараны -





Ажуа қылса керек-ті.
Заман ақырдың қатыны
Артына тастап ұятын,
Қиямет күні ол қатын
Жаза тартса керек-ті.
Заман ақырдың жастары
Ата-анасының көзінше
Қол салысып, ойнасып
Ойнағаны күлгені
Зина болса керек-ті.
Ұл әкеден ұялмас,
Қызды ана тия алмас,
Заман ақырдың қыздары -
Бір-бірінің үйінен
Өсек айтып қалмағай.
Бір-бірінің үйінен
Аяқ, табақ алмағай.
Үй басына бір үй керек-ті.

* * *

Енді Шүршіт шырып Ташканд алғай
Қоқан биінен Қажалты алғай
Мұсылмандар жылап қалғай.
Ұлуғы айбат перизат болғай керек-ті.
Енді Шүршіт жаңа қырыс қылғай
Самарқанға қылыс қылғай
Сайзылда шығын жайдан
Шүршіттердің бәрін қырып
Опат қылса керек-ті.
Тажал шығып дінді бұзғай
Қылышынан қан тамызған
Мұсылмандар анда тұрғай.
Сол малғұн тәңірмін деп
Дау қылса керек-ті
Мәди шығып жолығысқай

Мұсылманға басын қосқай
Тажалменен ұрысқай
Тап тұтылмай Мәди қашып
Пайғамбардың көрін құшқай.
Көрден Ғайса деген
Әуез шықса керек-ті
Аспаннан Ғайса түскей,
Мәдименен көріскей,
Кәпірменен ұрысқай,
Тажалды өлтіріп,
Ғайса үкімі онда болып,
Мәдименен иман қылса керек-ті.
Бір параны көрсеңіз,
Аузы тола иманды,
Қойны тола құранды,
Сақар қылып тыңдасаң,
Субхан Алла ұранды
Хақтан қорқып жүрегін
Пара қылса керек-ті.
Бір параны көрсеңіз,
Беті-қолын жуынып,
Әмет белін буынып,
Нәпсісін отқа өртеп,
Өз көңілін бекітіп,
Ол пендені құдайым
Иманды қылса керек-ті.
Бір параны көрсеңіз,
Жанын отқа өртеп,
Омырауын желге бұрып,
Нәпсі үшін жүгіріп
Жан жолдасы бес намаз
Қаза қылса керек-ті.
Бір параны көрсеңіз.
Сұрау, сұрау малы бар,
Бір параны көрсеңіз.
Табақ, табақ асы бар.
Бір параны көрсеңіз.





Күн көретін халі бар,
Бір параны көрсеңіз.
Тек шықпаған жаны бар
Қожа бұлға, молда бұлға,
Жақсы бұлга, сұлтан бұлға,
Бәріңізге ұлығы,
Дағба болса керек-ті.
Қайыр үшін жан берің,
Осы күнде басыңа,
Сая болса керек-ті.
Шапағатшы пайғамбар
Үмбет үшін зар жылап
Кеше көр деп жалынып,
Сажда қылса керек-ті.
Аздар көпке теңелер,
Қорлар зорға теңелер,
Теңеліп алса керек-ті.
Ата ұлға бақпас,
Қыз анаға бақпас,
Әркім өз-өзімен,
Мүптеге барса керек-ті.
Пайғамбарлар бір бөлек,
Мұсылмандар бір бөлек,
Кәпірлер бір бөлек,
Жақсы, жаман бір бөлек,
Әуес қылса керек-ті.
Сұраушылар келерлер,
Бөлек, бөлек қыларлар,
Сират атты көпірге,
Айдау салса көпірдің
Жуандығы бір қылдай,
Ұзындығы үш мың жылдай,
Иманды құл болмаса
Өтпек түгіл мүшкілді
Имансыздар жыласып
Пеле қылса керек-ті.
Артына қараса ұрылар,

Алдына қараса қыл көпір,
Адым қылса жығылар.
Е, кісі, топырақ болсақ екен деп
Зар еңірей керек-ті.
Ол Мұхамбет пайғамбар
Жалаң аяқ, жалаң бас
Көздерінен төгіп жас,
Үмбет үшін жанын да
Пида қылса керек-ті.
Біреу тайып түсер,
Еңбектесіп бірі өтер,
Әркім амалына қарай
Жаза тартса керек-ті.
Бір параға бір демдік,
Бір параға мың жылдық,
Бір параға мың айлық,
Бір параға бір жылдық,
Әркім қызметіне қарай
Жаза тартса керек-ті.
Ораза мен иманның,
Қылған қайыр ықсаның,
Шалған қойың құрбаның,
Арқасына көтеріп,
Алып-ұшса керек-ті.
Көрің расул үмбетің,
Үмбетіне қылған шапағат,
Жиып тамам үмбетін,
Абу Қаусар шербетін,
Ішіп қанса керек-ті.
Жат етпеңіз жаппарды
Жарылғаушы ғұбарды
Абу Бакр, Омарды
Осман, Әлі Қайдарды
Қаузы Қаусар суына
Табақшы қылса керек-ті.
Сүйген құлға оң қолдан
Бат-бақтырар әрқашан





Нығмет қылса керек-ті.
Әлім айтқан сөзіне
Еш алмапсың көзіңе
Құдайымның алдында
Қол-аяғың өзіңе
Қуа болса керек-ті.
Мизан таразы құрылар
Әуел намаздан сұралар
Дүниеде қылған істерін
Мойныңа сенің қойылып
Қалынша қылса керек-ті.
Дүниеде көп күлгендер
Өтпестей білгендер
Күнәсі ауыр келгендер
Басын төмен салып
Ұялып тұрса керек-ті.
Пайғамбар ту жасылды,
Әзәзіл ту қызылды,
Қиямет жолы ұзынды,
Бара, бара ұзын жол
Екі айрылса керек-ті.
Бір жол барар бейішке,
Түрлі-түрлі жеміске,
Белі қылдай жіңішке,
Қорлар болса керек-ті.
Қорлар он бес жасында,
Таза гүлдер басында,
Ер жиырма жасында,
Қорларменен ойнасып
Жақсылыққа жетсе керек-ті.
Ден саулық бар, ауру жоқ,
Тірлік бар, өлім жоқ,
Қызығы бар, қайғы жоқ,
Суық іске желі жоқ,
Көктегі құл болса керек-ті.
Ғаишы ғишрет анда бар.
Мазы нығмет анда бар

Шырын шәрбет анда бар,
Жан параған анда бар,
Құдайым сүйген құлына
Несіп етсе керек-ті.
Бір жолы бар дозаққа,
Тәңрі алар азапқа,
Түрлі, түрлі азапқа,
Душар етсе керек-ті
Оттарға салып қайнатқай,
Ботадай боздатқай,
Өткен ісің басына
Пайда етпесе керек-ті.
Періштелер жиылып
Суын жиып дүниенің
Алып келіп дозаққа,
Құйса да отқа жетпес-ті,
Ол сулар да суалып
Құрғап қалса керекті.
Дозақшылар аш қалса
Закон деген зәрі бар,
Рахметі жоқ кәрі бар,
Сусағандар зәр ішіп,
Іш қазандай қайнаса керек-ті.
Әркім қылмысына лайық
Жаза тартса керек-ті.
Заманақырдың адамдары
Өмірлері аз болғай,
Бойлары екі кез болғай,
Өздері құмарпаз болғай
Әр қайсының қолында
Бір-бір домбыра болғай
Жиналып түрлі әлемет қылып
Қол салысып ойнасып,
Жер жүзіне түрлі-түрлі,
Пәле толса керек-ті.
Дария тасып, су ақпай,
Таулардан бу шықпағай,





Малды сауса сүт шықпағай,
Жастары әдеп қылмағай,
Рас сөзі жылмағай,
Имандылық қалмағай
Тәубі есігі байланып,
Бекітілсе керек-ті.
Ақыреттің айбатынан
Перизат етсе керек-ті.
Азанменен қаумет кетер,
Мейірімнен шапағат кетер,
Қалам молдадан хат кетер
Мекке жерден көтерліп
Аспанға ұшса керек-ті.
Күн тұтылып, жел болғай,
Топырақтан өзге шашылмас,
Бұл жерде гүлдер ашылмас,
Түрлі-түрлі жемістер
Құрып қалса керек-ті.
Асрапыл сырын ұрғандай,
Тау қаңбақтай домалар,
Тас бұршақтай жаумалар,
Жан дегеннің бәрі де
Бақыр болса керек-ті.
Тамам жердің жүздері
Айнадай болса керек-ті.
Төрт Мүккара періште,
Әрқайсы бір істе,
Үшеуін өлтіріп,
Әзірейіл жалғыз қалса керек-ті.
Құдайым айтар кім бар деп,
Әзірейіл айтар мен бар деп,
Өз жаныңды өзің ал десе керек-ті.
Бір қанатын жамылып,
Бір қанатын төсеніп,
Өз жанын әзірейіл
Өзі алса керек-ті.
Хақтан жарлық болғанда,

Денеге жан кіріп,
Өлген адам тіріліп,
Күн шыққандай таң атып,
Көрінуі керек-ті.
Көр басында өзіңнің
Мың-мың жылдай отырып
Көзден аққан жасың да
Ұлы дария болса керек-ті.
Пайғамбар жатқан тарапқа
Тура қарап сименіз.
Үйіңізде біреуінің
Пұлы болса беріңіз.
Аштан өле қалмассыз,
Адал болсын дініңіз.

Радлов В. В. Алтын сандық. - Алматы: Ана тілі, 1990. - 256 б.

# МАЗМҰНЫ

Шортанбай жырау шежіресі........................................................... 3
Ғұмырнама. *К. Жүністегі*.................................................... 5
Шортанбайдың зар заманы. *М. Мағауин*.............................. 20
Шортанбай шығармашылығы:
Қос ғасыр тағылымы. *Б. Омарұлы*...................................... 31

Бірінші бөлім
ЗАМАН-АЙ
Зар заман.........................................................................................-49
Қондыгерге хат................................................................................. 51
Қай заман?........................................................................................ 52
Арқадан дәурен................................................................................. 52
Асылық.............................................................................................53
Билік кетті басыңнан........................................................................55
Шабынан шошқа түрткен соң........................................................ 56
Есер құл............................................................................................56
Ақ таяғын ат қылып..........................................................................57
Заманың кетті баяғы.........................................................................59
Алдаушы жалған...............................................................................60
Шіл боғындай тозбайық...................................................................62
Бұл заман адамы............................................................................... 63
Бала зары........................................................................................... 64
Бай - пана да, көп - сая..................................................................... 66
Не керек?..........................................................................................66
Өкінсең жоқ келері........................................................................... 68
Көбеймейді батасыз..........................................................................69
Қасақана мал бітер............................................................................70
Атасы топқа кірмеген.......................................................................70
Ер басына күн туса............................................................................ 71
Иман - жанның жарығы..................................................................... 72
Ит жерімес арамнан..........................................................................73
«Қой, әй!» десең................................................................................. 73
Нәсіп..................................................................................................74
Халықпенен қас болып .....................................................................74
Сексен сырлы..................................................................................... 75
Сөз соңы............................................................................................75
Насихат сөздер................................................................................... 77

Қарсы шап та, мылтық құш.......................................................... 95
Көз көрген қазақ батыры.......................................................... 100
Келер заман сипаты.......................................................... 101
Қапалық.......................................................... 106
Жаман мен жақсы.......................................................... 107
Бағынба, қазақ.......................................................... 108
Алдаушы жалған. *Б. Үмбетовадан*.......................................................... 109
Қорқамын.......................................................... 113
Келешектен мәлім жоқ. *Ж. Жанжұманұлы*.......................................................... 115
Қожа, молда.......................................................... 116
Ақжолтай батыр (Дастан).......................................................... 117
Қаракесек (Дастан).......................................................... 134
ІПортанбай мен Орынбай ақын айтысы.......................................................... 142
Шортанбай мен Асан бұғы айтысы.......................................................... 146
Шортанбай мен Шөже айтысынан.......................................................... 150
«Жиырма бес» әні.......................................................... 150
Шортанбай айтқан екен.......................................................... 152
Шортанбайдың жаңа зары. *М. Мағауин*.......................................................... 155
Бәйіттер.......................................................... 161
Жыр насихат.......................................................... 179
Шортанбайдың нақыл сөздері.......................................................... 183

Екінші бөлім
ШОРТАНБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Шортанбай жырау мұрасындағы
ұлттық идея. *К. Жүністегі*.......................................................... 187
« Алақандай бет қағаз.
Табынарсың мандатқа...». *Т. Кәкішев*.......................................................... 204
Шортанбай - дәстүрлі қазақ поэзиясындағы көрнекті
тұлға. *Т. Тебегенов* ..........................................................215
Шортанбай жыраудан жеткен қасиетті
дұға. *Н. Мансұров*.......................................................... 241
Шортанбай және Абай. *К. Жүністегі*.......................................................... 253
Шортанбайдың «Жиырма бес» әні. *І. Жақанов*.................. »262
Жыр сүлейі. *Ж. Қашқынов*.......................................................... 265
Шортанбай шығармаларындағы шариғат
көріністері. *М. Әбдуов*.......................................................... 274
Ұлттық әдебиеттанудағы Шортанбай ақын мұрасының
зерттелу тарихынан. *Ж. Смағұлов*.......................................................... 287
Зар заман әдебиеті. *Қ. Мәдібай*.......................................................... 298
Шортанбай Қанайұлы мен Сүлеймен Бақырғани
шығармаларындағы ақырзаман белгілері. *А.Жұмағұлов...* 349
Шортанбай жыраудың қолтаңбасы. *Қ. Әбішев*.................... 360
Шортанбайдың «Зар заман» өлеңін оқытудағы
тың ізденістер. *Б. Исина*.......................................................... 362
Шортанбай шығармасын оқыту арқылы оқушыларға
рухани және патриоттық тәрбие беру. *Б. Түсіпханова*.......... 373
Шортанбай жырау шығармаларындағы
көнерген сөздердің қолданылуы. *Б. Мұқышева*.................. 382
Шортанбай жырау мұрасының зерттелу
тарихынан. *К. Жүністегі*.......................................................... 391
В. Радлов баспадан шығарған Шортанбай жырау
жырлары. *К. Жүністегі*..........................................................394
Заманақыр.......................................................... 396

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ**

# Шортанбайдың зар заманы

*Зерттеулер*

Редакторы *Айгүл Абдрахманова*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Техникалық редакторы *Жанұзақ Досхожаев*
Беттеген *Ұлжан Бердібекова*
Корректоры *Назгүл Бимағанбетова*

Басуға 12.12.22 қол қойылды.
Пішімі 84 x 108 $^{x}/_{32}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 21,84.
Тапсырыс № 300. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13.

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13.

9 786012 715477